

М.О. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

ӘОЖ: 378.147

Қолжазба құқығында

КОШКИНБАЕВА НУРГУЛЬ РЫСПАЕВНА

**Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге
қабілеттілігін қалыптастыру**

6D012000 – Кәсіптік оқыту
«8D014 – Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған
педагогтарды даярлау»

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші
пед. ғыл. докт., проф.
Саипов А.

Шетелдік ғылыми кеңесші
PhD, қауымдаст. проф.
Займоғлы О.
(Анталия қаласы, Түркия)

Қазақстан Республикасы
Шымкент, 2022

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
АНЫҚТАМАЛАР	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	5
КІРІСПЕ	6
1 КӨРКЕМ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ	17
1.1 Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің жай-күйі	17
1.2 «Бәсекеге қабілеттілік» және «Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың бәсекеге қабілеттілігі» ұғымдарының даму кезеңдері.....	25
1.3 Болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың әдіснамалық негіздері.....	39
1.4 Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың құрылымдық моделі.....	67
Бірінші бөлім бойынша тұжырым.....	75
2 ЗЕРТТЕУДІҢ ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ	78
2.1 Зерттеу әдістері.....	78
2.2 Зерттеуді ұйымдастыру.....	80
3 КӨРКЕМ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ	88
3.1 Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтау.....	88
3.2 Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін анықтауға бағытталған диагностикалық жұмыстар.....	107
3.3 Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттіліктілігін қалыптастыру үдерісінің әдістемелік қамтамасыз етілуі.....	113
3.4 Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар қорытындысы.....	128
Үшінші бөлім бойынша тұжырым.....	140
ҚОРЫТЫНДЫ	143
ПРАКТИКАЛЫҚ ҰСЫНЫСТАР	145
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР	146
ҚОСЫМШАЛАР	159

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер көрсетілген:

Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңы. 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Қазақстан Республикасының Заңы.

«Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы № 583 Бұйрығы.

«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қаулысы.

Педагогтың кәсіби стандарты, «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығына қосымша.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Қабілет - адамның іс-әрекетінің белгілі бір түріне, өнер саласының біріне жарамдылығын жақсы көрсете алады. Белгілі бір істі үздік орындауға мүмкіндік беретін адамның әр-түрлі жеке қасиеттерінің (музыкалық саңылау, түстерді ажырата білу, қолдың икемділігі т.б.) қиысып келуін, яғни адам қасиеттерінің синтезін қабілет» деп атайды [1, б. 238].

Бәсекеге қабілеттілік – бұл мұғалімнің тұлғалық және кәсіби қызметінің жетістігі, әлеуметтік сұранысқа иелігінің көрсеткіші [2, б. 160].

Шығармашылық – бұл жаңа өнімнің (заттың) пайда болуына әкелетін адамның әрекеті [3, б. 200].

Құзыреттілік - білім беру саласындағы компоненттер тізімі, дискретті білім, дағдылар мен қабілеттердің номенклатурасын білдіретін теориялық құрылыс болса, құзыреттілік педагогикалық қызмет барысындағы адамның субъекті мен объектіге қатысын білдіретін белгілі бір шеңберінде жүзеге асырылатын білім мен дағдының практикадағы көрінісі [4, б.131].

Кәсіби құзыреттілік – бұл кәсіби қызметті түсіну мен жүзеге асыруда білімнің, интеллектуалды және практикалық дағдылардың, әдеттердің қалыптасқан жүйесі. Құзыреттілік білімдік, танымдық және тәжірибелік аспектілердің бірлігін құрайды [4, б.131].

Тұғыр – бұл ғылыми-педагогикалық қызметтің қандай да бір үдерісінің элементі, жеке әрекеті. Егер «әдіс» ұғымы ғылыми-педагогикалық әрекет тәсілдерінің жиынтығын білдірсе, «әдіснамалық тұғыр» ұғымы аталмыш тұғырдың зерттеушінің ғылыми-педагогикалық әрекетінің бүкіл кезеңінде пайдаланылатынын білдіреді. Зерттеу тұғырларының жиынтығы, олардың қолдану дәйектілігі мен логикасын, педагогикалық зерттеуді жүргізу технологиясын анықтайды [5, б. 94].

Педагогикалық шарттар - қойылған міндетке жеткізуді қамтамасыз ететін оқыту мазмұны және ұйымдастыру түрлерінің объективті мүмкіндіктері мен оларды жүзеге асырудың материалдық мүмкіндігінің жиынтығы [6].

Қашықтан оқыту – бір-бірінен белгілі бір қашықта орналасқан білім алушы мен білім берушінің түрлі байланыс құралдары арқылы берілетін білім берудің тәсілі. Қашықтан оқытуда білім беру процесінің барлық компоненттері – мақсаты, мазмұны, оқыту әдістері және оқу нәтижесін бағалау толық сақталады [7, б. 133].

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

- ҚР – Қазақстан Республикасы
ЖОО – жоғары оқу орны
АҚШ – Америка Құрама Штаттары
ҚРЗ – Қазақстан Республикасының Заңы
ДЭФ БЖИ - дүниежүзілік экономикалық бәсекеге қабілеттіліктің жаһандық индексі
PhD – философия докторы
КШББП – көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтар
СӨЖО – студенттің өзіндік жұмысы (оқытушымен)
СӨЖ – студенттің өзіндік жұмысы
ПОҚ – профессор оқытушылар құрамы
КШ – көркем-шығармашылық
ЭТ – эксперименттік топ
БТ – бақылау тобы
БҚ – бәсекеге қабілеттілік
АКТ – ақпараттық коммуникациялық технологиялар
БАҚ - бұқаралық ақпарат құралдары
ІТ – инновациялық технология
АІ – жасанды интеллект
ТарӨУ – Тараз өңірлік университеті
БББ – білім беру бағдарламасы
ОӘК – оқу әдістемелік кешен
т.б. – тағы басқалар

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Жаңа ғасырда қоғам өзінің өміршеңдігін дәлелдей отырып тоқырап қалуға ұрынбауы үшін білім беру салаларына заманауи талаптар қойып отыруы заңды құбылыс. Бұл болашақ мамандардың жақсы базалық даярлыққа ие болуы немесе белгілі бір технологияларды меңгеруі жеткіліксіз, еңбек нарығында тұрақты позицияны қамтамасыз ететін нәрсенің қажет екендігіне саяды. Яғни, мемлекет пен қоғамда бәсекеге қабілетті жұмысшылар мен мамандарға деген қажеттілік пайда болды. Білім беру жүйесіне жігерлі әрі білікті мамандар қажет [8].

Бұл жағдай педагогикалық теория мен практикада өскелең ұрпақты тәрбиелеуге, оқытуға және дамытуға жауапты адам – болашақ көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мәселесінің пайда болуын анықтады. Мәселенің өзектілігі, оны әлеуметтік-педагогикалық, теориялық және әдіснамалық тұрғыда бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыру, бәсекеге қабілеттіліктің құраушыларын анықтау, болашақ көркем-шығармашылық педагогтарының бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру үдерісін модельдеу, әдіснамалық тәсілдерді анықтау және мәселенің мазмұндық-әдістемелік қамтамасыз ету қажеттілігі деңгейлерінде қарастырылуында жатыр.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасының «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім» атты 4-бағытының 5-міндеті Қазақстандық жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру деп атап өткен [9].

Мәселенің әлеуметтік-педагогикалық деңгейдегі өзектілігі отандық білім беруді жетілдіру қажеттілігі басым мемлекеттік міндеттер қатарына шықты: әлемдік дамыған 30 елдердің қатарына кіру үшін бәсекеге қабілетті адамзат капиталын қалыптастыру қажеттілігі туындады. Ол үшін өскелең ұрпақтың Қазақстан халықтарының ұлттық мәдени құндылықтары: мемлекеттік тіл, мемлекет тарихын білуге негізделген этномәдени және азаматтық бірегейлікті қалыптастыру бойынша әдістер және инновациялық технологиялар, тиімді механизмдерді енгізу, ашық азаматтық қоғам және әлемдік нарықтық экономиканың қажеттіліктеріне сәйкес өскелең ұрпаққа тәрбие және білім берудің сапасы мен деңгейін көтеруде, тәрбиеленушілердің патриоттық құндылықтарын қалыптастыру бойынша қазақстандық патриотизм идеясында тәрбиенің ұлттық жүйесін байытуда түрлі тәжірибелерді қолдану керек екені негізделеді.

Осыған қарап, мемлекет мамандардың бәсекеге қабілеттілігін, сонымен қатар көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруға мүдделі екенін байқаймыз. Себебі, бәсекеге қабілетті маманды, педагогтарды даярлау білім беру ұйымдары мен мекемелер жұмысының әлеуметтік тиімділігін арттырып, білім сапасын көтеріп, адами капиталдың сапасын арттыру арқылы экономиканы көтеру міндеттерін шешумен қатар білім

беруді жаңғырту арқылы даму мәселелерін қалыптастырады. Көркем-шығармашылық бағыттағы бәсекеге қабілетті педагог шығармашыл, ізденімпаз, өнерлі, іскер, сапалы қоғамды қалыптастыруға атсалысады.

Мәселенің ғылыми-теориялық және әдіснамалық деңгейдегі өзектілігі, жоғарыда аталған мемлекетіміздің стратегиялық жоспарлары біз қарастырып отырған зерттеуге айтарлықтай үлес қосқанына қарамастан, болашақ көркем-шығармашылық педагогтарының бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мәселесінің теориялық дамуының механизмдеріне байланысты көтерілген мәселені түгел шеше алмайды. Сол себепті, ғылыми-теориялық деңгейде мәселенің өзектілігі болашақ көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың ЖОО–да даярлау үдерісінде бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың теориялық негіздерін құру қажеттілігімен айқындалады, бұл зерттеу мәселесіне қатысты негізгі ұғымдар болып табылатын – «бәсекеге қабілеттілік», «бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыру», «бәсекеге қабілеттіліктің құраушыларын анықтау мәселелері», «көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру үдерісін модельдеу», әдіснамалық тәсілдерді анықтау, зерттеу және т.б. оқыту үдерісінің теориялық-әдіснамалық негіздерін зерделеуде көрініс табады.

Мәселенің мазмұндық-әдістемелік деңгейдегі өзектілігі педагог-мамандардың кәсіби іс-әрекетінің өзіндік ерекшеліктеріне байланысты. Бұл ерекшеліктер жаңа ғылыми-педагогикалық идеяларды шығармашылықпен қабылдай алатын, оқыту теориясы мен әдістемесін меңгерген, кәсіби-педагогикалық құзыреттіліктің жоғары деңгейін игерген маман ретінде даярлау мәселесін тудырады. Көтерілген мәселе егжей-тегжейлі зерделеніп, жаңарып жатса да, әлі де болса өзгеруді талап ететін жағдайлар жетерлік екендігі байқалады. Бұл мәселені шешу көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың құрылымдық моделі мен педагогикалық шарттарының жиынтығын әзірлеуде көрінуі керек екені айқын.

Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының ұстанымы ұлттық құндылықтарын сақтаған бәсекеге қабілетті яғни, әлеуметтік-этикалық және ұйымдастыру-басқарушылықпен қоса, сапалы білім беру арқылы бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру және оны әдістемелік қамтамасыз ету қажеттілігі болып табылады.

Сонымен қатар, қазіргі Жаңа Қазақстанның жаңару саясаты аясында жастарды еңбекке баулу, шығармашылық қабілеттерін дамыту барысында педагогикалық білім беру саласының көркем-шығармашылық бағыты да ерекше назар аударуды талап ететіні аңғарылады. Мұның себебі, еңбекке баулу, кәсіпке оқыту практикалық сипаттағы жұмыстардың конструкторлық-технологиялық жүйеде іске асырылуымен қатар, бұйымдарды конструкциялау, модельдеу және жобалау үдерістеріне де байланысты. Сондай-ақ, адам еңбегі мен жұмыс күшіне, мамандығына бағалы тауар есебінде қарайтын көзқарас пайда болды және қызметкерлерді жұмысқа қабылдау кезінде олардың ынтасына, шығармашылық қабілетіне, біліміне және т.б. тұлғалық қасиеттеріне назар аудару талап етілуде.

Зерттеу барысында, жалпы маман даярлау мәселелері туралы және бәсекелестік қабілетті қалыптастыру, бәсекеге қабілетті педагогтың ерекшеліктері және көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтарды кәсіби даярлау бойынша бірқатар ғылыми еңбектерге талдаулар қарастырылды.

Жалпы маман даярлау мәселелері туралы және бәсекелестік қабілетті жетілдіру бойынша: шығармашылық мамандықтар студенттерінің әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру - Е.В. Бутова [10]; бәсекелестік ортадағы жоғары білім беру қызметі - М.Ә. Қанабекова [11], бәсекеге қабілеттілік - А. Байтасов [12]; жоғары білім беру жүйесінде бәсекеге қабілеттілікті арттыру факторы - Б. Атабекова [13], адами капитал - ұлттық бәсекеге қабілеттілікті арттыру факторы - И.В. Онюшева [14]; С.Т. Абилдаев [15]; бәсекеге қабілеттілігінің кепілі ретінде мұғалімнің практикалық қызметіне кәсіби дайындық - Е.А. Леванова, Т.В. Пушкарева [16]; бәсекеге қабілетті педагогтың ерекшеліктері - С.С. Алексеев [17] және т.б. зерттеген.

Педагогикалық маман даярлау мәселелері туралы және педагогтарды кәсіби даярлау ісі бойынша: болашақ мұғалімдердің көркемдік-еңбек даярлығының теориясы және практикасы - А. Саипов [18]; «кәсіпкерлік мұғалімдерін даярлау» - С.А. Жолдасбекова [19]; бәсекеге қабілетті педагогикалық шеберлік негіздері - А.Н. Каримов [20], қабілеттілікті зерттеу әдістері - Ж. Асанов, Н. Әбдіхалықов [21]; мұғалімнің инновациялық іс-әрекетке даярлығын - К.Д. Бұзаубақова [22] және т.б. ғалымдар қарастырған.

Зерттеу барысында келесі шет елдік авторлардың ғылыми еңбектері қарастырылды: ХХІ ғасырдағы білімнің тұрақты дамуы туралы - В. David [23], жоғары және орта кәсіптік білімнің бітіруші түлектерінің еңбек нарығындағы жағдайы - Г.А. Чередниченко [24], У.С. Захарова, К.И. Танасенко [25], жас педагогтардың психологиялық-педагогикалық құзіреттіліктерінің қалыптасуы - Н.Ф. Ильина, Н.Ф. Логинова [26], білім беру стандарттары негізінде халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті түлектерді даярлау - А.А. Шехонин, А.О. Вознесенская, А.В. Бахолдин, О.А. Гаврилина [27], студенттердің, болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін ЖОО-да білім беру барысында элективті курстар арқылы қалыптасатыру – Е.В. Евплова [28], Д.А. Котикова [29], болашақ кәсіптік білім педагогының ЖОО және өндіріспен әлеуметтік серіктестігі арқылы бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру әдістері – Т.В. Валежанина [30] және т.б..

Зерттеу тақырыбы бойынша елімізде болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін жетілдіру немесе қалыптастыру бағыты бойынша жазылған ғылыми еңбектер жеткіліксіз деуге болады. Соның ішінде, көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру немесе жетілдіру, дамыту мәселелері туралы ғылыми еңбектер назарға ілінбеді.

Мәселе төңірегіндегі зерттеулерді талдау, зерделеу барысында сондай-ақ осы бағыттағы ізденіс негізінде зерттеу мәселесі тұжырымдалды. Тұжырымдау барысында көркем-шығармашылық бағыттағы педагог, мемлекет және қазіргі

қоғамның қажеттілігі арасында қарама-қайшылықтар туындайтынын атап өтуге болады:

- Әлемде және кәсіби ұстанымның негізі ретінде көркем-шығармашылық бағыттағы педагог мамандарға қоғам мен мемлекет тарапынан үздіксіз өсіп келе жатқан талаптар мен қажеттіліктеріне толық деңгейде жауап бере алмауы;

- Қоғам мен қоршаған ортаның қажеттіліктерінің жылдам ауысып отыруы және қарқынды дамыған жаһандану заманында көркем-шығармашылық бағыттағы педагог мамандардың білімінің артта қалып қоюы;

- Бәсекелестік ортаның қалыптасуы және оған жауап беретін қажетті білімді анықтау жолдарын көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың жете түсінбеуі.

Бұл қарама-қайшылықтар көркем-шығармашылық бағыттағы бәсекеге қабілетті педагогтарды қалыптастыру жолдарының теориялық-әдіснамалық және мазмұндық-әдістемелік дамуының жеткіліксіздігінен тұрады. Қарастырылып отырған мәселенің маңыздылығы мен өзектілігі зерттеу тақырыбын: **«Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру»** деп таңдауға негіз болды.

Зерттеудің ғылыми болжамы: егер, оқытудың басты компоненттері болып табылатын көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалса, ұғымдық жүйесі ғылыми тұрғыда сұрыпталса, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың құрылымдық моделі әзірленіп және педагогикалық шарттары анықталса, оқу-әдістемелік кешенмен қамтылып, әдістемелік жүйесі арқылы жүзеге асса, онда көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігі қалыптасады, өйткені бұл білім алушының ішкі дифференциалануына алып келеді және жеке тұлғаның шығармашылық және шабыттану қабілеттерінің артуына ықпал етеді, қоршаған орта талаптарына жылдам бейімделіп қажетті бәсекелестік қабілетті көрсетеді, заман талаптарына сай қажетті біліммен қамтамасыздандырылады.

Зерттеудің жетекші идеясы: Жоғары оқу орнында шығармашылықты дамыту арқылы қоғамда жоғары сұранысқа ие, бәсекеге қабілеттілігі қалыптасқан көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтарды даярлау.

Зерттеу нысаны: Жоғары оқу орнында көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтарды даярлау.

Зерттеу пәні: Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру.

Зерттеу мақсаты - көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруды теориялық негіздеу, әдістемелік жүйемен қамтамасыз ету және тиімділігін дәлелдеу.

Зерттеу міндеттері:

1. Педагогикалық теория мен практикада көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау;

2. Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың құрылымдық моделін әзірлеу;

3. Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың тиімді жұмыс істеуінің педагогикалық шарттарын анықтау;

4. Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру үдерісін әдістемелік жүйемен қамтамасыз ету және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жолмен тексеру, дәлелдеу.

Зерттеу әдістері:

Теориялық әдістер: білім беру, философиялық, әлеуметтік, техникалық, педагогикалық, психологиялық, экономикалық және т. б. салалардағы нормативтік-құқықтық құжаттарды, ғылыми әдебиеттерді зерттеу, талдау, саралау, сараптау, зерделеу, модельдеу және т. б..

Эмпирикалық әдістер: бақылау, сипаттау, өлшеу, сауалнама, зерттеу мәселесі бойынша сұрақтар мен жауаптар, тестілеу, әңгіме, сұхбат, педагогикалық эксперимент, психологиялық-педагогикалық диагностика, зерттеу нәтижелерін жалпылау және математикалық-статистикалық өңдеу және т. б.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері ретінде іс-әрекет туралы философиялық, психологиялық, физиологиялық теориялары, таным теориясы, шығармашылық тұрғыда жеке тұлғаны қалыптастыру туралы психологиялық-педагогикалық ой тұжырымдары, шығармашылық және күзінеттіліктердің нақтылануы, бәсекелестік орта, шығармашылық орта, ортаға бейімделу іс-әрекеттері, ой дамуының жалпы заңдылықтары болып табылады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық мәні:

Педагогикалық теория мен практикада көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды;

Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың құрылымдық моделі әзірленді;

Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың тиімді жұмыс істеуінің педагогикалық шарттары анықталды;

Болашақ көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру үдерісі әдістемелік қамтамасыз етілді және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жолмен тексеріліп, дәлелденді.

Практикалық маңыздылығы

Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың тиімді жұмыс істеуінің педагогикалық шарттары анықталды.

Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруды қамтамасыз ететін «Көркем-шығармашылықтағы кәсіби дизайн» элективті пәнінің оқу әдістемелік кешені жасалды;

Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруды қамтамасыз етудің әдістемесі ЖОО оқыту үдерісіне ендірілді және соның көмегімен көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігі қалыптасты.

Зерттеу нәтижелері І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде және М.Х.Дулати атындағы ТарӨУ-нде болашақ көркем-шығармашылық бағыттағы бәсекеге қабілетті педагогтарды даярлау бағытындағы білім беру бағдарламаларын құру барысында негізге алынды.

Диссертация тақырыбы бойынша жүргізілген зерттеулердің қолданбалы маңыздылығы оқу үдерісіне енгізудің 2 актісімен және 1 енгізу кесімімен расталды.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

1. Педагогикалық теория мен практикада көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдейді, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігі мәселелерін анықтайды, мәселенің шешілу жолдарын айқындайды және негіздейді.

2. Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың құрылымдық моделін әзірлеу бізге көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың мақсатын, теориялық, әдіснамалық ұстанымдарын, мазмұны мен іс-әрекеттерін, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың жүйелі және ұтымды жолын көрсетеді.

3. Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың тиімді жұмыс істеуінің педагогикалық шарттарын анықтау көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің қалыптастыру барысында қажетті білімді және оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін айқындайды.

4. Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру үдерісін әдістемелік жүйемен қамтамасыз ету көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру үдерісін оқу-тәрбие жүйесінде тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл үдерісті экспериментті жолмен тексеру, нәтиженің нақтылығын дәлелдейді.

Зерттеудің сенімділігі. Зерттеу жұмысының қорытындылары әдіснамалық және теориялық қағидалар арқылы дәлелденуімен, зерттеудің ғылыми аппаратының мазмұнына сәйкестігімен, кешенді әдіс-тәсілдердің пайдаланылуымен, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың кезеңдеп жүруі және мақсаттылығымен, ұсынылған әдістемелік жүйенің тиімділігімен, зерттеу нәтижелерін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар нәтижесінде тексеруден өткізіп, ЖОО оқу үдерісіне ендірілуімен қамтамасыз етілген.

Зерттеу жұмысының тұжырымдамалары, теориялық және тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарының нәтижелері отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда жарық көрді.

Апробациядан өткізу және ғылыми нәтижелерді практикаға ендіру.

Диссертациялық зерттеудің негізгі ережелері, келесі материалдарда ұсынылған:

«Ханшайым» коллекциясы - Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлікпен расталады. № 15240, Астана, 2021 (Қосымша А).

Диссертация тақырыбы бойынша жүргізілген зерттеу жұмысының әдістері және қолданбалы маңыздылығы «6B01408 – Кәсіптік оқыту», «6B01409 - Сәндік өнер педагогтерін даярлау», «6B01403 - Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламаларын даярлау барысында негізге алынғаны туралы актімен және енгізу кесімімен расталады (Қосымша Ә, Б, В).

«Современное образование: Методология, теория и практика» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция (Шадринск, 2018), «Innovation Management and Technology in the Era of Globalization» атты VIII Халықаралық ғылыми-практикалық конференция (Birmingham, 2022), «Industrial technologies and engineering» атты V Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысу (Шымкент, 2018).

Автордың жеке үлесінің мәні диссертация тақырыбы бойынша ғылыми, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге сараптама жүргізу, талдау, зерделеу жұмыстарын, тәжірибелік-эксперименттік жұмысты жүргізу және зерттеу нәтижелерін статистикалық өңдеу, зерттеу нәтижелерін оқу үдерісіне енгізу, шетелдік, халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында, ҚР ҒЖБМ ҒЖБСҚЕК ұсынған басылымдарда, халықаралық рецензияланған ғылыми журналда жариялануымен айқындалады.

Зерттеу жүргізу кезеңдері. Зерттеу төмендегідей кезеңдерден тұрды:

Бірінші кезең (2018-2019 жыл) – зерттеу мәселесінің өзектілігін анықтауды, философиялық, экономикалық, психологиялық-педагогикалық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, шығармашылық жұмыстарды, зерттеу мәселесіне қатысты диссертациялық еңбектер мен ғылыми мақалаларды талдауды, мәселенің жай-күйін айқындау және білім беру бағдарламасының ерекшеліктері, терминологиялық мәселелерді айқындауды қамтыды және көркем-шығармашылық бағыттағы педагогикалық білім беру бағдарламалары жағдайында оны шешудің мүмкіндіктері мен перспективаларын анықтау жөніндегі эксперименттік жұмыстың айқындаушы кезеңі жүргізілді.

Зерттеу көздері ҚР «Білім туралы» Заңы, «Ғылым туралы» Заңы, ҚР Білім және Ғылым министрлігінің, ҚР Ғылым және жоғары оқу орындары министрлігінің ғылым және білім беру мәселелері туралы нормативтік құжаттары, қаулы-қарарлары, Мемлекет басшыларының Жолдаулары, бағдарламалары, жоғары оқу орындарының даму стратегиялары, оқу орындарының оқу жоспарлары және білім беру бағдарламалары, оқу-тәрбие үдерісі, зерттеу тақырыбына жақын философтардың, психологтардың, педагогтардың, әлеуметтанушылардың, саясаттанушылардың, экономисттердің,

әдіскерлердің еңбектері, педагогтардың ғылыми жетістіктерімен озық тәжірибелері болды.

Екінші кезең (2019-2021 жыл) – зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды, зерттеудің әдіснамалық тәсілдері негізделді, оның тиімді жұмыс істеуінің құрылымдық моделі мен педагогикалық шарттары анықталды және оның жүзеге асуының әдістемелік жүйесі құрылды, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс шеңберінде байқауға енді. «Көркем-шығармашылықтағы кәсіби-дизайн» элективті пәнінің оқу-әдістемелік кешені әзірленіп, қалыптастырудың әдістемелік жүйесі анықталды және байқаудан өтіп, тәжірибеге енді. Тәжірибелік-эксперименттік зерттеу жұмыстарының қалыптастырушы кезеңі жүргізілді.

Үшінші кезең (2021-2022 жыл) - тәжірибелік-эксперименттік зерттеу жұмыстарының қалыптастырушы кезеңі аяқталды және нәтижелерінің тиімділігі математикалық статистика әдістерін қолдану арқылы дәлелденді. Зерттеу нәтижелерінің жалпылау кезеңі жүрді. Зерттеу нәтижелері жүйеленді және сипатталды, тұжырымдар мен практикалық ұсынымдар ұсынылды, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың мақсатындағы ғылыми-зерттеу нәтижелері қорытындыланды. Зерттеу материалдары құрылымы бойынша жүйеленді. Белгіленген талаптар бойынша диссертацияны рәсімдеу жұмыстары жүрді.

Зерттеу базасы: тәжірибелік-эксперименттік жұмыс М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінде, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде өтті.

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығына негіздеме беру.

Қазақстанда алғаш рет көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың құрылымдық моделі құрылды және педагогикалық шарттары анықталды. Анықталған педагогикалық шарттар: көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілетті болуға ынталандыру, «Көркем-шығармашылықтағы кәсіби дизайн» элективті пәнін іске асыру, шығармашылықты орта қалыптастыру, бәсекелестік ортаны қалыптастыру, оқытудың формаларын, әдістері мен құралдарын бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыруға икемдеу.

Алғаш рет көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруды қамтамасыз ететін «Көркем-шығармашылықтағы кәсіби дизайн» элективті пәнінің оқу әдістемелік кешені жасалып, оқу үдерісіне енді.

Зерттеу нәтижелері болашақ көркем-шығармашылық бағыттағы бәсекеге қабілетті педагогтарды даярлау бағытындағы білім беру бағдарламаларын құру барысында үлкен мәнге ие екендігі дәлелденді.

Зерттеудің ғылымды дамыту бағыттарына, немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі.

Зерттеу тақырыбы Болашаққа бағдар - «Рухани жаңғыру» бағдарламасын, «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12

казандағы №726 Қаулысын, ЖОО даму стратегияларын жүзеге асырумен байланысты.

Диссертацияны рәсімдеу Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сай орындалды.

Диссертация кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады.

Жұмыс жалпы 158 бетке компьютермен теріліп басылған және 21- кестемен, 18 – суретпен безендірілген. Пайдаланған әдебиеттер тізімі 187 - аталымнан тұрады.

Кіріспеде зерттеу тақырыбының өзектілігі, ғылыми болжамы, жетекші идеясы, нысаны, пәні, мақсаты, міндеттері, әдістері, теориялық және әдіснамалық негіздері, ғылыми жаңалығы және теориялық мәні, практикалық маңыздылығы, қорғауға ұсынылатын қағидалар, зерттеудің сенімділігі, апробациядан өткізу және ғылыми нәтижелерді практикаға ендірілуі, автордың жеке үлесінің мәні, зерттеу жүргізу кезеңдері, алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығына негіздемесі, зерттеудің ғылымды дамыту бағыттарына, немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі қарастырылды.

«Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың теориялық аспектілері» атты бірінші бөлімде көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің жай-күйі, «Бәсекеге қабілеттілік» және «Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың бәсекеге қабілеттілігі» ұғымдарының даму кезеңдері, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың құрылымдық моделі қарастырылды және бірінші бөлім бойынша тұжырым көрсетілді.

«Зерттеудің әдістері және ұйымдастырылуы» атты екінші бөлімде зерттеу әдістері және зерттеу жұмысының ұйымдастырылуы көрсетілді.

«Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың әдістемелік негіздері» атты үшінші бөлімде көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтау, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін анықтауға бағытталған диагностикалық жұмыстар, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру үдерісінің әдістемелік қамтамасыз етілуі, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар қорытындысы және үшінші бөлім бойынша тұжырым көрсетілді.

Қорытындыда: Зерттеудің нәтижелері мен тұжырымдары түйінделді, эксперименттік іс-тәжірибелер негізінде көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың жолдары, тәжірибелік-эксперименттік зерттеудің нәтижелері және зерттеу нәтижелерінің

жариялануымен ЖОО оқу үдерісіне ендірілуі және оның тиімділігінің дәлелденуі қорытындыланды.

Қосымшалар бөлімінде дизайн туындысына авторлық куәлік, оқу үдерісіне енгізу кесімі, оқу үдерісіне ендіру актілері, білім беру бағдарламалары, оқу бағдарламасы, силлабус, сауалнамалар берілді.

Зерттеу нәтижелерінің жариялануы: Зерттеу тақырыбы бойынша негізгі нәтижелер 11 жарияланымда ұсынылған, оның ішінде 5 – ережелерге сәйкес, оның ішінде 1 ғылыми жұмыс Scopus дерекқорына кіретін басылымда (Q2. SRJ – 0.202), 4 - ҚР ҒЖБМ ҒЖБСҚЕК ұсынған басылымдарда және 5 - Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда, оның ішінде 2 - шетелдік халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда жарияланған, 1 - дизайн туындысына авторлық куәлік алынды.

Диссертациялық зерттеу мәтінінде автор журналдардың келесі мақалаларында жарияланған материалдарды пайдаланды:

Scopus дерекқорына кіретін журналда – «Orcion» (Венесуэла):

1. Tazhenova G., Baidaliyev D., Turgunbaeva B., Darmenkulova R., Koshkinbaeva N. Developing Media Competence as a Part of Vocational Training of Would-Be Teachers // Orción. – 2019. - Vol. 35, №1. - P. 1019-1035.

Авторлар үлесі: жұмыс идеясы, материалды жинақтау, экспериментті жоспарлау, талдау, өңдеу – Koshkinbaeva N.; кеңес беру - Baidaliyev D., Darmenkulova R.; редакциялау - Tazhenova G., Turgunbaeva B.

ҚР ҒЖБМ ҒЖБСҚЕК ұсынған басылымдарда:

2. Кошкинбаева Н.Р., Саипов А.Б., Жаскиленова А.Е. Көркем-шығармашылық бағыттағы жас педагогтардың бәсекеге қабілеттілік деңгейін анықтау және жетілдіру // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2019. - №9(1). – Б.161-166.

Авторлар үлесі: жұмыс идеясы, материалды жинақтау, экспериментті жоспарлау, талдау, өңдеу – Кошкинбаева Н.Р.; кеңес беру - Саипов А. Б., Жаскиленова А. Е.

3. Жаскиленова А.Е., Кошкинбаева Н.Р. Көркем-шығармашылық бағыттағы мамандықтар студенттерінің жоғарғы оқу орнына бейімделуі және шығармашылықты дамыту мүмкіндіктері // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2020. - №5(2). – Б.208-213.

Авторлар үлесі: жұмыс идеясы, материалды жинақтау, экспериментті жоспарлау, талдау, өңдеу - Кошкинбаева Н. Р.; кеңес беру - Жаскиленова А.Е.

4. Жаскиленова А.Е., Кошкинбаева Н.Р. Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтарға деген қоғамдағы сұраныс кезеңдерін анықтау // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2020. - №6(2). – Б.189-193.

Авторлар үлесі: жұмыс идеясы, материалды жинақтау, экспериментті жоспарлау, талдау, өңдеу – Кошкинбаева Н. Р.; кеңес беру - Жаскиленова А. Е.

5. Кошкинбаева Н.Р. Бәсекеге қабілетті маман дайындаудағы қашықтықтан оқытудың артықшылықтары мен кемшіліктері // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. - 2021. - №2(135). – Б.133-139.

Авторлар үлесі: жұмыс идеясы, материалды жинақтау, экспериментті жоспарлау, талдау, өңдеу - Кошкинбаева Н.Р.

Шетелдік халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда:

1. Кошкинбаева Н. Формирование творческого потенциала будущих педагогов профессионального обучения // Современное образование: Методология, теория и практика. Материалы Международной научно-практической конференции. – Шадринск: Шадринский государственный педагогический университет, 2018. – Т. III. – С. 345-349.

2. Көшкінбаева Н. Көркем-шығармашылық бағыттағы стайлинг дизайн және оның қызметін анықтау // «Innovation Menegment and Technology in the Era of Globalization» Materials of the VIII International Scientific-Practical Cjnference. – Birmingham: Regional Academy of Menegement, 2021. – Т. II. – P. 400-404.

Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда:

1. Zholdasbekova Saule A., Saipov Amangeldi B., Bitemirova Sholpan A., Koshkinbaeva Nurgul R., Bakirova Gulmira A. Development Possibilities of Competitiveness of Experts Using of Training Information Technologies // Industrial technologies and engineering V International scientific practical Conference. – Шымкент: Южно-Казахстанский государственный университет имени М. Ауэзова, 2018. – Vol. 6. - 2018. – P. 206-212.

2. Кошкинбаева Н., Усипбекова А. «Кәсіптік оқыту» мамандығы педагогтарын даярлаудың ерекшеліктері // Қазақстанның Тәуелсіздік күніне арналған «Төртінші индустриалдыреволюция жағдайындағы экономика және білім дамуының мәселелері және келешегі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. – Алматы: Алматы экономика және статистика академиясы, 2019. – Б. 406-409.

3. Кошкинбаева Н., Назаркасым К. Бәсекеге қабілетті педагог заман талабы! // «Білім, ғылым және мәдениет салаларындағы инновациялар» II Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. – Нұр-Сұлтан: Халықаралық Білім және Ғылым Академиясы, 2021. – Т. 1. – Б. 135-138.

1 КӨРКЕМ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

1.1 Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің жай-күйі

Әлемдік білім беру кеңістігінде бәсекеге қабілетті және экономиканы индустриялық - инновациялық дамытудың қазіргі заманғы талаптарына жауап беретін, тиімділігі жоғары білім беру жүйесін қалыптастыру мақсаты мемлекет басшыларының Қазақстан халқына Жолдауларында үнемі айтылып келеді. Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін арттыру мен әлемнің бәсекеге қабілетті елдерінің қатарына ену мемлекет басшысының басты бағыттарының бірі болып отыр. Дамыған мемлекеттердің тәжірибесіне қарасақ, елдің білімін көтеру, адам капиталы арқылы бәсекеге қабілетті ету - мемлекеттің экономикасын дамытудың ең ұтымды және тиімді жолы.

Бәсекелестік және бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыру ұғымдарының қазіргі қоғамда, жаһандану үрдісі жүріп жатқан әлемде кеңінен таралып жатқанын ұғынамыз. Мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін дамыту жолында бірнеше бағыттар қарастырылған. Соның ішінде адами капиталды дамыту арқылы еліміздің экономикасын дамыту жолдарының тиімді тұстары көрсетілген. Жаһандану заманында бәсекеге қабілетті болу, әр мамандық иесі өзінің өзгелерден өміршеңдігін көрсете білуі қиындауда. Өзіміздің адами әлеуетімізді, бейімделу қабілетімізді дамыту жолында, үнемі бәсекелестік күрес үстінде болуымыз – заманның адамзатқа қойған талабы. Айтылған талаптар туралы Қазақстан халқына мемлекет басшысының жылда жолдап жатқан жолдауларынан, бағдарламаларынан да байқауға болады.

Мемлекетіміздің өзге мемлекеттерден кем болмай, тең дәрежеде болуы үшін адами капитал жаңалыққа ұмтылып, өзгеруге бейім болуы қажет. Қазақстандықтар өзге дамыған мемлекеттердің интеллектуалды тұлғалары секілді білімі мен білігі жарасқан, бәсекеге қабілетті тұлға болуы үшін үнемі жаңғырып, дамып отыруға міндетті. Осы мақсатта отандық білім беруді жетілдіру қажеттілігі басым мемлекеттік міндеттер қатарына шықты. Әлемдік дамыған 30 елдердің қатарына кіру үшін бәсекеге қабілетті адамзат капиталын қалыптастыру педагог мамандар құзырында. Жаңа Қазақстанның ұлттық мәдени құндылықтары: мемлекеттік тіл, мемлекет тарихын білуге негізделген этномәдени және азаматтық бірегейлікті қалыптастыру бойынша әдістер және инновациялық технологиялар, тиімді механизмдерді енгізу, ашық азаматтық қоғам және әлемдік нарықтық экономиканың қажеттіліктеріне сәйкес өскелең ұрпаққа тәрбие және білім берудің сапасы мен деңгейін көтеруде, тәрбиеленушілердің патриоттық құндылықтарын қалыптастыру бойынша қазақстандық патриотизм идеясында тәрбиенің ұлттық жүйесін байытуда түрлі тәжірибелерді қолдану керек екені негізделеді.

Ұрпаққа терең білім мен саналы тәрбие беретін мамандар еліміздің рухани құндылықтары мен ұстанымдарының негізгі форматын ұрпақтан - ұрпаққа

жеткізуі тиіс. Елімізде экономика мен саясаттың, мораль мен діннің мәселелері, Қазақстанның жаһандық әлемдегі орны жөніндегі көзқарастарымыз бір арнаға тоғыстырылған. Сол себепті бүгінгі күні Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары алдына ұлттық құндылықтарын сақтаған бәсекеге қабілетті яғни, әлеуметтік-этикалық, экономикалық және ұйымдастыру-басқарушылық, кәсіби құзыретті, этно-мәдениетті, сауатты мамандарды даярлау міндеті қойылып отыр.

Әлемнің жаһандану үрдісіне байланысты Қазақстанның білім беру жүйесі түбегейлі өзгеру, жаңару үстінде. Соңғы жылдары ЖОО бітіруші түлектерінің бәсекеге қабілеттілігі отандық білім беру жүйесінің басты назарында. Бәсекеге қабілетті маман ЖОО сапасының негізгі өлшемі іспеттес. Сол себепті бүгінгі күні Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының алдына бәсекеге қабілетті яғни, әлеуметтік-этикалық, өзгеруге бейім, экономикалық және ұйымдастыру-басқарушылық, жаңашыл, кәсіби құзыретті, жоғары сұранысқа ие сауатты мамандарды даярлау міндеті қойылып отыр. Қай салада болмасын бәсекеге қабілетті мамандар даярлау арқылы ЖОО өздерінің бәсекеге қабілеттілігін анықтайды. Біздің ойымызша, болашақ мамандарды, нақтырақ айтсақ болашақ педагогтарды сапалы дайындау мәселесін шешуді болашақ мамандарға жеке тұлға мен қоршаған ортаның, жұмыс берушілер тарапынан қойылатын талаптарды анықтаудан, әрі қарай осы талаптарды қанағаттандыратын жоғары оқу орнының білім беру технологияларын талдап, таңдаудан бастаған жөн.

Әлем Төртінші индустриялық революцияны бастан кешуде. Компьютерлік технологиялардың жаппай таралуы, автоматтандыру мен роботтандыру, цифрландыру, жасанды интеллекттің дамуы – тұтастай белгілі бір салалардың жойылып кетуіне немесе олардың мүлдем жаңа түрлерінің пайда болуына алып келуі мүмкін. Осы инновациялық үдерістер әлемдік экономикада тың мүмкіндіктерге жол ашып отыр [31]. Біз үшін бұл үдерістер көптеген қиындықтар туғызуда. Біздің мамандар бәсекеге қабілетті, заман талабына сай болуы үшін үнемі жаңарып, ізденіп отыру қажет. Заман талабына сай біз үнемі жаңарып, өзгерістерге бейімделіп отыруға дайынбыз ба? Әлемдік жаңа трендтерден қалып қоймайтын жаңашыл мамандар дайындау ЖОО-ның алдында тұрған үлкен жауапкершілікті жұмыс. Бәсекеге қабілетті педагогті дайындау, саналы, өміршең, заманауи маманды дайындау – күрделі процесс. Қазіргі жаһандану кезеңі күнде жаңарып отырған әлемде бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыру барысында ЖОО-на заманның талаптарын анықтап, ізденіс үстінде жүруді қажет етеді.

2020 жылға дейін мұғалім кәсібінің тартымсыздығына, жалақысының аздығына байланысты педагогикалық мамандықтарға шартты «аутсайдерлер» келіп түсті деуге болады.

Г. Чередниченконың көз-қарасы бойынша жалақы – бұл жұмыскердің еңбек нарығындағы жағдайының маңызды көрсеткіші [24, б. 256]. Яғни, еңбек нарығында, мұғалімнің маңызды көрсеткішінің жағдайы ескерілмеді деген тұжырымға келеміз.

Тестілеудің қорытындылары бойынша, педагогикалық мамандықтарға түсетін абитуриенттердің балы заңгерлерге, медицина мамандықтарына түсушілерге қарағанда анағұрлым төмен болды. Жастардың педагог қызметіне қызығушылығы төмен еді. Басқа білім беру бағдарламаларына қарағанда педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламалары талапкерлерді қызықтыру барысында бәсекеге қабілетсіздігін көрсетті. Осыған байланысты мемлекеттің 2020 жылға дейінгі білім беруді дамыту бағдарламасының негізгі бағыттарының бірі материалдық және моральдық стимулдардың есебінен қоғамда педагогтың мәртебесін арттыру болды. Осы мақсатта 2020 жылдан бастап педагогикалық мамандықтарға түсу деңгейі 70 балға көтерілсе, 2021 жылдан бастап педагогикалық мамандықтарға түсу шекті балы 75 болды. Педагогикалық мамандық студенттерінің шәкіртақысы 2 есеге өсті. Сонымен қатар, шәкіртақы жылда көтерілуде. Сондай-ақ 2021 жылдан бастап педагогикалық мамандықтар бойынша жұмысқа алғаш рет тұратындар кәсіби шеберлігі бойынша сертификаттаудан өтеді.

«Педагог мәртебесі туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне педагогтың мәртебесі, оқушы мен мұғалімге жүктемені төмендету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобалары «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Жолдауын және ҚР Президенті Қ. Тоқаевтың 2019 жылы өткен «Bілім және ғылым!» педагогтардың тамыз конференциясында берген тапсырмаларын орындау мақсатында әзірленген [32].

Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңының мақсаты - педагогтардың мәртебесін арттыру, жүктемесін азайту, оларды жосықсыз тексерулерден және өздеріне тән емес функциялардан қорғау, ынталандыру бойынша өзге де мәселелерді заңнамалық деңгейде шешу. Бұдан басқа, Заңда педагогтардың құқықтары мен міндеттері қарастырылған, сондай-ақ педагогикалық қызметке рұқсат беру талаптары белгіленген.

Құжатта қамтылған педагогтың құқықтарын кеңейту нормалары олардың жеке тұлғалық дамуына және оқу үдерісін жетілдіруіне ықпал етеді. Сондай-ақ педагогтарды қызметіне жатпайтын жұмысқа тарту, шамадан тыс есептілік, негізсіз тексерулер жүргізуге тыйым салу арқылы олардың жүктемесін азайту өзекті мәселе. Осыған байланысты нақты санкциялар көзделген. Бұл бастамалар педагогтардың мәртебесін арттырып, педагогикалық мамандықтарға білімді, ерекше қабілетті талапкерлердің қызығушылығын тудыру мақсатында жасалуда. Көпшіліктің қызығушылығы артқан сайын бәсекелестік де күшейіп, талаптың негізінде сапаның да арта түсетіні белгілі. Бәсекелестік бар ортада даму жүреді. Осы әрекеттер еліміздің білім сапасының артуына өз ықпалын тигізеді және педагогтардың дамуын жеделдетеді.

Р.Ә. Қуатбекова, С.Т. Мамадалиева «Педагогтың бәсекеге қабілеттілігін біз адамның қоғамға, кәсіпке, әріптестерге, өзімізге, кәсіби білімдерге және кәсіби қызметтегі мінез-құлықтардың барабар тәсілдеріне қарым-қатынас жүйесін бейнелейтін қалыптасқан жеке және кәсіби қасиеттердің жиынтығымен сипатталатын жүйелі, көп деңгейлі жеке тұлғалық білім ретінде анықтаймыз», -

деген [33]. Білім сапасын арттыру арқылы қазіргі қоғамға бәсекеге қабілетті, кәсіби білікті мамандар ұсыну жоғары оқу орындарының міндетіне жүктелген. Педагогикалық жоғары оқу орындары өздеріне білімді талапкерлерді жинап, одан ары білікті мамандар даярлауды көздеуде.

Соңғы деректерге сүйенсек 2020 жылдан бастап педагогикалық мамандықты таңдаған талапкерлер ішінде «Алтын белгі» иегерлері өткен жылғылармен салыстырғанда екі есеге артқан [34]. Бұл көрсеткіш педагогикалық мамандықтарға деген қызығушылықтың артып келе жатқанын көрсетеді.

Адами капиталдың аса маңызды құрамдас бөлігі ретіндегі білім беру жүйесі қазіргі социумның іргелі мәселелерінің бірі. Бәсекелестіктің бастысы – білімнің бәсекесі. Ескіріп кеткен білім иеленуші жаһандық әлем жағдайларында бәсекеге қабілетті емес, сондықтан білім беру жүйесі жоғары шығармашылық потенциалға ие интеллектуалдарды дайындауға тиіс. Жоғары білім сапасының халықаралық деңгейіне лайық механизмін жасап шығару қажет. Бұл Қазақстанның жоғарғы оқу орындарының халықаралық білім кеңістігіндегі және ішкі бәсекеге қабілеттілігіне ықпалын тигізері сөзсіз. Білім берудің бәсекеге қабілеттілігі Сингапурдағы, Малайзиядағы, Эстониядағы, Ұлыбританиядағы немесе АҚШ елдеріндегі сияқты, Қазақстан үшін де ұлттық идеология болуы тиіс.

Отандық педагогтар Э.Т. Баярыстанова, Ж.Х. Сахиева «Теоретические основы формирования конкурентоспособности будущих педагогов» атты зерттеуінде түлектердің бәсекеге қабілеттілігі туралы мынадай тоқтамға келген:

1. Педагогикалық жоғары оқу орындарында бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыру мәселелері жеткіліксіз әзірленген және бұл жоғары білімнің практикасында мәселелерді шешуде қиындықтар тудырады;

2. Қазіргі уақытта осы (бәсекеге қабілеттілік) мәселесінің өзектілігіне байланысты мемлекеттік даму бағдарламаларында көрсетілген, білім беру жүйесінде оны шешудің жалпы педагогикалық негіздерін мақсатты дамыту әлеуметтік маңыздылығын сипаттайды [35].

Отандық педагогтардың зерттеу жұмыстарындағы тұжырымдарын зерделесек, жоғары оқу орындарында бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыру мәселесі мемлекеттің даму бағдарламаларында көрсетілгенімен қиындықтарды шешудің жолдары практикада қолданылмай, қалыс қалып жатқанын жеткізеді.

Отандық зерттеуші А.Р. Ерментаева өзінің зерттеу жұмысы барысында алдағы уақытта бәсекеге қабілеттілікті түрлі факторлар бойынша зерттеу керек екендігі туралы атап өтіп, тұлғаның бәсекеге қабілеттілігі туралы толымды ақпарат ала алмағандығы туралы былай дейді: «Келешекте бәсекеге қабілеттіліктің әлеуметтік-мәдени және әлеуметтік-демографиялық өзгешеліктер, жас ерекшелік, жыныстық айырмашылық, материалдық-қаржылық фактор сияқты көптеген шарттарға байланысты сипаттары мен мазмұнын теориялық негіздеп, эмпирикалық деректер алу қажеттігі бар. Себебі, бұл шарттардың отандық психология ғылымдарында осы кезге дейін бәсекелес мінез-құлық пен тұлғаның бәсекеге қабілеттілігін

дамытуда ескеріліп, толымды зерттелмегені қолжетімді ақпарат көздеріне жасаған талдаудан айқындалды» [36].

Болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру қазіргі уақытта өзекті екені анық байқалады, себебі бәсекеге қабілеттілікті жалпы қарастырғанда педагогика саласы бойынша толық зерттелмегені және дамыту қабілеттерінің қарастырылмағаны жоғарыдағы мәліметтерден көруге болады. Ал, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру, жетілдіру мәселелері туралы зерттеу жұмыстары мүлдем назарға алынбады. Қазіргі жағдайда сапалы педагогикалық кадрларды дайындау - болашақ ұрпақтың саналы білімі болмақ. Сапалы білім беру - саналы ұрпақ тәрбиелеу. Жас ұрпақты көркем-шығармашылыққа баулу, жан-жақтылыққа, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу жолдары білім беру жүйесін дамыту арқылы шешіледі. Бәсекеге қабілетті көркем-шығармашылық бағыттағы педагогқа кез-келген қиындықтарды оңай еңсеретін, бейімделгіш, білімді маман болуы міндеттелуде. Мемлекеттік мекемеде болмаса жеке педагогикалық кәсіппен айналыса алатын, жоғары сұранысқа ие білікті ұстаз болу - қазіргі заманның талабы. Қазіргі заманның талабына сай бәсекеге қабілетті кадрларды даярлау бәсекеге қабілетті ЖОО-ң міндеті болып отыр.

ҚР Үкіметі «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекітті. Ұлттық жоба білім берудің барлық деңгейлерінде білім алушылардың білім сапасын арттыру мақсатында әзірленді. Ұлттық жоба 2021-2025 жылдар аралығында білім сапасын арттыруға негізделген. Жоба 5 тапсырма, 15 көрсеткіш, 26 іс-шарадан тұрады [9, б. 1]. Бесінші тапсырманың негізгі міндеттерінің бірі - Қазақстандық ЖОО бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Бүгінгі ЖОО-ң бәсекеге қабілетті болуы, сапалы мамандарды дайындау арқылы - бәсекеге қабілетті қоғам құру. Бәсекеге қабілетті маман – мемлекет дамуының кепілі. Бәсекеге қабілетті қоғамды дайындайтын, қалыптастыратын педагог мамандар екені белгілі. Қазіргі кезде ЖОО басты міндеті педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру болып отыр.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында былай деген: «Ұлт ұстазы А. Байтұрсынұлы: «Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек», - дейді. Бұл көзқарас бүгінгі күні өте маңызды. Біріншіден, жиырма бірінші ғасырдың ұрпағы терең білімді болғаны жөн. Екіншіден, жас буынды ерінбей еңбек етуге бейімдеу қажет. Үшіншіден, кез-келген істі кәсіби дағды арқылы жүзеге асырған дұрыс. Төртіншіден, темірдей тәртіп және жоғары жауапкершілік баршамыздың бойымызда болуы керек. Бесіншіден, әділдіктен айнымаған жөн. Әділдік – қоғам дамуының маңызды шарты. Әділеттілік – әсіресе, ел-жұрттың тағдырын шешу үшін аса қажет қасиет. Алтыншыдан, бізге керегі – адалдық, ұқыптылық, тиянақтылық. Бәріміз нағыз қазақстандықты дәл осындай кейіпте көргіміз келеді. Біз сонда ғана бәсекеге қабілетті мемлекет, зияткер ұлт қалыптастыра аламыз» [37]. Бәсекеге қабілетті мемлекетті құру мақсатында жаһандану заманында «көштен қалып қоймайтындай» болу үшін сапалы жан-жақты білім, өзгерістерге жылдам

бейімделу, жаңа техникалар мен технологияларды меңгеру міндеті қойылып отыр. Білім беру жүйесіндегі «сапалы» сөзі «бәсекеге қабілетті» сөзіне мағыналас келетіні байқалады.

Білім беру саласындағы өзекті мәселелердің бірі – сапа. «Сапа» ұғымына ғылыми түсініктеме беріп өтейік. «Сапа» мәселесі философиялық ұғым ретінде ғылым жүйесінде өз орнын айқындаған. Мұнда сапа мен сандық мәселе әр уақытта диалектиканың бір заңы сияқты қарастырылады. Сапа мен сан заңының теориясы осы мәселенің мәнін ашады. «Сапа» мен «сан» - біртұтас ұғым болғанымен, мақсаттары бөлек.

Г.И. Рузавиннің «Закон перехода количественных изменений в качественные» атты еңбегінде «сапаны» бір заттың құндылығы мен пайдасын көрсету үшін қолданамыз дейді [38]. Бұдан қорытынды, «сапаның негізгі мақсаты - адам қажетіне жарау, жарамайтын болса, онда сапасы төмен деген бағаға лайық болады», - деген пікір қалыптасады.

Сапаның барлығының адам өміріне қатысы бола бермейді. Бірақ ол заттарды терең зерттемесек те, олардың өзіне тән құрам, белгісі, сипаты арқылы бір-бірінен ажырата аламыз. Міне сол затты басқалардан бөлек көрсетіп тұрған, тек соған қатысты сипатты біз «сапа философиясы» деп айтамыз. «Сапаның санға қатысы», «санның сапаға қатысы» деген ұғымды педагогикалық фактормен байланыстырып зерттеп көрелік. Білім алушылардың білімі, дағдысы, біліктілігі белгілі бір оқу кезеңін аяқтағанда жоғарылайтындай болса, оны білім беру сапасының жақсарғаны деп түсінген дұрыс. Жоғары білімдегі сапа мәселесінің ішкі және сыртқы мәселелері бар. Сыртқы жағы ол - студенттің алып жатқан білімдерінің еңбек нарығында қажетіне жарауы. Ал ішкі жағдайда - сапа мәселесі жоғары оқу орындарының тиімді жұмыс жасауымен өлшенеді. Біздің негізгі қарастыратын мәселеміз сапаны жоғары біліммен, соның ішінде педагогтарды кәсіби даярлаудың сапасымен байланыстыра қарастыру [39]. Технологиялар мен заманауи өркениеттің жойқын күшін ескерсек, жаһандық әлемде кез-келген елдің экономикасы адам ресурстарының сапасына, өнімділігіне қатты тәуелді болып келеді.

Гонконг, Сингапур, Оңтүстік Корея секілді елдердің тәжірибесі білім беру мен денсаулық сақтауға, бәсекеге қабілетті адами капиталын жасауға ставка жасаудың мемлекеттің экономикалық дамуына ең тиімді стратегиясы болып табылатындығы расталып отыр [12, б. 62]. Сапалы білім беру мәселесін жүйелеген мемлекеттердің экономикасының да дамығанын байқауға болады.

Көптеген елдер ХХІ ғасырдағы білім беру саласы бойынша өз қызметтерін қарқынды дамытуда. Америка Құрама Штаттарында «Partnership for the 21century» атты ұйым қызмет етеді. Бұл ұйым жаһандық экономиканың қарқындап дамуы барысында студенттердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған [23, б. 48].

Дүниежүзілік экономикалық алқалы жиынының жаһандық бәсекеге қабілеттілік индикаторы бойынша Қазақстанның білім беру жүйесі орташа көрсеткіштермен сипатталады.

Осыған қарамастан, Қазақстан жоғары білімді кадрлар даярлаудың әлемдік қарқындарын басып озып отыр. Егер 10 жыл ішінде студенттер контингентінің өсуі әлем бойынша 65% болса, онда біздің еліміздегі өсу 170%-ы құрап отыр [12, б. 72].

Жоғары білімі бар адамдар санының тым артып кетуі әлемдік эксперттердің болжамы бойынша, жұмыссыздықтың және әлеуметтік қанағаттанбағандықтың, жұмыс орнын табу үшін күрестің пайда болуына алып келеді. Көп шамада бұл жоғарғы оқу орындарының шамадан тыс көптігімен байланысты. Әлемде орташа алғанда 1 жоғарғы оқу орнына 320000 тұрғын келсе, дәл сол кезде Қазақстанда 84000 адам келеді. Мәселен, Ұлыбританияда 1000000 адамға 1,5 ЖОО, Финляндияда - 3,8, Швецияда - 5 ЖОО келсе, Қазақстанда 9-ға жуық ЖОО келеді. Бұған қоса жоғарғы білімнің сапасына Қазақстандық студенттердің 46% -ы сырттай оқу білімі әсер етті [12, б. 73].

2019 жылдан бастап Қазақстанда сырттай білім беру тоқтатылып, орнына қашықтан білім беру жүйесі енгізілді. 2022 жылдан бастап қашықтан оқыту тоқтатылды.

Қазақстан жыл сайын жоғары білімді кадрлар даярлауға мемлекеттік тапсырысты мектеп бітіруші түлектер санына қарай реттеп, арттырып отыр:

1) 2019 жылы Білім және ғылым министрлігі жалпы оқуға 66556 грант бөлген. Оның 51085-і бакалавриатқа, 13159-ы магистратура, 2312-сі докторантураға. Педагогикалық мамандықтарға (бакалавр) - 8276 грант бөлінді;

2) 2020 жылы жоғары білімі бар кадрларды (бакалавр) даярлауға – 53864 грант бөлінді. Ғылыми-педагогикалық магистратура бағытына – 12915, бейінді магистратураға – 710 және докторантураға жалпы 2355 тапсырыс бөлінген [40];

Осылайша білім беру жүйесінің ауқымын кеңейту және оның халыққа қол жетімділігін арттыру, әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялану бойынша шаралары қолданылуда. Алайда, қазақстандық білім беру жүйесі әзірге басқа дамыған мемлекеттерге қарағанда «білімділер экономикасы» үшін қажетті біліктілігі жоғары, кәсіби мамандар және интеллектуалдық кадрлар даярлауда жеткілікті бағыт бағдар алмағандығы байқалады.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев 2020 жылдың 27-мамырында өткен Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің үшінші отырысында білім беру саласындағы реформаларға тоқталды: «Педагогикалық білімді жаңғырту оқу бағдарламасын 100% жаңартып, білім берудің заманауи әдіснамасы мен технологияларына ІТ құзыреті бойынша арнайы модуль қосу керек. Педагогикалық мамандыққа түсу талаптарын кезең-кезеңмен күшейту керек. Оған тапсырушылар саны көп болуы үшін болашақ педагогтардың стипендиясын 26 мыңнан 42 мыңға көтеру керек. Сондай-ақ педагогикалық кадрларды дайындайтын ЖОО мен колледждерді шеберлік талаптарын күшейте отырып, профильдеу керек», - деді. [41]. Кеңес барысында дарынды жастардың шетелге кету мәселесі де қозғалды, «мәселенің бірінші себебі - жоғары білім беру жүйесінің бәсекеге қабілетсіздігі» екенін басып айтты. Мектепке дейінгі білім беруді жүйелеуден бастап, докторантурадан кейін ғылыми ізденістегі мамандардың жағдайын қозғап, студенттердің шәкіртақысы мен ЖОО оқытушылардың жалақысын арттыруды

тапсырды. Сондай-ақ, еліміздің білім алушыларының білім деңгейі дамыған елдердің білім алушыларының білім деңгейінен төмен екенін атап өтті. Экономиканың білімге тәуелді екенін ескертті. Осыған байланысты алдағы уақытта білім мен ғылымды қаржылық қолдау мемлекет тарапынан көтерілетінін және бұл саланың маңызы арта түсетініне тоқталды. Білім мен ғылымның болашақтағы ролін анықтап, мемлекеттік саясаттың соған сәйкес жүзеге асатынын атап өтті. Сонымен қатар, мемлекет басшысы сапа мәселесіне де тоқталды. Сапаға әсер ететін факторлардың бірі – педагогтың мәртебесі мен шеберлігі екенін айтты. Педагогтардың мәртебесін арттыру мақсатында түрлі наградалар мен жалақы мәселесін де жоғарылатуды тапсырды. Жылдар бойы жиналып келген өзекті мәселелер мемлекет тарапынан өз қолдауын тауып, түйінді шешімдері негізделді.

Мемлекеттегі білім беру жүйесі жақсарған және үдерісті сипатта болған сайын, сол елдің жастарының мүмкіндіктері молая түседі.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың бүгінгі таңдағы мақсаты Отандық жоғарғы оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігін, білім беру сапасын арттыру. Сапалы біліммен сусындаған болашақ маманның да бәсекеге қабілеттілігінің арта түсетінін айта кеткен жөн. Яғни, жаһандық бәсекеге қабілетті жастарды тәрбиелеу. Осы мақсатта 2019 жылы 11 желтоқсанда Премьер-Министрдің орынбасары Б.Сапарбаев ҚР Үкіметінің жанындағы ҚР ЖОО орындарын оңтайландыру жөнінде комиссия отырысын өткізді. Б. Сапарбаевтың мәліметі бойынша елімізде 2019 жылы 132 ЖОО жұмыс істеген, оның 43%-ы жекеменшік ЖОО-ы. Оларда 600000-нан аса студент білім алуда, оның 191000-ы мемлекеттік тапсырыс бойынша. Сонымен қатар, әр-бір оқу бітірген төртінші студенттің жұмыссыз екенін және ЖОО білім беру сапасын арттыру – бұл біздің еліміздің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудегі негізгі мәселе екенін атап өткен [42]. Бәсекеге қабілеттілікті арттыру мақсатында ҚР Үкіметі жоғарғы оқу орындарының қызметін үйлестіріп, 50-ден астам жоғары оқу орындарын біріктірді. Талаптарға сай келмеген бірнеше жылдық тарихы бар жоғары оқу орындары лицензияларынан айрылды. 2021 жылдан бастап білім туралы жеке үлгідегі құжаттарды ұсыну нормасы енгізілгенін ескере отырып, оқу сапасына барлық жауапкершілік жоғары оқу орындарына жүктелетінін білеміз. Бұл бастама ЖОО сапа жөніндегі жауапкершілігін арттыруға бағытталған.

Мемлекет басшыларының Жолдауларын, қаулы-қарарларын, бағдарламаларын және белгілі ғалымдардың зерттеу жұмыстарын зерделеу, талдау барысында ой тұжырымдағанмыз - болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру маңызды іс екенін ұғындырады. Болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруға мемлекеттің де мүдделі екені анық байқалды. Бәсекеге қабілеттілікті қалыптастырудың жаһандану дәуіріндегі маңыздылығы туралы аталып жатқанын ескерсек, ЖОО барысында көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мәселелерінің шешімін табу, тиімді әдіс-тәсілдерін анықтау және оны практикада қолдану мәселелері үнемі жаңарып отыруы маңызды. Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге

қабілеттілігін қалыптастыру мәселесінің күрделілігіне және педагогикалық ерекшеліктеріне байланысты жан-жақты тереңдетіліп зерттеу талап етіледі.

1.2 «Бәсекеге қабілеттілік» және «Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың бәсекеге қабілеттілігі» ұғымдарының даму кезеңдері

Тәуелсіз ел тірегі білімді ұрпақ десек, жана дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселелердің бірі – сапалы білім беру және ғылымды дамыту. Бүгінгі күні Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде көптеген маңызды реформалар жүргізілуде. Білім беру жүйесінің басты мақсаты – ұлттық білім беру жүйесін өркениетті елдердің білім беру жүйесімен теңестіріп, әлемнің талаптарына сай бәсекелік қабілетке негіздеу. Жаңа Қазақстанда білім беру жүйесі әлемдік кеңістікке енуді көздейді. Мемлекеттік білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойып отырған басты міндеттердің бірі – бәсекеге қабілетті жас маман иелерін дайындау. Ғылым мен техниканың қарқынды дамуы, ақпараттар ағынының күшейуі салдарынан жан-жақты дамыған, білімді, креативті ойлай білетін маманды дайындау күрделі үдеріс болып отыр.

Бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыру барысы «бәсекелестік» ұғымын түсінумен және талдаумен анықталады. Еліміздің нарықтық экономикаға көшуіне байланысты «бәсекеге қабілеттілік» термині жиі қолданыла бастады. Бұл «бәсекеге қабілеттілік» термині жұмыс берушілердің пікірінше, болашақ мамандардың тек кәсіби білім, білік және дағды жиынтығы ғана емес, сонымен қатар, кәсіби құзыреттіліктің жоғары деңгейі, еңбек нарығында олардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін кәсіби маңызды тұлғалық қасиеттерінің болуы.

Экономика саласында «бәсекелестік орта» термині әдетте «бәсекелестік», «бәсекеге қабілеттілік» сияқты ұғымдармен қатар жиі қолданылады. Яғни, бәсекелі орта шаруашылық жүргізуші субъектілер арасындағы бәсекелестік белсенділікті дамытуды қамтамасыз ететін, ал бұл арқылы олардың экономикалық мүдделерін іске асыруға ықпал ететін және қандай да бір нәтижеге әкелетін жағдайлар болып табылады.

Бәсекеге қабілеттілік – Бұл педагогтың тұлғалық және кәсіби қызметінің жетістігі, әлеуметтік сұранысқа иелігінің көрсеткіші [2, б. 160]. Бәсекеге қабілетті педагог өзге мамандарға қарағанда ұтымды қасиеттерге және заманауи білімге ие, әлеуметтік сұранысты қамтамасыз ете білетін қалыптасқан тұлға. Әлеуметтік сұранысты қамтамасыз ету қоғаммен тығыз байланыс арқылы туындайды.

Болашақ көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мәселесін тиімді шешу үшін оның жағдайы мен психологиялық-педагогикалық теориясын, практикадағы дамуын тереңірек қарастыру қажет. Осы мақсатта «*Бәсекеге қабілеттілік*» және «*Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың бәсекеге қабілеттілігі*» ұғымдарының шартты түрде дамуын төрт кезеңге бөлдік және төртінші кезеңді бәсекеге қабілеттіліктің маңыздылығы туралы болашақты

болжау болады. Олардың әрқайсысы ғылыми және әлеуметтік-педагогикалық қоғамның зерттелетін тақырыпқа қатынасын көрсетеді.

Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің кезеңдерін қарау мынадай ұстанымдарды ескере отырып жүзеге асырылатын болады:

- Қазақстандағы педагогикалық білім беру жүйесінің пайда болуы, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мәселесінің туындауы;

- «Бәсекеге қабілеттілік» және «Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың бәсекеге қабілеттілігі» ұғымдарының шет мемлекеттердегі жағдайын зерттеу және оны салыстырмалы түрде талдау, қарастыру;

- тарихи даму кезеңдерін анықтау сипаттамасы әр кезеңнің ішкі мазмұнын, оның сапалық өзгеруі – бір кезеңнен екіншісіне ауысуды анықтайтын негізгі бірлікке сүйене отырып жүзеге асырылуы;

- болашақ мамандардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мәселесіне ғылыми-зерттеу және қоғамдық-педагогикалық қызығушылықтың көрінісі, зерттелетін мәселенің өзектілігін сезіну, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтарды дайындау шеңберіндегі мәселені зерттеу және шешу қажеттілігіне назар қою [43];

- қалыптасу кезеңдерінің мазмұнының сипаттамасы, көркем-шығаршылық бағыттағы педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мәселесінің пайда болуы және көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың түрлі кезеңдердегі жағдайын анықтау;

- көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің болашақтағы қажеттілігін және мәселенің өзектілігін болжау.

Жоғарыда айтылған ұстанымдарға сүйене отырып, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігі мәселесінің қалыптасуын және өзектілігін анықтауды біз төрт кезеңге бөліп қарастырдық. Олар:

1- кезең 1920-1960 жылдар аралығы;

2- кезең 1960-1990 жылдар аралығы;


3- кезең 1990 жылдан бастап қазіргі күнге дейін;

4- кезең Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің болашақтағы өзектілігі.

«Бәсекеге қабілеттілік» және «Көркем-шығармашылық бағыттағы бәсекеге қабілеттілік» ұғымдарының пайда болуын және бәсекеге қабілеттілік туралы мәліметтерді 1920- жылдан бастап қарастырдық.

Әрбір бөлінген кезеңдерді егжей-тегжейлі қарастыру көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың қоғамдағы сұранысын және көрінісін айқындайды. Анықтау кезеңдері 1-суретте көрсетілген.

1-кезең. 1920-1960 жылдар аралығы. Біздің зерттеген кәсіби-педагогикалық білімімізге негіз болған ЖОО-да педагогикалық дайындық жүйесінің пайда болуымен сипатталады.



Сурет 1- «Бәсекеге қабілеттілік» және «Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың бәсекеге қабілеттілігі» ұғымдарын анықтау кезеңдері

Бұл кезеңде тарихи зерттеулерге сүйенсек, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру өзекті мәселе болып табылған жоқ, себебі ол кезеңде командалық-әкімшілік экономикаға байланысты осы сапаны іске асыру үшін әлеуметтік-өндірістік алғышарттар болмады. ЖОО-ның әрбір түлегі ертеңгі күнге сенімді, ол еңбек нарығында сұранысқа ие болды және таңдаған мамандығы бойынша жұмыспен қамтамасыз етілді, яғни бәсекелесу болмады.

Сонымен қатар, ұзақ жылдар бойы елімізде білім беру қабілеттерін ашуға, кәсіби қасиеттерді қалыптастыруға және жеке қасиеттерді дамытуға емес, әртүрлі міндеттерді шешудің өңделген алгоритмдерін меңгеруге бағдарланды, «бәсекелестік», «бәсекеге қабілеттілік» ұғымдары кең таралған жоқ.

Бұл жылдары Қазақстанда сауатсыздық деңгейі асып тұрды. Сауатты адамдарға сұраныс көп болды. Педагогтар жетіспеді.

1920 — 1925 жылдары Қазақстанда сауатсыздықты жою науқанын бастау барысында мынадай кедергілердің бар екендігі байқалды:

- халықты оқытуға жарайтын мамандардың жетіспеуі;
- жаңа оқулықтардың жоқтығы және жазу құралдарының жеткіліксіздігі;
- қалаларда және әсіресе ауылдық жерлерде білім беру органдарының материалдық-техникалық базасының әлсіздігі [43, б. 191].

Осы жылдары Қазақстанды зерттеу қоғамы құрылды. Оның жұмысына С. Асфендияров [44], А. Затаевич [45], Ә. Диваев [46], Қ. Жұбанов [47], А. Байтұрсынұлы [48], Ж. Аймауытов [49], М. Жолдыбаев [50], А. Чулошников [51], А. Якубовский [52] белсене қатысты. Қоғамдық бөлімшелер Петропавл, Көкшетау, Орал, Орда қалаларында жұмыс істеді. Қазақша жазу жетілдірілді, қазақ тіліндегі алғашқы оқулықтар құрастырылды, қазақ халқының тарихы, этнологиясы жөнінде еңбектер басып шығарылды [43, б. 191]. Зерттеу қоғамында жұмыс атқарған ғалымдардың еліміздің ағарту саласына қосқан еңбектері тарихта маңызды орынға ие. Жоғары білімді қазақ жастары Қазақстандағы сауатсыздықты жоюға барынша атсалысты. Халықтың басым

көпшілігінің бастауыш білімі де болмады. Бұл кезеңде бірыңғай мектеп жүйесі жылдан- жылға артып отырды.

1928 жылы – тұңғыш педагогикалық институт ашылды, оған кейін Абай есімі берілді.

Жоғары оқу орындарында қазақ жастарының аздығы сезіліп тұрды. 1930 жылдары өзге республикалардың жоғарғы оқу орындары мен техникумдарында 20 мыңдай қазақстандық оқыды [53].

Осы аралықта Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдары да әсер етті. Онда «бәсекелестік» және «бәсекеге қабілеттілік» ұғымдары ұзақ уақыт бойы қазақ азаматтарында оң пікірлер тудырмады.

Жоғары білімі бар азаматтар бәсекеден тыс нақты жоғары лауазымды қызметтерді атқарды. Мұның себебі әлеуметтік стереотиптерде жатыр, олардың бір бөлігі Кеңес сапында қалыптасқан. Бұл кезеңде жоғары білімді азаматтар мен арнайы қажетті білімі жоқ азаматтардың арасында үлкен алшақтық пайда болғаны байқалады. Жоғары білім алуға көп қазақ жастарының қолы жете бермеді.

«Бәсекелестік» экономикалық ұғымының дамуына шет ел ойшылдары Дж. Милль [54], Ф. Найт [55], Д. Рикардо [56], А. Смит [57], Ф. Хайек [58] және т.б. ғалымдар атсалысқан [43, б. 191].

Экономикалық, философиялық еңбектерді зерделеу барысында тұлғаның дамуға, өзін-өзі бекітуге, өзін іздеуге және өзінің өмір сүруінің мағынасын, әлемдегі өз орнын білуге ұмтылуға тән деген ойға келуге мүмкіндік береді, яғни жеке тұлға мен қызметті жетілдірудің философиялық идеясы жалпы алғанда «бәсекеге қабілетті тұлға» және «бәсекеге қабілеттілігі» ұғымдарының негізі болып табылады.

Тұлғаның философиялық ұстанымынан бәсекеге қабілеттілік мәселесін қарастырып, зерттелетін мәселені ХХ ғ. басындағы психологиялық-педагогикалық ғылым тұрғысынан қарастыру орынды болып табылады [43, б. 191].

Педагогика мен психологиядағы «бәсекеге қабілеттілік» ұғымын зерттеу салыстырмалы жаңа бағыт болып табылғанын бірден айту керек. Шет ел ойшылдары Дж. Дьюи [59], Г. Олпорт [60], К. Роджерс [61] және т.б. мамандардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мәселесін қарастырған, осы саланың негізін қалаушылары деп есептеуге болады.

Шет ойшылдарының бірі К. Роджерс адамның жеке басын сақтау және дамыту үшін өзінің барлық қабілеттерін дамыту үрдісі тән екенін атап өтті және өзінің жеке қасиеттерін дамыту арқылы көптеген қарама-қайшылықтарды шешуге болады деп есептеген [61, б. 1].

Г. Олпорт тұлғаның бәсекеге қабілеттілігін жетілген тұлғаның феноменін талдау арқылы ашып, бұл ретте адамның жетілуі – оның бүкіл өмір бойы үздіксіз өтетін және жалғасатын қалыптасу үрдісі екенін атап өтті. Сонымен қатар, ол өз зерттеулерінде бәсекеге қабілеттіліктің сипаттамалары өз қабілеттері мен мүмкіндіктерін ұғыну негізінде табысқа жету қажеттілігі және өз күшіне деген

сенімділік болып табылатынын атап өтті. Оның зеттеу бағыты негізінен интеллект, мотивация және жеке қасиеттер болды [60, б. 2].

Гуманистік психология өкілдері адамды жеке өмір сүру стилін дамытатын және дамытуға таңдау еркіндігі бар өз өмірінің белсенді жаратушысы ретінде көрді. Алайда, жоғарыда аталған ғалымдар өз идеяларын шетелде дамытып, шет елді зерттеген. Қазақстанның болашақ мамандарын – біздің еліміздің жоғары мектеп түлектерінің жалпы бәсекеге қабілеттілігін, соның ішінде көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мәселесін қарастырмаған.

2- кезең. 1960-1990 жылдар аралығы. Кезеңнің өзіндік ерекшелігі елімізде «кәсіби – педагогикалық білім», «тұлғаның, маманның бәсекеге қабілеттілігі» деген негізгі ұғымдардың пайда болуының басы болып табылады.

1960 жылдары Қазақстанда төл оқулықтар жасау жұмыстары мықтап қолға алынды. Бұл іспен Е. Бекмаханов [62], Н. Сауранбаев [63], С. Аманжолов [64], І. Кеңесбаев [65], А. Ысқақов [66], Т. Қордабаев [67], Ә. Маманов [68], М. Балақаев [69], Қ. Жұмалиев [70], М. Ғабдуллин [71], т.б. республикаға белгілі ғалымдар айналысты.

Бұл кезеңде болашақ педагогтарды оқыту кәсіби қызметінің мәселелеріне арналған зерттеулер пайда бола бастады.

Педагогика және психология салалары бойынша 1960-1970 жылдары алғашқы қазақ тіліндегі оқулықтар жарық көрді. Педагогикалық білім беру мәселелері зерттеле бастады. Осы кезеңде педагогика ғылымы бойынша академик Т. Тәжібаев республика бойынша тұңғыш докторлық диссертациясын қорғаған белгілі ғалым болды [1. б. 3]. Атап айтарлықтай бұл кезеңде елімізде педагогтар арасында бәсекелестік тұнып тұрды деп айтуға келмейді. Көптеген ғалымдар кәсіби шеберлікті шыңдау, тәрбие, кәсіби-педагогикалық даярлау бойынша, балалармен жұмыс жасау тақырыптарын қарастырған. Бәсекеге төтеп беру мәселелері туралы ғылыми еңбектерді байқамадық.

Бұл кезеңдерде Қазақстан Кеңес Одағының құрамында болды. Осы кезеңде педагогикалық тақырыптарды зерттеген Ресейлік педагог- ғалымдар Н.В. Кузьмина [72,73], Г.М. Романцев [74], Е.В. Ткаченконың [75] және т.б. еңбектері жарық көрді. Жоғарыда аталған ғалымдар көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мәселесін қарастырмаған.

Американдық экономист М. Портер бәсекелестіктің қыр-сырын жіті зерттеген жетекші мамандардың бірі. XX ғасырдың екінші жартысындағы бәсекелестік қатынастар теориясының дамуына үлкен үлес қосты [76]. Оның XX ғасырдың екінші жартысында көптеген еңбектері жарыққа шықты.

М. Портер белгілі бір нарықта артықшылыққа қол жеткізу үшін тиісті бағыттағы бәсекелестік стратегиясын қалыптастыруды жөн санаған [77]. Стратегияның негізі ретінде өзінің артықшылықтарын бағалауды, сондай-ақ оларды жетілдіріп, дамытуды ұсынады. Ол даму барысында өндірістік қуаттарды дамытуды ғана емес, персоналды мамандарды оқытуды,

ғылыми-зерттеу және тәжібиелік-конструкциялық жұмыстарды жүргізуді бәсекелестік артықшылықтарды қалыптастырудың шарттары деп түсіндіреді.

Қаралып отырған кезеңнің соңында мемлекет жоспарлы-экономикадан нарықтық экономикаға көшуіне орай, білім беру жүйесінде, еңбек нарығында анағұрлым жоғары деңгейдегі мамандарға деген қажеттілік пайда болды. Мұндай мамандарды даярлау үрдісінің маңызды нәтижесі алдыңғы біз қарастырған кезеңдегідей белгілі бір білімді, іскерлікті және дағдыларды қалыптастыру ғана емес, өзін-өзі көрсетуге, өнімді қызметке, бәсекелестікке және т.б. қабілетті кәсіби бағдарланған тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Қазіргі уақытта «кәсібилік» сөзінің орнына жұмыс берушілер «бәсекеге қабілеттілік» ұғымын жиі қолдана бастағанын айқын растайды. Осы кезеңде көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру жөніндегі жұмысты жүзеге асыру үшін қоғамдық-экономикалық және әлеуметтік-педагогикалық алғышарттар жасалғанына қарамастан, зерттелетін мәселе дербес мәртебеге ие болмады.

Сондай-ақ, кезеңнің соңғы жылдарында, бүкіл елдің нарықтық бағытқа көшуіне байланысты еңбек нарығындағы табыс адами қатынастардың қандай да бір саласында, мамандар арасында бәсекелестік күрес туыла бастады. Осының нәтижесінде бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыру мәселесін шұғыл шешуді талап ететін бірқатар басым педагогикалық қиындықтар туындады, ал отандық педагогтар мен психологтарда, экономисттерде осы мәселені зерттеуге деген қызығушылық пайда бола бастады. Бұл өз кезегінде мәселенің қалыптасуы мен дамуының үшінші кезеңіне көшуді білдіреді.

3- кезең. 1990 жылдан бастап қазіргі күнге дейін. Бұл кезең жалпы ғылыми қоғамдастық тарапынан педагог даярлау мәселесіне қызығушылықтың өсуімен сипатталады. Бәсекеге қабілеттілік, бәсекелестік мәселелері бойынша көптеген баспа жұмыстары пайда бола бастады. Еліміз тәуелсіздігін алды. Сондай-ақ, қарастырылып отырған кезең педагогикалық қоғамның болашақ мамандардың және болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру қажеттілігін түсіндіруімен ерекшеленеді. Педагогикалық оқу орындарының ғалымдары мен педагогтары мәселенің әлеуметтік маңыздылығы туралы ойлады, бұл осы кезеңде аралас тақырыптар бойынша кең таралған зерттеулерде көрініс береді.

Түрлі іздеу жүйелерімен жұмыс істеу барысында (Яндекс, Bing, Google, Rambler, Mail және т.б.) ғаламтор желісі болашақ мамандардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мәселесі бойынша орыс және ағылшын тілдерінде жеткілікті көлемде ақпараттар бар екенін көрсетті [43, б. 193].

Сонымен қатар, білім беру саласындағы нормативтік құжаттарды, диссертациялық зерттеулерді, ғылыми мақалаларды, элективті курстарды, конференцияларды талдадық. Нәтижесінде бізді қызықтыратын мәселе бойынша арнайы терминологияның пайда болу кезеңдерін байқадық. Соңғы уақытта зерттеушілер «маманның бәсекеге қабілеттілігі», «тұлғаның бәсекеге қабілеттілігі», «кәсіптік бәсекеге қабілеттілік», «студенттің бәсекеге қабілеттілігі», «түлектің бәсекеге қабілеттілігі», «жеке бәсекеге қабілеттілік», «бәсекелестік», «бәсекеге қабілеттілік», «бәсекеге қабілетті бағдарлау»,

«позитивті бәсекелестік», «өнімді бәсекелестік», «білімнің бәсекеге қабілеттілігі», «бәсекеге қабілетті қызмет», «өндірістегі бәсекелестік» және т.б. ұғымдарын ұсынды.

Осы ұғымдардың шығу тегін зерттей отырып, олар болашақ мамандардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мәселесін зерттеу шеңберінде пайда болғанын және бөлінген ұғымдардың әрқайсысы осы мәселені зерделеудегі белгілі бір бағытты көрсетеді. Алайда, бізді маманның, білім беру саласына қатысты тұлғалардың бәсекеге қабілеттілігін, кәсіби құзіреттілігін көрсететін ұғымдар қызықтырды. Бұл ұғымдар келесі авторлардың ғылыми еңбектерінде кездеседі: «Педагогические условия формирования социальной компетентности студентов творческих специальностей» Е.В. Бутова [10, б. 1], «Бәсекелестік ортадағы жоғары білім беру қызметін көрсету нарығы: даму және реттеу үрдістері» М. Қанабекова [11, б. 2], «Система высшего образования как фактор повышения конкурентоспособности экономики Республики Казахстан» Э.М. Эралина [78], «Человеческий капитал Республики Казахстан как фактор повышения конкурентоспособности национальной экономики» И.В. Онюшева [14, б. 3], «Бәсекеге қабілеттілігі» А. Байтасов [12, б. 4], «Бәсекеге қабілетті мамандар даярлау – заман талабы» Н. Барысова [79] және «Әлеуметтік серіктестік негізінде болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамыту» Б. Атабекова [13, б. 5].

Жоғарыдағы ғалымдардың ғылыми еңбектерін зерделей келе ерекше таңдалған «бәсеке» терминологиясының таралуы ғылыми қауымдастық тарапынан мәселеге деген жоғары қызығушылықты тағы да растайды. Осы ұғымның мәнін анықтау үшін «бәсекеге қабілеттілік», «бәсекеге қабілетті маман», «бәсекеге қабілетті педагог», «бәсекеге қабілетті көркем-шығармашылық педагогы» сияқты жалпы категорияларды талдауға жүгінеміз.

Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігі мемлекеттің, жұмыс берушілердің, қоршаған ортаның, еңбек нарығының, білім алу субъектілерінің және маманның өзінің талаптары мен сұраныстары жағдайында кәсіптік-педагогикалық міндеттерді табысты шешуді қамтамасыз етеді, кәсіптік қызметте бәсекелестік артықшылықтарға қол жеткізу үшін құзіреттілік пен қабілеттіліктің жоғары деңгейімен сипатталады.

Жалпы бұл кезеңде «бәсекеге қабілеттілік» термині еліміздің педагогикалық, философиялық, психологиялық ғылыми еңбектеріне қарағанда экономисттердің экономикалық ғылыми еңбектерінде көп кездесетінін байқауға болады. Олар: С.Т. Абилдаев «Аймақтық экономиканың бәсекеге қабілеттілік мәселелері» [15], Э.М. Эралина «Пути повышения конкурентоспособности системы высшего образования в Республике Казахстан в условиях глобализации» [80], Л.В. Добровольская «Качество образования - гарант конкурентоспособности будущих специалистов Казахстана» [81] және т.б.. Бұл ғылыми еңбектерді зерделеу барысында «бәсекеге қабілеттілік» ұғымы экономиканың барлық саласында қолданылатынын байқадық.

Сонда да, елімізде болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру бағыты бойынша жазылған ғылыми еңбектері санаулы деуге болады, ал көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мәселелері туралы ғылыми еңбектер назарға алынбады.

Ресей ғалымдары да болашақ мамандардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мәселесінің күрделілігін анықтап, зерттеу жұмыстарын жүргізген.

Б. Атабекова «Әлеуметтік серіктестік негізінде болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамыту» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысында білім беру саласы бойынша бәсекеге қабілеттілікті дамыту немесе қалыптастыру бойынша Ресейде жазылған диссертациялық жұмыстарды қарастырған. Оның зерттеу жұмысына сүйенсек Ресейде 2000-жылдан бері шамамен 23 диссертациялық жұмыс қорғалған [13, б. 34]. Бұл зерттеу жұмысындағы қағидалар, «бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыру» ұғымының Ресейде 2000-жылдан бері кең таралғанын байқатады.

Сонымен қатар, 3- кезеңде Ресейде бәсекеге қабілеттілік ғылым ретінде танылып, жоғары оқу орындарында «Конкурентология» пәні оқытылған. Бұған В.И. Андреевтің құрастырған «Конкурентология. Учебный курс для творческого саморазвития конкурентоспособности» атты оқулығы және Е.В. Евплованың құрастырған «Конкурентология» оқу-әдістемелік құралы дәлел бола алады [82, 83].

Ресей ғалымдарының зерттеу тақырыбымызға жақын зерттеу жұмыстарын халықаралық ғылыми журналдардан көруге болады. Мысалы, Г.А. Чередниченко жоғары және орта кәсіптік білім беру жүйесі түлектерінің еңбек нарығындағы жағдайын қарастырған [24, б. 256], А.А. Шехонин, А.О. Вознесенская, А.В. Бахолдин, О.А. Гаврилина ИТМО Университеттің білім беру стандарты негізінде халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілетті түлектерді дайындау мәселесін зерттеген [27, б. 11].

Соңғы жылдары ЖОО түлектерінің бәсекеге қабілеттілігі туралы түсінік педагогикада күн санап белсенді дамуда. Қазіргі уақытта жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісінде оны қалыптастыру бойынша жұмысты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тұлғаның бәсекеге қабілеттілігі сапасының мәні туралы түсінік қалыптасты. Бәсекеге қабілеттіліктің сапасы туралы айтатын болсақ, зерттеушілер кәсіби білім беру үдерісінде қол жеткізілген оның қызметі немесе білімі, дағдылары нәтижелерінің жоғары деңгейін ғана емес, сонымен қатар оның еңбек нарығындағы бәсекеге төтеп беру және жеңу қабілетінде білдіреді [84].

Зерттеуіміздің аспектісіндегі Ресей ғалымдары Г.А. Чередниченко [24, б. 256], А.А. Шехонин, А.О. Вознесенская, А.В. Бахолдин, О.А. Гаврилина [27, б. 11], сондай-ақ, Е.В. Евплова [28, 83, 85] және т.б. Ресей Федерациясының болашақ педагогтарының бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мәселелерін зерттеуге арналған. Қазақстанның көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтарының бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мәселелері бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізбеген.

3-кезеңде қойылған мәселеге деген қызығушылықты талдай отырып, елімізде «бәсекелестік» және «бәсекеге қабілеттілік» терминдерін қоғамдық қабылдамау, аса мән бермеу кезеңі тұтастай аяқталғанын болжауға болады. Адам өмірінің түрлі салаларында бәсекеге қабілетті тұлғаның немесе маманның нақты рөлін бағалау, бәсекеге жауап бере алмаған жағдайда қайта дайындау және бәсекеге қабілетті маманды қалыптастыру кезеңі келді.

Зерттеу мәселесінің ерекшеліктеріне байланысты Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттарының мазмұнын, педагогикалық диссертациялық зерттеулердегі зерттеу мәселелерінің бағытын, жай-күйі мен дамуын қарастыру орынды деп есептедік.

Саралай келе, 2000-2007 жылдары біздің зерттеу тақырыбымызға жақын тақырыптар бойынша аздаған диссертациялар қорғалса, 2010 жылдан бастап осындай жұмыстарды қорғау саны айтарлықтай арта түскен, бұл өз кезегінде аталған тақырыпты зерттеуге деген қызығушылықтың артқанын растайды. Осы ретте диссертациялық зерттеулердің авторлары, әдетте, келесі үш негізгі мәселені қозғайды: болашақ маманның, маманның бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру немесе маманды кәсіби дамыту (С.А. Жолдасбекова, А.Б. Саипов, Э.А. Айтенова, Е.В. Бутова, А. Кувандыков, М.А. Архипенко, В.А. Оганесов, Т.М. Есимғалиева және т.б.) және тұлғаның бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру немесе кәсіби дамыту (И.В. Онюшева, Е. В. Астапенко, Д. А. Котикова, И.А. Бибик, А.В. Плугарева, Т.А. Сливина, Е.В. Токарева, Ф.Р. Туктаров, И. Шевченко және т. б.). Сонымен қатар диссертациялық зерттеулердің бір бөлігі тұлғаның немесе болашақ маманның бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мәселесіне емес, жалпы студенттің бәсекеге қабілеттілігіне (Е.В. Евплова, Г.К. Максимова, Ю. В. Соловьева, Ж. А. Шуткина және т.б.), көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтың емес, жалпы болашақ педагогтың бәсекеге қабілеттілігін дамыту мәселелеріне (Б.Б. Атабекова) арналған. Жүргізілген ғылыми зерттеулердің артықшылықтарын бағаласақ та, біз қарастырған диссертациялық жұмыстардың, ғылыми еңбектердің ешқайсысы көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мәселесін шешуге бағытталмағанын атап өту керек [43, б. 192].

Қаралған зерттеу жұмыстарында мәселені зерттеу тәсілдерінің әртүрлілігіне қарамастан, жоғарыда аталған барлық ғалымдар болашақ мамандардың бәсекеге қабілеттілігін және кәсіби қабілеттіліктерін қалыптастыру мәселесін шешу қажеттілігінің бар екенін атап көрсетеді [43, б. 192]. Сондай-ақ, жарыққа шыққан ғылыми-еңбектерді саралай келе көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыратын нақты шешімнің жоқтығын байқауға болады.

Ресей ғалымдары А.В. Волошин, Ю.Л. Александров өзге шет елдік және Ресейлік ғалымдардың бәсекеге қабілеттілік және бәсекелестік тақырыптары бойынша ғылыми-еңбектерін саралап шыққан. Саралау барысындағы ғалымдардың қорытынды шешіміне тоқталсақ, зерттеу тақырыбы бойынша «жарияланымдардың кең спектрі «бәсекеге қабілеттілік теориясын» құру

әрекетін білдіреді, егер макроэкономикалық деңгейде белгілі бір «анықтықты» байқауға болатын болса, онда микроэкономика деңгейінде – зерттеу объектісі мен тақырыбын, бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету факторлары мен тетіктерін анықтауда бірегейлік жоқ», - деген [77, б. 330]. Бүгінгі таңда бәсекеге қабілеттілік пен бәсекелестік артықшылықтардың жалпыға бірдей танылған теориясы осы саладағы теориялық-әдістемелік және әдістемелік әзірлемелердің кең арсеналының болуына қарамастан қабілеттілік пен бәсекелестік артықшылықтардың жалпыға бірдей танылған теориясы жоқ екеніне тоқталған.

Отандық және шетелдік ғалымдардың көп бөлігі әр уақытта болашақ маманның бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мәселелерін зерттеумен айналысқанына қарамастан, біз көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру, дамыту мәселелерін зерделеу немесе шешуге арналған зерттеулерді байқамадық.

Соңғы жылдары ЖОО бітіруші түлектерінің бәсекеге қабілетті болу мәселесі отандық білім беру жүйесінің басты назарында болуда. Мемлекеттің ЖОО-на талап қойуына байланысты, бәсекеге қабілетті маман ЖОО сапасының негізгі өлшемі болуына байланысты, мемлекеттің бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруға мүдделі екенін анықтауға мүмкіндік береді. Сол себепті бүгінгі күні Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының алдына бәсекеге қабілетті, жоғары сұранысқа ие сауатты, сапалы мамандарды даярлау міндеті қойылып отыр [43, б. 193].

Жоғарыдағы зерттеулерді жинақтап қарасақ, мәселені әртүрлі деңгейде қарастырады: ЖОО бәсекеге қабілеттілігі, оқушының бәсекеге қабілеттілігі, колледж студенттерінің бәсекеге қабілеттілігі, ЖОО студентінің, болашақ маманның бәсекеге қабілеттілігі, жұмысшының бәсекеге қабілеттілігі, маманның бәсекеге қабілеттілігі, болашақ мамандарды даярлау және болашақ педагогтың бәсекеге қабілеттілігі. Қорғалған диссертациялық жұмыстарды қарастыру барысында байқағанымыз, елімізде болашақ педагогтың бәсекеге қабілеттілігін дамыту немесе қалыптастыру бойынша диссертациялық зерттеу жұмыстарының аз екенін байқадық. Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мәселелері туралы диссертациялық зерттеулерді кездестірмедік.

Болашақ маманның нақты қызмет түріне байланысты бәсекеге қабілеттігін қалыптастыру мәселесінің туындауы, бір сала маманының бәсекеге қабілеттілігінің құрамдас бөліктері басқа сала мамандарының бәсекеге қабілеттілігінің құрамдас бөліктерімен толық сәйкес келмеуі және осыған байланысты мәселені шешу тәсілдері түрлі және ерекше болуы тиіс екенін байқатады. Балалармен жұмыс жасайтын педагог мамандар үнемі ізденіс үстінде болып, жаңарып отыруы, бәсекеге қабілеттік деңгейлерін жіті бақылап, заман талабына сай білім ошағына пайдасы тиетін күрделі үдерістің арқасында жүзеге асары белгілі.

Қарастырылған кезеңдер 1920 жылдан бастау алып қазіргі күнге дейін жетті. Ендігі кезең болашақты болжауға бағытталады. Кезеңдер төрт бөлікке бөлінді. Біздің мақсатымыз бәсекелестік және бәсекеге қабілеттілік, маманның

бәсекеге қабілеттілігі, педагогтың бәсекеге қабілеттілігі ұғымдарының даму кезеңін, сонымен қатар «көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың бәсекеге қабілеттілігі» ұғымының пайда болу кезеңдерін анықтау болатын. Болашақ мамандардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мәселесіне ғылыми-зерттеу және қоғамдық-педагогикалық қызығушылықтың көрінісін анықтап, зерттелетін мәселенің өзектілігін сезініп, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтарын дайындау шеңберінде мәселені зерттеу және шешу қажеттілігіне назар қоя отырып, бәсекелестік ұғымының болашақтағы көрінісі туралы және бәсекеге қабілетті көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың болашақтағы бәсекелесуі қарастырылды.

Зерделенген зерттеу жұмыстарына сүйенетін болсақ, педагог мамандар арасында «бәсекеге қабілеттілік» ұғымы Қазақстанда 1920 жылдары болмаған. «Бәсекелестік» ұғымы 1960 жылдары шет елдік экономист ғалымдардың еңбектерінде кездеседі. «Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың бәсекеге қабілеттілігі» ұғымдары бірінші кезеңде Қазақстанда мүлдем болмаған, екінші кезеңнің соңына қарай «бәсекеге қабілеттілік» ұғымы пайда бола бастағанын байқауға болады. Қазақстан үшін «бәсекелестік» ұғымы қызғаныш немесе жарыс, егес, қақтығыс, талас мағыналарында көрініп және жоғары білімді мамандардың аз болуына байланысты педагогтар арасында аса қызығушылықты тудыртпаған. Жоғары білімі бар азаматтар «бәсекелестік» ұғымынсыз да бәсекеге қабілетті болды деп атап өтсек болады. Себебі, жоғары білімі бар азаматтардан жоғары білімі жоқ азаматтар едәуір көп болды. Жоғары білімді педагогтардың міндеті білімсіз азаматтардың сауатын ашу еді. Екінші кезеңде де «Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың бәсекеге қабілеттілігі» ұғымы елімізде мүлдем болмаған. Шет елдік басылымдарда, шет елдік қоғамда аталған ұғымдар төңірегіндегі мәселелер ХХ ғасырдың екінші жартысында пайда бола бастағанын аңғартады. Үшінші кезең 1990 жылдан бүгінгі күнге кейінгі кезеңді қамтиды. «Бәсекеге қабілеттілік» ұғымы Қазақстанның нарықтық экономикаға көшуінен бастау алып, шарықтап келеді. Әлем бойынша жаһандану үдерісі дамып, білім саласынан басқа да салалар өзара бәсекелестікке түсуде. Бәсекеге қабілеттілікті дамыту және бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыру қазіргі заманның басты талаптарының бірі. Бәсекеге қабілетті елдерінің қатарына ену, мемлекет басшыларының басты бағыттары болды, оған Тәуелсіздік алған жылдардан бері мемлекет басшыларының Қазақстан халқына Жолдаулары, бағдарламалары дәлел бола алады.

«Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың бәсекеге қабілеттілігі» ұғымы пайда болса да көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру, дамыту туралы ғылыми еңбектердің бүгүнгі күні де жетіспейтіні жоғарыдағы талдаулардан байқалды.

4- кезең. Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің болашақтағы өзектілігі. Жаһандық өзгерістердің жүріп жатқандығы туралы хабардар болып отырып, оған талпынбау еліміздің әлемдік экономикалық деңгейін төмендетіп, тұралатып тастауы әбден мүмкін. Дамыған мемлекеттер әлден-ақ жаңа ғаламтор-инфрақұрылымдарына, жаһандық

технологиялық стандарттарға қаржыларын көптеп құюда. Барлық жасалып жатқан инновациялық үдерістер аса жылдамдықпен жүруде. Жаһандану үрдісінде жаңа трендтерге баса назар аудару, оны меңгеру заманауи талап болып отыр. Әлемнің қарқынды дамып жатқаны баршаға аян. Болашақ ұрпақтың әлемнің дамуымен бірге дамығанын қалайтын болсақ, қазіргі педагогтардың біліктілігі мен біліміне баса назар аударған жөн екенін білеміз. Болашақта еңбек нарығының қандай болатынынан еш хабарымыз жоқ. Болашақта машиналық оқыту мен роботтандыру барлық саланы өзгертуі мүмкін деген пікір бар. Дегенмен алдағы өзгерістердің табиғаты мен оның орындалу мүмкіндігіне қатысты қарама-қарсы көзқарастар көп. Ғалымдар 10-20 жылдың ішінде миллиардтаған адам экономикаға керек болмай қалады деп болжайды. Ал кей ғалымдар, тіпті ұзақ мерзім тұрғысынан алғанда да автоматтандыру жаңа жұмыс орындарын қалыптастырып, барлық адамзатқа бақуатты өмір сыйлайтынын алға тартады. Бұл болжамдар көптеген істерге бастама болуы да мүмкін.

Сонымен, біз шынымен үрейлі өзгерістердің алдында тұрмыз ба? Әлде мұның бәрі жәй болжам мен қиял ма? Тап басып айту қиын. Автоматтандыру жаппай жұмыссыздыққа әкеледі деген болжам XIX ғасырдан бері айтылып жүргенімен, ол жорамал әлі орындала қойған жоқ. Индустриялық ревалюцияның бастапқы кезінен бері машина ығыстырған әр мамандықтың орнына кемінде жаңа бір мамандық пайда болады. Ал адамдардың орташа өмір сүру деңгейі жылдам өсіп келеді. Дегенмен бұлай болса да машиналық оқыту ойын ережесінің мүлдем өзгертетінін болжап айтуға болады.

Адамдардың физикалық және когнитивті деген екі қабілеті бар. Бұрынғы шыққан машиналар адаммен қара күш жағынан бәсекеге түскен. Ал, интеллектуалдық салада адамның артықшылығы басым болды. Ауыл шаруашылығы мен өндірістік өнеркәсіптерде қол еңбектерін автоматтандырған соң, қызмет көрсету саласында адамдарға ғана тән қасиет – ойлау қабілетін қажет ететін мамандықтар пайда болды. Ол мамандықтар – оқыту, сараптау, қарым-қатынас орнату және адам эмоциясын түсіну сияқты. Алайда қазір жасанды интеллект осы қабілеттердің біршамасында, соның ішінде адам эмоциясын түсінуде адамнан асып түсуде [86, б. 36].

М.Ф. Баймухамедов «интеллект» сөзіне төмендегідей анықтама береді:

1) тәжірибені үйрену және әртүрлі жағдайларға бейімделу барысында білімді алу, есте сақтау және мақсатты түрде өзгерту арқылы мидың проблемаларды (интеллектуалдық) шеше алу қабілеті;

2) дербес, тиімді (дұрыс, ресурстардың мүмкіндігінше аз шығындарымен) сапалы (дұрыс, қарапайым, ресурстардың мүмкіндігінше аз шығындалуын талап ететін) шешімдерді (оның ішінде жаңа, бұрын белгісіз) әр түрлі күрделі «міндеттерді», оның ішінде жаңа, бұрын белгісіз (ең дұрысында – кез келген мүмкін болатын «міндеттерді») табу қабілеті [87].

Интеллект сөзі қалыпты жағдайда мән берсек адам миының қызметіне байланысты қолданылады. Адам миының қызметін жасанды жолмен құру, мидың қабілетін алмастыру мақсатында әлемде көптеген зерттеулер жүруде.

Жасанды интеллект (АІ) термині алгоритмдердің тіркесімдері арқылы адам миының мүмкіндіктерін молайтуға арналған машиналармен жасалатын барлау операцияларын білдіреді. Нақтырақ айтсақ, жасанды интеллект - бұл белгілі бір машиналарға қоршаған ортаны қабылдауға және оған адамның миына ұқсас жауап беруге мүмкіндік береді. Бұл ойлау, қабылдау, оқыту және мәселелерді шешу сияқты функцияларды орындау қабілетін қамтиды [88].

Соңғы онжылдықтарда нейробиология мен мінез-құлық экономикасы салаларындағы зерттеулер адам миына «хакерлік шабуыл» жасап, олардың шешімді қалай қабылдайтынын түсіне бастады. Тағамнан бастап өмірлік серігімізге дейін кез келген таңдауда ерік-жігер деген жұмбақ құбылыс емес, ықтималдықты қас-қағым сәтте есептейтін миллиардтаған нейрондардың әрекеті маңызды екен. «Адам түйсігі» деген мақтаулы құбылыс бар болғаны «образдарды тану» болып шықты.

Осы ізденістерді алдағы уақыттарда жетілдіре беретін болса АІ алгоритмдері адам санасымен бірдей жұмыс жасай алатын болады. Әр оқушының не қалайтынын, оның қандай сұрақтарға жауап бере алатынын және қай жерде қателесетінін біліп отыратын болады. Егер оқытып толықтыру керек болып жатса, алгоритмдер пианиноның клавиштері тәрізді, адам эмоцияларын тап басып, білімді жеткізеді деген болжамдар бар. Осындай өзгерістерге тап болып жатсақ, педагог мамандары қандай қызмет атқарар еді деген сұрақ тумай ма?

Болашақ педагогтар алгоритмдер болса ше? Әрине, заманның өзгерісінен қалмаған бәсекеге қабілетті педагог қисыннан қиыстырар жолды жылдам сәтте-ақ табары сөзсіз. Білім беруші білім беру саласында АІ алгоритмдерді тиімді пайдалану арқылы жоғары нәтижелерге жетуі ғажап емес. Алгоритм адам емес, адамға тәуелді жасанды интеллект. Алгоритмге де қажетті педагогикалық шарттарды енгізіп, педагогикалық қатынастарды дамытуды қамтамасыз ететін білімді педагог болмай ма? Жасанды интеллект басқа жолмен де заманауи жаңа мамандықтар қалыптастыруға түрткі болады.

Болашақта адам жасанды интеллектпен бәсекеге түседі деген болжам бар. Алайда, компьютермен бәйгеге түсудің орнына оны игеретін, жөндейтін, жетілдіретін, дамытатын мамандар қажет болары анық. Мұндай жұмыс орындарының бір мәселесі – жоғары білікті мамандарды қажет етеді, сондықтан заманауи жеткілікті білімсіз адамдар арасындағы жұмыссыздық мәселелері туындауы мүмкін. Көп жаңа қажетті мамандық пайда болғанымен, жаңа, бірақ «қажетсіз тап» ұлғая түсуі ғажап емес. Екі бірдей үлкен мәселеге келіп соғылуымыз мүмкін. Қоғамның жаңару қабілеті болмаса бір жақта жұмыссыздық көбейіп, бір жақта білікті мамандар тапшылығы байқалып жатады. Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың «Қажетсіз таптың» санына кірмес үшін білікті, заман талабына сай білімді болу, заманның озық тәжірибелерін, озық техникаларын меңгеруге бейім болуы басты талап болып, санаға бекітілуі тиіс.

Бәсекеге қабілетті көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтың болашақтағы жұмыс жасау бағыттарын болжау 2-суретте көрсетілді.



Сурет 2 – Бәсекеге қабілетті көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтың болашақтағы жұмыс жасау байланысы

Көп адам XIX ғасырда арбакештің емес (автомашиналардың шығуынан), оның аттарының орнында болып қалуы мүмкін деген болжам бар. Сол себепті, адамдар мамандық алуда үнемі жаңарып отыруға тура келеді. Бір орында, бір жерде тапжылмай жұмыс істей беремін деп сенетін жалдамалы қызметкерлер қазірдің өзінде аз кездеседі. Алдағы уақытта мұндай түсінік мүлде болмауы мүмкін деген ой бар. Нарықта бәсекеге қабілетті, қажетті сұранысқа ие маман болу үшін адамның ұшқыр қиял ойы және еңбек сүйгіштік, бейімделгіш қасиеті қажет болады. Ондай қасиетке ие бола алмаған адамдар түрлі күйзелістерге түсуі әбден мүмкін. Тек бір мамандықтың соңында жүрем, тек сол бастапқы алған біліміммен ғана қызмет жасаймын деген қағида, заманнан мүлдем артта қалдырып қойуы ғажап емес.

Жасанды интеллекттердің жұмыс жасау барысын педагогикада саралап қарайтын болсақ, оқыту саласына жасанды интеллект алгоритмдерін қосатын болсақ та, бала тәрбиелеуде және оны кәсіпке баулу барысында шынайы адамның артықшылықтарының бірі қиялды, креативті шығармашылықты ойлау қабілеті екенін білеміз. Басқа мамандық иелерімен «бәсекеге қабілеттілігі қалыптасқан көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтарды» салыстырмалы түрде қарасақ, заманауи қоғамдағы сұранысқа ие болады деген болжам бар. Жас балаға жасанды интеллект алгоритмінің орнына тірі адами қарым-қатынас тартымды болуы ықтимал. Қарым-қатынас орнату, эмоциялық байланыс арқылы еңбекке баулу, шығармашыл еңбекқор тұлғаны қалыптастыру ол жасанды интеллект алгоритміне қарағанда тірі адамның қолынан келетіні сөзсіз. Бала еңбектену, шабытттану арқылы еңбексүйгіштікке, еңбекқорлыққа, шығармашылыққа тәрбиеленеді. Бала психологиясы жасанды интеллектті тұлға ретінде қабылдамауы әбден мүмкін. Сол себептен көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру болашақта

өзекті тақырыпқа айналады және жоғары сұранысқа ие болады деген болжам бар.

Болашақтағы өзгерістерге бейімді, шығармашыл заманауи тұлғаны қалыптасыру - бәсекеге қабілетті, көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың бүгінгі міндеті. Баланы жастайынан еңбек сүйгіштікке, шығармашылыққа, бейімделгіштікке үйрету заман талабы болып отыр. Мектеп қабырғасында түрлі кәсіпке үйретіп, жан-жақты дамыта отырып тәрбиелеу, еңбекке тез бейімделгіш қасиеттерді бойына сіңіру мектеп жасынан басталады. Бұл сала баланы барлық жағдайға дайын төзімділікке, шығармашылыққа, келешекте өз кәсібін дұрыс таңдай білуіне үйретеді. Жастайынан түрлі кәсіпті үйреніп, шығармашылық ойлау қабілетін шыңдайды. Балаға сапалы білім ұсыну, шығармашылық жұмысқа баулу, өнерге үйрету мектеп қабырғасындағы бәсекеге қабілетті көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың жауапкершілігіне жүктеледі. Мұндай жауапты іс кез-келген педагогтың қолынан келмесі белгілі. Қазіргі педагогтардың міндеті өзгерістерді тез қабылау және жаңа білімді игеру. Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың заман талабымен бірге аяқ алып жүре білетін, яғни бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру маңызды істердің бірегейі десек болады. Өркениетті ел қатарына қосылудың кілті - білімде болса, қажетті білімнің, өнердің, шеберліктің кілті көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтарда болуы қажет.

Төртінші жаһандық индустриялық революция кезеңіндегі көркем-шығармашылық бағыттағы педагогке заман талабына сай, аса қажетті қасиеттерді бойына сіңіру - жасампаздыққа жетелейді. Жаһандық өзгерістерге төтеп беретін, озық тәжірибені үйренуге қабілетті, білім мен білік арқылы жаңа технологиялық революциялық жағдайға тез бейімделетін және мамандығын толық меңгерген, мамандығын икемді түрде тиімді бағытқа өзгерте алатын аса білімді тұлға бәсекеге қабілетті маман ретінде өзін көрсете білетін болады. Қазіргі өркениеттің жойқын күшін ескерсек, көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың бәсекеге қабілетті болуы маңызды орында тұр. Зерттеу жұмыстарын талдап, жаһандану үдерісінің қарқынды дамуын ескерсек, КШББП-ң бәсекеге қабілетті болуы маңызды, әр болашақ маман өзін үнемі шыңдауға, өмір бойы оқуға, өзгеруге, жаңа жұмысты игеруге, бейімделуге дайындауы қажет. Жетілген тұлғаны, болашақ маманды дайындау барысында дұрыс жол көрсетіп, сапалы біліммен, кәсіпті, көркем-шығармашылықты үйрететін мамандар қоғамның сұранысына әрқашанда ие. Заман талабына сай бәсекеге қабілетті көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогты қалыптастырудың зерттеу жолын анықтау, әдіснамалық негіздерін айқындау және ұсыну ертеңінен үміт күткен ел үшін, бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

1.3 Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың әдіснамалық негіздері

Мемлекеттің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Білімді, бәсекеге қабілетті ұлтты тәрбиелейтін маман – педагог. Қазіргі білім беру саласындағы басты мәселе – білім

мазмұнына жаңаша көзбен қарайтын, жаңалық енгізудің тиімді, әрі жаңа әдістерін іздестіріп, оларды маман даярлау үшін практикада қолдана білетін педагог даярлау болып отыр.

Педагог даярлау – мемлекет үшін де, қоғам үшін қай уақытта да өзекті мәселелер қатарына жатады.

Педагог мамандардың кәсіби іс-әрекетінің өзіндік ерекшеліктері бар. Заманауи педагог жаңа ғылыми-педагогикалық идеяларды шығармашылықпен қабылдай алатын, оқыту теориясы мен заманауи әдістемесін игерген кәсіби-педагогикалық құзыреттіліктің жоғары деңгейін меңгерген маман ретінде даярлау мәселесін тудырады. Бәсекелестікке төтеп беретін, заманауи жаңа революциялық технологиялар жағдаяттарына бейімделгіш педагогтар жаһандану дәуірінде аса қажет. Жаһандық технологиялық өзгерістерге байланысты елімізде білім беру жүйесі үнемі өзгеру үстінде. Еліміздегі білім беру жүйесі егжей-тегжейлі зерделеніп, бәсекеге қабілеттіктің маңыздылығын жылдар бойы баяндап, болжап жатса да, әлі де болса шешімін таппаған мәселелер бар екендігін байқаймыз.

Ш. Таубаева: «Қазіргі білім беру әлемдік дағдарыстан шығу үдерісінің ең белсенді қатысушысы екен. Осыдан білім берудің ең басты міндеті туындайды: әрбір адамның генетикалық негіздегі қабілеттерін дамытуды барынша қамтамасыз ету, адамдарда сыни ойлауды дамыту, оларды заманауи ғылым, техника, технологиядағы нақты білімдермен қаруландыру, өзгермелі табиғи жағдайда осы білімдерді тиімді пайдалануды ұйымдастыру», - деген [5, б. 25]. Демек, бүгінгі күннің басты міндеті сапалы білім беру арқылы қоғамға қажетті адами капиталды ұсыну болып отыр. Қажетті білім беру арқылы сапалы қоғамды қалыптастырып, түрлі дағдарыстарды болдырмау. Өзгермелі жағдайда қажетті білімді ұсыну және дұрыс пайдалана білу өте күрделі үдеріс және жауапты іс.

К.Д. Бұзаубақова: «Болашақ мұғалімдерді даярлау – қай уақытта да ең өзекті мәселелер қатарына жататын белгілі жайт. Олай болатыны, қоғамның әлеуметтік-экономикалық міндеттеріне сай, өскелең ұрпақты өмірге бейімдеудің жаңа талаптары туындап отырады», - деген [22, б. 261]. Қоғам және талаптар өзгермелі. Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағдыға қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде жеке дара, жаңалыққа ұмтылыс жасай білетін, ортаға бейімделгіштік қасиеттерді меңгерген, қажетті ақпараттарды өңдей білетін, күнде өзгеріп жатқан бүгінгі күнге дайындықта өмір сүре алатын, соңғы технологияларды меңгеруге қабілеттендіру. Әрине, бұл қабілеттерді қалыптастыру ескі білімі бар, жаңалықты қабылдауға ұмтылмайтын педагог үшін оңай соқпайтыны анық. Соңғы уақытта педагогтардың сапасын арттыру мақсатында түрлі іс-шаралар, сынақ-тесттер өткізу қолға алынып жатыр. Жаңашыл, шығармашылықты, жан-жақты педагогтарды дайындау ЖОО-нда материалдық-техникалық, ғылыми, ақпараттық-әдістемелік базаға, оқытушылар әлеуетінің сапасына да тікелей байланысты.

Білім беру жүйесіне қандай педагог қажет?

– қабілетті, кәсіби жетілген, мақсатшыл, ерекше, дарынды, батыл, көп қырлы және жауапты, жаңалыққа бейімделгіш, көшбастай алатын және т.б. - деп қарастырамыз.

Т. Тәжібаевтің көзқарасы бойынша «Қабілет - адамның іс-әрекетінің белгілі бір түріне, өнер саласының біріне жарамдылығын жақсы көрсете алады. Белгілі бір істі үздік орындауға мүмкіндік беретін адамның әр-түрлі жеке қасиеттерінің (музыкалық саңылау, түстерді ажырата білу, қолдың икемділігі т.б.) қиысып келуін, яғни адам қасиеттерінің синтезін қабілет» деп атайды [1, б. 238]. Соның ішінде, «қабілет» - бір адамды екіншісінен ажырататын дара психологиялық ерекшелік. Баршаға бірдей тән қасиеттер қабілет бола алмайды. Адамның қабілеті әр-түрлі болуы мүмкін.

Қабілет - барша тұлғаға тән болған ортақ сапа емес, кей адамдарға ғана дарыған, қандайда бір не бірнеше іс-әрекетті табысты орындауға жарайтын өзара ептілік.

Қабілет – нақты адамда топталған білім, ептілік және дағдылардан оқшау, қажет әрекетті игеру желісінде ғана көрінеді. Егер адам іс-әрекетке байланысты талаптарды орындай алмаса, оның қабілетінің жетімсіздігін атап өтеді.

Философия ғылымында «қабілет» – адам психикасының өмір сүруінің ішкі шарттары мен тәсілдері. Қабілетті қалыптастыру қоғамдық тарихи даму үдерісінде адамзаттың басынан кешірген іс-әрекет тәсілдерін және адамның өз бойына сіңіруіне негізделеді. Жеке адамның тұқым қуалаушылық, анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктерімен, талабымен, іскерлігімен, дағдысымен яғни оның ми қызметі тұрғысында ғана емес, ең алдымен азаматтың тарихи дамуындағы жетістіктерімен де анықталады. Бұл жерде қабілеттілік еңбектің қоғамдық ұйымдастырылуына және соған бейімделген білім беру жүйесімен тығыз байланысты. Қабілеттің ең шырқау шыңы дарындылық (іс-барысында үлгі боларлық, жетілген қоғамдық мәні бар нәтиже алуға мүмкіндік беретін қабілеттер жиынтығы) және кемеңгерлік (белгілі-бір шығармашылық саласында айрықша өзгерістер тудырады) деп аталады.

Қабілеттілік туралы ілімнің келесі кезеңдері психотехникамен (еңбек психологиясымен), инженерлік психологиямен, кәсіби психологиямен, экономикамен, педагогикамен, технологиямен байланысты дамытылып келеді.

Кез-келген адамның әйтеуір бір істі немесе кәсіпті орындауға бейімділігі мен құмарлығы байқалады. Әр адамның мұндай дара ерекшелігі, белгілі бір іс-әрекетке жарамдылығы оның қабілеттілігін көрсетеді. Ендеше, еш нәрсеге қабілеті жоқ адам болмайды. Адам әрекеті неғұрлым белсенді болса, оның қабілеттілігі де соғұрлым шыңдала түседі. Іс-әрекетсіз, белсенділіксіз, еңбексіз, ізденіссіз адам қабілеттілігінің жетілуі мүмкін емес. Ұлы адамдардың өзін де даналық шыңына шығарған ерен еңбек екені белгілі. Әлемге әйгілі адамдардың өзі де, данышпандыққа, бір пайыз қабілеттілік пен 99 % еңбектің нәтижесінде жеткендігін мойындаған. Олар шабыты мен ықыласы келген кезде ғана іске кірісіп, ал басқа уақыттарда ешнәрсе істемей шалқасынан түсіп, бос жатып алған емес. Керісінше, өзінің қабілеттілігін тынымсыз еңбекпен, үздіксіз ізденіспен, асқан төзімділікпен дамыта білген [89].

Оған белгілі ғалымдар Ч. Дарвиннің [90], Д. Менделеевтің [91], И. Гетенің [92], М. Горькийдің [93], Қ. Сәтбаевтың [94], М. Әуезовтың [95] өмірлері даусыз дәлел бола алады. Осындай өнегеге сүйене отырып нәтижелі еңбек ету, ептілік пен дағдыны машықтандыру, бақылағыштықты жетілдіру, қиыншылықтарды жеңе білу, белсенділікті көрсету, ізденімпаздыққа бейімделу, жаңалық ашу, бәсекелестікке төтеп беру сияқты қабілеттерді жетілдірудің жолдары мен тәсілдерін игеруге болады.

Болашақ педагогтың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру білім берудің теориясын түсіндіретін философиялық және білім берудің практикасында идеяны жүзеге асыруға көмектесетін практикалық бағыттылығы бар әдіснамалық білімдер жиынтығын құрайды.

Философия ғылымды дүниетаныммен әдіснаманы біріктіре отырып, танымдық құндылық және әдіснамалық функцияларды орындайды. Философия шындықты іздеумен айналысады. Адамды ойлы тұлға ретінде қалыптастырып, ол тәрбиелік функцияны орындайды.

Зерттеу тақырыбымызға сәйкес педагогика әдіснамасының практикалық маңыздылығын қарастырсақ, педагогика әдіснамасы осы салада іс-тәжірибе жинауға, насихаттауға көмектеседі.

Әдіснама – әдіс теориялары, әдіс туралы оқу [96, б. 41].

К.Д. Бұзаубақова өзінің ғылыми зерттеу жұмысында әдіс пен әдіснаманың өзара байланысын қарастырып «Терминдердің этимологиялық мағынасына сәйкес әдіснаманы әдіс жайындағы ілім, кеңінен ашқанда, теориялық және практикалық іс-әрекетті ұйымдастыру, реттеу, құру бойынша принциптер жүйесі жайындағы ілім деп қарастыруға болады», - деген [22, б. 34]. Яғни, педагогика саласында белгілі бір объективті заңдылықтарды құрайтын жүйелік танымдық іс-әрекеттер ілімі. Қоғамдық тәжірибенің кеңеюі, дамуы танымдық әдістердің жетілуін, қайта қаралуын, үнемі жаңарып отыруын талап етеді. Танымның дамуына байланысты ойлау, қабылдау әдіс-тәсілдері жетіліп, әдіснаманың қайта құрылуына алып келеді. Әдіснама философияның жеке дара бір бөлігі ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, әдіснама зерттеу стратегиясы «зерттеу тәсілі» болып табылады.

«Зерттеу тәсілін» біз зерттеушінің өз көзқарасы негізінде зерттеу барысын айқындайтын, мәліметтерді жинап, талдаудың нақты әдістерін қолданатын кешенді үдеріс ретінде қарастырамыз [97]. Зерттеу тәсілдері теориялық және тәжірибелік зерттеулерден тұратын, болжамдардан негіздерге сүйене отырып, толыққанды нәтижеге жету мақсатында жұмыс жасайды.

А.М. Новиков әдіснаманы білім беру саласы үшін әрекетті ұйымдастыру туралы білім ретінде қарастырды (ғылыми, тәжірибелік, педагогикалық, білім берудегі, оқу, ойындық). Әрекетті ұйымдастыру оның тұтастай жүйесін белгілі бір сипаттамалармен, логикалық құрылымымен және оның жүзеге асыру үдерісімен реттеуді білдіреді [5, б. 71]. Зерттеу жұмысын ұйымдастыруда әдіснама педагогикалық жүйелілікті, біріділікті, мақсатқа жету жолының құрылымын, үдерісін көрсетеді.

Л.Б. Иманкулованың анықтамасы бойынша, педагогикалық зерттеу әдіснамасына – жаңа педагогикалық білімді қалыптастыру үдерісі әрі білімгерді оқыту, тәрбиелеу мен дамытудың объективті заңдылықтарын ашуға бағытталған танымдық іс-әрекет болып танылады. Яғни, белгілі бір мәселені зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері тиісті әдіснамалық тәсілдердің жиынтығы [98]. Білім беруде әдіснаманы зерттеу жұмысын ұйымдастырушы, зерттеудің әдісі, тәсілі, бағыты деп білеміз.

Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру барысындағы зерттеу жұмысын тиімді құру үшін, қойылған мәселені барынша толық және объективті зерттеуге мүмкіндік беретін педагогиканың әдіснамалық тұғырларына сүйену қажеттілігі туындайды.

Ғылыми әдебиетте «әдіснамалық тұғыр» деген ұғым (сөз тіркесі) кездеседі. «Тұғыр» ұғымы педагогикада ғылымның пайдаланатын нақтылы тәсілі, элементі ретінде қолданылады. *Тұғыр* – бұл ғылыми-педагогикалық қызметтің қандай да бір үдерісінің элементі, жеке әрекеті. Егер «әдіс» ұғымы ғылыми-педагогикалық әрекет тәсілдерінің жиынтығын білдірсе, «әдіснамалық тұғыр» ұғымы аталмыш тұғырдың зерттеушінің ғылыми-педагогикалық әрекетінің бүкіл кезеңінде пайдаланылатынын білдіреді. Зерттеу тұғырларының жиынтығы, олардың қолдану дәйектілігі мен логикасын, педагогикалық зерттеуді жүргізу технологиясын анықтайды [5, б. 94].


Педагогикалық зерттеулерде көптеген тұғырлар кездеседі. Зерттеу жұмысының нәтижелі болуы үшін белгілі бір педагогикалық құбылыстарды зерттеу кезінде тәсілдерді өзара толықтыру, жан-жақты дамыту идеясы танымал болды. Педагогикалық құбылыстардың күрделілігін зерделей келе, бір ғана көз-қараспен, бір ғана тұғырмен зерттеу мүмкін емес және олай зерттелмеуі де керек, бірнеше тұғырларды қарастырмай тек бір ғана тұғырды таңдау жеткіліксіз деген пікірге келеміз.

Ғылыми, педагогикалық-психологиялық әдебиеттерді зерделей келе, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мәселесін зерттеудің әдіснамалық тұғырларын іріктеп, мәндік және мазмұндық сипаттама береміз. Зерттеу тақырыбымыздың мазмұнына қарай төмендегі әдіснамалық тұғырларды талдадық және негізге алдық. Олар: *жүйелілік тұғыр, үдерістік тұғыр, синергетикалық тұғыр, аксиологиялық тұғыр, құзіреттілік тұғыр, қоршаған орта тұғыры*. Бұл тұғырлар бір-бірін толықтырады.

Жүйелілік тұғыр, әрине, отандық педагогиканың іргетасын құрайды, модель құрудың негізі болып табылады. Бұл тәсіл педагогикалық теорияда да, практикада да лайықты бағаланған және қосымша бағалауды қажет етпейді.

Әдіснаманың жүйелілік тұғыры туралы Ш. Таубаеваның [5, б. 160], Б. Атабекованың [13, б. 43], А.Н. Аверьяновтың [99], В.Н. Садовскийдің [100], Е.Б. Агошкова, Б.В. Ахлибининскийдің [101] және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Әдіснама тұғырларының қатынасы 3-суретте көрініс тапты.



Сурет 3 - Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру барысындағы әдіснамалық тұғырлардың қатынасы.

Б.Б. Атабекованың пікірінше жүйелілік тұғыр біздің алдымызда тұрған мәселені зерттеу және шешу үшін келесі негізгі ережелерді бөліп көрсетуге мүмкіндік берді:

1) жүйелілік тұғыр болашақ бәсекеге қабілетті педагогтарды даярлаудың барлық кезеңдерінде кешенді зерттеуді қамтамасыз етеді;

2) болашақ педагогтардың тұлғалық бәсекеге қабілеттілігі барлық компоненттері өзара байланысқан тұтас педагогикалық үдерісте қалыптастырылады;

3) болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру тиімділігі мақсатты бағытталған жүйелі әсер етуді ұйымдастыруға тәуелді болады [13, б. 43]. Бұл қағидалардан жүйелілік тұғыр «жүйе» ұғымына сай келетінін ұғынуға болады. Зерттеу жұмысын жүйелендіреді десек қателеспейміз.


Ш. Таубаева: «Жүйе - өзара байланысты қарым-қатынаста болатын және белгілі бір тұтастықты, бірлікті туғызатын элементтердің жиынтығы. Жүйеге кіретін әрбір элемент кіші жүйе, жаңа жүйе ретінде қаралуы мүмкін. Осылай қарапайымнан күрделіге, жекеден жалпыға өту жүзеге асады, бұл ретте жалпының сипаттамасы жекеге де жарайды» - деген сипаттама береді [5, б. 161].

Жүйелілік тұғыр – көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру барысында зерттеу жұмысын жүйелеп, оның элементтерін байланыстырады, ұйымдастырады, тұтастай білім беру, жүйелеу жолдарын анықтайды.

Алайда, мықты әдіснамалық маңызына қарамастан, жүйелі тұғыр көркем-шығармашылық бағыттағы бәсекеге қабілетті педагогті қалыптастыру барысында мәселені толықтай шешпейді. Жоғарыда көрсетілген анықтамаларға сүйенетін болсақ біз зерттеу нысанымызға сәйкес келетін бәрнеше тиімді тұғырларды қолдану керек деп шештік. Жүйелілік тұғыр басқа тұғырлармен тығыз байланыста болып, зерттеу жұмысының жүру барысын жүйелейді.

Біздің зерттеуімізде қолданылатын *үдерістік тұғыр* басқа тұғырларға қарағанда танымал емес және жиі қолданылмайды. Бұл тұғыр педагогика ғылымында менеджменттен алынған. Үдерістік тұғырды Ресейлік ғалымдар Н.Н. Матвеева [102], Э.Ф. Зеер, Е.В. Лебедева, М.В. Зиннатова [103], Е.Д. Колегова [104] және т.б. білім беру жүйесіне бейімдеген.

Көркем-шығармашылық бағыттағы бәсекеге қабілетті педагогтарды қалыптастырудың үдерісі 4-суретте көрсетілді.



Сурет 4 - Көркем-шығармашылық бағыттағы бәсекеге қабілетті педагогтарды қалыптастырудың үдерісі

Э.Ф. Зеер, Е.В. Лебедева, М.В. Зиннатованың пікірі бойынша үдерістік тұғыр білім беруді ұйымдастыру қызметінің нәтижелілігін, ЖОО келетін талапкерлердің дайындығын, бітіруші түлектердің жұмыс берушілердің талаптарын қанағаттандыра алуын (дайындық сапасын) қамтамасыз етеді [103,б. 45].

Ғылыми зерттеу жұмыстарын зерделей келе зерттеу тақырыбының ерекшеліктеріне сай тұжырымдауымыз бойынша, педагогикадағы үдерістік тұғырдың басты бағыты жұмыс берушілердің талаптарына сай сапалы маман даярлау үдерісін ұйымдастыру, бағыттау. Сонымен қатар, үдерістік тұғыр:

1. Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру барысында білім беру үдерісінің тұтастығы мен үздіксіздігіне кепілдік береді;

2. Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың барлық үдерісін егжей-тегжейлі анықтап, регламенттеуді талап етеді;

3. Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру барысында нәтижеге жету үшін қойылатын талаптарды анықтайды және қалыптасу үдерісінің жүруін қамтамасыз етеді.

Бұл тұғырлар менеджменттен педагогикалық ғылымда пайда болды. Біз жүйелік және үдерістік тұғырларға сүйене отырып көркем-шығармашылық бағыттағы бәсекеге қабілетті педагогтарды қалыптастырудың жүйелі үдерісін айқындадық. Бұл әдіс көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру бағыттағы зерттеу жұмысының жүйеленуін, нәтижеге жетуінің үдерісін көрсетеді.

Алайда, үдерістік тұғыр мен жүйелік тұғыр әдіснамалық маңыздылығына қарамастан көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мәселесін толық шеше алмайды. Зерттеу тақырыбының логикалық құрылымына байланысты, нәтижеге жету жолында *синергетикалық тұғыр* маңызды роль атқарады.

Синергетикалық тұғыр («синергейя» - бірлесіп әрекеттесу) - 70-жылдары неміс физигі Г. Хакеннің еңбектерінен бастау алады [105]. Синергетикалық тұғыр кәзіргі уақытта педагогикалық тәжірибеде кеңінен қолданылуда.

Синергетика ерекше идеялармен таң қалдыра алады. Синергетика бір қатар жаңа әдіснамалық, идеологиялық, эпистемологиялық, онтологиялық көзқарастарды тудырады.

Сонымен қатар, зерттеу жұмысымызға негіз болатын **аксиологиялық тұғырды** қарастыратын болсақ, «аксиология» сөзі «құндылық» деген мағынаны береді. Білім беру жүйесінде, қоғамда, әлемде ең басты байлық – адам құндылығы.

Ә.А. Белегова педагогикадағы құндылықтарды төмендегідей жіктейді: «Педагогикадағы эстетикалық құндылыққа – жүйелілік, әдемілік, логикалық ойлау операцияларының элеганттылығы, шешімнің тапқырлығы жатады. Этикалық құндылықтар мінез-құлық нормаларынан түзіледі. Олар «субъект-субъект» қарым-қатынасы арқылы реттеліп отырылатын: сыни ойлау,

басқаларды құрметтеу, ашықтық, сезіну, ынталана білу, ғылым алдындағы ақ адалдық т.б. моральдік-этикалық нормалар. Әлеуметтік құндылықтар – адамның қай саладағы болмасын жасаған әрекеттерінің пайдаға асуынан тұрады. Ең бастысы кез келген тәжірибе басқаларға зиян келтірмеуі керек» [106].

Адамның рухани жан-дүниесінің жетілуіне, көз-қарасының, тәжірибесінің, еңбегінің құндылықтары жоғары деңгейде қалыптасуы үшін тиісті жағдайлар жасалуын көздейді. Аксеология құндылық әлемінің құрылымдары мен иерархияларын, оны тану тәсілдерін, оның антологиялық деңгейін, құндылық пайымдауларының табиғаты мен ерекшеліктерін зерттейді.

Бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыру мәселесі қоршаған ортамен, қоғаммен тығыз байланыстағы күрделі мәселе екенін жоғарыдағы қарастырған ғылыми-әдістемелік еңбектерді зерделеуден байқаған болатынбыз. Осы талдаулар мен зерттеулерге сүйене отырып, біз **құзіреттілік тұғырды** және қоршаған ортаның талаптарын анықтайтын **қоршаған орта тұғырын** қарастыруды жөн санадық. Бұл тұғырлар маман даярлау барысында маңыздылығымен ерекшеленетініне қарай, олардың әрқайсысын жеке-жеке талдау, содан кейін біз зерттейтін мәселеге құзіреттілік және қоршаған орта тұғырының негізгі ережелерін атап көрсету орынды деп білдік.

Құзіреттілік тұғыр «құзіреттілік» ұғымымен тікелей байланысты. Осы тұғырды педагогикалық интерпретациялау В.И. Байденконың [107], Ш. Таубаеваның [5, б. 177], Н.Н. Абакумова, Н.Н. Истоминаның [108], А.Т. Алиеваның [109], Н.В. Судденкованың [110], Л.Н. Жуковская, С.Н. Костылев, О.Ф. Морозова, Д.В. Рахинскийдің [111], В.В. Краевскийдің [112,б. 58], Д.Л. Матухин, Г.А. Низкодубов [113] және т.б. ғалымдардың ғылыми-еңбектерінде ұсынылған.

Ресей ғалымы В.В. Краевский «Құзіреттілік» - бұл мектепті бітірген жастардың өздерінің қабілеті мен қоғамдағы орны үшін жеке жауапкершілік алуға дайындығы мен қабілеті. Ол үшін бүкіл білім беру жүйесінің және әрбір педагогтың күш-жігері оқушылардың дербестігі мен өзін-өзі ұйымдастыру қабілетін дамытуға, олардың негізгі құқықтық нормаларды білуіне сүйене отырып және мемлекеттің құқықтық жүйесінің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, өз құқықтарын қорғау қабілетін қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Олардың ынтымақтастыққа дайындығын, шығармашылық қызметке қабілеттілігін, басқалардың пікіріне төзімділігін, диалог жүргізу, маңызды ымыраға келу және іздеу қабілеттерін педагог оқытушы дамыту қажет», - деген пікір білдірген [112, б. 58]. Бұл қағидаға сүйенсек, құзіреттілікті қалыптастыру барысында мектеп бітіруші жастар қоғамның талаптарына сай, өмірде қажетті болатын білімдерді меңгеруі тиіс. Бұл білімді меңгеруге педагог оқытушы бағыт-бағдар береді.

ЖОО маман даярлау саласында бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған кәсіби құзіретті, шебер, шығармашыл маманды даярлауды мақсат етеді.

Ғалымдардың зерттеу жұмыстарына, ғылыми еңбектеріне сүйенетін болсақ, кәсіби шеберліктің және болмыстың дамуы үдерісінде «құзіреттілік» және «құзірет» ұғымдары пайдаланылып келеді. «Құзіреттілік» ұғымы кәсіби

қызметке байланысты беделділік, білімділік, хабардарлық болса, ал «күзірет» ұғымы істі жүргізетін субъектінің мәселелерді шешуге, іс-әрекетті жасауға құқықтық шеңбері десек те болады. Құзырет – тиімді іс-әрекеттер жасай алатын субъектінің жағымды сапаларының бірлестігі.

Болашақ педагогтарды даярлау барысында кәсіби-педагогикалық күзіреттілігін қалыптастыруға байланысты «күзіреттілік», «кәсіби күзіреттілік», «педагогтың күзіреттілігі» ұғымдарына берілетін түрлі түсініктемелер бар. Бұл «күзіреттілік» ұғымы педагогикалық маман даярлаудағы басты терминге айналғанын байқатады.

«Күзіреттілік» терминін ХХ ғасырдың ортасында Н. Хомский енгізген болатын, алғашында ол ана тілінде нақты тілдік қызметті орындау үшін қажет қабілеттіліктер ұғымын берген [5, б. 178].

Отандық ізденуші А.Т. Абужалитова «Жоғары оқу орындарында студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың өзекті мәселелері» атты ғылыми еңбегінде күзіреттілікке және кәсіби күзіреттілікке келесідей түсініктеме береді: «*Кәсіби құзыреттілік* – бұл кәсіби қызметті түсіну мен жүзеге асыруда білімнің, интеллектуалды және практикалық дағдылардың, әдеттердің қалыптасқан жүйесі. Құзыреттілік білімдік, танымдық және тәжірибелік аспектілердің бірлігін құрайды [4, б. 131].

«Күзіреттілік» - студенттің болашақ кәсіби қызметі үшін табысты нәтижеге жету үшін пайдаланылатын тұлғалық, сапалық қасиеттер жиынтығы. «Күзіреттілік» оқыту үдерісінде, білім мен тәжірибеге негізделген, тиімді, нәтижелі қызмет ету барысында табысты әрекет жасауға бағытталған тұлғаның даму үстіндегі қасиеттері деп түсіндіріледі.

Құзыреттілік - білім беру саласындағы компоненттер тізімі, дискретті білім, дағдылар мен қабілеттердің номенклатурасын білдіретін теориялық құрылыс болса, құзыреттілік педагогикалық қызмет барысындағы адамның субъекті мен объектіге қатысын білдіретін белгілі бір шеңберінде жүзеге асырылатын білім мен дағдының практикадағы көрінісі [4, б.131].

Педагогтың күзіреттілігі - оның жан-жақты мамандық бойынша жинаған білімінен, ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жана әдістерін меңгеруімен және оқушыға өз білімін жеткізу шеберлігімен өлшенеді. Мұғалім қаншалықты білімді, шығармашыл болса, оның құзыреттілік аясы да соғұрлым кең болмақ. «Күзіреттілік» ұғымы педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым.

Егер кәсібилік белгілі бір қызмет түріндегі кемелдіктің жоғары дәрежесі ретінде анықталса, онда кәсіби қызметтің маңызды элементтерін анықтау үшін «күзіреттілік» ұғымын енгізу, ол тек пәндік білімді ғана емес, сонымен қатар кәсіпқой туралы этикалық көрсеткіштермен, жұмысшының жеке көрсеткіштерімен байланысты өкілеттіктерді де синтездейді.

Сонымен қатар, білім ретінде тәжірибенің сандық сипаты, кәсіби шешім қабылдау мүмкіндігі әр түрлі бағыттағы мамандардың құзыретті өрісінде айтарлықтай өзгереді, кәсіби қызмет жағдайында белгілі бір пәнге бейімделеді

[111, б. 224]. Білім беру саласында кәсіби құзіреттілік кәсіби білім деңгейімен, тәжірибесімен, жеке қабілеттерімен, бейімделгіштікке, жан-жақты өзін жетілдіруге ұмтылысымен, кәсібіне шығармашылық және жауапты көз-қарасымен анықталады. Педагогикалық мамандықтың ерекшелігіне қарай құзіреттілік тұғырының көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру барысындағы маңыздылығы айқын.

Д.Л. Матухин, Г.А. Низкодубов өздерінің ғылыми зерттеу жұмысында құзіреттілік тұғыр туралы былай деген: «Біз жүргізген жоғары кәсіптік білім берудің негізгі құзыреттіліктеріне талдау көрсеткендей, бөлінген құзыреттілікті халықаралық тәжірибеге сүйене отырып қарастыруға болады (Болон процесс), кәсіби білім берудің бірыңғай категориясы ретінде, оны модернизациялауға мүмкіндік береді... Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде құзыреттілік тұғырды іске асыру қоршаған ортаны байытуға субъектінің өзара іс-қимылы ықпал ететін болады (элеуметтену тетіктерін іске асыру арқылы, бейімделу және интеграция). Құзыреттілік тұғырдың сөзсіз артықшылығы қоғам жоғары білікті маманнан еркін рух, демократиялық наным-сенімдер мен гуманистік құндылықтардың иесі болу қабілетін, элеуметтік саладағы табысты қызметті күтеді, сондықтан білім беру нәтижелерін іске асыруда маңызды деп тану қажет [113, б. 89]. Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру барысында педагогикалық әдіснаманың құзіреттілік тұғыры аса маңызды орын алады.

Бәсекеге қабілеттілік жағдайы қоршаған ортамен, яғни элеуметтік жағдаймен, сұраныспен тығыз байланыста болуына байланысты құзіреттілік тұғырмен қатар жүретін *қоршаған орта тұғырын* қарастырдық.

Орта – бұл біздің айналамызда және ол біздің дамуымызға тікелей әсер етеді.

Қоршаған орта тұғыры – адамды қоршаған дүние яғни, өзге физикалық, географиялық, биологиялық, элеуметтік, саяси және мәдени жағдайдағы тірі организмдер. Ортаның дамуына қарай тіршілік иелері бағытталып дамиды. Орта үнемі тоқтаусыз жаңарып, дамып отырады. Ол кейде баяу кейде асқан жылдамдықпен түрлі өзгерістерге ұшырайды.

Элеуметтік орта күрделі, иерархиялық тұрғыдан ұйымдастырылған көптеген элементтері бар бір қатар ішкі жүйелерді қамтитын жүйе.

Педагогика қоршаған ортамен, элеуметтік ортамен тығыз байланысты. Педагогика элеуметтік ғылымдар саласына жататынын білеміз.

Құзыреттілік және қоршаған орта тұғырларды жеке қарап, біз зерттейтін мәселеге құзыреттілік және қоршаған орта тұғырдың негізгі ережелерін белгілейміз. Бұл тұғырлар сапаға, бәсекеге, сұранысқа өз-ара тікелей қатынасы болуына байланысты біріккен күйде құзіретті-орта тұғыры деп қарастыруды жөн санадық. Тұғырлар келесі міндеттерді шешеді:

1) құзыреттілік және қоршаған орта тұғырлары болашақ маманның бәсекеге қабілеттілігін көрсететін қажетті құзыреттілік жинағын қалыптастыру бағытында кәсіби дайындықты жетілдіру мақсатында ЖОО-да білім беру

үдерісінің сыртқы орта талаптарымен байланысын орнатуға бағытталған, яғни құзыреттілік-орта тұғыр білім беру мен еңбек нарығының өзіндік өзара байланысын қамтамасыз етеді;

2) оқу үдерісін ұйымдастыру болашақ көркем-шығармашылық педагогтарының бәсекеге қабілеттілігінің негізі болып табылатын құзыреттілікті қалыптастыруға жағдай жасау болып табылады;

3) білім беру нәтижелерін бағалау болашақ көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың құзыреттіліктерін меңгеру деңгейін талдауға негізделеді;

4) құзыреттілік-орта тұғыры сыртқы қоршаған ортаны зерттеуге және оның зерттелетін феноменге әсер ететін негізгі факторларын анықтауға мүмкіндік береді;

5) болашақ маманның қоршаған ортамен, қоғаммен байланысын анықтауды көздейді.

Құзыреттілікті және қоршаған ортаның сұраныстарын анықтау барысындағы тұғырларды біріктіру болашақ көркем-шығармашылық педагогтарының бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мәселелерін зерттеудің өзара үйлесімді маңыздылығын білдіреді.

Болашақ көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтарының бәсекеге қабілеттілігінің құрамдас бөліктерін анықтау сыртқы ортаны талдау негізінде жүргізілетіндіктен, біздің зерттеулеріміз үшін тұғырларды интеграциялаудың дефис формасы қызығушылық тудырды.

Осылайша, болашақ көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру бағытында жүргізіліп жатқан зерттеуіміздің тұғырын «құзыреттілік-орта» деп алдық. Бұл тұғырды қолдану жүйелі деп шештік. Алдағы жүргізілген зерттеулерге сүйене және белгілі ғалымдардың зерттеген жұмыстарын зерделей келе «құзыреттілік-орта» тұғыры арқылы зерттеу тақырыбына сай келетін сызбаны әзірлеу тиімді болып табылады.

Соның ішінде Ресей ғалымы Е.В. Евплова өз зерттеулерінде «құзыреттілік-орта» тұғырын тиімді деп анықтап, аталған тұғыр арқылы өз зерттеулерін жүргізген [28, б. 49].

Мәселені зерттеу барысында тиімділігі анықталған және зерттеу тақырыбымыздың логикалық құрылымына сай келетін жүйелілік, үдерістік, синергетикалық, аксиологиялық, құзыреттілік-орта тұғырларын пайдалана отырып, көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың бәсекеге қабілеттілік компоненттерін анықтау бүгінгі таңда еліміздің педагогикалық теория мен практикасында мұндай нақты компоненттердің көрінісін таппағандықтан туындады. Осыған байланысты анықталған компоненттер сипаттамасы мен теориялық негіздемесіне тоқталдық.

Жүйелілік, үдерістік, синергетикалық, аксиологиялық, құзыреттілік-орта тұғырлары негізінде арнайы жүргізілген зерттеулер арқылы анықталған қағидалар компоненттердің тізбесі болып табылады.

Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің компоненттері. Зерттеу мәселесіне сай маманға қойылатын

бес бағдарлық талаптар арқылы сұранысты анықтау тәсілі бойынша бәсекеге қабілеттіліктің компоненттерін анықтаймыз. Зерттеу тақырыбына сай анықталған тұғырларды негізге ала отырып, құзіреттіліктер бойынша қоршаған ортаның тарапынан қойылатын міндеттер төменде көрсетілген:

- 1) жұмыс берушілер тарапынан;
- 2) қоғам және қоршаған орта тарапынан;
- 3) мемлекет тарапынан;
- 4) білім беру субъектілері (оқушылар) тарапынан;
- 5) болашақ маманның өзі тарапынан.

Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру барысында алдымен бәсекеге қабілеттіліктің компоненттерін анықтау үшін еңбек ету саласы жағынан маманға қойылатын талаптар қарастырылды.

Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас мемлекеттің өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады.

Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының яғни, мамандардың бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, арнайы кәсіби шеберлік, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында [31, б. 428].

Қазіргі уақытта бәсекелестік жағдайлары аз емес. Жылдан жылға бәсекелестіктің шеңбері кеңейіп келеді. Жаһандану заманында «көштен қалып қоймайтындай» болу үшін сапалы біліммен, өзгерістерге жылдам бейімделу, жаңа техникалар мен технологияларды меңгеру қасиеттері, яғни жалпы алғанда бәсекеге қабілетті бола білу міндеті тұр.

Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін зерттеу бізге бәсекеге қабілетті маман дайындауға, оны одан ары жетілдіруге деген және сол тәжірибені ЖОО-нда қолдану үшін қажет дүние. Бәсекеге қабілеттілікті зерттеумен қоса қазіргі кездегі қоғамның, жұмыс берушілердің талаптарын анықтау жұмыстарын жүргізу керек [114].

Қазіргі уақытта елімізде бәсекеге қабілетті маманның қалыптасуына кедергі болатын бірқатар мәселелер бар:

- нақты бәсекеге қабілеттілік өлшемдерінің, сондай-ақ әр түрлі салалардағы маманның бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру, талдау және бағалау тәсілдерінің болмауы;

- ЖОО-ның жұмыс берушілермен өзара қарым-қатынасының болмауы немесе өзара қарым-қатынастың аздығы маманның практикалық қызметке дайындығының төмен дәрежесіне әкеп соғуы;

- ата-аналардың, достардың кеңестерімен негізделген, болашақ маманға танылмаған кәсіптің таңдалуы, басқа мамандықтардың мәні туралы төмен ақпараттандырылғанын және соның салдарынан таңдалған мамандыққа қызығушылықтың жоқтығы;

- кәсіпорындарда, мектептерде педагогикалық, оқу және өндірістік іс-тәжірибелерден өтудің сапасыздығы;
- қажетті мамандықтар бойынша жоғары оқу орындарына тапсырыс беретін жұмыс берушілердің білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қатысу мүмкіндігінің болмауы;
- материалдық-техникалық базаның, оқу-тәжірибелік мүмкіндіктерінің қазіргі заманғы талаптарға сәйкес келмеуі;
- жалақының төмендігінен жас және перспективалы ғылыми және оқытушылық кадрлардың кетуі;
- мамандар даярлау үшін қолданылатын оқулықтар мен оқу құралдары сапасының төмендігі;
- елдегі демографиялық және әлеуметтік-экономикалық ахуалдың жетілдіруге тиісті мәселелері және т.б..

Қай салада болмасын бәсекеге қабілетті мамандар даярлау арқылы ЖОО өздерінің бәсекеге қабілеттілігін анықтайды деп есептеледі. Біздің ойымызша, болашақ мамандарды, яғни болашақ педагогтарды сапалы дайындау мәселесін шешуді болашақ мамандарға жеке тұлға мен жұмыс берушілер тарапынан қойылатын талаптарды анықтаудан, әрі қарай осы талаптарды қанағаттандыратын жоғары оқу орнының білім беру технологияларын талдаудан және қоғамдағы сұраныстарды анықтаудан бастаған жөн. Болашақ педагогтарды даярлау жүйесінің табысты жұмыс істеуі үшін біздің пікірімізше оқу орындарында бәсекеге қабілетті бітірушінің жинақталған моделі немесе оның болашақ кәсіби қызметінің ерекшелігін ескере отырып бәсекеге қабілеттілігін бағалайтын бағалау критерийлері құрылуы тиіс.

Қазіргі жағдайда бәсекеге қабілеттілік мәселесін шешу тәсілдері туралы не айтуға болады?

Кейбір отандық жоғары оқу орындары өз қызметін ұйымдастыруға маркетингтік көзқарасты пайдалана отырып, шет елдердің тәжірибесін қолданады. Мұндай тәсіл құралдарының бірі еңбек нарығының конъюнктурасын болжау болып табылады. Өз қызметін ұйымдастырудың маркетингтік тәсілі ЖОО үшін бітірушіге дамудың жеке және қоғамдық мақсаттары тұрғысынан қолайлы өмір сүруді қамтамасыз ететін білім беру технологияларын іздеу және іске асыру қажеттілігін білдіреді.

Қазіргі жағдайда еліміздегі жалпы білім беретін орта мектептерде кәсіпкерліктің алғашқы элементтерін оқыту қолға алынған. Болашақ жас ұрпақтың бәсекеге қабілеттілігін, кәсібилігін, бизнестік ойлауын жақсарту мақсатында жалпы орта білімге «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» деген атаумен қазақстандық және халықаралық тәжірибені ескере отырып, кәсіпкерлік саласындағы негізгі түсініктер мен заңдарды зерделеуге бағытталған, кәсіпкерлік ойлау мен оқушыларда ХХІ ғасыр дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқытудың практикаға бағытталған үлгісі енгізілген. Бұл пән «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» жолдауына сәйкес ұсынылған басымдықтардың бірі болып саналады. Өніммен қамтамасыз ету және жаппай кәсіпкерлікті дамыту

бағдарламасын іске асыру арқылы бизнес ортаны түбегейлі жақсарту және кеңейту контекстінде Қазақстан Республикасы мектептері үшін әзірленді.

Республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдетуге, қоғамның саяси және рухани өмірі саласындағы міндеттерді қайта жаңғыртудағы бағытталған идеялық-шығармашылық жұмыстары мемлекеттің стратегиялық бағдарымен анықталады. Шығармашылық ұғымына берілген анықтамалар оған өз қатарындағы адамдардан жоғары ақыл-ой қызметімен ерекшеленетін адам қасиетін жатқызады.

Болашақ педагогтың бәсекеге қабілетті болу мәселесін шешу тәсілдерінің бірі - білім беру үдерісіндегі жан-жақты кәсіпқойлық пен әмбебаптылықты біріктіруде білім алушылардың жеке қажеттілігін кешенді және мақсатты дамыту.

Біздің ойымызша, кәсіпқойлық пен әмбебаптылықтың оңтайлы үйлесімі бітірушіге еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілікті, ал жоғары оқу орындарына – білім беру қызметтерін өндірушілер нарығындағы бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етудің ең тиімді құралдарының бірі болып табылады [114, б. 164].

Болашақ педагогтың «бәсекеге қабілеттілігі» ұғымы, көптеген қазіргі ғалымдардың пікірінше, жеткілікті конструктивтік дәрежеге ие және білім беру мекемесінің барлық қызметін жобалау негізіне алынуы мүмкін.

Бұл ретте жас маман тұлғасының негізгі қасиеттері үшін төмендегі қасиеттерді есепке алуға болады:

- заманауи кәсіби құзіреттілік;
- мақсаттар мен құндылықты бағдарлаудың айқындығы;
- еңбекқорлық;
- іске шығармашылық көзқарас;
- тәуекелге қабілеттілік;
- тәуелсіздік;
- көшбасшы болу қабілеті;
- үздіксіз өзін-өзі дамыту қабілеті;
- үздіксіз кәсіби өсуге қабілеттілік;
- түпкі өнімнің жоғары сапасына ұмтылу;
- күйзеліске төзімділік;
- кәсібіне шексіз қызығушылық және т.б..

Егер жас маманды еңбек нарығында тауар ретінде қарайтын болсақ, экономикалық тұрғыдан алғанда, ол бәсекеге қабілетті, жоғары сұранысқа ие болуы тиіс, нәтижесі сапалы, жақсы безендірілген үздіксіз жарнама арқылы біз оны жан-жақты ашып көрсетуімізге, ұсынуымызға болады.

Сондай-ақ, осы саланы зерттеушілердің пікірінше, маманның бәсекеге қабілеттілігі кәсіби және басқа да өмір салаларында табысты бола алуына байланысты. Сондықтан табысты қызметтің басты психологиялық шарты – өз күш-қуатына сенімділік, яғни, төмендегі бағыттарда:

- кәсіби құзіреттілікті игеру және үнемі жетілдіру;
- шығармашылыққа толы жаңашыл ой-өріс;

- адам қарым-қатынасының түрлі жағдайларындағы ұстамды мінез-құлық;
- денсаулық пен жұмысқа қабілеттілікті қолдау және нығайту;
- қолайлы сыртқы келбетті, жеке имиджді жасау.

Бәсекеге қабілеттілік мәселесін шешудегі жапондық тәжірибені алатын болсақ, олардың негізгі педагогикалық тұжырымдамасы:

- технологиялық (нақты мамандықты игеру);
- коммуникативтік (түрлі адамдармен және өзімен қарым-қатынас жасау);
- тұжырымдамалық (оқиғаларды болжау өнері, адамдардың үлкен топтарының қызметін жоспарлау, жүйелік талдау негізінде жауапты шешімдер қабылдау) [114, б. 164].

Осылайша, мамандарды даярлау жүйесі сапалы біліммен қоса қоғамның тапсырысына бағдарлануы және оқу кезінде осындай қасиеттердің дамуын қамтамасыз етуі тиіс. Бұл, сайып келгенде, түлектерге еңбек нарығында сұранысты қамтамасыз етеді.

«Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы еліміздегі бәсекелестік қабілеттің негізін бағалау үшін «Дүниежүзілік экономикалық бәсекеге қабілеттілік жаһандық индексіне (ДЭФ БЖИ) сүйенген. «Атамекен» ҚР Ұлттық палатасының берген мәліметерінде 119 көрсеткіштің 34-і статистикалық мәліметтер бойынша, қалғандары еліміздің орта және ірі кәсіпорындары жетекшілеріне сауалнама жүргізу нәтижесі бойынша есептелген. Онда 119 көрсеткіштен бәсекеге қабілетті 12 фактор анықталған. Бұл факторлардың ішінде денсаулық және бастауыш білімнен кейін жоғары білім мен кәсіби даярлық түр [115].

Атамекен рейтингі бір жақты – бітіруші түлектерді еңбек нарығына қажетті өнім ретінде қарастырады. Мамандық бітірушілерінің жұмыспен қамтылғанын немесе қамтылмағаны туралы мәліметтер жинайды. Бұл мәліметтерден мекеме жетекшілері жоғары білім мен кәсіби даярлықты бәсекеге қабілеттіліктің негізгі факторы ретінде қарастыратынын ұғынамыз.

Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің компоненттерін айқындау үшін жұмыстары жүргізілді. Жоғарыдағы зерттеу жұмыстарына сүйенсек бәсекеге қабілеттілік алдымен студенттің жұмысқа орналасуымен анықталады. Осы мәселені анықтау мақсатында зерттеу жұмысын жүргіздік.

Зерттеу барысында Тараз мемлекеттік педагогикалық университетінің (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 11 қазанындағы № 752 қаулысы негізінде, ҚР Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 03.06.2020 жылғы № 346 бұйрығына сәйкес «М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы) бітірушілерін жұмыспен қамту бөлімінің мәліметтері және М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Мансапты қолдау және жұмысқа орналастыру» бөлімінің «түлектердің жұмысқа орналасуы» мәліметтері қарастырылды. Бөлімдерден 3 жылдық яғни, 2017 жылғы, 2018 жылғы, 2019 жылғы бітіруші түлектердің жұмыспен қамтылуы бойынша мәліметтер алынды. Мәліметтерді қарастыру барысында Тараз мемлекеттік педагогикалық университетінде тек мемлекеттік

грант иегерлерінің анықтамалары тіркелгенін байқадық. Сонымен қатар, басқа педагогикалық мамандықтарға қарағанда көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың жұмыспен қамтылуы төмен екені анықталды.

Тараз мемлекеттік педагогикалық университетінің көркем-шығармашылық бағыттағы бітірушілерінің шамамен 50%-ы жұмыспен қамтылған. Қалған 50%-ы басқа салаларға, басқа мамандық алу үшін қосымша білім алу, сауда-саттық жасау жұмыстарына ауысқан, тіпті жұмыс таппау салдарынан шет ел асып, басқа жұмыс жасап жүргендері туралы мәліметтерді бітіруші түлектермен сұхбаттасу барысында алдық. Қыз балалар көбіне бала бағып, үй шаруашылығымен айналысады.

Зерттеулерден байқағанымыз, көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің қазіргі жағдайы төмен деңгейде. Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтарға деген сұраныстың аздығы, бітіруші түлектеріміздің бәсекеге қабілетсіз екенінің дәлелі. Сонымен қатар, «Атамекен» ҚР Ұлттық палатасының берген мәліметері бойынша басқа сала педагогтарына түскен сұраныстарды салыстырмалы түрде талдасақ, көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың сұранысқа ие еместігін байқаймыз. Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың біліктілігін арттыру, бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру қазіргі қоғамның, заманның талабы екенін анық аңғаруға болады.

Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру күрделі педагогикалық жүйе болып табылады. Кез келген педагогикалық жүйенің дамуы мен жұмыс істеу тиімділігі белгілі бір педагогикалық жағдайларды сақтауға байланысты екені белгілі. Осыған байланысты болашақ көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру бойынша педагогикалық үдерістің нәтижелілігі үшін дұрыс таңдау жасау, жеке педагогикалық нәтиженің тұрақты көрсеткіштерін қамтамасыз етуге қабілетті, біздің жағдайда болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру үшін бәсекеге қабілеттіліктің компоненттерін айқындау және арнайы педагогикалық шарттарды анықтау және негіздеу қажет.

Сапалы кадрлар дайындау үшін жұмыс берушілердің және ЖОО-ң, білім алушылардың өзара ынтымақтастығы қажет. Өз еңбек ұжымына жастарды қабылдайтын мекеме жетекшілерінің ұсыныстарын анықтау, олардың жастарға қояр талаптарын білу - алғы шарттардың бірі.

Жұмыс берушілер тарапынан болатын талаптарды анықтау. Бәсекеге қабілеттіліктің компоненттерін анықтау үшін жұмыс берушілердің пікірін, талабын ескеруіміз қажет екенін түсінеміз. Осы мақсатта зерттеу жұмыстарын бастауды жөн көрдік. Зерттеу жұмысының тиімді әдістерінің бірі сауалнама және сұхбат алу. Осы аталған әдістерді пайдалану арқылы өзекті мәселелердің шешімін табуды мақсат тұттық.

Зерттеу жұмысы офлайн түрде Google forms бағдарламасы арқылы 2019 жылы жүргізілді.

Зерттеу нысаны жұмыс берушілер мен көркем-шығармашылық бағыттағы жас педагогтар, көркем-шығармашылық бағыттағы педагог бітіруші түлектер. Зерттеу пәніміз көркем-шығармашылық бағыттағы жас педагогтар және көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігі болды.

Зерттеу жұмысына келесі талаптар қойылды:

1. Түлектердің бәсекеге қабілеттілігінің мониторинг жүйесінің теориялық аспектілерін зерттеу;
2. Сауалнама құру;
3. Сауалнаманы апробациялау;
4. Сауалнаманы әлеуметтік жүргізу;
5. Сауалнама нәтижелеріне салыстырмалы талдау жүргізу;
6. Нәтижені ресімдеу [114, б. 162].

Зерттеуде Тараз қаласының орта мектептерінің директорлары жұмыс берушілер болды. Қаланың 48 орта мектебінің жетекшілерінен сауалнама алынды. Жүргізілген сауалнама мамандардың жұмыс жасауға дайындық барысын бағалау түрінде өтті. Бағалау критерийі 1-кестеде көрсетілген. Бағалау сауалнамасы (Қосымша К) нәтижесіне қарасақ жас мамандардың іске шығармашылық көзқарасы, теориялық білімі, және түпкі өнімнің жоғары сапасына ұмтылуы, маманның үздіксіз кәсіби өсуге қабілеттілігі бойынша дайындықтарына қанағаттанбайтындықтарын көрсетті.

Кесте 1 - Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың жұмыс жасауға дайындық барысының бағалау критерийі

Кәсби дайындығы	Балмен бағалау				
	100	80	60	30	10
Іске шығармашылық көзқарас	100	80	60	30	10
Мамандық бойынша теориялық білім деңгейі	100	80	60	30	10
Мамандық бойынша практикалық дағдылар мен біліктердің болуы	100	80	60	30	10
Үздіксіз кәсіби өсуге қабілеттілік	100	80	60	30	10
Түпкі өнімнің жоғары сапасына ұмтылу	100	80	60	30	10
Ескерту - 100-ең жоғары; 80 – жоғары; 60 – орта; 30 – төмен; 10-ең төмен көрсеткіштер					

Тараз қаласының орта мектептерінің 48 жұмыс берушісі 10 балдан 100 балдық шкала бойынша көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың жұмыс жасауға дайындық деңгейлерін бағалады. Бағалау бойынша жұмыс берушілердің саны 2-кестеде көрсетілген. Бұл кестеде ең жоғары бал 100 болса, ең төменгі бал 10 болды.

Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың іске шығармашылық көзқарасына 1 жұмыс беруші 100 бал, 5 жұмыс беруші 80 бал, 29 жұмыс беруші 60 бал, 5 жұмыс беруші 30 бал, 8 жұмыс беруші 10 бал берген.

Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың мамандық бойынша теориялық білім деңгейіне 1 жұмыс беруші 100 бал, 1 жұмыс беруші 80 бал, 19 жұмыс беруші 60 бал, 18 жұмыс беруші 30 бал, 9 жұмыс беруші 10 бал қойған.

Кесте 2 – Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың жұмыс жасауға кәсіби дайындық деңгейін жұмыс беруші тарапынан бағалау

Кәсіби дайындығы	100 бал	80 бал	60 бал	30 бал	10 бал
1	2	3	4	5	6
Іске шығармашылық көзқарас	1 жұмыс беруші	5 жұмыс беруші	29 жұмыс беруші	5 жұмыс беруші	8 жұмыс беруші
Мамандық бойынша теориялық білім деңгейі	1 жұмыс беруші	1 жұмыс беруші	19 жұмыс беруші	18 жұмыс беруші	9 жұмыс беруші
Мамандық бойынша практикалық дағдылар мен біліктердің болуы	-	1 жұмыс беруші	22 жұмыс беруші	20 жұмыс беруші	5 жұмыс беруші
Үздіксіз кәсіби өсуге қабілеттілік	-	15 жұмыс беруші	19 жұмыс беруші	12 жұмыс беруші	2 жұмыс беруші
Түпкі өнімнің жоғары сапасына ұмтылу	1 жұмыс беруші	5 жұмыс беруші	22 жұмыс беруші	10 жұмыс беруші	10 жұмыс беруші

Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың мамандық бойынша практикалық дағдылар мен білімдердің болуына 100 балды еш жұмыс беруші қоймаған, 1 жұмыс беруші 80 бал, 22 жұмыс беруші 60 бал, 20 жұмыс беруші 30 бал, 5 жұмыс беруші 10 бал қойған.

Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың үздіксіз кәсіби өсуге қабілеттілігіне 100 балды еш жұмыс беруші қоймаған, 15 жұмыс беруші 80 бал, 19 жұмыс беруші 60 бал, 12 жұмыс беруші 30 бал, 2 жұмыс беруші 10 бал қойған.

Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың түпкі өнімнің жоғары сапасына ұмтылуы бойынша дайындықтарына 1 жұмыс беруші 100 бал, 5 жұмыс беруші 80 бал, 22 жұмыс беруші 60 бал, 10 жұмыс беруші 30 бал, 10 жұмыс беруші 10 балды қойған.

Бағалау нәтижесіне қарасақ ең жоғары балды тек 3 кәсіби дайындық көрсеткіштері бойынша 1 жұмыс беруші қойған. Ол дайындық түрлері көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың мамандық бойынша теориялық білім деңгейі, көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың іске шығармашылық көзқарасы, көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың түпкі өнімнің жоғары сапасына ұмтылуы. Пайыздық көрсеткішпен есептегенде ең жоғары бағалауды 2% жұмыс беруші қойған.

Сауалнамаға Тараз қаласының жалпы 48 орта мектебінің жетекшілері қатысты. Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың іске шығармашылық көзқарасына, мамандық бойынша теориялық білім деңгейіне, түпкі өнімнің жоғары сапасына ұмтылуына мектеп жетекшілерінің 2%-ы «ең жоғары» деген баға берген. Жалпы ұсынылған кәсіби деңгейлеріне мектеп жетекшілерінің 11%-ы «жақсы» деген, 46,4%-ы «орта», 27%-ы «төмен», 14%-ы «өте төмен» деген баға берген.


Жүргізілген зерттеу барсында түлектердің кәсіби деңгейінің жеткіліксіз екені анықталды. Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың кәсіби деңгейінің пайыздық көрсеткішін 3- кестеде берілген.

Кесте 3 - Көркем шығармашылық бағыттағы педагогтардың кәсіби деңгейінің пайыздық көрсеткіші

Кәсіби дайындығы	Ең жоғары	Жоғары	Орта	Төмен	Өте төмен
1	2	3	4	5	6
Іске шығармашылық көзқарас	2%	10%	60%	10%	17%
Мамандық бойынша теориялық білім деңгейі	2%	2%	40%	38%	19%
Мамандық бойынша практикалық дағдылар мен біліктердің болуы	-	2%	46%	42%	10%
Үздіксіз кәсіби өсуге қабілеттілік	-	31%	40%	25%	4%
Түпкі өнімнің жоғары сапасына ұмтылу	2%	10%	46%	21%	21%
Жалпы пайыздық көрсеткіші	2%	11%	46,4 %	27%	14%

Зерттеу нәтижелері көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың қазіргі жағдайда кәсіби дайындықтары орта деңгейде екенін көрсетті. Бұл көрсеткіштер көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтарды кәсіби даярлауда әлі де болса шешімін таппаған мәселелер бар екенін аңғартады.

Кәсіби дайындық деңгейінің пайыздық көрсеткіштері бойынша көрінісі 5-суретте ұсынылды.



Сурет 5 – Көркем шығармашылық бағыттағы педагогтардың кәсіби дайындық деңгейі

Зерттеу жұмысын нақтылау барысында мекеме жетекшілерінің ұсыныстарын, және сауалнама нәтижелеріне назар салсақ, біз көптеген мәселелердің шешімі әлі күнге дейін толық шешілмегенін байқадық.

Жұмыс берушілердің пікірін білу мақсатында төмендегі сұрақтар қойылды, біз білмейтін мәселелерді анықтау үшін мекеме жетекшілерінен сұхбат алынды:

«Сіздің жұмыс мекемеңізге қандай маман керек?», «жас мамандардың біліктілігіне көңіліңіз толады ма?», «қандай мәселелер бар?», «қазіргі кезеңде бітірушілерге қандай талаптар қоясыз?», «олар «нені» білуі керек?» және «нені істей алуы қажет?», «қандай білім қажет?», - деген сұраққа 6 жұмыс беруші «іске шығармашылық көз қараспен қарауды» және «кәсіби күзіретті», «дизайндық жобалау бағдарламаларын меңгеруі» - деген, 4 жұмыс беруші «сөйлеу мәдениетін білу», «шет тілдерін меңгерген болуы керек», 2 жұмыс беруші «жауапты істе саралап шешім қабылдауды», 3 жұмыс беруші «идеяшыл, креативті болуды», 3 жұмыс беруші «уақытты тиімді пайдалана білуді» және «жаңа технологияларды меңгере білуі қажет», - деп жазыпты.

«Сіздің ойыңызша, бүгінгі таңда жас мамандарға қандай қасиеттер жетіспейді», - деген сұраққа 5 жұмыс беруші «депрессияға берілмейтін, күйзеліске төзімділік қасиеті жетіспейді», - деп және 9 жұмыс берушінің пікірінше «жаңашылдыққа қызығушылық қасиеттері жетіспейді», - деп жазып өткен. Сонымен қатар, 4 жұмыс беруші «жас мамандардың үздіксіз дамып отыру қабілеттерінің төмен» екенін жазған.

«Сіз бүгін қандай мамандарға мұқтажсыз?», - деген сұраққа 18 жұмыс беруші «кәсіби білікті, креативті, жаңашыл, дизайнерлік қабілеттері дамыған, компьютерлік бағдарламаларды толық меңгерген, медиасауатты, мәдениетті, заман талабына сай, мобильді, ұйымдастырушылық қабілеті мол, өз жұмысын жоспарлай білетін, өз бетінше іздену жұмыстарын жүргізе алатын, білімді, керекті кәсіби бағдарламаларды меңгерген және жинаған білімін практикада тиімді қолдана білетін, ортаға бейімделгіш» - деп жауап берген.

Мекеме жетекшілерінің ұсыныстарын, және сауалнама нәтижелеріне назар салсақ, біз көптеген мәселелердің шешімі әлі күнге дейін толық шешілмегенін байқадық.

Алынған нәтижелер көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілік компоненттерін анықтау барысында септігін тигізді.

Сонымен қатар, жұмыс берушілерден сауалнама барысында алған мәліметтері және сұхбаттары жас түлектердің бәсекеге қабілеттіліктерінің деңгейін анықау үшін құрылған сауалнамаға енгізілді. Бұл сауалнама «Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың жұмыс берушілер сұраныстарына (жұмыс жасау барысындағы қажетті тұлғалық қасиеттер) сәйкестігін анықтау сауалнамасы» деп аталды (Қосымша Л). Сауалнамада мамандардың тұлғалық қасиеттерін анықтауға бағытталған сұрақтар басым болды.

Жұмыс берушілерден алынған сауалнама нәтижесі көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге

қабілеттілігінің төмен екенін және бәсекеге қабілеттілікті одан ары жетілдіру керек екенін, жас маман түлектердің бойына қалыптастыратын талаптардың көп екенін аңғартты.

Сонымен қатар, жұмыс берушілердің берген пікірлерінен ұғынғанымыз:

- жұмыс орнында тұрақты болу;
- жақсы жұмыс істей білу және ұсақ-түйекпен санаспау;
- қоғамдық жұмыстарға белсене қатысу;
- өз міндеттерін мерзімінде және сапалы орындай білу;
- егер өндірістік жағдайлар қажет етсе, қосымша күш салу қабілетінің

болуы;

- балалармен тіл табыса білу және мәдениетті сөйлеу;
- әріптесі болмаған жағдайда әріптесін ауыстыра білу;
- жұмысты орындауға басқаларға көмектесу ниеті;
- өзінің кәсіби дағдыларын жетілдіруге ұмтылу;
- әріптестермен жұмыс бойынша қарым-қатынас жасай білу және

жанжалдарды болдырмау [114, б. 163].

Біз осы нәтижелерді негізге ала отырып, аталған ұсыныстар бойынша жұмыстар ЖОО тәрбие сағаттарында, «6B01403 – Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасының жаңа кіріктірілген пәндерінде жүріп жатқанын білеміз [116].

Алайда, сауалнама барысында алынған көрсеткіштер көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру заманауи қоғамдағы әлі де болса шешімін таппаған өзекті мәселе екенін, бәсекеге қабілеттілікті болашақ түлектін бойында арттыру, соның ішінде көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру маңызды іс екенін байқадық.

Қоғам тарапынан қойылатын талаптар. ХХІ ғасыр маманнан үнемі барлық жаңа технологияларды меңгеріп, кәсіби құзыреттіліктерді жаңартып отыруды талап етеді.

Педагогика ғылымы әлеуметтік ғылымдар саласына жатады. Педагогика үнемі әлеуметтік саламен, қоршағана ортамен тығыз байланыста. Қоршаған орта үнемі жаңарып, дамып отырса, педагогикада әлеуметтік ортаның талаптарын қанағаттандырып, үнемі жаңарып отыруы қажет. Қоршаған орта бірнеше орталардан тұрады.

Әлеуметтік орта - адамның айналасындағы қоғамдық, оның өмір сүруі мен қызметінің материалдық, рухани шарттары. Кең мағынадағы әлеуметтік орта (макроорта) экономика, қоғамдық институттар, қоғамдық сана мен мәдениетті қамтиды [117]. Қоршаған орта барлық салаға әсерін тигізбей қоймайды.

Уақыт көрсеткендей бастапқыда індеттің басы Қытай елінде пайда болып, ары қарай бүкіл әлемге таралған Covid – 19 барлық салаға әсерін тигізді деп айтуға болады. Осы салалардың бірі – білім беру саласы. Мектептер, колледждер және ЖОО барлығы қашықтан оқытуға көшті. Ата-аналар мен педагогтарға жаңа жүктемелер жүктелді. Жаңа үдерістер орын алды [7, б.133].

Қазіргі заман педагогтарына қойылатын талап, өзгерістерді қиындықсыз игеру болып отыр. Болашақта еңбек нарығының қандай болатынынан еш хабарымыз жоқ. Біраз ғалымдардың болжамы бойынша 10-20 жылдың ішінде миллиардтаған адам экономикаға керек болмай қалады деп санайды. Ал біреулер, тіпті ұзақ мерзім тұрғысынан алғанда да автоматтандыру жаңа жұмыс орындарын қалыптастырып, барлық адамзатқа бақуатты өмір сыйлайтынын алға тартады [86, б. 36]. Болашақ маман барлық өзгеріске дайын болу қажеттілігін уақыт өзі көрсетіп отыр.

Әлеуметтік ортаның айнымас бөлшегі болған бұқаралық ақпараттық құралдар, интернет желісі және т.б..

Жаһандық ақпараттық кеңістікте барынша табысты бағыт алу үшін педагогикалық мамандықтардың студенттері болашақ мамандығына қатысты ақпараттық мәдениет пен экрандық мәдениетті қабылдауды үйренуі қажет. Ақпаратты іздеуде интернетке көбірек басымдық берілуде: ақпараттық қасиеттерге ие бұл жүйе өз пайдаланушыларына көптеген қызметтерді ұсынады, олардың ең маңыздылары:

- e-mail;
- желі мен бейнеконференцияны пайдалану;
- өз ақпаратыңызды жариялау, өз парақшаңызды құру және оны веб-серверде орналастыру мүмкіндігі;
- ақпараттық ресурстарға қол жеткізу: анықтамалық каталогтар (Yahoo!, InfoSeek/UltraSmart, LookSmart, Galaxy); іздеу жүйелері (AltaVista, HotBob, OpenText, WebCrawler, Excite);
- онлайн чат [118, б. 2022].

Жоғарыда айтылғандай, бұқаралық ақпарат құралдарындағы манипуляцияларға психологиялық қарсылықты қамтамасыз ету үшін студенттерде медиамәтіндерді саналы түрде қабылдауға, таңдауға, сыни талдауға, бағалауға, түсіндіруге және пайдалануға ықпал ететін білім, білік, сапалар кешенін дамыту керек; БАҚ тұтынуының салмақты мотивациясы және медиамәтіндегі эмоциялық тұрақтылық студенттерде дамуы қажет.

Педагогикалық жоғары оқу орындары түлектерінің кәсіби құзыреттілігін бағалаудың барлық дәстүрлі тәсілдеріне қарамастан, БАҚ құзыреттілік критерийлерінің өзіндік ерекшеліктері бар:

- БАҚ мәтінін қабылдауда эмоционалды, эмоционалды тұрақтылықта болатын, БАҚ материалының мазмұнына адекватты реакцияның басым болуы, шамадан тыс сенсублизацияның немесе десенсублизацияның болмауы, мәтінді ойша қабылдау мүмкіндігі [118, б. 1022]. Қоршаған орта және заманауи қоғам болашақ педагогтарға заманның өзгерістеріне бейімделгіш, жаңа ақпаратты адекватты қабылдай білетін, кәсіби құзіреттіліктерді үздіксіз шыңдау талабын қойып отыр.

Мемлекет тарапынан қойылатын талаптар. Мемлекет тарапынан бәсекеге қабілетті маманға, оның ішінде педагогке қойылатын ҚР «Білім туралы» Заңында, ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңында көрсетілген талаптар, Педагогтың кәсіби стандарты ескерілді.

Осы құжаттарда көрсетілген талаптар көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің компоненттерін анықтауда ескерілді.

Білім алушылар (оқушылар) тарапынан ұсынылған ұсыныстар. Көркем-шығармашылық бағытының бәсекеге қабілетті педагогына қойылатын талаптарды анықтау үшін білім алу субъектілері тарапынан Тараз қаласының Бауыржан Момышұлы атындағы № 45 классикалық гимназиясының, Тараз қаласының № 47 орта мектебінің жоғарғы сынып білім алушыларынан және орта кәсіптік білім беретін Жамбыл политехникалық жоғарғы колледжі студенттері арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнама Google forms бағдарламасы арқылы қашықтықтан жүргізілді. Сауалнамаға 96 оқушы, 32 колледж студенттері қатысты. Сауалнама мектеп оқушыларының және колледж студенттерінің жас ерекшеліктері және жыныс айырмашылықтары ескеріліп, жасалды. Бұл білім алушы субъектілерден сауалнама алу себебі, көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтар осы салаларда педагогикалық қызметтерін атқаруда. Яғни, біздің зерттеу тақырыбымыздағы болашақ педагогтар білім алушылардың осы категориясымен жұмыс істеу үшін жүзеге асырылады.

«Сіздер пән бойынша білім беретін оқытушылардың, қандай болғанын қалайсыздар және не үйреткенін қалайсыздар?» - деген сұраққа мектеп оқушылары – «жақсы қарым-қатынас пен мотивация беру», «пәнге деген қызығушылықтарын арттыру», «пән барысында көбірек дизайнерлік білімді шыңдау» деген ұсыныстарын көрсеткен. Сонымен қоса, сауалнама барысында жыныстық ерекшеліктеріне байланысты дизайнның түрлі салаларына қызығатындықтарын байқадық. Мысалы, қыз балаларының таңдауы fashion дизайны. Ұл балалар интерьер дизайн бойынша білімдерін жетілдіргенді қалайды. Сауалнама барысында «бұл таңдауды неге таңдадыңыздар?» деген сұраққа қыздар киімдерін сәндегенді, ал ер балалар компьютерлік бағдарламалар арқылы жобалар жасау әдістері қызықтыратынын айтты. Дизайнерлік жобалау бағдарламалары ішінде үй салу, машиналарды және басқа заттарды тюнингтеу әдістері кездесетінін көрсеткен. Дизайнның бұл салалары өздерін ерекше қызықтыратынын белгілеген. Сонымен қатар, жаңаша заманауи бағытта білім алғылары қалайтындарын көрсеткен. Біз оқушылардың қызығушылықтарын ескеруді жөн көрдік.

Колледж студенттері өздерінің білімдерін күрделі дизайнерлік бағдарламаларды меңгерумен және киім дизайны, жарнамалық, медиа дизайн бойынша білімдерін арттырғылары келетінін көрсеткен. Себебі, бұл кәсіпті меңгерген мамандар жұмыссыз қалмайды, мемлекеттік мекемеде жұмыс жасай алмаса да жеке кәсіп ашып, ары қарай табыс табуға болады деген пікірде. Бұл сұраныстарды көркем-шығармашылық бағыттағы бәсекеге қабілетті педагогтың компоненттерін анықтау барысында ескеру міндетті деп санадық.

Болашақ маманның өзі тарапынан ұсынылған және сауалнама нәтижесінде анықталған талаптар.

Бәсекеге қабілетті педагогқа қойылатын талаптарды анықтау үшін және негізделетін компоненттердің нақты болуы үшін болашақ маманның өздеріне

қажетті білімдерді, дағдыларды, іскерліктерді анықтап, анықталған қажетті білімдерді оқу үдерісіне ендіру мақсатында сауалнама алынды. Сауалнама жұмысберушілердің ұсыныстары мен сауалнама нәтижелерінің негізінде құрылған «Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың жұмыс берушілер сұраныстарына сәйкестігін анықтау үшін құрастырылған сауалнамасы» (Қосымша Л) арқылы анықталды. Сауалнама М.Х. Дулати атындағы ТарӨУ көркем-шығармашылық бағыттағы педагогикалық мамандықтары бойынша білім алатын 3, 4-курс студенттері арасында жүргізілді. Сауалнама онлайн және офлайн форматта өтті. 3, 4-курстағы студенттер педагогикалық, өндірістік, психологиялық практикалардан өткен, олар өздерін ұстаздар рөлінде сезіне білетін болашақ мамандар. Сауалнамаға 59 көркем-шығармашылық бағытта білім алатын болашақ педагог қатысты. Жоғары курс студенттері тәжірибеге сай көркем-шығармашылық мамандықтар педагогы үшін қандай қасиеттер маңызды екенін түсінеді.

Тұлғаның қалыптасуындағы маңызды кезеңдердің бірі—жоғары білім алу кезеңі [119]. Бұл кезеңде студенттер өз кәсіптерін жіті түсініп, қажеттіліктерді анықтай алады. Сол себептен, сауалнама барысында бізге көп мәліметтер ұсынып, көмектерін тигізді. Студенттерден өздеріне болашақ қандай талаптар қоятынына және «білім алуда неге көп мән берген жөн?» деген сұрақтар берілді. Болашақта бәсекеге қабілетті маманның қандай қасиеттермен ерекшеленетінін және кәсіби маңызды қасиеттерді, білімді атап көрсету ұсынылды. Студенттер арнайы сала бойынша заманауи кәсіби білім, күзiреттілік пен шеберліктің және шығармашылықтың, кәсіби дизайндық білімнің болуын, заманауи технологиялар мен техникаларды толық меңгеру керектігін және ақпаратты сауаттылықтың, медиа сауаттылықтың керектігін атап өтті. Сонымен қатар, сауалнама барысында болашақ педагогтардың өз білімдеріне қанағаттанушылығы бойынша бағалауын сұрадық. Студенттердің 40%-ы білім беру бағдарламаларының заман талабына сай жаңарып тұруын өтініп, өздерінің алған білімдерінің заман талаптарына сай деп айтуға келмейтінін жасырмады. Алынған өтініштер мен ұсыныстар ескерілді.

Білім беру реформасын жүзеге асырудағы негізгі тұлға педагог болып табылады [120]. Білімді тасымалдаушы, жаңалықтың жаршысы педагог мамандар.

N. Ilyina, N. Loginova «Exploring the Development of Psychological and Pedagogical Competence in Young Teachers» атты ғылыми еңбегінде «жас мұғалімдердің кәсіби дамуына арнайы жасалған жағдайлар ғана емес, сонымен қатар күрделі білім беру мәселелерін шешудің нұсқаларын ұсына отырып, пилоттық, жобалық, шығармашылық муниципалдық топтар жұмыс істейтін кәсіби білім беру ортасы ықпал етеді. Бұл орта кәсіби құзыретті жас педагогтарды өсіруге қолайлы болады», - деген [121].

I.V. Nikulina, N.V. Solovova «Formation of conflict management competence of a university teacher» атты ғылыми еңбегінде «әрбір оқу орны өзінің алдына инновациялық стратегиялық мақсаттар қоюға, бәсекеге қабілетті болуға тырысады, өзгеріп отырған жағдайларға тез бейімделуге талпынады», - деген.

Сонымен қоса, бұған ғылыми-педагогикалық қызметкерлердің күш-жігерін біріктіріп, білім беру ортасындағы деструктивті қақтығыстар көріністері алынып тасталғанда ғана қол жеткізуге болатынын атап өткен [122].

Жан-жақты жүргізілген зерттеулер негізінде бәсекеге қабілетті көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтың компоненттері құрылды. Анықталған компоненттерді көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың заман талабына сай, бәсекеге қабілетті маман дайындау барысындағы қажетті құралы ретінде қарастыратын боламыз.

Әр студент қоршаған ортаның, қоғамның рухани–адамгершілік қасиеттерін, кәсіби іс-әрекеттің мәнін нақты білуі маңызды. Сонымен қатар, балалармен жұмыс жасауға дайындық деңгейін көрсетуі қажет. Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың күрделілігі кәсіби-педагогикалық білімді, жалпы мәдениетті, рухани-адамгершілік қасиеттер мен тұлғалық қасиеттерді қамтиды. Бітіруші түлектің кәсіби-қүзіреттілігі болмаса жоғары оқу орнын бітірген туралы диплом жарқын болашаққа кепілдік бермейді. Қолданыстағы тәжірибені актуализациялаумен қатар, қоғамда қабылданған кәсіби және моральдық нормалармен құндылықтарды дамыту және бұрын игерілген құндылықтарды сақтау, жаңа жағдайларға бейімделумен қатар барлық қасиеттердің үйлесімі үлкен маңызға ие. Сондықтан оқу бітіру курстарында студенттердің кәсіби міндеттерді шешудегі шығармашылық дербестігін жоғары деңгейге шығару маңызды.

Студент жоғары оқу орнын тәмәмдаған шақта шығармашылық педагогикалық қызметке дайын өз мүмкіндіктерін толық жүзеге асыруға бағытталған кәсіби білімді, кәсіби дағдыларды игерген, рухани-адамгершілік, тұлғалық қасиеттерінің болуы маңызды. Бәсекеге қабілеттілікті қалыптастырудың сәттілігі объективті және субъективті тәртіптің бірқатар жағдайларына тәуелді. Оларды анықтау және қалыптастыру педагогикалық мәселе болып табылады.

Г.Қ. Накыпова «Кәсіби құзіреттілік: мәні және негізгі қағидалары» атты ғылыми еңбегінде былай деген:

«Еңбек нарығындағы жас маманның бәсекеге қабілеттілігі білім беру мекемесі түлегінің кәсіби құзіреттілігінің қосымша шектік сипаттамалық белгісі болуы мүмкін. Бәсекеге қабілеттіліктің сапалық көрсеткіші ретінде білім беру мекемесі жас маманының жұмысқа қабылдануы саналады. Көп жағдайда жұмысқа қабылдау әңгімелесу және конкурстық іріктеу арқылы жүргізіліп, алдына қойылған мақсатқа жетуді айғақтайтын құзіреттіліктің эмоционалды еріктік құрамдасын көрсетеді... кәсіби құзіреттіліктің мәні мен негізгі қағидаларын түсіну арқылы болашақ мамандардың еңбек нарығына даярлығын айқындай аламыз» [123]. «Қүзіреттілік» ұғымы қазіргі кездегі педагогикалық ғылымда үнемі қолданылады. Білім беру жүйелерінде болып жатқан инновациялық үдерістер қандай да бір жолдармен білім беру жүйелеріне енуі құзіреттілікпен тығыз байланысты.

Ресей ғалымы С.С. Савельева «Педагогические условия формирования профессиональной компетентности учителя в образовательном процессе вуза» атты ғылыми еңбегінде ЖОО-нда білім берудегі мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары туралы негіздемелер ұсынып, «қазіргі білімді едәуір байытқан ғылыми дамудағы ең жаңа кеңістігі «мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі» категориясы», - деп атап өткен [124].

Қарастырылған зерттеу жұмыстарына сүйенетін болсақ, педагогтың кәсіби құзыреттілігі, рухани-адамгершілік құндылықтары, қызығушылықтары, тұлғалық қасиеттерінің деңгейі бәсекеге қабілеттіліктің индикаторы іспеттес. Зерттеу жұмыстарын талдау, зерделеу барысында және әдіснамалық-теориялық негіздерінде құрылған көркем-шығармашылық бағыттағы бәсекеге қабілетті педагогтың басты компоненттері 6-суретте көрсетілген.



Сурет 6 - Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтың бәсекеге қабілеттілігінің компоненттері

Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің компоненттері айқындалды. Олар:

- *рефлексивті бағалау компоненті;*
- *кәсіби құзіреттіліктер компоненті;*
- *мотивациялық компоненті;*
- *іс-әрекеттік компоненті.*

Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің компоненттері – зерттелетін нысанның қасиеттері, құрылымының, жай-күйінің қызметтік, сапалық көрсеткіштерінің жүйелі жиынтығы.

Компоненттер бірнеше сапалық критерийлерден тұрады.

Рефлексивті бағалау компонентінің критерийлері - өзінің бәсекеге қабілеттілік деңгейін түсінуі, бәсекеге қабілеттіліктің қалыптасуын тежейтін себептерді анықтау.

Кәсіби құзіреттіліктер компонентінің критерийлері - салалар бойынша заманауи кәсіби білім, жоғары заманауи талғам, дербестік, шығармашылықтық, икемділік, медиасауаттылық, тұлғалық ізгілікті қасиеттер.

Мотивациялық компоненттің критерийлері - шыдамдылық, өмір бойы білім алуға деген қызығушылық, кәсіби-педагогикалық мотивация, жаңалыққа ұмтылу.

Іс-әрекеттік компоненттің критерийлері - кәсіби педагогикалық қызметте шығармашылық ойлау қабілеті және оны жүзеге асыру, ақпарат құралдарын пайдалану, қоршаған ортамен байланыс орнату, жаңа технологияларды үйрену.

Маманның кәсіби білімі, құзіреттіліктері жоғары болған сайын оның қоғамдағы орны, бәсекені жеңе білетін шеберлігі, жан-жақты дамығанын ұқтырады. Бұл маманның білім беру бағдарламасы бойынша алған заманауи білімі, психологиялық-педагогикалық білімі, психологиялық-педагогикалық шеберліктері, көркем-шығармашылық бағытта алған іскерліктері, кәсіби мамандығын көрсете алатын маңызды тұлғалық қасиеттері (алдына мақсат қоя білетін, дербестік, кез-келген іске жауапкершілікпен қарайтын, коммуникативті), өзінің бәсекеге қабілеттілік деңгейін түсінуі, бәсекеге қабілеттіліктің қалыптасуын тежейтін себептерді анықтау, қоршаған ортамен байланыс, шыдамдылық, өмір бойы оқуға деген қызығушылық, кәсіби-педагогикалық мотивация, кәсіби-педагогикалық іс-әрекетте әлеуметтік-психологиялық қарым-қатынас әдістерін қолдану қабілеті, салалар бойынша заманауи білім, жоғары заманауи талғам, дербестік, шығармашылық, имидждік сауаттылық, өз өнімін жарнамалау сауаттылығы, үнемі өзін-өзі дамыту, икемділік, бұқаралық ақпараттық сауаттылық, ақпарат құралдарын дұрыс пайдалана білу, ақпараттық құралдардың көмегімен өз білімін жетілдіру тұр.

Яғни, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың сапалы кәсіби заманауи білімі - бұл көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтарының бәсекеге қабілеттілік компонентер базасы. Анықталған компоненттермен негізделген, қамтамасыздандырылған кәсіби заманауи білім болашақ

көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің қалыптасуына кепілдік береді.

Зерттеу жұмысы барысында айқындалған нәтижені және анықтайтын мәселені жан-жақты талдау және жүйелеу мақсатында педагогикалық ғылымда кеңінен қолданылатын зерттеу әдісі модельдеуді пайдалануды жөн санадық. Зерттелген мәселені және диссертациялық жұмыстың мақсатына жету, нәтижені жылдам анықтау және алынған нәтижелеріне қарап ұғыну барысында зерттелетін мәселенің құрылымдық моделін әзірлеу қажет екені байқалды. Бұл зерттеу әдісі келесі тармақта көрініс тапты.

1.4 Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың құрылымдық моделі

Зерттеу жұмысының мақсатын, бағытын жылдам ұғыну үшін және алдыңғы тармақтарда анықталған нәтижелерді, зерттеу жұмыстарының мазмұнын, құрылымын, нәтижесін айқындау, жүйелеу барысында, зерттеу объектісінің күрделілігіне қарай педагогикалық ғылымда кеңінен қолданылып келетін модельдеу әдісін пайдаланудың тиімділігін қарастырдық.

Модельдеу әдісі – ғылыми танымның зерттеу объектілерін олардың модельдерін жасап, зерделеу арқылы танып-білу әдісі. Модельдеу әдісінің пайда болуы техникалық жүйелердің күрделілігіне, материалдық үдерістер мен құбылыстарды зерттеу қажеттілігіне орай туындайтын ой-түрткілерге, себептерге байланысты. Модельдеу кез келген затты мақсатты, жылдам, неғұрлым тиімді тәсілмен зерттеуге мүмкіндік береді. Сондықтан модельдеу әдісі танымның формасы, әдісі, ірі категориясы болып саналады.

Модель деген не? Ол қашан пайда болды және қайда, не үшін пайдаланылады? Адамдардың қоғамдық практикасында, ролі қандай? Осындай сұрақтардың негізінде оның мазмұнына назар аударатын болсақ, ол көбіне объектілердің сыртқы көрінісі туралы мәліметтер алуға мүмкіндік береді.

Оның алғашқы мәні, мағынасы, құрылыс санатымен байланысты шыққанын ескеретін болсақ, ол барлық уақытта, затты, үлгіні белгілеуде қолданылған [125].

Адамдар модельді, тіпті ұқсастық теориясы түгілі, ешқандай да физикалық теорияларды білмеген заманда да қолданғаны белгілі. Ең өнімді және тиімді тәсілдердің бірі модельдеу деп шешіп, белгілі бір педагогикалық құбылыстарды зерттеу кезінде өзара толықтырушы, кешенді тәсілдерді әзірлеу идеясы туады.

Модельдеу – зерттеу әдісі, жобалау, конструкциялау ретінде ғылымда кең қолданыс тапты.

Модельдеу – көбінесе қандай бір құбылысты, үрдісті немесе объектілер тұрғызу арқылы және олардың модельдерін оқып-үйрену арқылы зерттеу болып табылады.

Модельдеу – ғылыми танымның әдісі ретінде құбылыстың дамуын, соңғы нәтижесіне қарап болжап білуге мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, модельдеу деп таным қызметінде бір жүйені түпнұсқаны – онымен ұқсастық қатынаста болатын жүйемен ауыстыратын, қандай да бір

нақты бар немесе ойша елестетілетін жүйе түсіндіріледі. Модель арқылы түпнұсқа туралы мағлұматтар алуға болады [125, б. 61].

Кез-келген «модельдік» зерттеудің мынандай құрылымы болады:

1. Мәселені қою;
2. Модель құру немесе ол модельді таңдап алу;
3. Модельді зерттеу;
4. Модель арқылы алынған білімдерді түпнұсқаға көшіру [125, б. 62].

Модельдеу әдісіне отандық педагог А. Дүйсенбеков былай анықтама береді: «Модельдеу – зерттеу объектісі өзімен ұқсастық қатынастағы басқа бір объектімен алмастырылатын зерттеу әдісі. Бірінші объект түпнұсқа болады да, екінші объект оның моделі болады. Зерттеуші модельді зерттеп, алған нәтижелерін түпнұсқаға көшіреді. Модель және модельдеу әдісі түпнұсқаны зерттеу қиын немесе мүмкін емес болғанда немесе түпнұсқаны зерттеу үлкен қаражат шығынын талап еткен жағдайда қолданылады... Модель ұқсастық ретінде түпнұсқа, оны жетілдіру, қайта құру және оны басқару туралы білімді зерттеу, сақтау және кеңейту үшін қолданылады. Модельдеу – ауызша, логикалық, физикалық, математикалық, заттық, белгілік болады. Модельдің түрін таңдау таным зерттеу объектісінің құрделілігіне байланысты» [126].

Модельдеу екі түрге бөлінеді:

1 Пәндік модельдеу зерттеу объектісінің белгілі бір физикалық, геометриялық, динамикалық немесе функционалдық сипаттамаларын нақыштайтын модель жасау арқылы іске асады.

2 Идеалды модельдеу кезінде модель ретінде сұлбалар, сызбалар, формулалар, табиғи және жасанды тілдердегі сөйлемдер, тағы басқа қолданылады [127].

Жоғарыдағы ғылыми еңбектерді, анықтамаларды зерделей келе, көркем-шығармашылық бағыттағы бәсекеге қабілетті педагогты қалыптастырудың жолдарын қарастыру барысында модельдеу әдісінің тиімді жақтары басым екені байқалды. Зерттеу жұмысында жоғары деңгейдегі нәтижеге жетуі барысында модельдеу әдісінің жүйелі, үдерістік тұғырларға сүйеніп жүзеге асыруды жөн санадық. Модельдеу процедурасы объективті және әмбебап гносологиялық процедура ретінде педагогика саласында кеңінен қолданылады. Бұған көптеген отандық және шет елдік ғалымдардың ғылыми еңбектері куә бола алады.

Ресей ғалымы М.В. Ядровскаяның «Педагогикадағы модельдер» атты еңбегінде педагогикалық зерттеулерде модельдеу әдістерін қолдану тиімді екенін атап өткен [128].

Модельдеу - нақты бір объектіні, үдерісті немесе құрылымды ықшамдап және жүйелеп, шағын түрде бейнелеу. Модельдер көрнекі түрде жазбаша, жоспар, сызба түрлерінде жасалады. Мысалы, бір құбылысты анықтап көрсету үшін бірнеше түрлі модель жасалуы мүмкін.

Зерттеу жұмысымыздың іске асу барысын жобалау үшін көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың құрылымын модельдеуді қарастырдық.

Ресей ғалымдары Т.Н. Тихомирова [129], А.В. Обрурова [130] өздерінің ғылыми-зерттеу жұмыстары барысында құрылымдық – функционалдық модельді тиімді жүйелеудің әдісі деп қарастырған.

Модельдеу - бір затты немесе құбылысты, үдерісті, құрылымды зерттеу мақсатында сол заттың немесе үдерістің макеті жасалады.

Модельдің бірнеше түрлері бар. Сол модельдердің ішінде біздің зерттеу жұмысымыздың мазмұнына сай келетін түрлерін қарастырдық. Қарастырылған еңбектерге сүйене отырып, зерттеу тақырыбына сай зерттелетін объектінің қызметін, жүйеленуін жинақтайтын және айқындайтын қалыптастырудың құрылымдық моделін құрастыру жолын тиімді деп шештік.

Диссертациялық зерттеу жұмысты жүргізу барысында жүзеге асу жолдарын жеңілдетіп, құрылымын ретімен сипаттау үшін қызметтік модель түрімен құрылымдық модель түрі біріктіріліп «қызметтік-құрылымдық» моделдеу әдісі ретінде қолданылады.

Құрылымдық моделге жеке анықтаманы қарастыратын болсақ, бұл модель түрінің нақты анықтамасы жоқ. Құрылымдық модель келесілерді білдіруі мүмкін:

- құрылғының неғұрлым маңызды бөліктерінің нысаны, орналасуы және саны, олардың өзара байланыстары туралы жалпы түсінік беретін құрылғының оңайлатылған графикалық бейнесін білдіретін құрылымдық схема;

- объектілер арасындағы олардың геометриялық қасиеттеріне байланысты емес өзара байланыстарды көрсететін, топологиялық үлгі;

- үрдістің құрылымдық моделі деп әдетте оның реттілігін және жұмыс сатылары мен кезеңдерінің құрылымын, рәсімдер мен тартылатын техникалық құралдардың жиынтығын, үрдіске қатысушылардың өзара іс-қимылын білдіреді.

Модель сөзін әр қадам сайын кез-келген жерден кездестіруге болады. Кез-келген бұйымның немесе заттың бірінші моделі салынады. Соған қарап бұйымды, затты жасайды.

Педагогикалық жүйелердің феномендерінің көпшілігі өзінің мазмұны жағынан аса күрделі болғандықтан, педагогикалық модель тек шындықты көрсете алады. Сондықтан педагогикалық модель жасанды құрылған жүйе ретінде ол көрсететін шындық (іс-әрекет немесе үдеріс) фрагментіне қарағанда әрқашан оңай.

Сонымен, модельді түпнұсқамен салыстырғанда оңай және келесі жағдайларда тиімді болады:

- нақты объектінің немесе заттың қалай орналасқанын, оның құрылымы, негізгі қасиеттері, даму заңдары мен қоршаған ортамен өзара әрекеттесуін түсіну;

- объектіні немесе үдерісті басқару және белгіленген шарттар, мақсаттар мен өлшемдер кезінде басқарудың ең жақсы тәсілдерін анықтау;

- объектіге әсер етудің берілген әдістері мен формаларын іске асырудың тікелей немесе жанама салдарын болжау.

Жоғарыда көрсетілген мысалдардан модельдің объектіні немесе құрылымды жақсы зерделеуге қабілетті көптеген міндеттерді шешуге мүмкіндік

беретінін байқадық. Бұл ретте көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың құрылымдық моделін жасау күрделі шығармашылық жұмыс болып табылады.

Модельдеу әдісінің танымалдығы модельдердің көп түрлілігінің пайда болуына әкелген. Алайда, осы зерттеуде біз зерттеу тақырыбымызға бағытталған сипаттамасына саналы түрде тоқтаймыз. Тек модельдердің әрбір түріде өзінің зерттеудің ерекшеліктеріне байланысты негізі бар және әдетте, осы ғылымның ерекшелігін көрсете отырып, нақты ғылымдарда тұрған мәселелерді шешуге арналады.

Мысалы, педагогикалық құбылыстардың ерекше қасиеттерін, сипаттамаларын және ерекшеліктерін терең зерделеу үшін осы мәселені маңыздылығы жағынан да, тиісті жағынан да ала алатын модельдердің шағын шеңбері қолданылады. Олардың ішінде ең көп таралғаны аралас (құрылымдық-қызметтік немесе қызметтік-құрылымдық), ұйымдастырушылық, білім беру, математикалық, үдерістік және құзыреттілік түрлері. В.В. Краевскийдің жіктеуі бойынша модельдер маңызды – теориялық модельдер мен тиісті – нормативтік модельдер үлгілеріне бөлінеді [131].

Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтарінің бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру бағыты күрделі жүйе болуына байланысты дәл модельдерді құруды талап етеді.

Әлеуметтік танымдық теорияның маңызды компоненттерінің бірі - *модельдеу* бір немесе бірнеше үлгіні бақылағаннан кейін көрініс беретін мінез-құлықтың, танымдық, аффективтік өзгерістерді білдіреді [132].

Бәсекеге қабілеттіліктің қандай да бір түріне дайындық мәселелерін әзірлеу кезінде құрылған үдерістік сызбаларды пайдаланып, модельді нәтижелі құрамыз. Біз жүйелік және үдерістік тұғырларға сүйене отырып жоғарыда 3-суретте көркем-шығармашылық бағыттағы бәсекеге қабілетті педагогті қалыптастырудың үдерістік сызбасын құрдық. Сызба зерттеу жұмысының жүйеленуін, үдерісін, нәтижеге жетуінің бағытын көрсетті. Біздің зерттеуіміздің тақырыбына сәйкес көрсетілген сызбаны пайдалану орынды деп санаймыз, өйткені жүйелілік, үдерістік сызбаны құру зерттеу пәнін тұтас құбылыс ретінде көрсетуге мүмкіндік берді және оның мәніне енуді жеңілдетеді. Біз модельдердің түрлерін, атқаратын қызметтерін ескеріп, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың құрылымдық моделін құрдық.

Болашақ көркем-шығармалық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың құрылымдық моделі деп біз, әрбіреуі зерттелетін объектінің маңызды ерекшеліктерін көрсететін және оны схема түрінде ұсынуға қабілетті педагогикалық модельдердің жиынтығын түсінетін боламыз.

Заман талабына сай көркем-шығармашылық бағыттағы педагогті қалыптастырудың моделін тиімді құру үшін теориялық-әдіснамалық негіздерге сүйену қажет екенін жоғарыда атап өттік. Педагогикадағы әдіснамалық тұғырлар мәселені толық және объективті зерттеуге мүмкіндік берді. 1.3

тармақта айқындалған көркем-шығармашылық бағыттағы бәсекеге қабілетті педагогтың компоненттерін, критерийлерін және көркем-шығармашылық бағыттағы бәсекеге қабілетті педагогтарды қалыптастырудың үдерісін жинақтай келе, әдістемелік тәсілдер мен тұжырымдамалық идеяларды негіздей отырып, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың құрылымдық моделі әзірленді. Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру моделі 7-суретте көрініс тапты.

Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың құрылымдық моделінің нысаналы бөліктері бәсекеге қабілеттілікті қалыптастырудың кәсіби даярлауға негізделген нақты элементтерін көрсетуге мүмкіндік берді. Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың құрылымдық моделі бірнеше бөліктерге бөлінді. Олар, мақсатты, теориялық, әдіснамалық, мазмұндық, іс-әрекеттік, бағалау және нәтиже бөлігі.

Мақсатты бөлікте көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруды мақсат етті. Заман талаптарын толық қамтамасыз ете білетін, қабілетті, кәсіби-күзиретті, сапалы мамандар дайындауды көздейді.


Теориялық, әдіснамалық негіздер бөлігінде, ұғымдар туралы, педагогикалық үдеріс, кәсіби білім, шығармашылыққа өзін-өзі бейімдеу туралы теориялар, психологиялық-педагогикалық, философиялық әдебиеттерді зерделей келе көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мәселесін зерттеудің әдіснамалық негіздері жүйелік, үдерістік, аскиологиялық, синергетикалық, күзиреттілік, қоршаған орта тұғырлары, теориямен практиканың бірлігі, практикаға бағыттылық болды.

Мазмұндық бөлікте көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің компоненттері және бәсекеге қабілеттіліктің критерийлері нақтыланды. Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтың бәсекеге қабілеттілігінің көрсеткіштерін кәсіби күзиреттіліктер, мотивация, рефлексивті бағалау және іс-әрекеттік компоненттер құрады. Бұл компоненттердің құрылымы 1.3 тармақта баяндалып, 3-суретте көрініс тапқан.

Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың қалыптасу деңгейінің көрсеткіштері минималды (төмен), жалпы (орташа), жетілген (жоғары) болып бөлінді.

Сонымен қатар, педагогикалық шарттар нақтыланды. Педагогикалық шарттар:

1. Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілетті болуға ынталандыру;
2. «Көркем-шығармашылықтағы кәсіби дизайн» элективті пәнін іске асыру;
3. Шығармашылықты орта қалыптастыру;
4. Сабақ барысында, сабақтан тыс «бәсекелестік ортаны» қалыптастыру;



Сурет 7 - Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың құрылымдық моделі

5. Оқытудың формаларын, әдістері мен құралдарын көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруға икемдеу.

Іс-әрекеттік бөлікте көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың әдістері, функциялары, құралдары көрініс тапты.

Әдістері: проблемалық оқыту, ұжымдық оқыту, интерактивті оқыту әдістері, креативтік әдістер, жарыс, өзін-өзі талдау, өзін-өзі бағалау, іскерлік және рөлдік ойындар, күзiреттiлiкке бағдарланған тапсырмалар, конкурстық сайыстар, интеллектуалдық ойындар, танымдық ойындар, көрмелерге қатысу, көрсетiлiмдiк бағалау әдістері және т. б..

Функциялары: бiлiм алушыны қызықтыру, сабақ барысында және сабақтан тыс шығармашылық және бәсекелестiк орта құру, ұйымдастырушылық, iс-әрекет, дамыту, оқыту, ақпараттандыру, тәрбиелеу, бiлiмiн арттыру, шабыттандыру, т. б..

Құралдары: макеттер, сызбалар, эскиздер, бұйымдар коллекциясы, компьютерлік оқыту құралдары, бейнефильмдер, көрмелер, таратпа материалдары, әдістемелік нұсқаулықтар, АКТ құралдары, жаднамалар, кездесулер және т. б..

Бағалау бөлігінде көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің деңгейін бағалау көрсетілді.

Нәтижеде көркем-шығармашылық бағыттағы бәсекеге қабілетті болашақ педагогтардың тұлғасы қалыптасты. Яғни, заман талаптарына сай, қоғамның қажетті сұраныстарына жауап бере білетін, ынталы, кәсіби бiлiмдi, күзiреттi мамандар қалыптасты.

Бәсекеге қабілеттілік - қандай да бір субъектінің (объектінің) қандай да бір талаптарға жауап беру қабілетін білдіретін кешенді сипаттамасы.

Тұлғаның немесе маманның бәсекеге қабілеттілігі - бұл жеке және кәсіби қасиеттерінің жиынтығын білдіретін, оның қандай да бір қызметті басқалардан тиімді жүзеге асыру қабілетін айқындайтын, оны бәсекелестіктің басқа қатысушыларынан тиімді түрде игеретін интегративті мінездеме.

Көркем-шығармашылық бағыттағы педагог - бұл теориялық оқыту мұғалімі (салалық пәндер), өндірістік, кәсіптік (практикалық) оқыту шебері, бiлiм алушының көркем-шығармашылық қабілетін ашып, шыңдай білетін, өз қызметін жүзеге асыру үшін кәсіби-педагогикалық бiлiмi және бiлiктiлiгi бар маман.

Отандық зерттеуші Б. Атабекова өз зерттеу жұмысында «болашақ педагогтың бәсекеге қабілеттілігі» ұғымына төмендегідей анықтама берген: «бiлiм беру үдерісінің тиімділігін арттыру мен нақты нәтижеге бағытталуда көрінетін, болашақ педагогтың кәсіби қызметке қызығушылығы, рухани адамгершілік қасиетін, инновациялық белсенділігін, кәсіби ұтқырлығы мен рефлексияға қабілеттілігін көрсететін даралық және тұлғалық сапаларының интеграциясы» [13, б. 4].

«Бәсекеге қабілеттілік», «Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың бәсекеге қабілеттілігі» ұғымдарын талдау, сондай-ақ зерттелетін мәселенің қазіргі жағдайы мен дамуын анықтау нәтижесінде біз зерттеуіміздің негізін қалаушы ұғымның анықтамасын тұжырымдау мүмкін және қажет деп санадық. Зерттеу жұмыстарын талдай келе кәсіби-педагогикалық міндеттерді табысты шешуді қамтамасыз ететін компоненттерді анықтадық.

Отандық ғалым Б.М. Шукурова «Еңбек нарығын реттеу және халықты жұмыспен қамтуды жетілдіру мәселелері» атты ғылыми еңбегінде еліміздегі жастардың жұмыссыздығы туралы былай дейді: «Қазақстанда жастар жұмыссыздығы мәселесі жастардың кәсіби білімінің болмауына, шеберліктің, дағдыларының жетіспеуіне байланысты, еңбек нарығындағы жастардың бәсекеге қабілеттілігінің төмендігіне, еңбек ету қабілетінің шектелуі (жекелеген нысаналы топтар) және еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныстың ахуалы туралы ақпараттың жеткіліксіздігіне негізделеді» [133].

Ғалымдардың пікірінше жұмыссыздықтың басты себебі кәсіби білімсіздік пен ақпараттанудың аздығында.

Біздің мемлекетіміз үшін білім беруді дамыту - оның экономикалық және саяси саладағы бәсекеге қабілеттілігін арттырудың ажырамас шарты болып табылады. Білім берудің тиімді жүйесі - бұл өңірлік және әлемдік деңгейлерде лайықты орын алудың, ұлттық мүдделерді нығайтудың тәсілі Білім беру жүйесін дамытудың негізгі мақсаты - қоғамның, мемлекеттің және жеке тұлғаның ұзақ мерзімді мүдделерін қанағаттандыру, әлеуетін көтеру. Жоғары білім беру жүйесін біртіндеп жаңарту жолымен болашақ мамандардың кәсіби дайындық деңгейін арттыру. Біздің пікірімізше, осы бағыттардағы өзгерістерді іске асыру қоғамдық сананы ұсынылып отырған тақырып аясында жаңғыртуға ықпал ететін болады. Сапалы білім Қазақстан Республикасын әлемдегі алдыңғы қатарлы позицияларға шығаруға, қоғамның болашағын, сондай-ақ әрбір азаматтың лайықты өмірін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыру «Болашаққа бағдар - «Рухани жаңғыру» бағдарламасының» басты бағыттарының бірі [134].

Бәсекеге қабілетті маман – басқа тұлғаларға қарағанда жоғары сұранысқа ие маман. Өз мамандығының аумағында ерекше қабілетті, сонымен қатар, басқа мамандықтарға да икемді, ерекше дамыған, жағымды мінездемелердің егесі.

Тұтынушы кез-келген затты сатып алардан бұрын оның сапасына, түріне, қажеттілігіне, атқаратын қызметіне назар аударады. Сатып алмас бұрын қаншалықты пайдаға асатынын, жағымды жақтарын пайымдап, сапасы туралы сұрастырып, жағымды пікірлерден кейін аталған брендтің бұйымын сатып алады. Сол секілді ЖОО-ң тауарлары белгілі бір саланың мамандары болғандықтан, сатып алушылар оның тәрбиесіне, білім сапасына қарайды. Бұл жерде мамандар арқылы ЖОО-ң беделі қалыптасады. ЖОО-ның бітірген мамандардың сапасы жоғары болып, сұранысқа ие болған сайын оның беделі арта түседі. Яғни, жоғары оқу орынның бәсекеге қабілеттілік деңгейі артады деген сөз. Техника мен технологияның қарқынды дамуы ЖОО-ң білімі тек

бұрынғыдай жай теория жағында болып қана қоймай, инновациялы заманауи дамыған болуы қажет екенін байқаймыз.

Педагогтар болашақты тәрбиелейтін мамандар болғандықтан бұл саланы зерттеу және дамыту, қалыптастыру іс-шаралары үнемі жүріп отыруы қазіргі жаһандану дәуірінде міндетті. Жаһандану дәуірінде, әлем қарқынды дамып жатқан кезеңде келешек ұрпақтың дамуы артта қалып қойғаны жарамас. Педагогтарымыздың білім деңгейінің дамуы болашағымыздың дамуымен тікелей байланысты. Әрине, кез-келген ата-ана заман талабына сай өз ұрпағының сауатты, ақылды, қатарының алды болғанын қалайды. Осы мақсатта болашаққа тәлім-тәрбие, білім беретін педагогтардың білім деңгейі заман талаптарына сай дамуы басты міндет екенін түсінеміз. Көркем-шығармашылық бағыттағы жас педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін зерттеу жұмыстары және оны жетілдіру жолдарын анықтау, бәсекеге қабілетті маманды қалыптастырудың қажеттілігі келешек ұрпақтың болашағын ойлау десек қателеспейміз.

Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың құрылымдық моделі еңбек нарығы жағдайында табыстылықты қамтамасыз етіп, күрделенген мәселелерді шешуді көздейді. Болашақта әлемнің қалай құбыларын болжау мүмкін емес. Ондағы көп жағдайлар түрлі факторлардың қиылысуларына байланысты болып келеді. Осындай түрлі факторларға төтеп беру үшін саналы мамандарды дайындау қазіргі жоғары оқу орындарының міндеті. Ұрпақты заман талаптарына сай тәрбиелеу, оқыту, оларды шығармашылыққа баулу, заманауи білімнен қалдырмау, заманауи техникалар мен технологияларды меңгеруді үйрету әр-бір ұлағатты ұстаздың парызы.

Бірінші бөлім бойынша тұжырым

Қазіргі уақытта қоғамда бәсекелестік жағдайлар аз емес. Жыл сайын бәсекелестіктің шеңбері кеңейіп келеді. Бәсекелестіктің жағдайларына кәсіби шеберлік, кәсіби бейімделу, жұмыс орындарындағы аттестаттау, педагогикалық жағдайларды шешу, қарым-қатынас, мансаптық өсу, кадрларды дайындау, кадрлардың жанарып отыруы, педагогикалық байқаулар, білім берудің вариативтік мәселелері және т.б. жатады.

Бәсекеге қабілетті маман – басқа тұлғаларға қарағанда жоғары сұранысқа ие мамандық иесі. Өз мамандығының аумағында ерекше қабілетті, сонымен қатар басқа мамандықтарға да икемді, ерекше дамыған, жағымды мінездемелердің егесі.

Қазіргі білім беру үрдісінде даму, жаһандану, интеграция, модернизация қарқынды жүріп жатыр. Сонымен қатар, соңғы уақытта ЖОО маман дайындау және дайын мамандардың жұмыспен қамтылуы білім беру мекемелерінің сапа көрсеткішінің индикаторы іспеттес болуыда. Жас маман түлектердің жұмысқа орналасу мәселесіне көп көңіл бөлінуде. Жоғарғы оқу орнының табыстылығы, сапалылығын бағалаудың басты критерийі – оқу бітірген студенттердің жұмыспен қамтылуы, жалақысы жоғары жұмысқа орналасуы. «Бәсекеге

қабілеттілік», «Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтың бәсекеге қабілеттілігі» ұғымын талдау және бәсекеге қабілеттіліктің маңызын анықтауда және зерттеу таңырыбы бойынша әр түрлі ұстанымдарды талдаулар келесі қорытындыны шығаруға мүмкіндік берді: көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтың бәсекеге қабілеттілігінің қалыптасуы жоғары оқу орны үшін де, мемлекет үшін де, жоғары оқу орнын бітіруші түлек үшін де тиімді.

Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың маңызы туралы ғылыми зерттеу жұмыстары, ҚР Ғылым және жоғары оқу орындары министрлігінің ғылым және білім беру мәселелері туралы нормативтік құжаттары, қаулы-қарарлары, Мемлекет басшыларының Жолдаулары қаралды және талданды. Талдаулар барысында көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың өзектілігі айқындалды.

Болашақ көркем-шығаршылық бағыттағы педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мәселесін тиімді шешу үшін оның жағдайы мен психологиялық-педагогикалық теориясын, практикадағы дамуын тереңірек қарастыру қажет болды. Осы мақсатта *«Бәсекеге қабілеттілік» және «Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың бәсекеге қабілеттілігі»* ұғымдарының шартты түрде дамуын төрт кезеңге бөлдік және төртінші кезеңді бәсекеге қабілеттіліктің маңыздылығы туралы болашақты болжау мәселесі болады. Олардың әрқайсысы ғылыми және әлеуметтік-педагогикалық қоғамның зерттелетін тақырыпқа қатынасын көрсетті.

Жоғарыдағы ұстанымдарға сүйене отырып, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігі мәселесінің қалыптасуын және өзектілігін анықтау төрт кезеңге бөлініп қарастырылды. Олар, 1-кезең 1920-1960 жылдар аралығы, 2-кезең 1960-1990 жылдар аралығы, 3-кезең 1990 жылдан бастап қазіргі күнге дейін және 4-кезең көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің болашақтағы өзектілігі. Бұл кезеңдерді зерттеу барысында көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру болашақта да өзекті мәселе болып қала беретіні байқалды.

Зерттеу тақырыбымызға сәйкес педагогика әдіснамасының практикалық маңыздылығын қарастырсақ педагогика әдіснамасы осы салада іс-тәжірибе жинауға, насихаттауға көмектеседі. Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың әдіснамалық негіздері қарастырылып жүйеленді, психологиялық және педагогикалық аспектілері жасалды. Зерттеу жұмысының нәтижелі болуы үшін белгілі бір педагогикалық құбылыстарды зерттеу кезінде тәсілдерді өзара толықтыру, жан-жақты дамыту идеясы танымал болды. Педагогикалық құбылыстардың күрделілігін зерделей келе, бір ғана көз-қараспен, бір ғана әдіснамалық тұғырмен зерттеу мүмкін емес және олай зерттелмеуі де керек, бірнеше тұғырларды қарастырмай тек бір ғана тұғырды негізге алу және таңдау жеткіліксіз деген пікірге келеміз.

Ғылыми, педагогикалық-психологиялық әдебиеттерді зерделей келе, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мәселесін зерттеудің әдіснамалық тұғырларын іріктеп, мәндік және мазмұндық сипаттама береміз. Зерттеу тақырыбымыздың мазмұнына қарай төмендегі әдіснамалық тұғырларды талдадық және негізге алдық. Олар: *жүйелілік тұғыр, үдерістік тұғыр, синергетикалық тұғыр, аксиологиялық тұғыр, құзіреттілік тұғыр, қоршаған орта тұғыры*.

Әдіснамалық тұғырлар зерттеу жұмысының логикалық құрылымын құрды. Әдіснамалық тұғырлар негізінде көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтың бәсекеге қабілеттілігінің компоненттері айқындалды, критерийлері нақтыланды.

Бөлімде көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мақсатында құрылған көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың құрылымдық моделі жасалды. Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің компоненттері және бәсекеге қабілеттіліктің критерийлері нақтыланды. Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтың бәсекеге қабілеттілігінің көрсеткіштері кәсіби құзіреттіліктер, мотивация, рефлексивті бағалау және іс-әрекеттік компоненттер болды.

Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың қалыптасу деңгейі минималды (төмен), жалпы (орташа), жетілген (жоғары) болып бөлінді.

Сонымен қатар, педагогикалық шарттар нақтыланды. Педагогикалық шарттар:

1. Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілетті болуға ынталандыру;

2. «Көркем-шығармашылықтағы кәсіби дизайн» элективті пәнін іске асыру;

3. Шығармашылықты орта қалыптастыру (көрмелерге қатысу);

4. Бәсекелестік ортаны қалыптастыру; (жарыстар ұйымдастыру, байқауларға, жарыстарға қатысу);

5. Оқытудың формаларын, әдістері мен құралдарын көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруға икемдеу.

Келесі бөлімде көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мақсатында құрылған көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың құрылымдық моделінің жүзеге асу әдістері нақтыланып, негізделеді. Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар жүргізіліп тексеріледі және дәлелденеді. Зерттеу нәтижелері оқу үдерісіне енеді.

2 ЗЕРТТЕУДІҢ ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ

2.1 Зерттеу әдістері

Алға қойған міндеттерді шешу үшін келесі зерттеу әдістері қолданылды.

1. Көркем-шығармашылық бағыттағы боашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің қазіргі кездегі жай-күйін зерттеу. Мемлекет басшыларының Қазақстан халқына жолдаулары, жобалары, нормативтік-құқықтық құжаттары, бәсекеге қабілеттілікті арттыру арқылы жүзеге асатын экономикалық даму идеялары, шет елдік білім беру тәжірбиелері туралы және белгілі ғалымдардың зерттеу жұмыстарының талдаулары сараланып, зерделенді.

2. «Бәсекеге қабілеттілік» және «Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың бәсекеге қабілеттілігі» ұғымдарының даму кезеңдерін зерттеу үшін талдау, салыстыру, зерделеу.

Қазақстандағы педагогикалық білім беру жүйесінің пайда болуы кезеңі туралы, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігі ұғымының туындауы туралы ғылыми еңбектер талданып, белгілі ғалымдардың еңбек жолдары зерделенді. «Бәсекеге қабілеттілік» және «көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың бәсекеге қабілеттілігі» ұғымдарының даму кезеңдері туралы шет мемлекеттердегі жағдай ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді саралау арқылы зерттеліп және ол салыстырмалы түрде талданды.

3. Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің компоненттерін анықтау үшін сауалнама, сұхбат, сараптама, талдау жұмыстарын жүргізу.

Ғылыми, педагогикалық-психологиялық, философиялық әдебиеттерді, ғылыми еңбектерді саралай келе зерттеу тақырыбының ерекшеліктеріне сай жүйелілік, үдерістік, синергетикалық, аксиологиялық, құзіреттілік, қоршаған орта әдіснамалық тұрғыларына негізделіп, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің деңгейін және компоненттерін айқындау барысында жұмыс берушілер тарапынан, білім алу субъектілері (оқушылар) тарапынан, болашақ маманның өзі тарапынан сауалнамалар, сұхбат алынды. Мемлекет және қоршаған орта талаптары талданды,

Жұмыс берушілерден «Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың сапалық көрсеткіштері туралы жұмыс берушілерге арналған сауалнама» атты сауалнама алынды. Сауалнама Google forms бағдарламасы арқылы жүргізілді. Зерттеуде Тараз қаласының орта мектептерінің директорлары жұмыс берушілер болды. Сауалнамаға Тараз қаласының 48 орта мектебінің жетекшілері қатысты.

Білім алу субъектілері (оқушылар) тарапынан Көркем-шығармашылық бағытының бәсекеге қабілетті педагогына қойылатын талаптарды анықтау үшін білім алу субъектілері тарапынан Тараз қаласының Бауыржан Момышұлы атындағы № 45 классикалық гимназиясының, Тараз қаласының № 47 орта мектебінің жоғарғы сынып білім алушыларынан және орта кәсіптік білім беретін Жамбыл политехникалық жоғарғы колледжі студенттері арасында сауалнама, сұхбат жүргізілді. Сауалнама және сұхбатқа барлығы 96 оқушы, 32 колледж

студенттері қатысты. Сауалнама мектеп оқушыларының және колледж студенттерінің жас ерекшеліктері және жыныс айырмашылықтары ескеріліп, жасалды. Бұл білім алушы субъектілерден сауалнама алу себебі, көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтар осы салаларда педагогикалық қызметтерін атқаруда. Яғни, біздің зерттеу тақырыбымыздағы болашақ педагогтар білім алушылардың осы категориясымен жұмыс істеу үшін жүзеге асырылады.

Болашақ маманның өзі тарапынан (ЖОО бітіруші түлектері) сауалнамалар алынды. Сауалнама Google forms бағдарламасы арқылы онлайн түрде қашықтықтан жүргізілді. Сауалнамаға М.Х. Дулати атындағы ТарӨУ көркем-шығармашылық бағытта 3,4-курста білім алатын болашақ педагогтар қатысты.

4. Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың құрылымын модельдеу.

Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың құрылымдық моделі бірнеше бөліктерге бөлінді. Олар, мақсатты, теориялық, әдіснамалық, мазмұндық, іс-әрекеттік, бағалау және нәтиже бөлігі.

5. Педагогикалық эксперимент (қалыптастырушы).

Педагогикалық экспериментте зерттеу жұмысының болжамы тексерілді.

6. «Кәсіби құзіреттіліктер» тест сұрақтары бойынша көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің «кәсіби құзіреттіліктер» компонентінің қалыптасуына бақылау жүргізу.

«Кәсіби құзіреттіліктер» тест сұрақтары көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің компоненті «кәсіби құзіреттіліктерінің» деңгейін анықтауға септігін тигізді.

7. Е.Е. Туниктің «Жеке тұлғаның креативтілік диагностикасы» арқылы көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің «кәсіби құзіреттіліктер» компонентінің қалыптасуы бойынша диагностикалық жұмыстар жүргізу.

«Жеке тұлғаның креативтілік диагностикасы» бойынша көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің компоненті «кәсіби құзіреттіліктерінің» деңгейін анықтауға септігін тигізді.

8. «Педагогтың жаңашылдыққа бейімділігі» сауалнамасын жүргізу. Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің «мотивациялық» компонентінің деңгейін анықтауға септігін тигізді.

9. А. Пакулина мен С.М. Кетьконың «Педагогикалық ЖОО білім алушыларының оқуға мотивациясы» сауалнамасын жүргізу.

Аталған әдістеме көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің «мотивациялық» компонентінің деңгейін анықтауға септігін тигізді.

10. В.И. Андреевтің «Жеке тұлғаның бәсекеге қабілеттілік деңгейін бағалау» тесті бойынша бақылау жүргізу.

«Жеке тұлғаның бәсекеге қабілеттілік деңгейін бағалау» тесті көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің «іс-әрекеттік» компонентінің деңгейін анықтауға септігін тигізді.

11. В.И. Андреевтің «Өзін-өзі дамыту мен өзіндік білім алу қабілетін бағалау» сауалнамасын жүргізу.

«Өзін-өзі дамыту мен өзіндік білім алу қабілетін бағалау» әдістемесі көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің «рефлексивті бағалау» компонентінің деңгейін анықтауға септігін тигізді.

12. Алынған нәтижелерді өңдеуде математикалық статистика әдістерін қолдану.

Анықталған компоненттер бойынша математикалық статистика әдісі арқылы нәтижелерін қосып, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың топтар бойынша экспериментке дейінгі, эксперимент ортасы және эксперименттің соңғы бәсекеге қабілеттілігінің деңгейін анықтадық.

Зерттеу нәтижелерінің тиімділігі математикалық статистика әдістерін қолдану арқылы дәлелденді.

Бәсекеге қабілеттіліктің компоненттері бойынша анықталған нәтижелерді біріктіріп, бәсекеге қабілеттілік деңгейінің математикалық статистикалық орташама шегін есептеу үшін төмендегідей формула құрып, көрсетеміз:

$$(\text{ЭТ-}n1\% + \text{ЭТ-}n2\% + \text{ЭТ-}n3\% + \text{ЭТ-}n4\%) / 4 = \text{БҚ}\% \quad (1)$$

мұндағы:

ЭТ- $n1\%$ – экспериментальды немесе бақылау тобының кәсіби күзiреттiлiктер компонентi бойынша пайыздық көрсеткiш деңгейi;

ЭТ- $n2\%$ -экспериментальды немесе бақылау тобының мотивациялық компонентi бойынша пайыздық көрсеткiш деңгейi;

ЭТ- $n3\%$) - экспериментальды немесе бақылау тобының iс-әрекеттiк компонентi бойынша пайыздық көрсеткiш деңгейi;

ЭТ- $n4\%$ - экспериментальды немесе бақылау тобының рефлексивтi бағалау компонентi бойынша пайыздық көрсеткiш деңгейi;

БҚ% - эксперименттiк жұмысқа қатысқан топтың немесе экспериментке дейiнгi бәсекеге қабiлеттiлiгiнiң пайыздық көрсеткiш деңгейi.

Пирсонның хи-квадрат (χ^2) критерийiн эксперименттiк жұмыс барысында айырмашылықтарды салыстыруда қолдандық. Ол келесi формула бойынша анықталды:

$$\chi_{\text{эмп}}^2 = \frac{1}{m \cdot n} \sum_{i=1}^k \frac{(n \cdot x_i - m \cdot y_i)^2}{x_i + y_i} \quad (2)$$

мұндағы:

n – эксперименттiк топтағы бiлiм алушылардың саны;

m – бақылау тобындағы білім алушылардың саны;
 x_i – i санатқа түскен эксперименттік топтағы білім алушылардың саны;
 y_i – i санатқа түскен бақылау тобындағы білім алушылардың саны;
 L – эмпирикалық зерттеулердің нәтижелері бөлінген студенттердің білімі мен дағдыларының қалыптасу деңгейлері.

Біздің зерттеуімізде $L=3$ -ке тең, себебі білім мен дағдылардың қалыптасуы үш деңгейде көрсетілген. Олар: минималды, жалпы, жетілген.

Әрі қарай еркіндік дәрежесінің саны келесі формуламен анықталады:

$$f = (r-1) \cdot (c-1) \quad (3)$$

мұндағы:

r - баған саны (топ саны);

c – қатар саны (деңгейлер саны).

2.2 Зерттеуді ұйымдастыру

Диссертациялық зерттеу жұмысы үш кезеңде жүрді.

Бірінші кезең (2018-2019 жыл) – зерттеу мәселесінің өзектілігін анықтауды, философиялық, экономикалық, психологиялық-педагогикалық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, шығармашылық жұмыстарды, зерттеу мәселесіне қатысты диссертациялық еңбектер мен ғылыми мақалаларды талдауды, мәселенің жай-күйін айқындау және білім беру бағдарламасының ерекшеліктері, терминологиялық мәселелерді айқындауды қамтыды және көркем-шығармашылық бағыттағы педагогикалық білім беру бағдарламалары жағдайында оны шешудің мүмкіндіктері мен перспективаларын анықтау жөніндегі эксперименттік жұмыстың айқындаушы кезеңі басталды.

Зерттеу көздері ҚР «Білім туралы» Заңы, «Ғылым туралы» Заңы, ҚР Білім және Ғылым министрлігінің, ҚР Ғылым және жоғары оқу орындары министрлігінің ғылым және білім беру мәселелері туралы нормативтік құжаттары, қаулы-қарарлары, Мемлекет басшыларының Жолдаулары, бағдарламалары, жоғары оқу орындарының даму стратегиялары, оқу орындарының оқу жоспарлары және білім беру бағдарламалары, оқу-тәрбие үдерісі, зерттеу тақырыбына жақын философтардың, психологтардың, педагогтардың, әлеуметтанушылардың, саясаттанушылардың, экономисттердің, әдіскерлердің еңбектері, педагогтардың ғылыми жетістіктерімен озық тәжірибелері болды.

Екінші кезең (2019-2021 жыл) – зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізіндері айқындалды, зерттеудің әдіснамалық тәсілдері негізделді, оның тиімді жұмыс істеуінің құрылымдық моделі мен педагогикалық шарттары анықталды және оның жүзеге асуының әдістемелік жүйесі құрылды, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс шеңберінде байқауға енді. «Көркем-шығармашылықтағы кәсіби-дизайн» элективті пәнінің оқу-әдістемелік кешені әзірленіп, қалыптастырудың әдістемелік жүйесі анықталды және

байқаудан өтіп, тәжірибеге енді. Тәжірибелік-эксперименттік зерттеу жұмыстарының қалыптастырушы кезеңі жүргізілді.

Үшінші кезең (2021-2022 жыл) - тәжірибелік-эксперименттік зерттеу жұмыстарының қалыптастырушы кезеңі аяқталды және нәтижелерінің тиімділігі математикалық статистика әдістерін қолдану арқылы дәлелденді. Зерттеу нәтижелерінің жалпылау кезеңі жүрді. Зерттеу нәтижелері жүйеленді және сипатталды, тұжырымдар мен практикалық ұсынымдар ұсынылды, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың мақсатындағы ғылыми-зерттеу нәтижелері қорытындыланды. Зерттеу материалдары құрылымы бойынша жүйеленді. Белгіленген талаптар бойынша диссертацияны рәсімдеу жұмыстары жүрді.

Педагогикалық экспериментті ұйымдастыру. Педагогикалық эксперимент (қалыптастырушы) жұмысын жүргізуде басты бағыт білім беруге негізделеді. Педагогикалық эксперимент бірнеше талаптарға сай келуі қарастырылды. Олар:

Экспериментке енетін құрал анық және бірінғай болуы керек;

Эксперимент шарттары нақты бекітілген болуы керек;

Белгіленген шарттарды жоспарлы түрде өзгерту, түрлендіру және салыстыру керек.

Педагогикалық эксперимент эксперименттік және бақылау топтарының қызметін салыстыру нәтижелері ретінде жүреді.

Педагогикалық экспериментке қойылатын негізгі талаптар:

Эксперименттің мақсаты мен міндеттерін нақты белгілеу;

Эксперимент шарттарын нақты сипаттау;

Сынаққа түсетін контингенттің мақсаттық байланысын анықтау;

Зерттеу гипотезасын сипаттау.

Педагогикалық эксперимент басталғанға дейін бағалау үдерісінің компоненттерін және критерийлерін анықтау қажет.

Компоненттер – белгілі бір критерийлердің қалыптасуының көрсеткіштері болып табылатын зерттелетін нысанның сапасының, қасиеттерінің, белгісінің сандық немесе сапалық сипаттамасы. Критерийлер 1.3 тармақта қарастырылып, нақтыланды.

Критерийлер мен олардың көрсеткіштерінің жиынтығы негізінде студенттердің білімділігі, тәрбиесі және қалыптасуының дәрежесі белгіленеді. Әлем елдерінің көпшілігі бағалауда үш деңгейлі шкаланы қолданады. Олар, *минималды* (minimal), *жалпы* (general) және *жетілдірілген* (advanced). Бұл бағалау көрсеткіштері студенттердің қабілеттерінің, құзіреттіліктерінің төмен, орташа, жоғары деңгейімен ерекшеленеді.

Эксперименттік жұмыстың негізгі талаптарын ескере отырып, біз оның мақсатын, міндеттерін және кезеңдерін анықтадық.

Эксперимент жұмысының мақсаты – көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін, оны қалыптастырудың құрылымдық моделінің және негізделген педагогикалық шарттарының жүзеге асуын және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жолмен тексеру.

Жұмыстың мақсатына жету үшін алдыға келесі мәселелер қойылды:

Эксперименттік жұмыстың кезеңдерін анықтау;

Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогикалық мамандықтар арасында эксперимтті топты анықтау;

Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілік деңгейін анықтаудың диагностикалық құралдарын анықтау;

Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру бойынша критерийлерінің көрсеткіш деңгейлерін әзірлеу;

Зерттеу базасын анықтау;

Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың құрылымдық моделін және анықталған педагогикалық шарттарын оқу үдерісіне енгізу және тәжірибелік-эксперименттік жолмен тексеру;

Алынған нәтижелерді теориялық тұрғыда талдау және математикалық статистикалық әдістер арқылы өңдеу;

Зерттеу барысында алынған нәтижелерді қорытындылау.

Эксперименттік жұмыстың негізгі тапсырмаларын және мақсатын ескере отырып, жұмысты үш кезеңге бөлдік.

1-кезең. Айқындаушы;

2-кезең. Қалыптастырушы;

3-кезең. Жалпылаушы.

Анықтаушы кезең диагностикалық және ұйымдастырушылық қызметті орындайды.

Қалыптастырушы кезең қалыптастыру қызметтерін орындайды.

Жалпылау кезеңі қорытындылау және аналитикалық қызметтерді атқарады.

Әр кезеңнің еркешеліктеріне байланысты мақсатқа жету жолында өз міндеттемелері және орындалу тәртібі болды.

Айқындаушы кезеңі барысында атқарылатын жұмыстар:

Эксперименттік жұмыстың мақсатын және міндеттерін анықтау;

Эксперименттік жұмыстың ұйымдастырылуын жоспарлау;

Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру барысындағы мәселелердің жай-күйін анықтау;

Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің деңгейін анықтайтын диагностикалық құрал дайындау;

Эксперименттік жұмысқа топтарды таңдау;

Экспериментке қатысушылардың бәсекеге қабілеттілігінің бастапқы деңгейін анықтау.

Қалыптастырушы кезеңі барысында атқарылатын жұмыстар:

Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың моделінің және анықталған педагогикалық шарттарын оқу үдерісіне енгізу және эксперименттік жолмен тексеру;

Эксперименттік топтардағы бәсекеге қабілеттілік критерийлерінің қалыптасу үдерісіндегі өзгерістерді есепке алу және тіркеу;

Қалыптасудың серпінін анықтау және тіркеу.

Жалпылау кезеңі барысында атқарылатын жұмыстар:

Зерттеу барысында алынған нәтижелерді жинақтау, жүйелеу және сипаттау;
Зерттеудің негізгі теориялық ережелеріне нәтиженің сәйкестігін анықтау, алынған мәліметтерді теориялық талдау және математикалық статистикалық өңдеу;

Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтарды даярлау кезінде оқу үрдісіне зерттеу нәтижелерін енгізу;

Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру идеяларын танымал ету.

Эксперименттік жұмыс 2019-2022 жылдар аралығында М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірілік университетінің, М.О. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің және І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің базаларында жүрді. Зерттеу жұмысына 1 бақылау тобы және 1 экспериментті топ қатысты. Тәжірибеге қатысушылар жасы, оқу бағдарламасын игеруі, үлгерімі сияқты ерекшеліктерге сәйкестендіріліп таңдалды. Сондай-ақ, қатысушылар кездейсоқ іріктеу әдісімен эксперименттік және бақылау топтарына бөлінді. Экспериментке барлығы көркем-шығармашылық бағытта білім алатын «Кәсіптік оқыту», «Бейнелеу өнері және сызу», «Көркем еңбек және сызу» БББ бойынша білім алатын 264 студент қатысты. Эксперименталды топ ЭТ және бақылау тобы БТ деп аталды. Эксперименталды топта (ЭТ) Көркем-шығармашылық бағыттағы бәсекеге қабілетті педагогтың компоненттері негіз болған педагогикалық шарттарды әдістемелік жүйе негізінде ендіру арқылы жүзеге асады, бақылау тобына (БТ) эксперименттік енгізулер болмады.

Жүргізіліп жатқан эксперименттік жұмыстың объективтілігін арттыру үшін сарапшылар тобы құрылды. Сарапшылардың міндетіне эксперименттік жұмыс барысында алынған нәтижелерді тексеру, сараптау жұмысы енді. Сарапшылардың сараптамалық бағалау әдісінің мәні пайымдауларды бағалаумен және нәтижелерді өңдеумен байланысты мәселелерді интуициялық – логикалық талдауын жүргізу болып табылады. Сарапшылар бұл жерде ақпарат көзі және ақпараттарды, көрсеткіштерді өлшегіш құралы болып табылады.

Сараптамалық топ М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірілік университетінің «Музыка және қолданбалы өнер» кафедрасының профессор-оқытушылар құрамынан тұрды. Сарапшыларды таңдау кезінде сараптамалық әдісті іске асырудың негізгі шарттары сақталды. Сарапшылардың саны, зерттеліп жатқан мәселеге қатысы, сарапшылардың кәсіби құзіреттіліктері, пікірлерінің тәуелсіздігі және объективтілігі ескерілді. Сонымен қатар, жұмыстың ұйымдастырылу кезеңінде сарапшылардың сараптама жүргізу ережелері құрылды.

Атап өткендей, эксперименттік жұмысты бастамас бұрын, бағалау үдерісінің критерийлері мен деңгейлік көрсеткіштері анықталды. Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтарының бәсекеге қабілеттілігінің құрамына кіретін сапалық критериялды-деңгейлік шкаласына зерттеу барысында анықталған көркем-шығармашылық бағыттағы бәсекеге

қабілетті педагогтың компоненттері бойынша көрсеткіштер енгізілді. Сапалық бағалау критериалды-деңгейлік шкаласы 4-кестеде көрсетілген.

Кесте 4 - Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің құрамына кіретін сапалық критериалды-деңгейлік шкаласы

Компоненттер	Қалыптасу деңгейлері		
	минималды	жалпы	жетілген
1	2	3	4
Рефлексивті бағалау	өзінің бәсекеге қабілеттілік деңгейін түсінуі төмен, бәсекеге қабілеттіліктің қалыптасуын тежейтін себептерді анықтауды білмейді	өзінің бәсекеге қабілеттілік деңгейін түсінеді, бәсекеге қабілеттіліктің қалыптасуын тежейтін себептерді анықтайды	өзінің бәсекеге қабілеттілік деңгейін түсінеді, бәсекеге қабілеттіліктің қалыптасуын тежейтін себептерді анықтайды және оны жетілдіру жолдарын меңгерген, өз қабілеттерін үнемі бағалап, жетілдіріп отыру жолдарын анықтайды және жетілдіреді
Кәсіби күзiреттiлiк	салалар бойынша заманауи кәсіби білімі төмен, жоғары заманауи талғам қалыптаспаған, шығармашылықтың төмен	салалар бойынша заманауи кәсіби білімі орташа, жоғары заманауи талғам қалыптасқан, дербестік, шығармашылықты	салалар бойынша заманауи кәсіби білім жоғары, жоғары заманауи талғам қалыптасқан, дербес, шығармашылықты
Мотивациялық	шыдамды, өмір бойы оқуға деген қызығушылық төмен, кәсіби-педагогикалық мотивация төмен	шыдамды, өмір бойы оқуға деген қызығушылық қалыптасқан, кәсіби-педагогикалық мотивация орташа	өмір бойы оқуға деген қызығушылық жоғары, кәсіби-педагогикалық мотивация жоғары
Іс-әрекеттік	кәсіби педагогикалық қызметте шығармашылық ойлау қабілетін дамытпайды, ақпарат құралдарын пайдалануы төмен, қоршаған ортамен байланыс жасамайды	кәсіби педагогикалық қызметте шығармашылық ойлау қабілетін жетілдіреді, және жүзеге асырады, ақпарат құралдарын пайдалана біледі, қоршаған ортамен байланыс орнатады, ізгілікті қасиеттері қалыптасқан	кәсіби педагогикалық қызметте шығармашылық ойлау қабілетін жетілдіреді және оны жүзеге асырады, ақпарат құралдарын пайдалануды жетік меңгереді, қоршаған ортамен байланыс орнатады, стреске төзімді, тұлғалық ізгілікті қасиеттері қалыптасқан

Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің сапалық критериалды-деңгейлік шкаласы көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру барысында қажетті компоненттері бойынша құрылды. Кестеде көрсетілгендей қалыптасу үш деңгейден тұрады. Олар, *минималды, жалпы және жетілген*. Көрсетілген сапалық критериалды-деңгейлік шкаласы сарапшылардың эксперимент барысында өзгерістерді анықтауға бағытталған құралы болды. Эксперименттік бақылау жұмыстары эксперименттің бастапқы, аралық, соңғы нәтижелері бойынша анықталды.

Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің кәсіби құзыреттілік компонентінің қалыптасу деңгейі «Кәсіби құзіреттіліктер» тесті арқылы бағаланды. Тест студенттердің сала бойынша заманауи кәсіби білімі мен дағдыларының, іскерліктерінің деңгейін анықтайтын 300 сұрақтан тұрды және педагогикалық экспериментте кеңінен қолданылып жүрген Е.Е. Туниктің «Жеке тұлғаның креативтілік диагностикасы» әдістемесі арқылы анықталды.

Мотивациялық компоненттің қалыптасу деңгейі «Педагогтың жаңашылдыққа бейімділігі» атты 50 сұрақтан тұратын сауалнамасы және А. Пакулина мен С.М. Кетьконың «Педагогикалық ЖОО білім алушыларының оқуға мотивациясы» әдістемесі арқылы анықталды.

Іс-әрекеттік компоненттің қалыптасу деңгейі В.И. Андреевтің «Жеке тұлғаның бәсекеге қабілеттілік деңгейін бағалау» тесті және «Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың жұмыс берушілер сұраныстарына сәйкестігін анықтау үшін құрастырылған сауалнама» арқылы анықталды.

Рефлексивті бағалау компонентінің қалыптасу деңгейі В.И. Андреевтің «Өзін-өзі дамыту мен өзіндік білім алу қабілетін бағалау әдістемесі» арқылы бағаланды. Эксперимент барысында қолданылған көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілік деңгейін зерттеу әдістемелері 5-кестеде көрініс тапты.

Кесте 5 - Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілік деңгейін зерттеу әдістемелері

Компоненттер	Қолданылған әдістемелер
1	2
Кәсіби құзіреттілік	«Кәсіби құзіреттіліктер» тест сұрақтары (авторлық тест); Е.Е. Туниктің «Жеке тұлғаның креативтілік диагностикасы» әдістемесі.
Мотивациялық	«Педагогтың жаңашылдыққа бейімділігі» сауалнамасы (авторлық сауалнама); А. Пакулина мен С.М. Кетьконың «Педагогикалық ЖОО білім алушыларының оқуға мотивациясы» әдістемесі.

5-кестенің жалғасы

1	2
Іс-әрекеттік	В.И. Андреевтің «Жеке тұлғаның бәсекеге қабілеттілік деңгейін бағалау» тесті; Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың жұмыс берушілер сұраныстарына сәйкестігін анықтау үшін құрастырылған сауалнамасы (авторлық сауалнама).
Рефлексивті бағалау	В.И. Андреевтің «Өзін-өзі дамыту мен өзіндік білім алу қабілетін бағалау» әдістемесі.

Эксперимент барысында көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілік деңгейін анықтау барысында сауалнама, тест, және зерттеу мәселесінің ерекшеліктеріне байланысты диагностикалық әдістемелер қолданылды. Берілген формула бойынша әр топтың минималды, жалпы, жетілген көрсеткіш деңгейлері өз-ара жеке есептеледі.

БТ-да барлығы 132 студент, ЭТ-да 132 студент болды. Экспериментке көркем-шығармашылық бағытта білім алатын болашақ педагогтар, оның ішінде «Көркем еңбек және сызу», «Кәсіптік оқыту», «Бейнелеу өнері және сызу» білім беру бағдарламалары бойынша білім алатын студенттердің жоғары курстары қатысты.

Эксперименттік және бақылау топтары арасында және эксперименттік жұмыстың басы, ортасы және соңындағы қалыптасу үдерісінің жүру барысын анықтау және дәлелдеу мақсатында алдын-ала анықтау жұмыстары жүргізілді. Эксперименттік жұмыстың анықтаушы кезеңінде көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің бастапқы деңгейін анықтау үшін БТ, ЭТ топтарынан көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттіліктерінің компоненттері бойынша сауалнамалар алынды.

Зерттеу нәтижелерінің тиімділігі математикалық статистика әдістерін қолдану арқылы дәлелденді.

3 КӨРКЕМ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

3.1 Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары

Диссертациялық зерттеу жұмысының бірінші бөлімінде көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мәселелерінің теориялық аспектілерін қарастырдық және талдадық, әдіснамаларын негіздедік. Бөлімде жүргізілген теория мен практиканың өзара байланысын талдау, теориялық педагогикалық білімді іске асырудың анықталған деңгейлері зерттеу нәтижелеріне жоғары талаптар қояды. Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мәселесінің жағдайы мен дамуын зерделеу барысында бәсекеге қабілеттілік білім беру саласының өзекті мәселелерінің бірі екенін айқындайды.

Қарастырған ғылыми-әдістемелік еңбектерді зерделей келе, бәсекеге қабілеттілікті қалыптастырудың кейбір теориялық-әдіснамалық мәселелерінде нақтылықтың жоқ екенін, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру үдерістері мен жетілдіру жолдары аз зерделенгенін атап өткен жөн.

Ел болашағы білімді ұрпақ, бәсекеге қабілетті маман екенін ескерсек, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтарға арналған білім беру саласына жетілдірулер, өзгерістер мен жаңарулар қажет екенін байқатады.

Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттіліктілігін қалыптастырудың когнитивтік негіздерінің ерекшеліктеріне байланысты теориялық, әдіснамалық талдау барысында теориялық, әдіснамалық, эмпирикалық, әдістемелік және әлеуметтік деңгейлерде карама-қайшылықтар қатары орын алды.

Бірінші бөлімде зерттеу тақырыбымыздағы «бәсекеге қабілеттілік» ұғымы талданды, негізделді. Сондай-ақ, «көркем-шығармашылық» ұғымына тоқталсақ, «шығармашылықты» өмірдің айнымас бөлшегі деп атасақ болады. «Көркем» ұғымы «сұлу», «әдемі» сөздеріне ұғымдас.

Шығармашылық - ерекше және қайталанбас үлгісімен ерекшеленетін, нәтижесі жаңа сапалы материалдық немесе рухани құндылықтарды құратын бірегей адам қызметінің үдерісі.

Шығармашылық адамзаттың, қоғамның дамуымен тығыз байланысты. Шығармашылық үдерісте қиял мен шеберлік қатар жүреді. Қиял мен шеберліктің байланысуымен оны практикалық өмірге енгізеді.

Шығармашылық қызметтің нәтижесіне қарай, шығаратын өніміне байланысты үш топқа бөлуге болады. Олар:

1. Ғылыми-шығармашылық;
2. Техникалық шығармашылық;
3. Көркем-шығармашылық.

Ғылыми-шығармашылық – жаңа заңдылықтарды, фактілерді, дүниедегі белгісіз жағдайларды ашады. Ғылыми шығармашылықта ғалымның білімі, қабілеттері, терең ойы, зерттеуге алған нысанның мәніне енуіне деген ұмтылысы көрінеді. Ғылыми қызмет шығармашылықпен тығыз байланысты.

Техникалық-шығармашылық – жаңа ерекше құрылғыларды жасау, әрекет ету әдістерін ойлап табу, бұйымдар жасау тәсілдерін анықтау болып табылады.

Көркем шығармашылық - көркем-туындының шығармасы.

Шығармашылық – бұл жаңа өнімнің (заттың) пайда болуына әкелетін адамның әрекеті [3, б. 200].

Философиялық тұрғыдан алғанда, көркем-шығарма - бұл шындықтың объективті заңдары негізінде адам мен адамзаттың көркемдік мақсаттары мен қажеттіліктеріне сәйкес табиғи және әлеуметтік әлемді өзгертетін адамның қызметі. Көркем-шығармашылықты дамыту шарттарының бірі:

- пікір айтудағы еркіндік;
- сын бостандығы;
- шығармашылық пікірталастар;
- пікір алмасу және пікірлердің күресі.

Жалпы көркем-шығармашылыққа поэзия, әдебиет, музыка, дизайн, бейнелеу өнері, би, театр, кино, теледидар, телерадио, және т.б. өнер түрлері жатады. Көркем-шығармашылық өнер түрлерін топтарға бөлетін болсақ негізгі 6 бағытқа бөлуге болады. Бағыттар 8-суретте көрсетілген.



Сурет 8 - Көркем-шығармашылықтың бағыттары

Зерттеу тақырыбымыз «Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру» болғандықтан, бағыттың педагогикалық білім беру саласын қарастырдық.

Педагогикадағы көркем-шығармашылық бағытын зерттеу барысында келесі мамандықтар ұшырасты:

1. Әдебиет мұғалімдерін даярлау;
2. Музыка мұғалімдерін даярлау;
3. Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау;
4. Сәндік және т.б..

Бүгінгі педагог қауымының алдында тұрған ең үлкен міндеттердің бірі – заманның сұраныстарына жауап бере алатын саналы, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу, жастардың қоғамдық өмірден еш уақыт қол үзбей, өз елін сүйуге, салт дәстүр, әдет-ғұрпын сақтауға, өз тілін мақтан ете отырып, өзге тілді меңгеруге ықпал жасау. Ғылыми жаңғыру, жаһандану заманына сай өз үлестерін қосу, ел болашағын әлемге таныту бүгінгі ұрпақтың үлесінде. Болашаққа батыл қадам басып, алға өрлейтін мемлекеттің қолындағы басты күш - қоғамның білімі мен білігі мықты мамандарына байланысты. Білімді ұрпақ қана елдің еңселі, бекем болып қалыптасуына негіз болатындығы да шындық.

Қай заманда да ұстаздар қауымы жаңалықтың жаршысы, тасымалдаушысы болған. Білімді негіздеу арқылы тұлға қалыптастыру, заман талаптарына сай мәдениетті, өркениетті елдің ұрпағы болатындай заманауи дамыған саналы тұлғаны жетілдіру бүгінгі педагогтың міндеті [7, б. 134].

Педагогика – жеке адамды тәрбиелеп, қалыптастыру үшін белгілі мақсатқа бағытталған жүйелі тәрбие мен білім беру туралы ғылым. Сонымен қатар педагогиканы, тәрбиені, білім беруді, тұлғаны қалыптастыруды және оқытуды зерттейтін теориялық және практикалық ғылымдардың жиынтығы деп білеміз.

Педагогикалық білім беру бағдарламаларының (бакалавр) жалпы дамудың пәндік мамандырылған мұғалімдерін даярлау бойынша көркем-шығармашылық бағыттағы білім беру бағдарламалары төрт бағытқа бөлінген. Білім беру бағдарламалары М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің оқу үдерісінде жүреді. Олар:

1. 6B01402 – Музыка мұғалімдерін даярлау;
2. 6B01403 – Көркем еңбек және сызу мұғалімерін даярлау;
3. 6B01408 – Кәсіптік оқыту;
4. 6B01409 – Сәндік өнер педагогтарын даярлау [135].

6B01402 – Музыка мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасы музыкалық білім, ән, аспаптарда ойнау өнерлері бойынша білім беруге бағытталған;

6B01403 – Көркем еңбек және сызу мұғалімерін даярлау білім беру бағдарламасы көркемдік өнерге, бейнелеу өнеріне, сызу өнерлері бойынша білім беруге бағытталған (Қосымша Г).

6B1408 – Кәсіптік оқыту білім беру бағдарламасы бұйым құрастыру, модельдеу, технология, өңдеу өнерлері бойынша білім беруге бағытталған (Қосымша Д).

6B1409 – Сәндік өнер педагогтарын даярлау білім беру бағдарламасы сәндеу, үлгілеу, безендіру, құрастыру, жобалау өнерлері бойынша білім беруге бағытталған.

Біздің зерттеу бағытымыз 6B01403 – Көркем еңбек және сызу мұғалімерін даярлау, 6B01408 – Кәсіптік оқыту, 6B01409 – Сәндік өнер педагогтарын даярлау білім беру бағдарламалары бойынша болады. Білім беру бағдарламалары 9 – суретте көрсетілген.



Сурет 9 - Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогикалық білім беру бағдарламалары

Тұлғаның дамуы екі дереккөзге негізделеді. Олар сырттан әсер ету жүйесі – білім беру, білім алу және ішкі даму жағдайлары.

Ұлы ғалым Г. Галилей: «адамға бір нәрсені үйрету мүмкін емес, сіз оған осы жаңалықты ашуға көмектесе аласыз», - деген екен [136]. Айтылған философиялық ойлардың қай-қайсысы болса да болашақ маманды дайындауда педагогтың міндеті білім алушының білім алуына барынша жан-жақты көмектесу екенін атап өткен.

Қазіргі заманауи жоғары білім - үйлесімді дамыған, технологиялардың тез өзгертін және қарқынды дамуы жағдайында тиімді жұмыс істейтін, әлеуметтік жауапкершілікті және бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға бағытталуы керек [27, б. 15]. Осы мақсаттарды жүзеге асыру жолында жан-жақты зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Жүргізілген зерттеулерге сүйене отырып, бірінші бөлімде бәсекеге қабілетті көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтың басты компоненттері, критерийлері анықталды. Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру күрделі педагогикалық жүйе екенін ұғындық. Кез-келген педагогикалық жүйенің дамуы мен жұмыс істеуінің тиімділігі белгілі бір педагогикалық жағдайлардың, шарттардың сақталуына байланысты екені белгілі. Осыған байланысты

көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру жолындағы педагогикалық үдерістің тиімді жүзеге асуы үшін нақты таңдау жасау қажет.

Сондықтан, біз бірінші бөлімде айқындалған көркем-шығармашылық бағытындағы бәсекеге қабілетті болашақ педагогтардың компоненттерін түпнұсқаға, студенттің бойына енгізуді жүзеге асыруға бағытталған педагогикалық шарттарын негіздейміз.

Педагогикалық шарттар – кез-келген педагогикалық жүйенің міндетті құрамдас бөлігі [137].

Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудағы тиімді педагогикалық шарттарын анықтау, негіздеу барысында «шарт» ұғымына анықтама береміз.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «шарт» сөзіне мынандай анықтама беріледі:

- «Шарт» - өзара міндеттер алу жөніндегі келісім;
- «Шарт» - міндет, борыш;
- «Шарт» - керектілік, қажеттілік.

«Педагогикалық шарттар» және «дидактикалық шарттар» деген ұғымдар педагогика ғылымындағы негізгі ұғымдар болып саналады.

Педагогикадағы «шарт» ұғымына отандық және шетелдік ғалымдар төмендегідей анықтамалар берген.

Отандық педагог Г.Қ. Дюсембинова педагогикалық шарттарға «қойылған міндетке жеткізуді қамтамасыз ететін оқыту мазмұны және ұйымдастыру түрлерінің объективті мүмкіндіктері мен оларды жүзеге асырудың материалдық мүмкіндігінің жиынтығы» деген анықтама береді [6].

Ресей ғалымы М.Н. Скаткин өзінің ғылыми еңбектерінде «педагогикалық шарттар» терминіне «зерттеу объектісі болып отырған феноменнің қалыптасуына маңызды әсер ететін педагогикалық үдерістің сыртқы факторларының жиынтығы» деген анықтама берген [138].

А.А. Володин, Н.Г. Бондаренконың «Анализ содержания понятия «Организационно-педагогические условия»» атты ғылыми еңбегінде «педагогикалық шарттар» сөзінің мағынасын «педагогикалық жағдайлар жиынтығын көрсететін педагогикалық жүйенің сипаттамалары деп түсінеміз» деген. Сонымен қатар, білім беру ортасының әлеуетті мүмкіндіктерін іске асыру педагогикалық жүйенің тиімді жұмыс істеуін және дамуын қамтамасыз етуді білдіретінін атап өткен [139].

Ғылыми-педагогикалық дерекөздердегі талдауларда көрсеткендей «педагогикалық шарттар» ұғымы біздің зерттеу тақырыбымыздың мақсатына сай келеді.

Тиімді педагогикалық шарттарды анықтау және негіздеу барысында Қазақстандық ғалымдар Б.Д. Каирбекова, З.Т. Байжанованың [140], П. Сейітқазы, Н. Серикбаева, П. Рахимғалиевалардың [141], З.У. Карбенова, О.Н. Евдокимованың [142], Н. Рахметова, Ж. Сандибаева, Д. Қалабаеваның [143],

М.И. Беляеваның [144], Г.Ш. Омирбаева, Д.О. Карамолдаева, С. Агбоның [145] ғылыми еңбектері қарастырылды.

Отандық педагог-ғалымдар З.У. Карбенова, О.Н. Евдокимованың «Педагогические условия формирования конкурентоспособного специалиста в учебном процессе Вуза» атты ғылыми еңбегінде сабақтың әр-түрлі формаларын қолдану білім алушылардың білім деңгейін арттыруға көмектесетінін айтқан [142,б.114]. Ойын түріндегі сабақтар, практикалық тапсырмалар, әр-түрлі деңгейлік тапсырмаларды қолдану, сараланған тапсырмалар, түрлі жарыстар, конкурстар білім алушының білімге деген қызығушылығын арттырады деген. Сонымен қатар, «бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау үшін, маманның еңбек нарығында сұранысқа ие болуына оқытудың түбегейлі жаңа тәсілдері қажет, оқытудың жаңа технологияларын іздеуоқу процесін жетілдіреді» деген.

Психологияның жеке қасиеттер мен қабілеттерді қалыптастыру туралы ұстанымдарын ескерсек, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру үдерісі бірқатар күрделі сипатқа ие екенін білеміз. Ол педагогикалық шеберлікпен, педагогикалық әдістер элементтерімен, кәсіби білімнің үнемі кеңейюімен және студенттердің кәсіби біліктілігінің аспектілерін талдауымен іске асырылады.

Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру барысында тиімді жұмыс істеу үшін педагогикалық шарттарды таңдауды анықтайтын ережелерді қарастырамыз:

1) педагогикалық шарттарды таңдау негіздемесі біз құрастырған көркем-шығармашылық бағыттағы бәсекеге қабілетті педагогтың компоненттерінің мазмұндық ерекшеліктерін ескереді;

2) педагогикалық шарттар аса көп еңбекті қажет етпейтін, білім алушыға жеңіл қабылданатын, жылдам әрі тиімді нәтиже береді;

3) педагогикалық шарттарды таңдау кезінде кәсіби-педагогикалық білім берудің ерекшеліктері ескеріледі.

Педагогикалық шарттар туралы жарық көрген ғылыми-еңбектерді қарастыру барысында анықтағанымыз, көптеген ғалымдар болашақ маманның бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру барысында «бәсекелестік ортаны» қалыптастыру арқылы бәсекелестік қабілетті арттыру тиімді әдіс екенін жеткізуде.

Ресей ғалымдары Н.И. Дунаева, О.В. Суворова «Проблема конкурентоспособности личности студента в условиях образовательной среды вуза в отечественных и зарубежных исследованиях» атты еңбегінде студенттерге жасанды бәсекелестік ортаны құру олардың төзімділігін арттырып, бәсекелестік қабілеттерін шындайтынын атап көрсеткен [146]. Зерттеу барысында студенттерді екі топқа бөліп, бірінші топ бәсекелестік ортада ал, екінші топ бәсекесіз жалғыз ортада жүріп, білім алған. Зерттеу нәтижесінде бәсекелестік ортада білім алған студенттер бәсекесіз ортада білім алған студенттерден көңіл күйінің жоғарылығымен, физиологиялық, гормоналдык, эмоционалдык реакцияларының ерекшеленуімен айқындалған. Алайда, сабақ

барысында алған білімдерінің деңгейі арасында айырмашылықтың жоқ екені байқалған.

Сондай-ақ, Е.В. Евплова өз ғылыми еңбектерінде бәсекелестік ортаның артықшылықтарын айқындаған [147]. Бәсекеге қабілетті маман дайындауда бәсекелестік орта қалыптастыру тиімді педагогикалық шарттардың бірі деп есептеген.

Отандық ғалымдар Г.Ш. Омирбаева, Д.О. Карамолдаева, С. Агбо «Шетелдік тәжірибелерге сүйене педагог кадрларды жұмыс берушімен байланыс арқылы бәсекеге қабілеттілігін арттыру» атты ғылыми еңбегінде педагог кадрлардың жұмыс берушілермен тығыз байланысы арқылы бәсекелестік қабілетті жоғарылату мүмкіндіктері туралы айтқан [145, б. 188].

М.Н. Марченко «Влияние дизайнерской деятельности на развитие способностей обучающихся к творчеству» атты еңбегінде дизайнерлік білім студенттің шығармашылық қабілеттерін шыңдап, ізденімпаздыққа, мотивацияға, өзін-өзі дамыту әрекеттеріне әкелетінін айтады [148]. Дизайн техникалық білім мен көркем-шығармашылық өнердің ортасындағы байланыс құралы екені туралы атап өткен. Сонымен қатар, бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыру бойынша дизайнерлік қабілеттердің қажеттігі байқалатыны туралы негіздеген.

М.И. Беляеваның «Развитие дизайнерских способностей студентов - будущих учителей технологии» атты еңбегінде педагогикалық тәрбиелеуде, «Технология» және «Информатика» пәндері бойынша дайындықтың барлық жүйесінің кілті дизайнерлік қабілет деген шешімге келген [144, б. 23]. Себебі, дизайн іс-әрекетке итермелейтін, қызығушылықты арттыратын ең күшті құрал екенін атап өткен.

В.И. Андреев өзін-өзі шығармашылық тұрғыда дамыта білетін тұлға мен бәсекеге қабілетті тұлғаны өз-ара байланысты деп есептейді. Сонымен қатар, бәсекелестікті қалыптастыратын педагогикалық факторлар мен шарттарды да атап өткен. Олар:

1. Шығармашылық жобаларды қорғау, жобалық шығармашылық конкурстар ұйымдастыру;
2. Үздік студенттерді материалдық және моральдық жағынан көтермелеу;
3. Студенттік кездесулер, көрнекі тұлғалармен баспасөз конференцияларын ұйымдастыру және т.б. [140, б. 338].

Шет елдік ғалымдар D. Davies, D. Jindal-Snape, C. Collier, R. Digbya, P. Haya, A. Howe «Creative learning environments in education - A systematic literature review» тақырыбында ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізген [149,150]. Жоғарыдағы ғылыми зерттеулерде көптеген ғалымдардың ғылыми еңбектері қарастырылған. Ғылыми зерттеулер авторлары ғылыми еңбектерді шолу барысында маңызды тұжырымдамаларға тоқталған. Ғылыми еңбекерді зерделеу барысында ой түйгеніміз: «балалар мен жастардың шығармашылық дағдыларын дамыту үшін тиімді орта мен жағдайлардың бірнеше негізгі сипаттамалары анықталды. Оларға физикалық орта, ресурстар/материалдардың

болуы жатады, сыртқы ортаны пайдалану, педагогикалық орта, мектептен тыс басқа ортаны пайдалану, ойынға негізделген оқыту, оқытушылар мен студенттер арасындағы уақыт пен қарым-қатынасты тиімді және икемді пайдалану. Көріп отырғандай, жалпы белгілер, шығармашылыққа ықпал ету физикалық және педагогикалық ортаның икемділігінде, оқушылардың оқуын бақылауда болуы, мектепте және мұражайлар, көрмелер сияқты басқа жерлерде уақытты икемді пайдалануда әр түрлі физикалық ортада іс-шараларға қатысу (мектептен тыс және оқу бағдарламаларынан тыс уақытты қосқанда) және студенттерге қысымсыз өз қарқынымен жұмыс істеуге мүмкіндік беру.

Шығармашылыққа ықпал ететін педагогикалық ортаның маңызды ерекшелігі - бұл қарым-қатынастың сипаты мұғалімдер мен оқушылар, оның ішінде жоғары үміт, өзара құрмет, шығармашылық көзқарасты модельдеу, икемділік және диалог. Оқушылардың шығармашылық әлеуеті құрдастарымен бірлесіп жұмыс істеу мүмкіндіктерімен тығыз байланысты екендігіне сенімді дәлелдер бар, олар құрдастарына және өзін-өзі бағалауға өнімді түрде таралуы мүмкін» [150, б. 89]. Ғылыми еңбекте білім беру, шығармашылықты дамыту барысында қоршаған ортаның, педагогикалық ортаның әсері көп екені туралы айтылған. Сонымен қатар, білім беру барысында түрлі ойындарды қолдану студенттердің шығармашылық қабілеттерін аша түсетінін жеткізген.

Жоғарыда келтірілген ережелерге, ғылыми-зерттеу жұмыстарына, педагогикалық әдебиеттердегі талдауларға және жоғары оқу орындарының жұмыс тәжірибесіне және бәсекеге қабілетті педагогтың компоненттеріне сүйене отырып, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің қалыптасуын жүзеге асыратын педагогикалық шарттар анықталды. Анықталған педагогикалық шарттардың тиімділігіне және құрылымына жеке-жеке түсініктеме берілді және 10-суретте көрініс тапты.

Педагогикалық шарттар				
1- шарт. Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілетті болуға ынтасын арттыру	2- шарт. «Көркем-шығармашылықтағы кәсіби дизайн» элективті пәнін іске асыру	3- шарт. Шығармашылықты орта қалыптастыру	4- шарт. Бәсекелестік ортаны қалыптастыру	5- шарт. Оқытудың формаларын, әдістері мен құралдарын көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруға

Сурет 10 - Педагогикалық шарттар

Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру барысындағы тиімді педагогикалық шарттар:

1. Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілетті болуға ынтасын арттыру;
2. «Көркем-шығармашылықтағы кәсіби дизайн» элективті пәнін іске асыру;
3. Шығармашылықты орта қалыптастыру;
4. Сабақ барысында «бәсекелестік ортаны» қалыптастыру;

5. Оқытудың формаларын, әдістері мен құралдарын көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруға икемдеу.

Бірінші шарт - көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілетті болуға ынтасын арттыру.


Ынталандырудың адам психологиясына ықпалы зор. Дәлел ретінде А. Маслоудың «Мотивация и личность» атты ғылыми еңбегін қарауға болады [151].

Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін арттыратын мотивациялық, көркем-шығармашылық жұмыстарға қызықтыру, студенттің өз-бетінше шығармашылық жұмыспен айналысуына бағыттау, бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыратын оң мотивтерін қолдану, шығармашылық жұмыспен табысты айналысатын студенттерді моральдық және материалдық көтермелеу, студенттердің белсенділігін арттыру, ынталандыру арқылы білім беру ортасын құру.

А.Г. Маслоу адам табиғатын зерттеуде «жоғары денсаулыққа, шығармашылыққа, өзін жетілдіруге ұмтылу адамға тән», деген ойға келген [151,б. 38].

Қалыпты жағдайда адам жақсы жағдайда өмір сүруге үнемі ынталанып отыратыны белгілі. Студенттерді ынталандыру арқылы ұдайы дамуға бағыттап отыру педагог мамандардың міндеті десек болады.

Ынталану ережелері: қызығушылық тудыру, қолдау көрсету, бағалай білу, шығармашылық әрекет, көңіл күй, өз бетінше таңдау жасау. Ереже 11–суретте көрсетілді.



Сурет 11- Ынталану ережелері

Ынталандыруды тудыратын әрекеттер: жігерлілік, адамгершілік, ұмтылушылық, өз сөзінде тұру, бағыттылық, мақсаткерлік, төзімділік, сүйіспеншілік.

Екінші шарт - «Көркем-шығармашылықтағы кәсіби дизайн» элективті пәні.

Қазіргі заманғы ЖОО-ң міндеті жас түлектердің жұмыспен қамтылуы. Жас маман, түлектердің жаппай жұмыспен қамтылуы маманның кәсіби күзінеттілігіне, біліміне және мамандықтың қоғамдағы сұнанысына тікелей байланысты. Соңғы жылдары педагогикалық мамандықтардың мәртебесі арта түсуі, жалақының көтерілуі бәсекелестіктің туындауына алып келері сөзсіз белгілі. Сонымен қатар, жұмыс беруші тараптардан сауалнама алу барысында

алынған ұсыныстары бойынша көркем-шығармашылық бағыттағы «кәсіптік оқыту», «көркем еңбек» пәндерінің мұғалімдеріне тереңдетілген дизайнерлік білімнің, шығармашылық ойлау қабілетінің қажет екені ескертілген. Біз болашақ жалпы білім беретін мектептің «Көркем еңбек», «Графика және жобалау», «Еңбекке баулу» пәндері бойынша мұғалімдерін дайындайтынымызды ескерсек дизайндық білімнің аса қажет екенін аңғаруға болады. Жалпы білім беретін мектептің «Көркем еңбек» пәні бес бөлімнен тұрады. Олар:

1. Визуалды өнер;
2. Сәндік-қолданбалы өнер;
3. Дизайн және технология;
4. Тамақтану мәдениеті;
5. Тұрғын үй мәдениеті.

ЖОО оқу бағдарламаларын қарастыра келе және алдыңғы тарауларда алынған жұмыс берушілерден, түлектерден алынған сауалнама нәтижелеріне сүйенетін болсақ, ЖОО білім беру бағдарламаларында кәсіби дизайндық білімге жеткілікті назар салынбаған, яғни жетілдіре оқыту қарастырылмаған. Заман талабына сай қазіргі қоғамда дизайн және технологиялық білімнің сұраныста екенін, бұл білім мен дағныны, іскерліктерді игеру арқылы қоғамның сұраныстарын қанағаттандыруға болатынын байқауға болады.

Біздің зерттеу тақырыбымызға жақын болашақ мамандардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру бойынша және практикалық, теориялық зерттеулерге талдау жасай отырып, біз қазіргі уақытта осы бағыттағы жұмысты ұйымдастырудың екі жолы белгілі деген қорытындыға келдік:

1. Педагогтарға қосымша білім беру үдерісінде бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыру;

2. Білім алып жатқан болашақ педагогтарға арнайы әзірленген элективті пәндер шеңберінде бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыру.

Жоғарыда көрсетілген нұсқалардың екеуі де өз артықшылықтарымен кемшіліктеріне ие, және бұл жолдардың кез-келген позициясында тұрған педагогтар дұрыс жолда деп есептеймін. Алайда, жалпы білім беретін мектеп, орта білім беретін колледждер, жоғары оқу орнының болшақ педагогының және жоғары оқу орнын тәмәмдаған педагогтардың білім алу мазмұны мен бәсекеге қабілеттілігінің қалыптасуы бірдей бола алмайтындығы белгілі. Жоғарыда ғылыми еңбектерді талдау барысында анықтағанымыз көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру күрделі үдеріс. Сондықтан, әр саланы жеке-жеке қарастырған дұрыс. Сол себепті, біздің зерттеуіміз бойынша, зерттеу тақырыбымызға сәйкес көркем-шығармашылық бағыттағы ЖОО-нда білім алып жатқан болашақ педагогтары қарастырылды.

Жоғарыда бәсекеге қабілетті көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтарды қалыптастырудың құрылымдық моделі және оның жүзеге асырылуы барысында түзілген элективті пән көркем-шығармашылық бағытта білім алатын «Көркем еңбек және сызу», ««Көркем еңбек және графикалық жобалау», «Сәнді қолданбалы өнер педагогтері», «Кәсіптік оқыту»

педагогикалық БББ студенттеріне арналған. Басқа педагогикалық білім беру салалары қарастырылмаған.

«Көркем еңбек және сызу», ««Көркем еңбек және графикалық жобалау», «Сәнді қолданбалы өнер педагогтері», «Кәсіптік оқыту» педагогикалық БББ-на «Көркем-шығармашылықтағы кәсіби дизайн» элективті пәні шығармашылықты дамыту бағытындағы сала бойынша кәсіби пән негізіне енеді.


«Көркем-шығармашылықтағы кәсіби дизайн» элективті пәні дизайнның қоғамдағы сұранысқа ие бірнеше салаларын қамтыған.

Дизайн – сөзі бір сөз болғанымен біздің санамызға көп мағына береді: элитті дизайн, китч, стайлинг, поп дизайн, арт-дизайн, қалалық көптік – арт, архитектуралық дизайн, тарихи футуро-дизайн, болжамдық болашақтық дизайн, фито – дизайн, коммерциялық – жарнамалық дизайн, информациялық – программалық және мәтіндік дизайн, ғылыми дизайн. Өнердің жекелеген түрлерін және олардың бір-бірінен ерекшеліктерін білу, ажырату адамзатты көнеден бері толғандырып келеді. «Дизайн» термині біздің елімізде мұнда пайда болды. Бұған дейін бұйымжы жобалау «көркемдік конструкциялау» деп аталып келді [152].

«Көркем-шығармашылықтағы кәсіби дизайн» элективті курсы келесі негізгі бағыттарды қамтиды:

1. Киім дизайны;
2. Баспа дизайны;
3. Жарнама дизайны.

Элективті пәннің негізгі құрылымы 12 - суретте көрсетілген.



Сурет 12 - «Көркем-шығармашылықтағы кәсіби дизайн» элективті пәнінің негізгі құрылымы

«Көркем-шығармашылықтағы кәсіби дизайн» элективті пәні дизайнның салалары бойынша заманауи білімді жетілдіруге бағытталған. Сонымен қатар, пән студентке шығармашылықты жобалау негіздерін, көркем-шығармашылықтағы композиция негіздерін үйретеді. Пән барысында болашақ маманның кәсіби құзіреттілігі, заманауи сұнанысқа қажетті білімі арта түседі.

Дизайн саласының заманауи білімі бар маман – объектіні көркемдеу жобасымен айналысатын тапқыр, әсемдеуші, құрастырушы, суреттеуші, шығармашылық тұрғыда дамыған маман болып саналады.

Жалпы қарасақ, дизайн қолөнер ретінде басталды. Ол ең алдымен өнеркәсіпте қуатты күшке айналу үшін әдемі нысандарды құруға бағытталған. Бүгінгі таңда дизайн қолөнердегі қарапайым шығу тегінен асып түсті. Қазіргі уақытта дизайн адамдардың әлеммен өзара әрекеттесуінің жаңа күшті тәсілдерін жасауда. Олар технологияны емес, тәжірибені ерекше атап өтеді. Сонымен қатар, дизайн жеке адамдардың өмірін жақсартуға, жұмыс тәжірибесін жандандыруға және тіпті планетаның жағдайын жақсартуға мүмкіндік беретін ойлау мен проблемаларды шешу тәсіліне айналды [153].

Сондай-ақ, «Көркем-шығармашылықтағы кәсіби дизайн» элективті пәні жоғары заманауи талғамды қалыптастыруға, дербестік қасиеттерді дамытуға, шығармашылықты ойлау қабілетінің қалыптасуына, имидждік сауаттылыққа, жан-жақты дамуға, үнемі өзін-өзі дамыту жұмыстарымен айналысуға, икемділікке, бұқаралық ақпараттық сауаттылыққа, ақпарат құралдарын дұрыс пайдалана білуге және алған білімдерін тиімді жарнамалауға, ақпараттық құралдардың көмегімен өз білімін жетілдіруге, медиасауаттылыққа машықтандырады.

«Көркем-шығармашылықтағы кәсіби дизайн» элективті пәнін меңгеру барысында жобалаудың жаңа бағыттарын меңгереді, стильдерді ажырата біліп, жобалауда қолдалынатын компьютерлік бағдарламалармен жұмыс істеуді дамытып, жарнама жасау қабілеттерін шыңдайды, кәсіби білімдерін арттырады.

Сонымен қатар, курс барысында 3d модельдеудің қырларын үйренеді. Заман талабына жауап бере алатын кәсіби білімді жинап, тәжірибеде қолдану жүйесін меңгереді. «Көркем-шығармашылықтағы кәсіби дизайн» пәні бойынша алған білімдері болашақ маманның кәсіби-құзіреттілігін арттырады. Курс барысында студент шығармалық пен коммерциялық жарнамалау бағытының тиімді жолдарын қарастыруды, медиақпараттарды жинақтауды үйренеді.

Шығармашылықты ойлауды жетілдіріп, оларды тәжірибеде, педагогикада ұтымды пайдаланады.

Академиялық кесте бойынша «Көркем-шығармашылықтағы кәсіби дизайн» пәні аралас форматта оқытылады. Курс 4 кредиттен тұрады. Барлық сағат саны 120. Аудиториялық сағат саны 45 сағат. Соның ішінде дәрістік сабақтар 10 сабақ, тәжірибелік сабақтар 20 сабақ. Студенттің өзіндік жұмысына 75 сағаттан бөлінген. Соның ішінде СӨЖО 12 сағат, СӨЖ 63 сағат. Сабақта алған білімі мен біліктілігі, тапсырманы орындау іскерлігі, жиған тәжірибесі бойынша бағаланады. Оқу курсы «Кәсіптік оқыту», «Көркем еңбек және сызу

мұғалімдерін даярлау», «Сәнді қолданбалы өнер педагогтарын даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалаврларына жүргізіледі.

Бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыру барысында «Көркем-шығармашылықтағы кәсіби дизайн» элективті курсының оқытудың тиімді әдістері қарастырылды. Қарастыру барысында көптеген шет елдік және отандық ғалымдардың ғылыми-тәжірибелерін зерделедік және негізге алдық. Солардың ішіндегі келесі ғалымдардың халықаралық журналдарда жарияланған ғылыми еңбектері назарға ілінді. Олар, K.L. Franson, E.H. Gilliam [154], E.J. Dommett, B. Gardner, W. Tilburg [155], J. Jerrim, M. Oliver, S. Sims [156], J. Fromm, J. Radianti, C. Wehking, S. Stieglitz, T.A. Majchrzak, J. Brocke [157], M.B. Сергеева, Ю.А. Петрова [158] және т.б..

Жоғарыдағы ғалымдар оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін анықтаған. Мысалға, J. Jerrim, M. Oliver, S. Sims «The relationship between inquiry-based teaching and students' achievement. New evidence from a longitudinal PISA study in England» атты ғылыми еңбегінде «Ойлаудың бір көрнекті мектебі – ғылымды анықтау әдістерін қолдана отырып оқыту керек», - деген. Олар өз ғылыми еңбегінде анықтамалық оқытудың ерекшеліктерін зерттеген және тиімді жолдарын қарастырған. Ғылыми еңбекте «Жоғары деңгейде анықтау – оқытудың белсенді формасы болып табылады, ол оқушыларды деректерді пайдалана отырып зерттеу сұрақтарына жауап беруге тартады. Анықтамалық оқыту оқушыларды тікелей оқытушылардан білім алу емес, зерттеу арқылы біліммен қамтамасыз етуге бағытталған», - деген [156, б. 1].

«Көркем-шығармашылықтағы кәсіби дизайн» элективті пәнінің тиімді жүзеге асырылуы үшін дизайндық білім беруді дамыту бағыттарына салыстырмалы талдаулар жүргіздік және шет елдік тәжірибелерді қарастырдық. Мысалы, Америкада дизайнды оқытатын кем дегенде екі түрлі оқу орындары бар: университетке қатысы жоқ автономды дизайн мектептері (көбінесе өнер және сәулет мектептерімен байланысты) және ірі зерттеу университетінде орналасқан факультеттер немесе дизайн мектептері. Зерттеу университеті студенттер мен оқытушылардың зерттеу қызметіне шоғырланады, бұл пән бойынша жалпы білімді кеңейтетін академиялық принциптер мен зерттеулерге ерекше назар аударатынын білдіреді. Тәжірибеге аз көңіл бөлінеді.

Автономды дизайн мектептерінде оқытушылар мен студенттердің жұмысы өте маңызды. Студенттер көрмелерге, шоуларға және конкурстарға қатысады. Байқау жүлделері, әсіресе жоғары бағаланған ұлттық байқауларда жоғары бағаланады.

Басқаша айтқанда, автономды мектептер практикаға баса назар аударады, ал зерттеу университеттері ғылыми жұмысқа, дәлелдерге негізделген принциптерге және теорияны дамытуға бағытталған.

Элективті пәнді жетілдіру үшін әлемдегі дизайндық білім беретін үш жоғары мектепті қарастырдық. Олар: Rhode Island School of Design (RISD: Providence, Rhode Island, USA), Savannah College of Art and Design (SCAD: Savannah, Georgia, USA), and Parsons School of Design (New York, New York, USA).

Бұл үшеуі АҚШ -тағы атақты, керемет жоғары мектептер болып саналады. Бұлармен Қытайдың, Англияның, Ресейдің, Оңтүстік Кореяның және Қазақстанның дизайнерлік кәсіпорындары мен оқу орындарын салыстырдық. АҚШ-тың үш оқу орынының және басқа әлемдік оқу орындары бойынша оқу бағдарламалары бір-бірінен өзгешелігі болғанымен, айтарлықтай айырмашылықтар байқалмады.

Ресей ғалымдары Сергеева М.В., Петрова Ю.А. «Конкурентоспособность будущего специалиста как показатель качества его подготовки» атты ғылыми еңбегінде «бәсекеге қабілетті маманды оқу орны қалай дайындай алады?», - деген сауал қойылған. Бұл сұраққа Ресей ғалымдары зерттеулерінде былай жауап берген: «Ең алдымен, университет немесе колледж білім беру кеңістігін жасайды, онда бәсекеге қабілетті болашақ маман дайындалады, оқу және оқу-практикалық қызметтің әртүрлі нысандары мен түрлерін қамтиды. Сабәк барысында білім беру әдістемелері мен технологиялары, басқарушы компоненттер, заманауи білім берудің инновациялық технологиялары, дәрістердің әртүрлі формалары (проблемалық дәрістер, дәріс-визуализация, және т.б. дәрістер), семинар формалары (проблемалық семинарлар, түрлі формадағы семинарлар), дидактикалық ойын, пікірталас, «миға шабуыл» әдістерін қолдану, жағдайды талдау әдісі, «дөңгелек үстел» әдісі, семинарлар-ғылыми практикалық конференциялар, семинарлар - шығармашылық жобаларды қорғау және т. б., электрондық оқыту әдістері қолданылуы керек», - деген [158, б. 1]. Бұл тәжірибелер және әдіс-тәсілдер, салыстырмалы талдаулар элективті пәннің оқу әдістемелік кешенін дайындауда ескерілді.

Қазіргі кезде қоғамның қарқынды дамуы салдарынан білім беру жүйесінде және оқыту технологиясында көптеген өзгерістер болып жатыр. Соның ішінде, әлемдік білім кеңістігіне ену, білім бәсекесіне қабілетті болу мақсатында алғашқы қадамдар жасалып жатыр деуге болады.

Білім беру барысындағы әр педагогтың мұраты – өз пәнінен білім беріп қана қоймай, әр студенттің өзіндік қасиеттерін ашу, өзіне сенімін арттыру, шығармашылық қабілеттерін ашуға ынталандыру. Әр студенттің өзіне тән мүмкіндіктері бар. Сол мүмкіндіктерді тиімді пайдалануға ұстаз бағыт беруі тиіс. Ұстаз білім бере отырып, студенттің жасырын қабілеттерін анықтап, білім алуға мотивация беріп, бәсекеге қабілеттіліктерін шыңдап, қоғамдағы өз орындырын табуға бағыттау керек. Әрине бұл қасиеттерді жетілдіру мақсатында педагогтар білім беру барысында оқытудың түрлі әдістерін қолданады.

Үшінші шарт - шығармашылықты орта құру. Шығармашылықты жалпы қабілеттің шығармашылық бағыты деп түсіндіріледі.

Шығармашылық - бұл өте ұзақ үдеріс. Шығармашылық бір сөзбен орындалатын тақырып емес. Шығармашылық әлеуетті дамыту, жеке тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруы оның жеке амбицияларын, соның ішінде алған білімін жүзеге асырған жағдайда толық болады. Шығармашылық - барлық болмыстың, қозғалыстың, дамудың, бір сөзбен айтқанда өмірдің қайнар көзі [159, б. 2].

Шығармашылықты ақпаратты сындарлы қайта құру және инновациялық нәтижелерді құру үдерісі ретінде қарастыра отырып, Е.П. Ильин субъективті және объективті маңызды, креативтілікті шығармашылықтың субъективті детерминанты ретінде анықтайды, жүйелі (көп өлшемді, көп деңгейлі) психикалық білім деп қарастырады. Креативтілік өмірдің барлық (немесе жеке) салаларындағы инновациялық өзгерістерде көрінеді (таным, ойлау, қарым-қатынас, кәсіби қызмет, өзін-өзі жетілдіру және т.б.) [160].

Креативтілік сөзі шығармашылық сөзінің заманауиланған түрі іспеттес. Креативті ортаны шығармашылық ойлау қабілеті дамыған, жан-жақты, идеялы орта деп түсінеміз.

Шығармашылық орта қалыптасуының бәсекеге қабілеттілікке әсері бар екенін алдыңғы зерттеулерден байқаған болатынбыз. Шығармашылық орта қалыптастырудың тиімділігі және ерекшеліктері көптеген ізденушілердің ғылыми еңбектерінде қарастырылған. Олар А. Schmidt [161], D. Davies, D. Jindal-Snape, C. Collier, R. Digby, P. Hay, A. Howe [150, б. 1], А.Ф. Ахмерова [160, б. 2], Г.М. Ключкова [162, 163] және т.б..

Г.М. Ключкова «Креативная образовательная среда вуза как педагогическое условие развития креативных студентов» атты ғылыми еңбегінде «креативті білім беру ортасы студентке тек білім алуға мүмкіндік беріп қана қоймай, әрбір білім беру деңгейінде бастапқы шығармашылық, сонымен қатар шығармашылыққа қажеттілікті ояту, өзін-өзі тану, шығармашылық тұрғыда өзін-өзі дамыту, өзін-өзі бағалауды қалыптастыру сияқты қасиеттерді қалыптастыру керек», деген [162, б. 3]. Сонымен қатар, креативтілік тек бір шығармашылық мамандықтарына ғана емес барлық білім алушы болашақ мамандарға қажет деп біледі. Шығармашылық орта қалыптастыру арқылы студенттерге осы қасиеттерді енгізу жеңілрек жүреді деген тұжырымға келеміз.

Шет елдік зерттеушілер D. Davies, D. Jindal-Snape, C. Collier, R. Digby, P. Hay, A. Howe «Creative learning environments in education - A systematic literature review» атты ғылыми еңбегінде креативті орта қалыптастырудың ең тиімді әдісі студенттерді түрлі көрмелерге қатыстыру немесе көрме залдарына жіберу, шығармашылық тұрғыда танылған суретшілермен сұхбаттарға, кездесулерге қатыстыру деп есептейді [150, б. 86].

Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту бойынша жұмыс студенттің қабілетін уақытында көруге, қарауға, оларға көңіл бөлуге және бұл қабілеттердің қолдау мен дамуды қажеттетінін түсінуге мүмкіндік береді. Студенттің шығармашылық даму деңгейі жоғары болған сайын, оның жұмысқа қабілеттілігі жоғары. Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту бойынша кәсіби дайындық жүйесі оларды өзіндік зияткерлік қызметке қызығушылықтанытуға, үдерістермен құбылыстарды жекезерттеулерге қажеттілікті, шешілетін міндеттерді дәлелдеуге ұмтылуға, интеллектуалдық шеберлікке қолжеткізуге, белсенді шығармашылық қызметке қажеттілікті бағдарлайды [164].

Сонымен қатар, көркем-шығармашылық мамандықтарына шығармашылықты орта қалыптастыру барысында «Көркем-шығармашылық

бағыттағы кәсіби дизайн» элективті пәні де атсалысады. Пән шығармашылықты арттырып, креативті ойлау қабілеттерін шыңдайы. Қалыптасқан дизайнерлік қабілет пен шығармашылық қабілетті егіз ұғым деп айтсақ қателеспейміз.

Жоғарыдағы ғылыми еңбектерге сүйене отырып ой түйгеніміз, студенттерді «Көркем-шығармашылықтағы кәсіби дизайн» элективті пәнін меңгерту және түрлі деңгейлердегі көрмелерге қатыстыру немесе тамашалату, атақты суретшілермен, шығармашылық тұрғыда танылған өнер қайраткерлерімен кездесулерге, сұхбаттарға қатыстыру немесе сол кісілерден тәжірибелік, дәріс сабақтарын алу арқылы шығармашылық орта құру әдісі тиімді деген шешімге келдік. Сонымен қатар, ЖОО өтіп жатқан іс-шараларға белсене қатысу да жоғары нәтижелер көрсететіні туралы болжамдар нақтыланды.

Төртінші шарт - бәсекелестік ортаны қалыптастыру. Тиімді педагогикалық шарттарды нақтылау барысында бәсекелестік орта қалыптастыруды бәсекеге қабілеттілікті қалыптастырудың тиімді әдістерінің бірі екенін атап өттік. Тиімді педагогикалық шарттардың бірі «бәсекелестік орта қалыптастыру» туралы осы салада көптеген ғылыми еңбектері бар Ресей ғалымы Е.В. Евплова «Педагогические условия формирования конкурентоспособности будущих педагогов профессионального обучения» атты ғылыми еңбегінде қарастырған. Е.В. Евплова «бәсекелестік орта блиц-ойындар, дебаттар, оқытудың балдық рейтингтік жүйесі арқылы пайда болады», - деген [165]. Атап айтқандай, бәсекелестік ортаның қалыптасуы қатарлас студенттер арасындағы жарыс пайда болған жағдайда пайда болады деген тұжырымға келеміз.

Бәсекелестік бар жерде даму бар, бәсекеге түскен студенттер бір-бірінен біліммен, шеберлікпен және тағы да басқа тұлғалық қасиеттерімен басым болғылары келеді. Өздерінің өзгеге қарап осал тұстарын анықтап оны жетілдіру бағытында көп еңбектенетін болады. Өзінің ұтымды қабілеттерін ашып көрсеткілері келіп, ұмтылады. Бәсекелестік ортаны сабақ жүргізу кезінде тапсырма қабылдау барысында педагогтың шеберлігі арқылы қалыптастыру тиімдірек. Білікті педагог студенттерді салыстырмалы түрде бағалап, әр студенттің басымдылықтарын айту барысында студенттердің «мендік» өз-өзін бағалау қабілеттерін шыңдау арқасында туындайды. Әр студент өзін жеке тұлға ретінде қабылдап, өзіне сенімділігі артқан жағдайда өз қабілеттерін көрсету, өзінің өзгеден асып түсердей қабілеттерінің жетік екенін жеткізе білетін болады. Студенттер арасындағы білім бәсекесі болашақ маманның бәсекеге қабілеттілігін шыңдай түседі. Білім алуға қызығушылық пайда болады. Сабақ барысында өтетін кез-келген сұрақ-жауаптар, жарыстық ойындар, топтарға бөліп оқыту студенттер арасындағы бәсекелестікті қалыптастырады. Мұндай ортада білім трендке айналады. Қазіргі қоғамда кез-келген жерде бәсекелестік бар, оны күндегі тіршіліктен көре аламыз. Студенттің өзіндік «мені» өзіне өзі сенімділік қасиеті күшейген сайын бәсекеге төтеп беру, өз қасиеттерін бағалай білу және өз кемшіліктерін түзетуге тырысу қабілеттері жоғарылайды.

Бәсекелестік орта студент саны артқан сайын кеңейе түседі, білімді бәсекелестер көбейгенде жарыс қыза түседі. Бәсекелестік ортаны сабақ

барысында үнемі қалыптастырып отыру сабақ жүргізетін оқытушының шеберлігіне жүктеледі. Бұл ортада студенттер тек жеңіске жетуді емес, жеңіліс туралы да көп білетін болады. Болашақ педагогтар жеңіліс арқылы өз кемшіліктерін ұғынуға, сол кемшіліктерді түзету бойынша жұмыстар жасау ескертіледі. Сонымен қатар, көрме жарыстар ұйымдастыру және сабақ барысында орындалған тапсырманы көрсетілімдер арқылы бағалау әдісі тиімді болады.

Жас түлектердің жұмысқа орналасу мәселелері бойынша жазылған ғылыми еңбектерді зерделеу барысында анықтағанымыз жұмысқа орналасу барысындағы қиындықтар тек біздің елімізде емес, көптеген дамушы елдердегі түйіні шешілмеген мәселе екені байқалды.

Жұмыссыздықтың көбеюі салдарынан жұмыс берушілер қызметкерді таңдай алады.

Ресей ізденушісі М. Насретдинова өзінің зерттеу жұмысында Мәскеулік жұмыс берушілерден сұхбат және сауалнама алған. Сұхбат және сауалнама барысында алған анықтамасын «Проблемы трудоустройства студентов и выпускников ВУЗов» атты ғылыми еңбегінде былай баяндаған: «Мәскеуде жұмыс берушілердің көптеген сауалнамалары көрсеткендей, мемлекеттік емес университеттердің түлектері әлі де жоғары бағаланбайды. Менеджерлердің 60% - дан астамы мемлекеттік жоғары оқу орнының дипломымен түлектерді жұмысқа қабылдауды жөн көреді. Жалпы, бүгінгі таңда түлектерді мемлекеттік, мемлекеттік емес университеттерде оқыған деп бөледі. Сондықтан еңбек нарығының көптігі жағдайында жұмыс берушілердің таңдау мүмкіндігі бар. Егер біз «90 пайыздан астам» саны туралы айтатын болсақ, онда кейбір жағымсыз тенденциялар туралы айту керек еді. Сауалнаманың нәтижелері табиғи. Әрине, университеттердің беделі өздеріне байланысты. Атап айтқанда, ЖОО-ның жұмыс берушімен жұмыс істей білуінен және өз түлектерін жұмысқа орналастыруға да байланысты» [166]. Бұл зерттеуде М. Насретдинова жұмыс берушілер білім сапасы мемлекеттік ЖОО-нда жоғары, ал мемлекеттік емес ЖОО-да айтарлықтай сапаның төмен деген пікірде екенін жеткізеді. Әрине, қай елде болса да жұмыс берушілер сапалы, білімді маманды жұмысқа қабылдағанды қалайтындары белгілі.

Жоғарыдағы зерттеу жұмыстарын зерделеп, ой түйетін болсақ, бәсекеге қабілетті болу көптеген факторларға байланысты екенін аңғарамыз. Жас маман түлектің бәсекеге қабілетті болуына жоғары оқу орнының қызмет көрсету сапасы, қоғамдағы беделі де әсер етері даусыз белгілі болды.

А.Б. Сарсенбаеваның «Халықаралық тәжірибедегі жастардың жұмысқа орналасуы» атты ғылыми еңбегіндегі мәліметтерінде Ұлыбританияның жұмыспен қамту моделінің ұтымдылығы туралы айтылған [167]. Модельдің ішіне бірнеше бағыттар кіреді деген: «кәсіптік білім беру мен жұмысқа орналастырудың бірыңғай жүйесі, еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныстың жай-күйі туралы ақпараттандыру, әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін дамыту, еңбек нарығындағы әйелдер мен жастардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін оқыту және қайта оқыту және қоғамдық жұмыстардың мақсатты

бағдарламаларын әзірлеу» [167, б. 29]. Сонымен қатар, Ұлыбританияда ЖОО мен жұмыс берушілер арасында серіктестік қарым-қатынас орнатылған. Бұл ынтымақтастық жас маман түлектерді жұмысқа орналастыру бойынша жүргізіледі. Ғылыми еңбекте Ұлыбритания ЖОО-нда Мансап орталықтары жұмыс атқаратыны туралы айтылған. Мансап орталықтарының басты бағыттарының бірі – жұмыс берушілермен тығыз ынтымақтастық. Сонымен қатар, университеттің ғаламтор-сайты арқылы әртүрлі жұмыс орындары үшін өздеріне лайықты қызметтерді іздеу және табу қызметтерін ұсынады. Яғни, университет жұмыс берушілерге өз түйіндемелерін мансап орталығында бар университет түлектері мен студенттерінің мәліметтері арқылы тиісті қызметкерлерді таңдау бойынша тегін қызмет көрсетеді. Жұмысқа орналасу бойынша университеттің жұмыс берушілері мен серіктестігі сияқты дәстүрлі формасынан басқа, бұл университет жұмыс берушілерге студенттермен белсенді қарым-қатынастың жоғары деңгейі ретінде өз компанияларын жарнамалауды да ұсынады [167, б. 32]. Ғылыми еңбекте көрсетілген Ұлыбританияның ЖОО-н жұмыс жасау бағытына ұқсас Қазақстандық жоғары оқу орындарында бір-қатар жұмыстар жылына бір рет жүргізіледі. Мемлекеттік жоғары оқу орындарында студенттерді жұмыспен қамту бөлімдері жұмыс жасайды. Студенттерді жұмыспен қамту бөлімдері оқу жылының аяғында түлектерді, яғни жас мамандарды жәрмеңкеге шығаруға дайындайды. Жас мамандардың портфолиолары дайындалады. Жас мамандар өз портфолиоларына білім алу барысында жинаған жетістіктері туралы дәлелдейтін құжаттарын (алғыс хаттар, сертификаттар, ғылыми еңбектерін және т.б.) салады. Бұл іс-шараны «Бос орындар жәрмеңкесі» деп атайды. «Бос орындар жәрмеңкесіне» жұмыс беруші мекемелердің басшылары шақыртылады. Мекеме басшылары өз мекемелеріне қандай мамандық иесі керек екенін анықтап, сол бойынша жас мамандардың портфолиоларын қарап шығады. Бұл іс-шара ЖОО-да мереке ретінде аталып өтеді. Атаулы іс-шара жоғары оқу орны түлектерін жұмыспен қамту барысында тиімді нәтижесін беруде. Алайда, бұл іс-шара жылына бір-ақ рет өтеді. Жас маман түлектер іс-шараға дейін бұл мекемелерден хабарсыз болуы мүмкін және жұмыс берушіге қандай маман керек екені туралы да мәліметтер жас мамандарда жоқ. Сондықтан, жұмыс беруші мекемелермен қарым-қатынас, хабар алмасу үнемі жүріп тұруы жас мамандардың бәсекеге қабілеттілігін арттырар еді деген пікір қалыптасады.

Жоғарыдағы қарастырылған ғылыми еңбектерге, әдістемелерге сүйене отырып, болашақ педагогтардың жұмыс берушілердің жұмыс жасау бағытымен таныс болуы тиімді әдіс екеніне көзіміз жетті. Қазіргі ғаламтордың дамыған заманында кез-келген оқу орнының, мектептің яғни, жұмыс беруші мекеменің ғаламтор-сайттары бар. Жас маман түлектер сол сайттарға тіркелу арқылы жұмыс берушілердің жұмыс жасау барысымен, бағытымен танысады. Сонымен қатар, жас түлектер ғаламтор желісіне қосылған Facebook, VK, Instagram, Telegram, WhatsApp және т.б. әлеуметтік желілерге тіркеліп, аталған мекемелермен тығыз байланыста болулары болашақ маманның бәсекеге қабілеттіліктерін қалыптастырып, алдағы жұмыс жасау туралы ойларын,

бағыттарын нақтылай түседі және қоршаған ортамен байланыс арқылы бәсекелестіктің туындағанын сезінеді.

Бесінші шарт - оқытудың формаларын, әдістері мен құралдарын көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруға икемдеу.

Оқыту әдістері – білім алушымен білім беруші жұмыстарының тәсілдері. Оқыту әдістерінің көмегімен білім алушы білімді, іскерлікті, дағдыны игереді. Білім алушының дүниетанымы қалыптасады, түрлі қабілеттері дамиды.

Оқытудың формалары және әдістері мен құралдары қоғамның қажеттіліктеріне, әлеуметтік талаптардың бағытына, адами капиталдың интеллектуалды дамуының бағытына сай өзгеріп отырады. Оқыту формасының өзгермелілігі білім беру қызметінің үдерісі мен мазмұнына, әлеуметтік сұраныстың ерекшелігіне, қоғамның қалыптасуына, оқудың нәтижесіне ықпал етеді. Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруға икемдейтін оқытудың тиімді әдістері 13-суретте көрсетілді.

Сабақ барысында оқытудың түрлі формаларын қолдану және үйлестіру білім алудың ыңғайлы үдерістеріне ықпал етуге және студенттің білімін көтеру арқылы бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Оқыту әдістері	<ul style="list-style-type: none">• интерактивті оқыту• проблемалық оқыту• ұжымдық оқыту және т.б.
Ойын әдістері	<ul style="list-style-type: none">• интеллектуалдық ойындар• танымдық ойындар• шығармашылық ойындар• іскерлік ойындар т.б.
Креативтік әдістер	<ul style="list-style-type: none">• құзіреттілікке бағытталған тапсырмалар• проблемалық жағдаяттар• идеялар аукционы
Көрнекілік құралдары	<ul style="list-style-type: none">• макеттер• сызбалар• эскиздер, бұйымдар коллекциясы• компьютерлік оқыту құралдары
Оқыту формасы - дәстүрлі	

Сурет 13 - Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруға икемдейтін оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері

Анықталған көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттарының әдістемелік қамтамасыз етілуі және оқытудың тиімді формалары мен әдіс-тәсілдері оқу үдерісінде үздіксіз қолданылып отыру маңызды.

3.2 Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін анықтауға бағытталған диагностикалық жұмыстар

Педагогикалық зерттеулердің міндеті, кез-келген басқа ғылымдағы зерттеулер сияқты шешілетін педагогикалық мәселеге қатысты объективті қорытынды беру болып келеді. Қорытындылардың объективтілігі бастапқы ақпаратты талдаудың объективті әдістеріне негізделген. Педагогикада шындықты, нақтылықты анықтау өте қиын жұмыс болып табылады. Себебі, зерттеу нысаны өте өзгергіш және жеке санаға ие. Педагогикада тек көптеген мінез-құлықтарды, алдыңғы ерекшеліктерін, оқушылардың қабілеттерін ғана емес, сонымен қатар оқытушылардың ерекшеліктерін, әлеуметтік мұраттарды және бұл зерттеуде нақты нені ескеру керек, яғни жауаптан нені өлшеу керек деген сияқты, бастапқы ақпараттың объективтілігі көбінесе осындай сұраққа байланысты болады [168].

Теориялық аспектілерді қарастыру және талдау барысында анықтағанымыз, зерттеу тақырыбымыз егжей-тегжейлі сипаттамасын жасауды және экспериментті тексеруді қажет етеді. Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың құрылымдық моделін тиімді жүзеге асыратын педагогикалық шарттарды енгізу арқылы жүргізіледі. Ұсынылған болжамдарды тексеру үшін педагогикалық зерттеудің ең тиімді әрі сенімді әдістерінің бірі эксперименттік жұмыс.

Эксперименттік жұмыстың мақсаттары мен міндеттерін және ұйымдастырылуын сипаттауға кіріспес бұрын, біз оның жүргізу мен дайындау кезіндегі сүйенген ережелер мен жалпы эксперимент туралы түсініктемелерді қарастырамыз.

Педагогикадағы эксперимент деп нақты жағдайды есепке алып, педагогикалық үдерісті әдейі зерттейтін ғылыми тәжірибені айтамыз. Педагогикалық эксперименттерге сүйеніп, зерттеуші білім берудің және тәрбиенің тиімді әдіс-тәсілдері мен формаларын, мазмұнын салыстырып тексереді. Эксперименттік зерттеулердің нәтижелері әдеттегі жағдайда жүргізілген педагогикалық жұмыспен салыстырылады. Сондықтан эксперимент мәліметтерін салыстыру үшін бастапқыда екі бірдеу объект алынады. Олардың бірі – экспериментті объект болса, екіншісі бақылау объектісі деп аталады. Нәтиже соңында салыстырмалы түрде анықталады.

Отандық педагог А. Дүйсенбаев эксперимент түрлерін былай сипаттаған: «Соңғы кездерде педагогикалық зерттеулерде эксперименттердің бірнеше түрлері қолданылып келеді. олардың бірі – табиғи эксперимент, бұл сыныпта, бүкіл ұжымда оқу-тәрбие процесін бұзбай, педагогикалық мәселелерді зерттеу үшін әдеттегі жағдайларда жүргізіледі. Оқу менен тәрбиенің мазмұнын, ұйымдастыру формаларын, принциптері мен әдістерін жаңадан құру үшін арнаулы эксперимент жүргізіледі. Педагогикалық құбылыстарды нақты бақылау үшін сынып ұжымынан бір топ бала бөлініп алынады да, олармен арнаулы эксперимент жүргізіледі. Эксперименттің мұндай түрін лабораториялық эксперимент деп атайды. Лабораториялық эксперимент дегеніміз – арнайы жабдықталған бөлмеде, тәуелді және тәуелсіз айнаымалыларды қатаң бақылау

үшін жасанды жағдайда жүргізілетін эксперименттің түрі» [126,б. 3]. Бұл талдаумен салыстырсақ біздің жүргізетін экспериментіміз лабораториялық экспериментке қарағанда табиғи педагогикалық эксперимент түрлеріне жақын келеді.

Экспериментке дейінгі эксперименттік топ (ЭТ) және бақылау тобының (БТ) бастапқы деңгейін анықтау жұмыстарын жүргіздік.

Эксперименттік тәжірибеге қатыспас бұрын көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың кәсіби құзіреттіліктері туралы алынған сұрақ-жауаптардың нәтижелері 6-кестеде көрсетілген. Алынған сұрақ-жауаптар нәтижесіне назар салсақ, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың кәсіби құзіреттіліктері бойынша білімі орта есеппен шамамен 49% минималды, жалпы көрсеткіш 31,3%, ал жетілген көрсеткішті көрсеткен студенттер 19,3%-ы құрады. Нәтижелер барысын пайыздық көрсеткіштерін салыстырмалы түрде қарасақ көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың кәсіби құзіреттіліктері бойынша білімі шамамен *минималды* деңгейде.

Кесте 6 - Экспериментке дейінгі кәсіби құзіреттіліктер компоненті бойынша білімін бағалау нәтижесінің көрінісі

Топтар	Студенттер саны	Көрсеткіш деңгейі					
		минималды		жалпы		жетілген	
		студент саны	пайызы	студент саны	пайызы	студент саны	пайызы
ЭТ	132	66	50 %	44	33 %	22	17 %
БТ	132	58	44 %	42	32 %	32	24 %
Барлығы	264	124	49,4 %	86	31,3 %	54	19,3 %

Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің мотивациялық компоненті бойынша деңгейі 7 - кестеде көрініс тапқан. Сараптау нәтижелері бойынша шамамен 23% студент минималды, 45% жалпы, 32% студент жетілген көрсеткіш деңгейінде болған. Нәтижелердің пайыздық көрсеткішіне салыстырмалы түрде қарасақ, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың басым бөлігі мотивациялық компонент бойынша жалпы көрсеткішті көрсеткен.

Кесте 7 - Экспериментке дейінгі мотивациялық компонент бойынша көрсеткіш нәтижелерінің көрінісі

Топтар	Студенттер саны	Көрсеткіш деңгейі					
		минималды		жалпы		жетілген	
		студент саны	пайызы	студент саны	пайызы	студент саны	пайызы
ЭТ	132	30	22%	66	50%	36	28 %
БТ	132	32	24 %	58	44 %	42	32 %
Барлығы	264	62	23 %	124	45 %	78	32 %

Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың іс-әрекеттік компоненті бойынша алынған сауалнама нәтижелері келесі 8 - кестеде көрсетілген. Сауалнама нәтижесі бойынша шамамен 50% студент минималды, 45,5% студент орташа, 7,5% студент жоғары көрсеткіш деңгейін көрсеткен. Нәтижелердің пайыздық көрсеткіштері бойынша салыстырмалы түрде қарасақ көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың іс-әрекеттік компоненті шамамен **минималды** деңгейде болды.

Кесте 8 – Экспериментке дейінгі іс-әрекеттік компонент бойынша көрсеткіш нәтижелерінің көрінісі

Топтар	Студенттер саны	Көрсеткіш деңгейі					
		минималды		жалпы		жетілген	
		студент саны	пайызы	студент саны	пайызы	студент саны	пайызы
ЭТ	132	66	50%	52	39 %	14	11 %
БТ	132	64	49%	64	48 %	4	4 %
Барлығы	264	130	50%	116	43,5%	18	7,5%

Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың рефлексивті бағалау компоненттерін анықтау барысында алынған сауалнама нәтижелері келесі 9 - кестеде көрсетілген. Сауалнама нәтижесі бойынша шамамен 50% студент минималды, 43,5% студент жалпы, 7,2% студент жетілген көрсеткіш деңгейін көрсеткен. Нәтижелердің пайыздық көрсеткіштері бойынша салыстырмалы түрде қарасақ көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың рефлексивті бағалау компоненті бойынша көрсеткіші шамамен **минималды** деңгейде болған.

Кесте 9 - Экспериментке дейінгі рефлексивті бағалау компоненті бойынша көрсеткіш нәтижелерінің көрінісі

Топтар	Студенттер саны	Көрсеткіш деңгейі					
		минималды		жалпы		жетілген	
		студент саны	пайызы	студент саны	пайызы	студент саны	пайызы
ЭТ	132	66	50%	58	44 %	8	6 %
БТ	132	64	48 %	64	48 %	4	4 %
Барлығы	264	130	50%	116	43,5%	12	7,5%

Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру барысындағы экспериментке дейінгі компоненттер деңгейі анықталды. Диссертациялық зерттеу жұмысы барысында анықталған көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің компоненттері кәсіби құзіреттіліктер, іс-әрекеттік, мотивациялық, рефлексивті бағалау болды. Анықталған мәліметтерді математикалық статистикалық әдіспен өңдейміз.


Педагогикалық зерттеулерде көбіне орта шаманы пайдалану әдістері қолданылады [168, б. 2]. Біз бұл қағидаға (1) формуланы пайдалану арқылы сүйендік.

10 - кестеде берілген (1) формула бойынша топтардың экспериментке дейінгі бәсекеге қабілеттілік көрсеткіштерінің деңгейі анықталып, салыстырмалы түрде ұсынылды.

Кесте 10 - Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың экспериментке дейінгі бәсекеге қабілеттілік деңгейі

Топтар	Студенттер саны	Көрсеткіш деңгейі					
		минималды		жалпы		жетілген	
		студент саны	пайызы	студент саны	пайызы	студент саны	пайызы
ЭТ	132	57	43%	55	42 %	20	15 %
БТ	132	54	41 %	57	43 %	21	16 %
Барлығы (орта есеппен)	264	111	42%	112	42%	41	16 %

Орта шамамен алғанда, ЭТ студенттерінің 43% минималды, 42% жалпы, 15% жетілген бәсекеге қабілеттілік деңгейінде екенін көрсеткен. Орта есеппен салыстырмалы түрде алатын болсақ, бәсекеге қабілеттілік деңгейі шамамен минималды және жалпы көрсеткіш деңгейдің басым тұрғанын байқаймыз. Топтар бойынша бәсекеге қабілеттілік деңгейінің бастапқы экспериментке дейінгі нәтижесін диаграмма түрінде келесі 14-суреттен көруге болады.



Сурет 14 - Экспериментке дейінгі топтар бойынша бәсекеге қабілеттілік деңгейінің көрінісі

Бәсекелестікке қабілеттілік көрсеткіштері бойынша БТ студенттерінің 41%-ы минималды, 43%-ы жалпы, 21%-ы жетілген көрсеткіш деңгейінде нәтиже көрсеткенін анықтадық. Аталған топтардың барлығын салыстырмалы түрде қарасақ, жетілген көрсеткіш деңгейін көрсеткен студенттер саны аз. Минималды және жалпы көрсеткіш деңгейін көрсеткен студенттер саны жетілген көрсеткіш деңгейіне қарағанда көп екенін байқадық.

Эксперименттік топтың және бақылау тобының бәсекеге қабілеттілік бойынша көрсеткіш деңгейлерінің арасында айтарлықтай айырмашылық байқалмайды. Бұл мәліметтер эксперименттік жұмыс жасау барысында, топтарды салыстырмалы түрде бақылауға кедергі болмайтынын көрсетеді.

Эксперименттік және бақылау тобының көрсеткіш деңгейлері орташа жуықтау бойынша шамамен 42% минималды және 42% жалпы көрсеткішті көрсетті. Анықталған зерттеулерге сүйенетін болсақ, бақылау тобының және эксперименттік топтардың бәсекеге қабілеттілік деңгейі жетілдіруді қажет ететіндігін байқатады.

Педагогикалық эксперименттік жұмыстар барысында математикалық статистикалық әдістерді қолданудың шарттары туралы А.С.Казаринов «Технология педагогического эксперимента» ғылыми еңбегінде қарастырылған. Ол өз еңбегінде «статистикалық әдістер - бұл әртүрлі тәсілдер аясында қолданылатын база, өзіндік құрал. Кез-келген басқа құрал сияқты, статистикалық әдістер белгілі бір жағдайларда тиімді. Қолдану шарттарын ескермеу нәтиженің дұрыс еместігіне әкеледі» деген [168, б. 2].

Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің деңгейін анықтай отырып, біз олардың біртектілігін анықтау үшін эксперименттік топтың көрсеткіш деңгейімен бақылау тобының көрсеткіш деңгейін салыстырдық. Салыстыру үшін Пирсонның хи-квадрат критерийін пайдаландық. Салыстыру әдісі эксперименттік жұмыс барысында нәтижеге жетуде өз тиімділіктерін айқындаған және таным әдістерінің ішінде кең тараған және әмбебап әдістерінің бірі.

Салыстыру – бұл қашанда салыстырылатын заттардың (құбылыстың, фактілердің) ұқсастығы мен айырмашылығын анықтау, әдетте біртектес, әйтеуір бір ұқсастығы, үйлестігі бар заттар (құбылыстардың, фактілердің) салыстырылады. Яғни, зерттелінетін объектілердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ойша белгілеу салыстыру деп аталады. Ғылымда салыстыра отырып байқау және өзгерісті айыра алу, адамның ойлау қызметінің негізін қалайтыны белгіленген [125, б. 168].

Салыстыру және нақты ықтималдықтар мен үдерістерді талдауда Пирсонның χ^2 (хи-квадрат) критерийі көптеген ғалымдардың пікірінше тиімді саналады. Бұл әдістің тиімділігі туралы Ресей ғалымдары И.А.Марченко, К.А.Феско, Л.П.Фалько «Критерий хи-квадрат Пирсона» және Қазақстандық ғалымдар Б.Б.Ахметов, А.И.Иванов «Оценка качества малой выборки биометрических данных с использованием более экономичной формы хи-квадрат критерия» атты ғылыми еңбектерінде атап өткен [169, 170].

Салыстыру (2) формуласы бойынша жүзеге асты.

$\chi_{\text{эмп}}^2 = 0,140$, ары қарай (3) формуласы бойынша еркіндік дәрежесін анықтаймыз. $f = 2$

Еркіндік дәрежесі $f=2$, $p=0,05$ болғанда кесте бойынша алынған χ^2 мәні $<5,991$ болды. Бұл $\chi_{\text{эмп}}^2 < \chi_{\text{кр}}^2$ яғни, критерийдің эмпирикалық мәнін сыни мәнімен салыстырғанда төмен $0,140 < 5,991$. Айырмашылықтары статистикалық маңызды емес екенін дәлелдеді. Салыстыру барысында эксперименталдық жұмысқа қатысқан топтардағы бәсекеге қабілеттіліктерінің компоненттері бойынша деңгейлері арасында айтарлықтай айырмашылықтар іс-жүзінде жоқ екені дәлелденді. Эксперименталдық жұмысқа қатысатын топтардың χ^2 критерийінің эмпирикалық мәні χ^2 критерийінің кестесі бойынша берілген ықтималдықтан кіші. Демек, студенттердің бәсекеге қабілеттілігінің қалыптасу деңгейі шамамен бірдей және бұл топтарды эксперименталдық жұмысқа қатыстыруға болады. Себебі, топтарды өзара салыстыруға келеді. Алдағы эксперименталдық жұмыста қолданылатын педагогикалық шарттардың тиімділігін анықтауда қиындықтар туындамайды.

Педагогикалық эксперимент сапасының бірінші компоненті нақты алынған эксперименттік ақпарат болды. Екінші сапалық компонент эксперимент мақсаттары мен міндеттерінің дұрыс қойылуымен, ұйымдастырылу формаларымен анықталады. Үшінші сапалық компоненті эксперименттік жұмыстың орындалуымен және анықталған нәтижені сапалы жүйелеумен анықталады. Бұл компоненттер бір-бірімен тығыз байланысты болып, эксперименттік жұмыстың сапалық көрсеткіштеріне ықпалын тигізеді.

Зерттеу тақырыбымыздың өзектілігін анықтау және теориялық ережелерін талдау, оның педагогикалық теорияда және практикадағы жағдайын анықтау, тиімді зерттеу жұмысын жүргізу үшін көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің компоненттерін анықтап, қалыптастырудың құрылымдық моделін, оның жүзеге асуы үшін тиімді педагогикалық шарттарын нақтылау, әдістемелік жүйемен қамтамасыз ету, эксперименталдық жұмыстың айқындаушы кезеңін жүргізуге және бізге көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру және оның тиімді түрде жүзеге асуы үшін педагогикалық шарттарын пайдалану эксперименттік жұмыстың анықтаушы кезеңінен қалыптастыру кезеңіне өтуге мүмкіндік береді. Анықтаушы эксперимент нәтижесін салыстырмалы түрде қарасақ, бақылау тобының және эксперименттік топтардың бәсекеге қабілеттілік деңгейі төмен екенін байқаймыз, бұл жетілдіруді қажет ететіндігін байқатады. Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру үшін арнайы даярлаудың қажет екенін көрсетеді.

Эксперименттік жұмыстың қалыптастырушы кезеңіне өтпес бұрын, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру үдерісінің әдістемелік қамтамасыз етілуі келесі тармақта қарастырылды.

3.3 Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттіліктілігін қалыптастыру үдерісінің әдістемелік қамтамасыз етілуі

Алдыңғы тармақтарда көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары айқындалды. Айқындалған педагогикалық шарттардың жүзеге асуы барысында, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру үдерісінің жүзеге асуы мақсатында әдістемелік жұмыстар қолданылды. Анықталған педагогикалық шарттардың әдістемелік қамтамасыз етілуіне, жүзеге асу үдерісіне тоқталамыз.

«Әдіс» сөзінің этимологиясы танып білу жолы деген мағынаны білдіреді [126, б. 264]. Ол іс-әрекеттің тәсілі, шындықты меңгерудің практикалық және теориялық тәсілдер мен операциялардың жиынтығы. Яғни, оқу-тәрбие жұмыстарының алдында тұрған міндеттерді дұрыс орындау, білім беруші мен білім алушының бірлесіп жұмыс істеу үшін қоланылатын тәсілдер жиынтығынан тұрады. Оқыту әдістері жеке тұлғаның танымдық қызықушылығын туғызып, білім алушының ақыл-ойын дамытады. Ізденуге, жаңа білім алуға ықпал етеді. Оқытудың ең басты мәселесі білім алушылардың танымдық мотивіне әсер ету болып табылады.

Білім беру - бұл адамның әртүрлі іс-әрекеттері мен қарым-қатынасының жеке мәдениеті, ол өзінің дамуының белгілі бір кезеңдерінде өзін-өзі тәрбиелеуге ауысатын мақсатты және интегралды оқыту және тәрбиелеу жүйесі негізінде игереді [140, б. 21]. Білім беру мәселесінің тұлға дамуына бағытталғаны туралы көптеген ғалымдардың анықтамалары бар.

Білім беру – табиғат және қоғам жайлы ғылымдар жинақтаған білім жүйесін жеке тұлғаның меңгеруін және оны өмірде тиімді қолдана білуі. Бұл ұғымыды тұңғыш рет енгізген – Швейцар педагогы Иоганн Генрих Песталоцци болған [126, б. 264]. «Білім беру» туралы анықтамаларды зерделей келе тұлға ғылымның өмірде жинақтаған білімін тиімді пайдалануы, және оны басқа тұлғаға жеткізуі деп тұжырымдаймыз.

Оқыту технологиясы – бір жағынан оқу ақпаратын өңдеуге, бейнелеуге және өлшеуге арналған әдістер мен құралдардың жиынтығы, екінші жағынан оқытушының оқыту процесіне қажетті техникалық немесе ақпараттық құралдарды пайдаланып студентке әсер ету әдістері туралы ілім [171].

Оқу-әдістемелік жұмыс дегеніміз - білім беру үдерісін оқытушылық, тәрбиелік және дамытушылық мақсаттарға жеткізу үшін психологиялық-педагогикалық, дидактикалық-әдістемелік және оқу-материалдық объектілермен қамтамасыз ету бойынша білім беру ұйымының қызметі [172]. Педагогика ғылымында оқытуды ұйымдастырудың әртүрлі формалары, әдіс-тәсілдері бар.

Оқыту формасы әдіс пен амалдарға, құралдарға, білім алушының іс-әрекетіне тәуелді болады. Оқыту формасы оқытушының белгілі бір оқу материалын игеру барысындағы білім алушының оқу іс-әрекетін басқару және оқу тәсілдерін меңгерумен байланысты болады. Білім беру тарихында заманның

өзгерулеріне байланысты алуан түрлі оқыту әдістері мен нысандары болды. Баланы оқытудың әртүрлі формалары зерттеліп, олардың ішінен заманға лайықтылары іріктелініп алынып отырды.

Анықталған педагогикалық шарттар бірі-бірімен байланысты. «Көркем-шығармашылықтағы кәсіби дизайн» элективті пәні кәсіптендіру пәні болғандықтан сабақ өту барысында проблемалық оқыту, интерактивті оқыту, ұжымдық оқыту түрлері қолданылды. Бұл тәсілдер барлық пәндердің сабақ барысында қолданылса тиімділігі арта түседі деген болжам бар. Біз барлық пәндердің ішінде анықталған тиімді педагогикалық шартты «Көркем-шығармашылықтағы кәсіби дизайн» пәнін де қарастырдық. Аталған пән барысында сұрақ-жауаптар алынып, жарыстық бағалау тәсілдері қолданылды. Анықталған оқыту түрлері бәсекелестік ортаны қалыптастыру құралдары болып табылды. Сонымен қатар, «Көркем-шығармашылықтағы кәсіби дизайн» шығармашылық пән болғандықтан шығармашылықты дамыту мақсатында белгілі дизайнерлермен кездесу, дәріс алу жолдары қарастырылды. Мотивацияны, қызығушылықты дамыту арқылы шығармашылық ой шырдалып, шығармашылықты орта қалыптасты. Сонымен қатар көрмелерге қатысу, көрмелер ұйымдастыру әдістері де зерттеу мәселесі бойынша нәтижеге жеткізу құралы.

Алаштың көрнекті қайраткері М. Дулатұлының «Тіршілік – бәсеке, жарыс. Дүние бәйге үйретуші. Озғанға қарай бәйге береді. Жарыстың алды болып келген, бәйгенің алдын алады, ортасы болып келген, ортасын алады, соңында қалған, бәйгеден тіпті құр қалады. Дүниенің ісі осылай болған соң адамнан адам, жұрттан жұрт, ұлттан ұлт озсам дейді», - деген нақыл сөзі бар [173]. Нақыл сөзде тіршіліктің барлығы бәсекеден тұратынын және сол бәсекеде бәйге алардай болу керек екенін меңзеген. Бәсекеге, жарысқа қабілетті болмасаң, бәрінен құр қаласың, барлық адамзат баласы дүниенің ісі болғандай бір-бірінен озсам деген ниетпен өмір сүреді. Біздің ұққанымыз қоғам, тіршілік бар жерде үнемі бәсеке де болады. Сол бәсекені түсіне білу, бәсекеге қабілетті бола білу қатардан қалмай, жарыстың, тіршілік, білім бәйгесінің алды болу жас мамандардың ұстанымына айналуы қажет.

Педагогика ғылымында оқытуды ұйымдастырудың түрлі формалары бар. Оларды бүгінде дәстүрлі және қашықтан деп бөлеміз.

Соңғы жылдары пандемия салдарына байланысты кең ауқымда жүрген оқу формасы онлайн оқыту. Онлайн режимге көшудің эксперименті әлем бойынша жүріп жатыр деуге болады. Ғаламтор жүйесі бойынша білім алу Қазақстанның түкпір-түкпіріне тарады. Мұндай жаппай қашықтықтан оқу түрі біздің тарихымызда болмаған еді. Бәсекелестік орта құру барысында қашықтықтан оқытудың артықшылықтары мен кемшіліктерін қарастыру және оқу форматының тиімді-тиімсіздігін анықтау алдағы жұмыстарда қарастырылған [7,б. 133].

Аумалы-төкпелі бәсекелестік заманында қоршаған ортаның талаптарын орындау үшін ескі білімнің жеткіліксіз екені көрінеді. Бәсекелестік орта әр маманның өзгеден ерекше қабілеттерінің жеткіліктілігімен ерекшеленеді. Өзге

жоғарғы буын маманы игере алмаған қабілетті жас маман игеруі тиіс және қиындыққа төтеп беру міндетті. Себебі, бұл - заман талабы.

Техника мен технологияның қарқынды дамуының салдары және бастапқыда Қытай елінен анықталып, ары қарай бүкіл әлемге таралған COVID-19 пандемиясы барлық салаға өзгерістер әкелді. Қауіпті дерттен сақтану жолында адамдар бір-бірінен ара-қашықтықты сақтап, оқшаулана бастады. Әлем тап болған COVID-19 пандемия бірқатар қиындықтар туғызды. Білім беру жүйесінің алдында үлкен қиындықтар туындады. Коронавирустың арқасында білім берудің барлық салалары өзгеріске ұшырады. Білім беру мекемелері қашықтан білім алуға көшті. Өмірді ұйымдастырудың көптеген түрлерін қайта қарауға мәжбүрледі десек болады [174].

Пандемия кезінде біз қашықтан оқыту мен интерактивті оқыту арқылы білім беру, білім алу қызметін жүргізіп келеміз. Ең алдымен, ҚР Білім мен ғылым министрлігі жауапкершілікті өз қолына алып, жаңа білім алу түріне жаппай бейімделуге және оқушылар, студенттер мен ата-аналарды үйде қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз етуге жағдайлар жасады. Шалғай елді мекендерге ғаламтор желілері тартылды. Елімізде қашықтан білім алуға барлық жағдай жасалды және инфрақұрылым бойынша ешқандай қиындықтар жоқ деуге болады.

Қашықтан оқыту – бір-бірінен белгілі бір қашықта орналасқан білім алушы мен білім берушінің түрлі байланыс құралдары арқылы берілетін білім берудің тәсілі. Қашықтан оқытуда білім беру процесінің барлық компоненттері – мақсаты, мазмұны, оқыту әдістері және оқу нәтижесін бағалау толық сақталады [7, б. 133].

Қашықтан оқыту бойынша пандемия кезінде көптеген ғылыми еңбектер, мақалалар жарық көрген. Қашықтан оқытудың тиімділігі мен кемшіліктерін анықтау барысында Халықаралық басылымдардағы зерттеу жұмыстарын қарастыруды жөн санадық. Зерттеу жұмыстарын қарастыру барысында шет елдік ғалымдар арасында пікірталастар туындайды. Кейбір ғалымдар қашықтан оқытудың тиімді тұстары басымырақ десе, ал басым көпшілігі кемшіліктерін басып айтуда. Мысалы, Ресей ғалымдары О.В. Михайлов және Я.В. Денисова «Дистанционное обучение в российских университетах: «шаг вперед, два шага назад»?» атты ғылыми еңбегінде қашықтан оқытудың артықшылықтармен кемшіліктерін қарастырған. Зерттеу барысында қашықтан оқытудың кемшіліктері артықшылықтарына қарағанда басымырақ екені анықталған [175]. Сонымен қатар, У.С. Захарова, К.И. Танасенко да онлайн курстар бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізіп, кемшіліктер мен артықшылықтарын қарастырған [25, б. 1].

Сонымен қоса, V.J. David «Twenty - first Century Education: Transformative Education for Sustainability and Responsible Citizenship» атты ғылыми еңбегін қарастырсақ, ересек адамдардың арасында жүргізілген эксперименттердің нәтижесі бойынша цифрлы құрылғылардың экраны алдында ұзақ отыру мен депрессияға берілгіштіктің арасындағы байланыстың тым жақын екенін анықтаған [23, б. 2].

Жоғарыда көрсетілген белгілі ғалымдардың жүргізген ғылыми зерттеулеріне сүйенетін болсақ колледж және ЖОО студенттері үшін қашықтықтан білім алу өте тиімді деп айту әлі ертерек деп айта аламыз. ЖОО студенттері қашықтықта басқа қосымша жұмысты атқарып жүріп, білім ала алады. Уақытты пайдалануы бойынша тиімді болар, бірақ жеке дара топсыз алған білімі жеткілікті ме? Топпен білім алу және жалғыз білім алудың өз айырмашылықтары бар. Болашақ маманның бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруға жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуы жүретін орта үлкен әсер етеді. Болашақ бәсекеге қабілетті маманды дайындау үшін, оларды бәсекелестік ортаға салмай қалыптастыру мүмкін емес деген болжамнан туындайды. Болашақ маманның бәсекеге қабілетті болуына бәсекелестік орта керек. Орта арқылы студент өзін шыңдайды, бәсекелестік бар жерде даму болады. Жалғыз дара білім алғанға қарағанда жанындағы басқа студенттерді яғни, бәсекелестерді көріп білім алу болашақ маманды құлшындырады. Мұндай бәсекелестік ортаның білім алушыға ықпалын Ресей ғалымы Е.В. Евплова өз зерттеулерінде анықтаған [165, б. 54].

Яғни, бәсекеге қабілетті білім беру ортасын құру, біріншіден, шаруашылық жүргізуші субъектілер арасындағы бәсекелестік белсенділіктің дамуын қамтамасыз ететін, екіншіден, олардың экономикалық мүдделерін іске асыруға ықпал ететін және белгілі бір нәтижеге әкелетін шарт болып табылады.

Алайда, бәсекеге қабілетті білім беру ортасы жалпы тек көшбасшыларды даярлауға бағытталмайтынын түсіну қажет. Бәсекеге қабілетті білім беру ортасы кез-келген заманауи бәсекеге қабілетті маманға қажет жеке көшбасшылық қасиеттерді дамытады және қалыптастырады. Ол қасиеттер: зейінділік, мақсатшылдық, жауапкершілік, коммуникативтілік, креативтілік, рефлексивтілік, үнемі жаңарушылық және мотивация.

Қорытындылай келе, дәстүрлі сабақ барысында болатын бәсекелестіктегі жеңіс, сондай-ақ жеңілу студенттер үшін белгілі бір оқиғаға айналады, бұл оларды әртүрлі іс-шараларда бәсекелестікке және бәсекелесуге үйретеді. Егер студенттер өзара бірігіп шағын топтар болып жұмыс істеп, білім алса, онда бәсекеге қабілетті білім беру ортасы оларға өз командасының жетістіктеріне ықпал етуге және соның салдарынан нәтижелерге қол жеткізуге, ұжымда бірге өмір сүру ережелерін сақтауға мүмкіндік береді [7, б. 137].

Қашықтан білім алуды заманауи «трендтік» мүмкіндіктер деп дәстүрлі оқытудың орнына жүргізетін болсақ, болашақ мамандар көптеген мүмкіндіктерден артта қалып қойуы мүмкін деген қорқыныш бар. Жоғарыдағы ғылыми еңбектерде көрініп тұрғандай, қашықтан оқытудың артықшылықтарына қарағанда көптеген кемшіліктері бар.

Бәсекеге қабілетті білім беру қазіргі заманның басты талаптарының бірі. Қашықтан оқыту оқушылар және студенттер арасында жаңалық болып келуіне байланысты оларды қызықтырады, бірақ тез шаршатып, қажытыпта жіберуі ғажап емес. Сондықтан қашықтан білім беруді тек дәстүрлі білім алуға қосымша ретінде қарастыру тиімдірек деп айта аламыз. Сонымен қатар, қашықтан білім беруді мүлдем сызып тастау да дұрыс емес деген пікірдеміз. Себебі, заман

талабы қандай жағдай болса да қиындықтан жол таба білу керек деген талаптар қоюда. Сол талаптарды шешуде қашықтан оқыту қазіргі жағдайда өзінің қолжетімділігін, білімнің тасымалдаушысы екендігін көрсетті.

«Көркем-шығармашылықтағы кәсіби дизайн» элективті пәнінің әдістемелік қамтамасыз етілуі. «Оқу әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы № 583 Бұйрығының (өзгерістерімен) 9-тармағында көрсетілген бағыттарды негізге ала отырып, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтарды дайындау барысында «Көркем-шығармашылықтағы кәсіби дизайн» элективті курсы пәнінің әдістемелік кешені жасалды [172, б. 3].

6B01403 - «Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау», 6B01408 - «Кәсіптік оқыту», 6B01409 – «Сәндік өнер педагогтарын даярлау» білім беру бағдарламалары бойынша білім бакалаврын даярлау бойынша «Көркем-шығармашылықтағы кәсіби дизайн» пәні оқу курсының 6 семестріне оқу үдерісіне енді (Қосымша Ж).

Оқу жоспары – білім берудің тиісті деңгейіндегі оқу пәндерінің тізбесі мен көлемін, оларды зерделеу тәртібі мен бақылау нысандарын реттейтін құжат [126, б. 5]. Оқу жоспарында оқу орынының оқу жылдарында өтетін барлық оқу пәндерінің тізімі берілді. Сонымен қатар, аудиториялық сағаттар саны (дәрістік, тәжірибелік, зертханалық сабақтар) және студенттік өзіндік жұмысына (СӨЖ, СОӨЖ) берілетін сағаттар саны, сабақтың өту семестрі, пәннің коды беріледі. Оқу жоспарында игерілуі қажет пәндерициклдар бойынша бөлінеді. Олар: жалпы білім беру пәндері, базалық пәндер, кәсіптендіру пәндері. Сонымен қатар, пәндердің статустары беріледі. Статустар жалпы компонент, жоғары оқу орны бекіткен компонент және таңдау компоненті болып бөлінеді. Пәндер өз сәйкестіктеріне байланысты модульдерге бекітілген. Оқу жоспарын, оқу бағдарламасын ЖОО басшысы бекітеді.

Оқу жоспарында «Көркем-шығармашылық кәсіби дизайны» пәні «Кәсіби-көркемдік шеберлігі» модулінде бекітілген. Пәннің коды КД-4, базалық пән болып, таңдау компонентіне енген (Қосымша Е).

Академиялық кесте бойынша «Көркем-шығармашылықтағы кәсіби дизайн» пәні дәстүрлі форматта 6 семестрде оқытылады. Курс 4 кредиттен тұрды. Барлық сағат саны 120. Аудиториялық сағат саны 45 сағат. Соның ішінде дәрістік сабақтар 10 сабақ, практикалық сабақтар 20 сабақ. Студенттің өзіндік жұмысына барлығы 75 сағаттан бөлінген. Оның ішінде студенттің оқытушымен өзіндік жұмысына (СОӨЖ) 12 сағат, студенттің өзіндік жұмысына (СӨЖ) 63 сағат бөлінген. Сабақта алған білімі мен дағдылары, тапсырманы орындау іскерлігі, жиған тәжірибесі бойынша бағаланады.

«Көркем-шығармашылықтағы кәсіби дизайн» элективті пәні көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтарды дайындаудағы және тәрбиелеудегі негізгі арнайы кәсіби білім беретін оқу пәні болып табылады. Қазіргі заманауи жаңа бағыттағы педагогтарды дайындаудағы көркем-шығармашылықтағы кәсіби дизайн пәнін оқыту барысында – болашақ

мамандарға жоғары дәрежеде, сапалы түрде оқыту, кәсіптік оқыту жүйесінде жаңа көркем суретті жобалау, ұжым аралық жұмысты шығармашылық тұрғыда жүргізу қабілеттерін меңгереді. Тәжірибелік жұмыс барысында студент «Көркем-шығармашылықтағы кәсіби дизайн» пәні бойынша шығармашылық ізденістерді, алға қойған мақсатына жету үшін, оның ойлау қабілеті, бұйымның конструкциялық, ассоциация, жобалау, қалыпты өлшем, макет түрінде құрап ойлаудың абстракциялық жағын, жаңа үлгіні, бейнені жасап оны функциональді етуді үйренеді.

Көркемдік-дизайндық білім студенттің жеке ойын, талғамын дамытады... Заман талаптарын толық түсінетін, оның қыр-сырын меңгерген, жан-жақты тұлға әр-қашанда жоғары сұранысқа ие болары даусыз. Білімді және іскерлікті жетілдіру, өнерді түсіну жаңа заманның ескі талаптарының бірі болып қала бермек [176,177].

Стильдік бағыттың негізгі принциптерін: үйлесімділікті, заманауи талғамды, пішін мен пропорциялары, түстік байланыстары мен материалдардың қолдануын, әшекей сипаттамаларын, киімнің шығармашылық үлгілеуіндегі композициялық шешімдердің үйлесімділік заңдылықтары мен өнеркәсіп бірлестігін тереңдетіп меңгереді.

Студенттерге «Көркем-шығармашылықтағы кәсіби дизайн» элективті пәні шығармашылықтың орны мен оның ғылыми-теориялық негіздері жайлы білім беру, өлшем жұмыстарын орындау түрлерімен таныстыру, шығармашылық ойлай білу қабілеттері мен дизайн тәсілдерін одан әрі дамыту арқылы болашақ кәсіби біліктілігін арттыру, бәсекеге қабілеттілігін жетілдіруді меңгертеді.

Осы мамандық түлегінің педагогикалық іс-әрекетінде жүзеге асыру үшін қажетті икемдіктер мен дағдылардың қалыптасатын көркемдік-технологиялық білім жүйесі болып табылатын біздің зерттеуіміздің міндеттерін шеше отырып, біз оларды дайындау үдерісін терең қарастырамыз [178].

Курстың пререквизиті: «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Композиция негіздері», «Сурет және графика» «Түстану», «Арнайы сурет», «Өндірістік өнер тарихы», «Визуальді өнер», «Салалық материалтану» және т.б..

Курстың постреквизиті: «Инженерлік жобалау негіздері», «Компьютерлік жобалау негіздерімен сызу», «Дизайн-жобалау», «Робототехника негіздері», «Техникалық шығармашылық», «Кәсіпкерлік іс» және т.б..

Мақсаты: Болашақ көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру. Студенттердің көркем-шығармашылықтағы кәсіби дизайнның қоғамда алатын орны мен оның ғылыми-теориялық негіздері жайлы білім беру, кәсіптік жұмыстарын орындау түрлерімен таныстыру, дизайндық жобалау бағдарламаларын меңгеру, шығармашылық ойлай білу қабілеттері мен бұйымның жасалу тәсілдерін одан әрі дамыту арқылы студенттердің кәсіби дағдыларын қалыптастыру. Шығармалық ой, көркемдік және қолданбалы қол өнерінде көркемдік пішін құрылысы және ғаламдық көзқарасын дамыту.

Көркем-шығармашылықтағы кәсіби дизайн пәнін меңгеру барысында қолдалынатын компьютерлік бағдарламалармен жұмыс істеуді дамытып,

жарнама жасау қабілеттерін шыңдайды, кәсіби білімдерін арттырады. Заман талабына жауап бере алатын қасиеттер мен кәсіби білімді жинап, тәжірибеде қолдану жүйесін меңгереді. Бәсекеге қабілетті педагог болу барысында «Көркем-шығармашылықтағы кәсіби дизайн» пәні бойынша алған білімдері тиімділікті арттырады. Пән барысында студент шығармалық пен коммерциялық бағыттың тиімді жолдарын қарастыруды үйренеді. Бұйымды 3D жобалау әдістерін меңгеріп, оларды өндірісте, маман дайындауда ұтымды және үнемді қолдану жөнінде білімдері жетілдіріледі.

Міндеттері: Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтарын өз кәсіби қызметіне деген жүйелі көз-қарасын қалыптастыру, заман талабына сай білім беру, қоғамға қажетті кәсіби дизайнның негізгі бағыттарын, заманауи компьютерлік жобалау бағдарламаларын үйрету, дизайнерлік қабілетті жетілдіру арқылы бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыру болып табылады. Қалыптастыру барысында:

- пән бойынша жарыстар, ойындар өткізу барысында бәсекелестік орта қалыптастыру арқылы студенттің бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- проблемалық, ұжымдық, интерактивті, анықтамалық оқыту әдістерін қолдану арқылы студенттің, ынтасын, белсенділігін арттыру;
- қоғамның сұраныстарына, басты ерекшелігіне назар аударту, мезгіліндегі заманауи дизайнмен таныстыру;
- комбинаторлық шешім арқылы заттық ортада жобалайтын объектінің пішінін қалыптастыру;
- композицияны дұрыс әрі ұқыпты өнер түрде қолданудың заңдылықтарымен танысу;
- көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтарға қажетті ойлау қабілеті, шығармашылық шешім, қиялдау, заттық ортада бейнелеу образын және оның композициядағы шағылысын өркендету жолдарын үйрету.

Пәнді оқу барысында қолданылатын әдістер:

Пәннің оқу барысында қолданылатын әдістер теориялық курс-дәрістер конспектінің және тәжірибелік тапсырмаларды орындау, әдістемелік нұсқаулардан құрастырылады. Пәнді оқыту барысында проблемалық, ұжымдық, интерактивті оқыту әдістері қолданылады. Дәрістер конспектілері оқитын тақырыптар бойынша қысқаша мәліметтерді қарастырады. Алған білімді баянды ету және ойлағыштық әрекеттерін белсендіру үшін сабақ үстінде жарыстық сайыстар, ауызша сұрақ-жауаптар, бақылау жұмыстары, шығармашылық жұмыстар немесе тест жүргізіледі.

Студенттердің дайындығы:

Жобаланатын бұйымның сапалығын қамтамасыз етіп, ассортиментін жаңартып кеңейту мақсатымен студенттерді шығармашылық және техникалық негізде мәселелерді шешу жолдарымен таныстыру; Материалдар өндірісінің перспективалық жетілдірілген бағыттары мәселелерінде бейімдеуді үйрету;

- шығармашылық үлгілеуінің тәсілдік сипаттамасын және бұйымның құрастыруын;

- компьютерлік жобалау бағдарламалары бойынша тәжірибелік шеберліктерін арттыру бағытында тапсырмалар орындалу;
- қоғамның талғам бойынша талаптарын үнемі бақылау және түрлі тәсілдермен үлгілеу әдістерін үйрету.

Студенттердің дәріс, тәжірибелік сабақ барысында қолданылған әдістермен дайындалу мақсатындағы теориялық ақпараттар негізінде ұсынылған ғаламтор, электронды ресурстарды, әдебиеттермен кітапханалардағы жұмыс, сонымен қатар оқытушы ұсынған әртүрлі графикалық бейнелеу тәсілдері мен жолдарына арналған үй тапсырмаларын орындау түрінде жүргізіледі.

Ресей ғалымдары Н.М. Колычев, В.В. Семченко, Г.Г. Левкин, Е.В. Сосновская дәріс туралы былай деген:

Дәріс – бұл бүкіл оқу курсының жетекші буыны, студенттердің қабылдауының тұтастығы мен толықтығын қамтасыз ететін көлемді теориялық материалдарды ұсыну тәсілі. Дәріс пән бойынша ғылыми білімнің жүйелік негізін құрауы керек. Студенттердің назарын ең күрделі, негізгі мәселелерге аудара отырып, ғылым мен техниканың тиісті саласының жағдайы мен даму перспективаларын ашу, олардың белсенді танымдық белсенділіктерін ынталандыру және шығармашылық ойлаудың қалыптасуына ықпал ету [176, б. 10]. Дәріс конспекттері оқылтын пән бойынша қысқаша теориялық мәліметтерден тұрады. Тақырыпты тереңірек меңгеру үшін бейне материалдар, графикалық тұрғыдағы көрнекі құралдары, жарыстық бәсекелестік тұрғыда ойындар қолданылады. Алынған білімін бекіту үшін карточкалармен пікір – талас, сұрақ жауаптар жүргізіледі. Пәннің тәжірибелік курсына тәжірибелік жұмыстардың дәріс тақырыбына сай жүргізіледі.

Қазіргі уақытта ақпараттың көптігінен, студенттер арасында дәріс сабақтарына қызығушылық азайып барады. Себебі, студенттер кез-келген ақпаратты ғаламтор жүйесінен тауып аламыз деген ойда болады. Сонымен қатар, студенттер дәрістік конспекттерді көшіріп әуре болғанша, ғаламтордан оқи салу оңай деп есептейді. Бұл олардың ынтасын едәуір төмендетеді. Бірақ студенттер аталған тақырыптар бойынша ғаламтордан сапасыз ақпараттарды жинап жатады және жаңа пәндер бойынша кітаптар жеткіліксіз болуы ықтимал. Осы қателіктерді болдырмау үшін, студенттерді дәрістік материалдармен жұмыс жасауын қамтамасыз ету тиімді. Дәріс кезінде студент және оқытушы арасында кері байланыс орнап, студент өзінің түсінбеген сұрақтарын тікелей қоя алады. Кітапта және ғаламторда бұл мүмкіндік болмайды.

Сабақ барысындағы дәріс оқытын оқытушының рөлі маңызды. Оқытушы керекті материалды құрылымдап, оны қажетті уақытта, керекті жерде студентке жеткізе білуі қажет. Оқытушы әр дәріс сабақтарына жауапкершілікпен қарап, студенттермен кері байланыс орната білуі маңызды. Дайын жазбаларды студенттердің алдында оқып шыққан адам жақсы дәріскер бола алмайды. Аудитория дәріскердің реакциясын сезініп, соған қарай жауап беруі қажет. Дәріс сабақтары арасында сұрақ-жауаптар алып, студенттің ойлау қабілеттерін тереңдетіп отырған маңызды. Сабақ барысындағы жарыстық сұрақ-жауаптар

студенттер арасында бәсекелестік ортаны қалыптастырып, пәнге қызығушылықты арттырады.

Дәрістерге қойылатын негізгі талаптарға қол жетімділік, ғылыми сипат, мазмұны түсінікті, өмір тәжірибесінде қолданылған, басқа тақырыптармен байланыс жатады.

Әрбір дәріс:

- ұсынылған мәселелер тақырыпты аша білуі керек және тақырыптың нақты құрылымымен логикасына сәйкес болуы шарт;
- мағызды мәселені анықтайтын теориялық және әдістемелік өзегі болуы қажет;
- белгілі тақырыпты толық қамтып, алдағы тақырыппен байланысы болуы маңызды;
- мәселені ашып, шешу жолдарын көрсетіп, студенттерге сұрақтар ұсыну керек;
- студенттердің қажетті қызығушылығын тудыратын логикалық ойланатын өзіндік жұмыстардың болуы қажет;
- тәжірибелік жұмыспен нақты байланыста болуды қамтамасыз етуі керек.

Тәжірибелік жұмыс барысында дизайн негіздерінің бағыттары, киім эволюциясында құрылыстың, сәндік безендірудің түрлері, дизайнның белгілі салалары, интерьерлік стильдердің заманауи түрлерімен танысып, озық компьютерлік жобалау бағдарламаларымен жұмыс жүргізе алады. Жарнамалау түрлерімен және баспа дизайнымен, жобалаудағы заманауи коммерциялық тиімді дизайнның түрлерінде электронды компьютерде немесе қағаз бетіне эскиздер орындайды. Шығармашылықты, креативтілікті арттыру жолдарын қарастырады.

Ресей ізденушілері Ю.Н. Жулькова, Е.В. Яшкова, Г.И. Исламова «Опыт проведения практических занятий со студентами старших курсов вузов» атты ғылыми еңбегінде өздерінің тәжірибелері туралы бөліскен [179]. Осы ғылыми еңбегінде авторлар әр түрлі топтардағы және әр түрлі пәндердегі педагогикалық тәжірибелеріне сүйене отырып, тәжірибелік сабақтарды ойын түрде өткізу тиімді екенін айтады. Сабақ барысында ойын ойнау студенттердің сабаққа деген қызығушылығын, рухын оятады. Студент сабақ барысында өзін еркін сезініп, қарым-қатынас арта түсетінін тұжырымдаған. Бұл әдісті қолдану көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтарға бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыру барысында тиімді деп қарастырдық.

Тәжірибелік сабақ барысында сабақ тақырыбына байланысты түрлі ойындар, жарыстар, сұрақ-жауаптар өткізу педагогикада кеңінен қолданылатынын жоғарыдағы зерделенген ғылыми еңбектерден және оқытушылық іс-тәжірибеден білеміз. Сонымен қатар, сабақ барысында ойналатын жарыстық ойында студенттер арасында бәсекелестік орта қалыптасатынын қарастырған болатынбыз.

«Көркем-шығармашылықтағы кәсіби дизайн» элективті пәнінде алынған білімді кеңейтіп бекіту үшін, студенттің өзіндік жұмыстары (СӨЖ)

карастырылған. СӨЖ тақырыптары әр бір студент үшін жеке беріліп, шығармашылық жұмыс, 3d жобалау, макет түрінде орындалады. СӨЖ барысында көрмеге қатысу немесе ұйымдастыру жұмыстары арқылы жүреді. Студенттер тапсырма орындау барысында көрнекі бұйым дайындап, дайын бұйымдардан көрмелер ұйымдастырады. Студенттер өз жұмыстарына баға береді. Нәтижелі жұмыс атқару үшін студенттің академиялық адалдығын сақтау, оқу үдерісіне белсенді қатысу, уақтылы берілген тапсырмаларды бақылау кестесіне сай орындап отыруы қажет. Пәнді оқу кезінде студентті белсенді, төзімді және ашық-жарқын қарым-қатынаста болуға шақырамыз.

Тәжірибелік сабаққа мысал ретінде 3-тәжірибелік сабақты қысқаша шолып көрсеттік. Сабақ компьютерлік бағдарламаны қолдану арқылы жүреді.

Сабақтың тақырыбы: *3 ds max бағдарламасының жұмыс жасау барысымен танысу және жобалау.*

Сабақтың мақсаты: Компьютерлік 3d жобалау әдістері арқылы қарапайым нысандарды орындау.

Сабақтың барысы:

Интерфейсті және жылдам пернелерді орнату:

- 3ds max интерфейсі. Пәрмен тақтасы. Create;
- 3ds max интерфейсі. Пәрмен тақтасы. Modify;
- бірліктердің метрикалық жүйесін орнату;
- көру экрандарын басқаруға арналған жылдам пернелер;
- негізгі құралдарды таңдау үшін жылдам пернелер;
- жылдам пернелер тіркесімдері.

Тәжірибелік сабақтарда білім алушылар 3d модельдеу негіздерін меңгереді, өздерінің авторлық қолжазбаларын, тәсілдері мен жұмыс құрылымын дамытады [180].


Сабақ барысында компьютерлік 3 ds max бағдарламасындағы шаблондарды пайдаланып, қарапайым бұйымдардың үлгілерін жасаудан бастап, күрделі жобаларды орындау да қолға алынады. Жылдам пернелердің көмегімен бұйымдарды модельдеуді, жобалауды үйренеді.

Нысандар көрінетін масштабта ашылады. Нысанды жан-жақты жете қарап шығуға, үлкейтуге немесе кішірейтуге болады. Жылдам пернелерді пайдаланып жұмыс жасаған жеңілдік әрі жылдам болады. Оң жақта құралдар панелі берілген. Бұл панель әр түрлі құралдардың белгілері бар суреттерден тұрады. Құралдарды таңдау арқылы бұйымның пішінін, түсін, көлемін және т.б. өзгертуге болады. Пәрмен тақтасында нысанның төрт көрінісі берілген. Көрініс төбесінен, жанынан, алдынан және қиғашынан (перспектива). Бағдарламаның жұмыс тақтасы және жұмысты жеңілдету мақсатында дайын шаблондардың көмегімен бұйымдар жобалауға мысал 15-суреттерде көрсетілген.

Студент тәжірибелік сабаққа қажетті құрал-жабдықтарын талапқа сай толық дайындап келуі міндетті. Көрсетілген тақырыптарға сай үй тапсырмалары, сабаққа қажетті қосымша жұмыстар тиянақты орындалынып отырады. Студенттердің тәжірибелік сабақтарда орындалған жұмыстарды талдауда, сараптама жасауда қажетті терминологиялық сұрақтар бойынша

жазбаша немесе ауызша дайындықтары болуы қажет етіледі. Барлық жекелей орындалатын тапсырмалар кесте бойынша белгіленген уақыттарға сай тапсырылуы міндеттеледі.

Тапсырма: Шаблондарды пайдаланып эскиздер орындау.



Сурет 15 - Шаблондарды қолдану әдістеріне мысалдар

Студент оқытушы ұсынған дәрістік конспектісін, бейне-лекцияларды, презентациялар, тәжірибелік жұмыстардың әдістемелік нұсқауы мен силлабуста көрсетілген негізгі және қосымша әдебиеттерді қолданып, әрбір дәрістік және тәжірибелік сабаққа дайындалуы қажет.

Студенттердің тәжірибелік сабақтарға дайындалу мақсатындағы теориялық ақпараттар негізінде ұсынылған әдебиеттермен кітапханалардағы жұмыс, сонымен қатар оқытушы ұсынған әртүрлі графикалық бейнелеу тәсілдері мен жолдарына арналған үй тапсырмаларын орындау түрінде жүргізіледі.

11-кестеде дәріс сабақтарының тақырыптық тізімі жасалған. Барлық сабақ саны 10 дәріс қарастырылған.

Сондай-ақ, 12-кестеде тәжірибелік сабақтардың тақырыптық тізімі көрсетілген. Барлық сабақтарға бөлінген сағат - 20, тәжірибелік өтілетін сабақ саны - 11.

Кесте 11 - Дәрістік сабақтардың тақырыптық тізімі

Дәріс №	Дәріс сабақтардың тақырыптар тізімі	Сабақ саны
1	2	3
Дәріс №1	Дизайнның мәні, түрлері	1
Дәріс №2	Дизайнның заманауи материалдары	1
Дәріс №3	3 ds max бағдарламасының ерекшеліктері және кеңістікте бұйым үлгісінің моделін құру	1
Дәріс №4	Жарнамалық дизайнның қызметі. Сыртқы және ішкі жарнама	1
Дәріс №5	Жарнама дизайны. Медиа сауаттылық және медиа жарнаманың қызметі және тиімділігі. Таргетинг	1

11-кестенің жалғасы

1	2	3
Дәріс №6	Қазіргі заманғы стильдер түрлері	1
Дәріс №7	Киім дизайны	1
Дәріс №8	Ұлттық сән әлемі	1
Дәріс №9	Сәндік бұйымдарды жобалау	1
Дәріс №10	Стайлинг және Тюнингтеу әдістері	1
Барлық сабақ саны		10

Кесте 12 - Тәжірибелік сабақтардың тақырыптық тізімі

Тәжірибелік сабақ №	Тәжірибелік сабақтардың тақырыптар тізімі	Сабақ саны
1	2	3
Тәжірибелік сабақ №1	Кіріспе. Дизайндың мәні, түрлері. Дизайндағы композиция	2
Тәжірибелік сабақ №2	Дизайндың құралдары. Түстер және құрылым.	2
Тәжірибелік сабақ №3	3 ds max бағдарламасының жұмыс жасау барысымен танысу және жобалау	2
Тәжірибелік сабақ №4	Баспа өнімдерінің дизайны. Жарнамалық дизайн	2
Тәжірибелік сабақ №5	Ішкі және сыртқы жарнама. Жарнамалау әдістері	2
Тәжірибелік сабақ №6	Заманауи стильдерді пайдаланып, бұйымдардың эскиздерін орындау	2
Тәжірибелік сабақ №7	Заманауи киім үлгілерінің коллекциясын орындау	1
Тәжірибелік сабақ №8	Ұлттық нақышта әйелдер көйлегінің коллекциясын үлгілеу	2
Тәжірибелік сабақ №9	Сәндік бұйымдарды үлгілеу	1
Тәжірибелік сабақ №10	Түрлі компьютерлік бағдарламалармен үлгілер жасау	2
Тәжірибелік сабақ №11	Дизайндағы стайлинг. Тюнингтеу әдістері	2
Барлық сабақ саны		20

Оқу сабақтарын өткізу түрлері. Дәрістер, тәжірибелік сабақтар: Сабақ барысында дәстүрлі, проблемалық оқыту, ұжымдық оқыту, интерактивті оқыту әдістері, педагогикалық ойындар пайдаланылды. Сабақта бейне роликтер, дискуссиялар, тренингтер, қонақ дәрістері, вебинарлар, бейнеконференциялар, белсенді интерактивті оқыту әдістерін қолдану арқылы, жарыстық сұрақ-жауаптар, университеттің ПОҚ және ҚР жетекші жоғары оқу орындары мен шетелдік жоғары оқу орындары әзірлеген әдістемелері қолданылды. Сонымен қатар, студенттерге «Ұлттық нақышта әйелдер көйлегінің коллекциясын үлгілеу» тақырыбындағы № 8 тәжірибелік сабақта дизайн туындысы «Ханшайым» коллекциясының эскиздері орындалып, студенттерге бұйымдарды модельдеу, құрастыру, өңдеу технологиясы көрсетілді (Қосымша А). Коллекция бес бұйымнан тұрады.

Сабақты жүргізу барысындағы оқыту әдістерінің сипаттамасы. Білім беру жүйесінде оқыту әдістерін таңдау дидактикалық мақсатқа, студенттердің

білім деңгейіне, қоғамның жағдайына, әдістемелік тиімділігіне байланысты жүзеге асырылады.

Сабақ – оқытуды ұйымдастырудың негізгі нысаны. Сабақ уақыты белгіленген уақытта, қысқа, сондықтан ол күрделі және жауапты кезең. Сабақтың сапасы білім алушының дайындығына, қабылдауына тікелей әсер етеді. Жақсы сапалы сабақ беру күрделі жұмыс. Сабақтың жүру барысы негізінен оқытушының сабаққа қойылатын талаптарды түсінуіне және орындауына байланысты болады. Сабақтың талаптарын әлеуметтік сұраныс, білім алушылардың жеке қажеттіліктері, оқыту мақсаты мен міндеттері, оқу үрдісінің заңдылықтары мен принциптері анықтайды. Сабақ құрылымы сабақ барысында оның құрамды бөліктерінің, кезеңдерінің бір-бірімен ұштасып, белгілі тәртіппен жүзеге асырылады.

Педагогикалық (дидактикалық) ойын - бұл ұйымдастырудың бір түрі бастапқыда табысқа жетелейтін, арнайы әзірленген сценарий мен ережелер бойынша жүзеге асырылатын, білім алушылардың өзін-өзі ұйымдастыруына барынша сүйенетін; адам іс-әрекеті мен қарым-қатынас тәжірибесін қайта жасайтын немесе модельдейтін студенттердің мақсатты ұйымдастырылған іс-әрекеті негізінде педагог жүзеге асыратын тұлғаны оқыту, тәрбиелеу және дамыту [149].

Пәнге қызығушылықты арттыру және білім, іскерліктермен дағдыны қалыптастыру мақсатында интеллектуалдық ойындар, танымдық ойындар, шығармашылық және іскерлік ойындар ойнатылады.

Оқыту әдістерін жіктеу. Әдістер белгілі бір оқу-тәрбие үдерісінде бірнеше талаптар бойынша топтарға бөлінеді. Егер оқыту әдісі хабарлау болса, оқудың негізгі тәсілі жаттау немесе оқушылардың үлгі бойынша жұмыс істеуімен сипатталады. Мұндай оқу әдісін шартты түрде орындаушылық деп атаймыз. Бұл әдісті сабақ барысында үнемі қолдану студентті жан-жақты білім алудан шектейді. Педагогикада оқытудың әдістері өте көп. Білім беру жүйесінде оқыту әдістерін таңдаудың дидактикалық мақсатқа, студенттің білім деңгейіне, оқытушының білім деңгейіне, пәннің ерекшеліктеріне байланысты жүзеге асырылып жатады. Пән оқытушысына оқыту әдісін таңдау – күрделі үдерістің бірі. Әр сабақ, әр тақырып оқытудың ерекше тәсілдері мен әдістерін талап етеді. Сондықтан оқытуда әртүрлі әдістерді қолдану қажет.

Сол көп әдістердің ішінен біз өз зерттеу пәнімізге, мамандықтың ерекшеліктеріне байланысты ыңғайлы, тиімді әдістерді нақтыладық. Оқыту әдістері: *проблемалық оқыту, ұжымдық оқыту, интерактивті оқыту.*

Проблемалық оқыту әдісі - бұл оқыту әдісі оқытушының басшылығымен өтетін білім алушылардың оқу міндеттерін шешуге бағытталған өзіндік ізденіс әрекеттерін ұйымдастыруға арналды. Проблемалық оқыту қазіргі кезде еліміздің білім ордаларында кеңінен танылуда. Проблемалық оқыту туралы еліміздің педагогтарының көптеген ғылыми еңбектері бар. Олар З.Қ. Сапанованың «Проблемалық оқыту – ізденіс танымдық әрекеттің негізгі құралы» [181], М.Д. Жорокпаева, Н.М. Абешовалардың «Проблемалық оқыту технологиясы» [182],

Ж.Б. Мырзалиева, А.Қ. Ахмединаның «Білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялар» [183] және т.б.

Проблемалық оқыту ізденісі барысында білім алушыларға жаңа білім, ептілік, жаңа дағдылар, ізденуге қызығушылық, танымдық белсенділік, креативті ойлау қабілеті, ой-өрісі, ізденімпаздығы және т.б. тұлғалық маңызды сапалы қасиеттері дамиды. Проблемалық оқыту технологиясының сипаттамасы: оқытушы білімді дайын күйінде ұсынбай, студенттердің алдына шешілмеген мәселе ретінде қояды және ол мәселені шешуге қызықтырады. Мәселенің шешілу жолдарын, әдіс-тәсілдерін табуға ынталандырады. Студенттер оқытушының басшылығымен немесе жеке дара ол мәселенің шешімін табу жолдарын зерттейді, болжамдар жасайды, оның шынайылығын тексеру тәсілдерін белгілейді және талқылайды, пікірлер алмасады, жасаған жұмыстарының нәтижесін дәлелдейді.

Ұжымдық оқыту әдісі - оқу үрдісін төрт түрлі ұйымдастыру түрлері, яғни, жекелей, жұптық, топтық, ұжымдық тәсілдер арқылы жүзеге асыру. Ұжымдық оқыту әдісі әр оқушының бір сәтте әрі оқушы, әрі мұғалім ретінде болатындай етіп оқу үрдісін белсендіре түседі. Оқу әрекетін ұйымдастыруда ұжымдық оқыту әдісі әр оқушының өз мүмкіндігін барынша қолдануға, ал мұғалімге әр балаға деңгейіне сай оқуына мүмкіндік туғызады. Мұндай оқыту түрі тек қана бірлесіп жұмыс істеу емес, сонымен қатар, жарысқа түсу, бәсекелесуді қарастырады [184]. Адамды ұжымның өндірістік қызметі жүйесіне және тұтастай алғанда қоғамның тіршілік жүйесіне қосылуы жеке тұлғаға тән ерекше қасиеттердің туындауына алып келеді. Дара жеке тұлғаның белсенділігіне ұжымның, қоғамның, жалпы мәдениеттің үлесі бар.

Ұжымдық оқытудың мақсаты: студентті жан-жақты дамыту.

Ұжымдық оқытудың негізін қалаған Ресей ғалымы В.К. Дьяченко. В.К. Дьяченконың оқыту тәсілі бойынша басты мәселе - оқытудың маңыздылығы. Оқыту - бұл өзара адамдармен әрекеттесу [185].

Ұжымдық оқыту тәсілі - бұл тәсілдің ұйымдастырушылық құрылымы оқытуды ұйымдастырудың барлық төрт формасынан тұрады: жеке, жұптық, топтық және ұжымдық. Бұл ретте жетекші, жүйе құраушы ұжым болып табылады.

Интерактивті оқыту әдісі – бұл ең алдымен студент пен мұғалімнің қарым-қатынасы тікелей жүзеге асатын сұхбаттасып оқыту болып табылады. Интерактивті оқыту танымдық әрекеттің арнайы формасы. Ол толық айқындалған және мақсатын алдын ала болжауға болатын оқыту түрі. Сабақтағы интерактивтік әрекет өзара түсіністікке, өзара әрекетке, қатысушылардың әр-қайсысына қажет міндетті бірлесіп шешуге алып келетін – ұйымдастыру және қарым-қатынас жасауды дамытуды ұсынады.

Интерактивті оқыту технологиясы бойынша отандық педагог Н.А.Тойбазарованың оқу құралы 2019 жылы басылып шыққан [186]. Онда келесі төмендегі мәселелер қарастырылған.

Интерактивті оқыту білім игеру процесін ұйымдастыруда келесі мәселелерді шешеді:

1) барлық үйренушілерге бірлескен таным процесіне белсенді араласуға мүмкіндік жасау.

2) әрбір үйренушінің өзінің үйренгені мен өз білімі туралы түсініктерін ортағасалып, бірлесе талқылап, олар туралы ой толғауына мүмкіндік жасау.

3) үйренушілер білімді өздігімен құрастыратын орта құру. Интерактивті оқыту - әрекет көмегімен және әрекет арқылы үйрету, ал мұндай ұстаным қомақты нәтижелерге жеткізетін ең тиімді жүйе деп есептеледі, өйткені адамның жадында бірнеше мезетте тек өзінің әрекеті мен өз қолымен жасағаны ғана қалады. Сол себепті де интерактивті оқыту үйренушілердің оқу процесіндегі белсенді әрекеттерін үйренудің негізгі құралдары мен тәсілдері ретінде таниды. Сондықтанда интерактивті оқу/оқыту оқу процесінің тиімділігі мен нәтижелігін үйренушілердің есте сақтау дәрежесімен өлшемей, олардың әрекеттерімен бағалайды, тек әрекет арқылы ғана үйрену ықтимал деген қағида ұстанады. Интерактивті оқыту оқушының тәжірибесі тұрғысынан жасаған белсенді қарым-қатынасқа негізделеді [186, б. 2].

Интерактивті оқыту кезінде студент көбінесе оқытушымен диалогқа түседі. Сонымен қатар, шығармашылық іздеу, мәселелік тапсырмаларды орындай отырып, танымдық үдеріске қатысады.

Оқытудың интерактивті әдістері келесі артықшылықтарды қалыптастырады:

- жеке байланыстар орнату, ақпарат алмасу мүмкіндігі;
- идеяларды жобаларды ұсыну, тұжырымдау қабілеті;
- стандарттан тыс шешімдер қабылдауға;
- өз қателіктерін ұғынып оны қайталамауға;
- өз ойларын анық және түсінікті сенімді түрде жеткізе білуге;
- өз қызметі мен уақытын тиімді басқара білуге;
- қабылданатын қадамдардың барысын алдын-ала болжау қабілеті;
- кез-келген топқа бейімделу қасиеті.

Интерактивті әдіс отанымыздың білім беру ордаларында тиімді қолданылып келеді. Бұл оқыту әдісінің бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру барысында артықшылықтары туралы отандық педагог Ж.О.Жубанова атап өткен. Ж.О. Жубанова «Интербелсенді оқыту негізінде бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастырудағы мұғалім келбеті» атты коучингінде интерактивті оқыту әдістерін толық сипаттаған және оқыту әдіс-тәсілдері, мысалдары, оқыту технологияларының бәсекені қалыптастырудағы тиімді әдістері қарастырылған [187]. Қарастырылған ғылыми зерттеу жұмыстарына және оқытушылық іс-тәжірибеге негізделіп, берілген әдіс-тәсілдерді оқу үдерісінде қолдансақ, білім сапасы арта түседі және нақтыланған педагогикалық шарттардың жүзеге асуына ықпал етеді, яғни көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігі қалыптасады деген тұжырымға келеміз.

Қорыта келгенде, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың әдістемелік жүйесі нақтыланды, «Көркем-шығармашылық бағыттағы кәсіби дизайн» элективті пәнінің оқу-әдістемелік кешені жасалды және оқу үдерісіне енді, оқытудың

тиімді формалары, әдістері айқындалды. Оқу үдерісінде тиімді оқыту әдістері (интерактивті оқыту, проблемалық оқыту, ұжымдық оқыту әдістері) қолданылды. Ойындар (интеллектуалдық ойындар, танымдық ойындар, шығармашылық ойындар, іскерлік ойындар) ойнатылды. Креативтік тапсырмалар (күзiреттiлiкке бағытталған тапсырмалар, проблемалық жағдаяттар, идеялар аукционы) ұсынылды, көрнекілік құралдары (макеттер, сызбалар, эскиздер, бұйымдар коллекциялары, бейнероликтер, компьютерлік оқыту құралдары және т.б) қолданылды.

Сонымен қатар, оқу-тәрбие үдерісінде қолданылатын іс-шаралар түрлері, яғни, көрмелерге, байқауларға қатысу, шығармашылық жұмыстарды көрсетілімдер (показ) арқылы бағалау, жұмыс берушілермен байланыс жасау сияқты нәтижеге жету жолдары қарастырылды және көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру барысында оқу үдерісінде жүзеге асты.

Оқытудың қашықтан оқыту формасы тек дәстүрлі білім алуға қосымша ретінде қарастыру тиімдірек екені жоғарыдағы ғылыми еңбектерді талдау жұмыстарынан айқындалды.

Сонымен қатар, оқу-тәрбие үдерісінде қолданылған іс-шаралар түрлері көрмелерге, байқауларға қатысу, шығармашылық жұмыстарды көрсетілімдер (показ) арқылы бағалау, жұмыс берушілермен байланыс жасау, кездесулерге қатысу қарастырылды. Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру жұмысы оқу-тәрбие үдерісінде жүзеге асты.

3.4 Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың қорытындысы

Эксперименталдық жұмыстың қалыптастырушы кезеңі М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің базасында жүрді. Экспериментке көркем-шығармашылық бағытта білім алатын педагогикалық білім беру бағдарламаларының жоғары курс студенттері қатысты. Аталған білім беру бағдарлама студенттерін 2 топқа бөлідік. Олар, ЭТ және БТ болып белгіленді. Экспериментке барлығы 264 студент қатысты. ЭТ-132 студент болса, БТ-да да 132 студент болды.

Эксперименталық жұмыстың қалыптастырушы кезеңі келесі міндеттерді атқарды:

Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың құрылымдық моделін, анықталған педагогикалық шарттарын оқу үдерісіне енгізу және тәжірибелік-эксперименттік жолмен тексеру;

Эксперименттік топтағы қалыптасу үрдісіндегі өзгерістерді есепке алу және тіркеу;

Қалыптасудың серпінін анықтау және тіркеу.

Көрсетілген міндеттерді шешу үшін ең алдымен көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың құрылымдық моделінің тиімді жүзеге асуы үшін анықталған педагогикалық шарттарды оқу үдерісіне әдістемелік жүйе негізінде енгіздік және оны эксперименттік жолмен тексердік.

ЭТ оқу сабақтарын өткізу түрлері дәстүрлі форматта өтті. «Көркем-шығармашылық бағыттағы кәсіби дизайн» элективті пәнінің оқу-әдістемелік кешені жасалды және оқу үдерісіне енді. Оқу үдерісінде тиімді оқыту әдістері (интерактивті оқыту, проблемалық оқыту, ұжымдық оқыту әдістері) қолданылды. Ойындар (интеллектуалдық ойындар, танымдық ойындар, шығармашылық ойындар, іскерлік ойындар) ойнатылды. Креативтік тапсырмалар (күзиреттілікке бағытталған тапсырмалар, проблемалық жағдаяттар, идеялар аукционы) ұсынылды, көрнекілік құралдары (макеттер, сызбалар, эскиздер, бұйымдар коллекциялары, бейнероликтер, компьютерлік оқыту құралдары және т.б) қолданылды.

Сонымен қатар, оқу-тәрбие үдерісінде қолданылатын іс-шаралар түрлері, яғни, көрмелерге, байқауларға қатысу, шығармашылық жұмыстарды көрсетілімдер (показ) арқылы бағалау, жұмыс берушілермен байланыс жасау сияқты нәтижеге жету жолдары қарастырылды және көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру барысында оқу үдерісінде жүзеге асты.

Студенттер сабақ барысында өз белсенділіктерін жоғары көрсетті. Оқытушымен көрме залдарына барды. Мәдени іс-шараларға қатысты. Белгілі қоғам қайраткерлерімен және суретшілер, дизайнерлер одағының мүшелерімен кездесулерге қатысты. Студенттер арасында шығармашылық жарыстар, көрмелер ұйымдастырылды. «Жобалаушылар конкурсы» атты жас дизайнерлер және басқа педагогикалық мамандық студенттері арасында шығармашылық конкурстар ұйымдастырып, белсенділіктерін көрсетті. Аталған конкурста студенттер сабақ барысында орындаған 3D жобаларын, шығармашылық жұмыстарын таныстырды және өз жұмыстарын салыстырмалы түрде бағалау әдістері ұсынылды. Студенттер өз жұмыстарына баға берді.

Сонымен қатар, бос орындар жәмеңкесіне қатысу мақсатында Тараз, Шымкент, Талдықорған қалаларының және аудандардың білім беру мекемелері туралы мәліметтер жинады. Олардың әлеуметтік желілерін анықтап, парақшаларына тіркелді. ЭТ студенттері үнемі жұмыс беруші мекемелердің тұрмыс-тіршілігінен хабардар болып отырды. Білім беру мекемелерінде болып жатқан өзгерістермен, іс-шаралармен, талаптармен танысып, өз пікірлерін білдірді.

БТ топ студенттеріне біздің анықтаған педагогикалық шарттардың ешқайсысы енгізілмеді. Бұл топта да басқа топтардағыдай білім беру бағдарламасы бойынша оқу үдерісі жалғасып жатты.

Эксперименттік жұмыстың жүзеге асу барысының көрсеткіш деңгейін анықтау үшін топтардан эксперименттік жұмыстың ортасында бәсекеге


қабілеттілікті қалыптастыру компоненттері бойынша тесттер, сауалнамалар алынды.

Аталған негізгі төрт компонент бойынша анықталған нәтижелерін қосып, эксперименттік топ бойынша көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің қалыптасу деңгейін анықтадық. Есептеу математикалық статистикалық әдістер арқылы жүргізілді. Бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыру барысындағы эксперименттік жұмыстардың жүру деңгейі келесі 13-кестеде берілген.

Кесте 13 - Эксперименттік жұмыстың жүзеге асуы (эксперимент ортасында) барысында ЭТ және БТ студенттерінің бәсекеге қабілеттілік деңгейі

Топтар	Студенттер саны	Көрсеткіш деңгейі					
		минималды		жалпы		жетілген	
		студент саны	пайызы	студент саны	пайызы	студент саны	пайызы
ЭТ	132	33	25 %	62	47 %	37	28 %
БТ	132	51	39 %	57	43 %	24	18%

Эксперименттің қалыптастырушы (эксперимент ортасы) кезеңінде бәсекеге қабілеттіліктің динамикасын нақты көрсету үшін көрсеткіш деңгейін топ бойынша диаграмма түрінде көрсеттік. Диаграмма төменде 16-суретте көрсетілген.



Сурет 16 - Эксперименттік жұмыстың жүзеге асуы барысындағы топтар бойынша бәсекеге қабілеттілік деңгейінің көрінісі

Кестедегі және диаграммадағы мәліметтерге сүйенсек эксперименталды жұмыстың ортасында, топтардың деңгейіне салыстырмалы түрде қарасақ жоғарғы көрсеткішті ЭТ тобының көрсеткенін аңғаруға болады. Бұл топта

жетілген көрсеткіш деңгейі 28% болып тұр. Топтар арасындағы жетілген көрсеткіштің ең аз пайызын БТ тобы көрсетті, оның көрсеткіші 18%. Көрсеткіш деңгейі бойынша топтар арасында бәсекеге қабілеттіліктің қалыптасуы бойынша минималды көрсеткіш көрсеткен студенттер саны БТ тобында көп екені байқалды. Онда, БТ тобының көрсеткіші 39% құрап отыр. Минималды көрсеткіш көрсеткен студенттер ЭТ тобында БТ тобына қарағанда аз, яғни 25% көрсетті.

Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың эксперименттік жұмысқа қатысқан ЭТ тобындағы бірінші деңгейлік көрсеткіштер бастапқы эксперименталды топтардың нөлдік (экспериментке дейінгі) деңгейімен салыстырғанда өзгеріс бар екені байқалады. Бұл эксперименттік топта қолданылып жатқан педагогикалық шарттардың жүзеге асып жатқанының белгісі.

Сонымен қатар, БТ тобына эксперименттік жұмыстың барысында педагогикалық шарттар енгізілмеген болса да кәсіби шеберлік бойынша қабілеттіліктерінің көрсеткіш дәрежелерінде шамалы динамикалық өзгеріс байқалды. Бұл курстарда білім беру бағдарламасы бойынша жүріп жатқан оқу үдерісінің нәтижесі. Себебі, эксперименталды жұмыс жүру кезінде білім беру бағдарламасы бойынша жүргізілетін оқу үдерісі тоқтатылған жоқ. Эксперименттік жұмыс білім беру үдерісіне кедергі келтірмей жүрді. Алайда, эксперименттік жұмыстардың жүру барысында БТ тобының көрсеткіш деңгейі басқа эксперимент жүргізілген ЭТ топқа қарағанда минималды болғаны жоғарыдағы кестелерден және диаграммадан көруге болады. Эксперимент ортасында экспериментке қатысқан ЭТ тобының бастапқы және ортаңғы нәтижесінің мәнін салыстырдық. Алынған мәндердің статистикалық айырмашылығының маңыздылығын (2) формула бойынша анықтаймыз.

$\chi_{эмп}^2 = 6,838$, еркіндік дәрежесі $f=2$, $p=0,05$ болғанда кесте бойынша алынған χ^2 мәні $<5,991$ болды. Бұл $\chi_{эмп}^2 > \chi_{cr}^2$ яғни, критерийдің эмпирикалық мәнін сыни мәнімен салыстырғанда жоғары $6,838 > 5,991$.

Салыстыру барысында эксперименталдық жұмысқа қатысқан топтардағы бәсекеге қабілеттілік компоненттері бойынша деңгейлері арасында айырмашылықтар іс-жүзінде бар екені дәлелденді. Эксперименталдық жұмысқа қатысатын топтардың χ^2 критерийінің эмпирикалық мәні χ^2 критерийінің кестесі бойынша берілген ықтималдықтан жоғары. Демек, ЭТ студенттердің бәсекеге қабілеттілігінің қалыптасуы жүзеге асуда.

Эксперименталдық топта педагогикалық шарттар түгелдей әдістемелік жүйе арқылы жүзеге асырылып, жоспар реті бойынша орындалды.

Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің компоненттері бойынша жүргізілген эксперименттің қалыптасу кезеңінің соңғы нәтижелерін жеке қарастыратын боламыз. Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің кәсіби құзіреттіліктер компоненті бойынша топтардың көрсеткіш деңгейлері 14-кестеде көрсетілген.

Эксперименттік жұмыстардың нәтижесінде ЭТ тобында минималды көрсеткіш деңгейін көрсеткен студенттер болған жоқ, жалпы көрсеткіш деңгейін көрсеткен студенттер шамамен 20%, жетілген көрсеткіш деңгейін көрсеткен студенттер 80% болды. БТ тобында минималды көрсеткіш деңгейін көрсеткен студенттер шамамен 15%, жалпы көрсеткіш деңгейін көрсеткен студенттер 61%, жетілген көрсеткіш деңгейін көрсеткен студенттер 24% болды.

Кесте 14 - Эксперимент соңында кәсіби құзіреттіліктер компоненті бойынша қалыптасу деңгейінің нәтижесі

Топтар	Студенттер саны	Көрсеткіш деңгейі					
		минималды		жалпы		жетілген	
		студент саны	пайызы	студент саны	пайызы	студент саны	пайызы
ЭТ	132	0	0	26	20 %	106	80 %
БТ	132	20	15 %	80	61 %	32	24 %

Мотивациялық компонент бойынша эксперименттік жұмыстардан кейін 15-кестеде көрсетілгендей ЭТ тобында минималды көрсеткіш деңгейін көрсеткен студенттер болған жоқ, жалпы көрсеткіш деңгейін көрсеткен студенттер 15%, жетілген көрсеткіш деңгейін көрсеткендер 85% болды. БТ тобында төмен көрсеткіш деңгейін көрсеткен студенттер 20%, орташа көрсеткіш деңгейін көрсеткен студенттер 50%, жоғары көрсеткіш деңгейін көрсеткен студенттер 30% болды.

Кесте 15 - Эксперимент соңында мотивациялық компонент бойынша қалыптасу деңгейінің нәтижесі

Топтар	Студенттер саны	Көрсеткіш деңгейі					
		минималды		жалпы		жетілген	
		студент саны	пайызы	студент саны	пайызы	студент саны	пайызы
ЭТ	132	0	0	20	15 %	112	85 %
БТ	132	26	20%	66	50 %	40	30%

Эксперименттік жұмыстардан кейін 16-кестеде көрсетілгендей ЭТ тобында іс-әрекеттік компоненттердің қалыптасуы бойынша минималды көрсеткіш деңгейін көрсеткен студенттер болған жоқ, жалпы көрсеткіш деңгейін көрсеткен студенттер 10%, жетілген көрсеткіш деңгейін көрсеткен студенттер 90% болды. БТ тобында минималды көрсеткіш деңгейін көрсеткен студенттер 40%, жалпы көрсеткіш деңгейін көрсеткен студенттер 52%, жетілген көрсеткіш деңгейін көрсеткен студенттер 8% болды.

Кесте 16 - Эксперимент соңында іс-әрекеттік компоненті бойынша қалыптасу деңгейінің нәтижесі

Топтар	Студенттер саны	Көрсеткіш деңгейі					
		минималды		жалпы		жетілген	
		студент саны	пайызы	студент саны	пайызы	студент саны	пайызы
ЭТ	132	0	0	13	10%	119	90%
БТ	132	53	40%	69	52%	10	8%

Эксперименттік жұмыстардан кейін 17-кестеде көрсетілгендей ЭТ тобында рефлексивті бағалау компонентінің қалыптасуы бойынша минималды көрсеткіш деңгейін көрсеткен студенттер болған жоқ, жалпы көрсеткіш деңгейін көрсеткен студенттер 12%, жетілген көрсеткіш деңгейін көрсеткендер 88% болды. БТ тобында минималды көрсеткіш деңгейін көрсеткен студенттер 40%, жалпы көрсеткіш деңгейін көрсеткен студенттер 52%, жетілген көрсеткіш деңгейін көрсеткен студенттер 8% болды.

Кесте 17 - Эксперимент соңында рефлексивті бағалау компоненті бойынша қалыптасу деңгейінің нәтижесі

Топтар	Студенттер саны	Көрсеткіш деңгейі					
		минималды		жалпы		жетілген	
		студент саны	пайызы	студент саны	пайызы	студент саны	пайызы
ЭТ	132	0	0	16	12%	116	88%
БТ	132	53	40%	69	52%	10	8%

Эксперименттік жұмыстың соңындағы нәтижелерді жинақтау әдісі арқылы жүйелеп, студенттердің бәсекеге қабілеттілігінің қалыптасу деңгейін 18-кестеде көрсеттік.

Кесте 18 - Эксперименттік жұмыстан кейінгі ЭТ және БТ студенттерінің бәсекеге қабілеттілігінің қалыптасу деңгейі


Көрсеткіш деңгейі	Минималды %		Жалпы %		Жетілген %	
	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ
Тобы						
Кәсіби құзіреттілік компоненті	0	15	20	61	80	24
Мотивациялық компоненті	0	20	15	50	85	30
Іс-әрекеттік компоненті	0	40	10	52	90	8
Рефлексивті бағалау компоненті	0	40	12	52	88	8
Нәтиже/ КШББП-ң бәсекеге қабілеттілігінің қалыптасу деңгейі	0	29	14	54	86	17

Эксперименттік жұмыстың соңында негізгі төрт компоненттер бойынша анықталған нәтижелерін қосып, эксперименттік топ және бақылау тобы бойынша бәсекеге қабілеттілігінің қалыптасу деңгейін анықтадық. Есептеу математикалық статистикалық орта шегін есептеу (1) формуласы арқылы жүргізілді. Эксперименталды жұмыстың соңында ЭТ тобының бәсекеге қабілеттілігінің қалыптасуы бойынша минималды көрсеткіш деңгейін көрсеткен студенттер болған жоқ, жалпы көрсеткіш деңгейін көрсеткен студенттер 14%, жетілген көрсеткіш деңгейін көрсеткен студенттер 86% болды.

Эксперименттік жұмыстың соңында экспериментке қатыспаған БТ тобының бәсекеге қабілеттілігінің қалыптасуы бойынша минималды көрсеткіш деңгейін көрсеткен студенттер 29%, жалпы көрсеткіш деңгейін көрсеткен студенттер 54%, жоғары көрсеткіш деңгейін көрсеткен студенттер 18% болды. Эксперименттік жұмыстың соңында минималды көрсеткіш деңгейін көрсеткен студенттер БТ тобында көп екені байқалды. Төмен көрсеткіш көрсеткен студенттер 29%-ды құрап отыр. Ең көп жетілген көрсеткіш деңгейін көрсеткен ЭТ тобы анықталды.

Эксперименттік енгізулер жүрмеген БТ тобының бәсекеге қабілеттілік деңгейі эксперименттік жұмысқа дейінгі көрсеткіш деңгейінен айтарлықтай өзгермегенін көрсетеді. Салыстырмалы түрде нақтыласақ эксперименттік жұмысқа дейінгі көрсеткіш деңгейі минималды көрсеткіш бойынша 41% жалпы көрсеткіш деңгейі 43%, жетілген көрсеткіш деңгейін 16% көрсеткен. Эксперименттік жұмыстан кейінгі ЭТ және БТ студенттерінің бәсекеге қабілеттілігінің қалыптасу деңгейі 17-суретте көрініс тапқан.

Эксперименттік жұмыстың аяғында анықталған нәтижелер қалыптастыру кезеңінен жалпылау кезеңіне өтуге мүмкіндік берді.



Сурет 17 - Эксперименттік жұмыстан кейінгі ЭТ және БТ студенттерінің бәсекеге қабілеттілігінің қалыптасу деңгейінің көрінісі

Эксперименттік жұмыс нәтижелерін талдау және түсіндіру.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруды теориялық-әдіснамалық тұрғыда негіздеу, бәсекеге қабілетті педагогтардың компоненттерін анықтау, педагогикалық шарттарын айқындау, оны әдістемелік жүйе арқылы жүзеге асыру, тәжірибелік-эксперименттік түрде тексеру және тиімділігін дәлелдеу болды. Мақсат қою болжамның негізгі ережелерін қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Қойылған мақсатқа жету үшін және зерттеу болжамын растау үшін көптеген жұмыстар атқарылды.

Эксперименталды жұмыстың анықтаушы кезеңінде эксперименттік топпен бақылаушы топ анықталып, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру барысында анықталған компоненттер және оның жүзеге асыратын педагогикалық шарттары тиімді әдістемелік жүйенің жұмыс істеуі барысында жүзеге асты. Айқындалған компоненттер бірнеше критерийлерден тұрып, көрсеткіш деңгейлері бойынша минималды (төмен), жалпы (орташа), жетілген (жоғары) болып бөлінді. Сонымен қатар, сараптамалық топ құрылды, эксперименттік жұмыс басталмай тұрып топтардан бәсекеге қабілеттілік деңгейін анықтау барысында сараптау жұмыстары жүргізілді. Сараптау жұмыстарының нәтижесі құрылған БТ және ЭТ топтардың бәсекеге қабілеттілік деңгейінің біртектілігін анықтап көрсетті.

Эксперименттік жұмыстың қалыптастырушы кезеңінде эксперименттік топтардың оқу үдерісіне диссертациялық зерттеу барысында анықталған педагогикалық шарттар енді. Бақылау тобының оқу үдерісіне диссертациялық зерттеу барысында анықталған педагогикалық шарттар енбеді, бақылауда болды. Эксперименттік жұмыс оқу үдерісіне кедергі келтірмей жүрді.

Эксперименттік жұмыстың жүру барысының динамикасын бақылау үшін экспериментке қатысқан топтан және бақылау тобынан анықтылған критерийлер бойынша бақылау жұмыстары алынды. Бұл бақылау жұмысының мақсаты эксперимент барысында жүріп жатқан қалыптасу деңгейлерін анықтау болды. Эксперименттік жұмыстың қалыптасу кезеңінде эксперименттік топтардан және бақылау тобынан жұмыстың ортасында және эксперименттік жұмыстың соңында нәтижені анықтау барысында бақылау жұмыстары алынды. Бақылау жұмыстарының нәтижесі оң динамиканы көрсетті.

Эксперименттік жұмыстар нәтижесі жұмыстың жалпылау кезеңіне өтуге мүмкіндік берді.

Эксперименттік жұмыстың анықтаушы кезеңінде жұмыстың жүру барысы нақтыланып, әр кезеңнің атқаратын жұмыстары белгіленген.

Жалпылау кезеңі барысында атқарылатын жұмыстар:

1. Зерттеу барысында алынған нәтижелерді жинақтау, жүйелеу және сипаттау;

2. Зерттеудің негізгі теориялық ережелеріне нәтиженің сәйкестігін анықтау, алынған мәліметтерді теориялық талдау және математикалық статистикалық өңдеу;

3. Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтарды даярлау оқу үдерісіне зерттеу нәтижелерін енгізу;

4. Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру идеяларын танымал ету.

Эксперименттік жұмыстың анықтаушы кезеңінде көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру барысында педагогикалық шарттардың тиімділігін анықтау барысында эксперименттік топ екі топқа бөлінді. Олар бақылау тобы (БТ), эксперименттік топ (ЭТ) деп аталды. Бақылау тобында барлығы 132 студент, эксперименталды топта 132 студент болды. Экспериментке көркем-шығармашылық бағытта білім алатын болашақ педагогтар, оның ішінде «Кәсіптік оқыту», «Бейнелеу өнері және сызу», «Көркем еңбек және сызу» білім беру бағдарламалары бойынша білім алатын студенттердің жоғары курстары қатысқан болатын. Жалпы алғанда барлығы 264 студент болды. Эксперимент М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің базаларында жүрді.

Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттіліктің компоненттері бойынша орта шамамен алғанда ЭТ (бастапқы) студенттері экспериментке дейін шамамен 43%-ы минималды, 42%-ы жалпы, 15%-ы жетілген көрсеткіш деңгейде нәтиже көрсеткен.

БТ (бастапқы) студенттері бойынша бәсекеге қабілеттілік көрсеткіштері бойынша экспериментке дейін 41%-ы минималды, 43%-ы жалпы, 16%-ы жетілген көрсеткіш деңгейде нәтиже көрсеткенін анықтадық.

Эксперименттік топтың және бақылау тобының көрсеткіш деңгейлеріне қарап, студенттердің бәсекеге қабілеттілік деңгейінің минималды және жалпы көрсеткіш деңгейінде басым болғанын байқадық.

Эксперименттің жүру барысында аталған топтардың бәсекеге қабілеттік деңгейлері айтарлықтай көтерілді. Бұл салылыстырмалы түрде дәлелденді.

Нәтижелерге қарап, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру барысында құрылған көркем-шығармашылық бағыттағы бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың компоненттері және оны жүзеге асыратын педагогикалық шарттары студенттердің бәсекеге қабілеттілігінің қалыптасуына оң ықпал ететінін анықтадық. Бұл дәлелдемелерді нақтылау үшін Пирсонның хи-квадрат формуласына сүйеніп есептедік.


ЭТ тобы эксперименттік жұмысқа дейін бәсекеге қабілеттілік деңгейі 43% минималды, 42% жалпы, 15% жетілген көрсеткіш деңгейінде болса, эксперименттік жұмыстың соңғы нәтижесінде бәсекеге қабілеттілік бойынша көрсеткіш деңгейі минималды көрсеткіш көрсеткен студенттер болмаған, 14% жалпы, 86% жетілген көрсеткіш деңгейінде болған.

Эксперименталды топтың бәсекеге қабілеттілік деңгейінің бастапқы және эксперименттен кейінгі деңгейін салыстырмалы түрде 19–кестеде қарастырдық. Кестеде байқағанымыздай бәсекеге қабілеттілік деңгейінде оң динамиканың бар

екені анық байқалады. ЭТ тобының бастапқы және соңғы нәтижесі диаграмма түрінде 18-суретте берілді.

Кесте 19 – ЭТ бәсекеге қабілеттілігінің бастапқы және соңғы нәтижесі

Топтар	Студенттер саны	Көрсеткіш деңгейі					
		минималды		жалпы		жетілген	
		студент саны	%	студент саны	%	студент саны	%
ЭТ (бастапқы)	132	58	44%	53	40%	21	16%
ЭТ (соңғы нәтиже)	132	0	0	18	14%	114	86%



Сурет 18 - ЭТ тобының бастапқы және соңғы нәтижесінің салыстырмалы көрінісі

Экспериментті дәлелдеу үшін Пирсонның χ^2 критерийі (2) формуласы бойынша анықтадық. χ^2 критерийі бойынша алынған нәтиже 19-кесте негізінде құрылды және төменде көрсетілді.

Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің қалыптасу деңгейлерінің эмпирикалық мәндеріне салыстырмалы түрде қарасақ, ЭТ тобының бастапқы деңгейімен нәтиже соңындағы деңгейінде үлкен айырмашылықтар бар.

$\chi_{эмп}^2 = 139,3$, еркіндік дәрежесі $f=2$, $p=0,05$ болғанда кесте бойынша алынған χ^2 мәні $>5,991$ болды. Бұл $\chi_{эмп}^2 > \chi_{cr}^2$ яғни, критерийдің эмпирикалық мәнін сыни мәнімен салыстырғанда жоғары $139,3 > 5,991$.

Салыстыру барысында эксперименталдық жұмысқа қатысқан топтардағы экспериментке дейінгі және эксперимент соңындағы бәсекеге қабілеттіліктері бойынша айырмашылықтар іс-жүзінде бар екені дәлелденді. Эксперименталдық

жұмысқа қатысатын топтардың χ^2 критерийінің эмпирикалық мәні χ^2 критерийінің кестесі бойынша берілген ықтималдықтан жоғары. Дәлелденген мәліметтер негізінде көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру нәтижесі оң көрсеткіштер көрсетті.

Дәлелдемені нақтылау үшін ЭТ мен БТ-ң нәтиже соңындағы көрсеткіш деңгейлерінің эмпирикалық мәнін анықтадық. ЭТ пен БТ деректерін салыстыру кезінде анықталған χ^2 эмпирикалық мәндері 18 - кесте негізінде құрылды.

$\chi_{эмп}^2 = 96,99$, еркіндік дәрежесі $f=2$, $p=0,05$ болғанда кесте бойынша алынған χ^2 мәні $>5,991$ болды. Бұл $\chi_{эмп}^2 > \chi_{cr}^2$ яғни, критерийдің эмпирикалық мәнін сыни мәнімен салыстырғанда жоғары $96,99 > 5,991$.

Салыстыру барысында эксперименталдық жұмысқа қатысқан топтардағы бәсекеге қабілеттілігі бойынша деңгейлері арасында айырмашылықтар іс-жүзінде бар екені дәлелденді. Эксперименталдық жұмысқа қатысатын топтардың χ^2 критерийінің эмпирикалық мәні χ^2 критерийінің кестесі бойынша берілген ықтималдықтан жоғары.

Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің қалыптасу деңгейлерінің ЭТ мен БТ нәтиже соңындағы эмпирикалық мәндеріне салыстырмалы түрде қарағанда үлкен айырмашылықты байқадық. Дәлелденген мәліметтер негізінде көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру нәтижесі оң көрсеткіштер көрсетті.

Бақылау тобының бәсекеге қабілеттілік деңгейінің бастапқы және соңғы деңгейлерін салыстырмалы түрде 20-кестеде қарастырдық. Кестеде байқағанымыздай бәсекеге қабілеттілік деңгейінде айтарлықтай айырмашылықтардың жоқ екені анық байқалады.

Кесте 20 – БТ-ң бәсекеге қабілеттілігінің бастапқы және соңғы нәтижесі

Топтар	Студенттер саны	Көрсеткіш деңгейі					
		минималды		жалпы		жетілген	
		студент саны	пайызы	студент саны	пайызы	студент саны	пайызы
БТ (бастапқы нәтиже)	132	54	41%	57	43%	21	16%
БТ (соңғы нәтиже)	132	38	29%	71	54%	23	17%

Дәлелдемені нақтылау үшін бақылау тобының бастапқы және эксперимент соңындағы көрсеткіш деңгейлерінің эмпирикалық мәнін анықтадық. Бақылау тобының бастапқы және соңғы деректерін салыстыру (2) формула бойынша анықталды. Анықталған χ^2 эмпирикалық мәндері 20 - кесте негізінде құрылды.

$\chi_{эмп}^2 = 4,405$, еркіндік дәрежесі $f=2$, $p=0,05$ болғанда кесте бойынша алынған χ^2 мәні $<5,991$ болды. Бұл $\chi_{эмп}^2 < \chi_{cr}^2$ яғни, критерийдің эмпирикалық мәнін

сыни мәнімен салыстырғанда төмен $4,405 < 5,991$. БТ-ң бастапқы және соңғы нәтижелері бойынша айырмашылықтардың статистикалық маңыздылығы жоқ.

Салыстыру барысында эксперименталдық жұмысқа қатыспаған БТ-ң бәсекеге қабілеттілік компоненттері бойынша бастапқы және соңғы нәтиже деңгейлері арасында айырмашылықтар іс-жүзінде жоқ екені дәлелденді. Эксперименталдық жұмысқа қатыспаған БТ-ң студенттерінің бәсекеге қабілеттілігінің қалыптасу деңгейі бойынша χ^2 критерийінің эмпирикалық мәні χ^2 критерийінің кестесі бойынша берілген ықтималдықтан төмен. Яғни, БТ студенттерінің бәсекеге қабілеттілігі қалыптаспаған.

Топтарды өзара жұптық салыстырулардың нәтижелері 21-кестеде көрсетілді.

Кесте 21 – Жұптық салыстырулардың нәтижелері

№	Салыстырылған топтар	χ^2 бойынша алынған нәтиже	$f=2, p=0.05$ болғанда кесте бойынша алынған χ^2
1	ЭТ (бастапқы) / БТ (бастапқы)	0,140	$<5,991$ айырмашылықтар статистикалық маңызды емес
2	ЭТ (ортасы) / БТ (ортасы)	6,838	$>5,991$ айырмашылықтар статистикалық маңызды
3	ЭТ (бастапқы) / ЭТ (нәтиже соңы)	139,3	$>5,991$ айырмашылықтар статистикалық маңызды
4	БТ (бастапқы) / БТ (нәтиже соңы)	4,405	$<5,991$ айырмашылықтар статистикалық маңызды емес
5	ЭТ (нәтиже соңы) / БТ (нәтиже соңы)	96,99	$>5,991$ айырмашылықтар статистикалық маңызды

Жұптық салыстырудың статистикалық талдауының жалпы нәтижелерін тұжырымдаймыз. Айырмашылықтары статистикалық маңызды емес:

- «эксперимент басталғанаға дейінгі ЭТ» және «эксперимент басталғанға дейінгі БТ»;

- «эксперимент басталғанға дейінгі БТ» және «эксперимент соңындағы БТ».

Айырмашылықтары статистикалық маңызды:

- «эксперимент ортасындағы ЭТ» және «эксперимент ортасындағы БТ»;

- «эксперимент басталғанаға дейінгі ЭТ» және «эксперимент соңындағы ЭТ»;

- «эксперимент соңындағы ЭТ» және «эксперимент соңындағы БТ».

Анықтаған статистикалық көрсеткіштер көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруға бағытталған

педагогикалық шарттарды ЖОО көркем-шығармашылық бағыттағы педагог мамандарды даярлау үшін оқу үдерісіне енгізудің тиімділігін көрсетеді.

Нәтижелерді талдау және түсіндіру негізінде төмендегідей қорытындыға келеміз:

- көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру үдерісіне зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізі ретінде негізделген көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың құрылымдық моделін жүзеге асырса, анықталған педагогикалық шарттары әдістемелік қамтамасыз етілсе және оқу үдерісіне ендірілсе көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігі қалыптасады.

Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мәселесі бойынша зерттеудің оң нәтижесі эксперименттік жұмыстың жалпылама кезеңінің қорытынды міндеттерін шешуге, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтарды дайындау бағытында білім беру үдерісіне зерттеу нәтижелерін енгізуге, бәсекеге қабілеттілік идеяларын танымал ету үшін жариялауға мүмкіндік береді.

Үшінші бөлім бойынша тұжырым

Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру бойынша эксперименттік жұмыс 2019 жылдан бастап 2022 жылға дейін М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің базаларында білім беру үдерісіне кедергі келтірмей жүргізілді. Зерттеуге бір бақылау тобы және бір эксперименттік топ қатысты. Экспериментке «Көркем еңбек және сызу», «Кәсіптік оқыту», «Бейнелеу өнері» білім беру бағдарламаларының жоғары курс студенттері қатысты. Эксперименттік жұмысқа барлығы 264 студент жұмылдырылды. Әр топта теңдей 132 студенттен болды. Сонымен қатар М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің «Музыка және қолданбалы өнер» кафедрасының базасында сарапшы топ құрылды. Сарапшы топ эксперименттің жүру барысын, нәтижесін сұрыптау жұмыстарымен айналысты.

Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың әдістемелік жүйесі айқындалып, педагогикалық шарттары нақтыланды. Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың әдістемелік жүйесі жасалып, «Көркем-шығармашылық бағыттағы кәсіби дизайн» элективті пәнінің оқу-әдістемелік кешені жасалды, оқу формаларының ішінен дәстүрлі оқу формасының тиімділігі негізделді, тиімді оқыту әдістері (интерактивті оқыту, проблемалық оқыту, ұжымдық оқыту әдістері) қолданылды. Ойындар (интеллектуалдық ойындар, танымдық ойындар, шығармашылық ойындар, іскерлік ойындар) ойнатылды. Креативтік тапсырмалар (күзиретгілікке бағытталған тапсырмалар, проблемалық жағдаяттар, идеялар аукционы) ұсынылды, көрнекілік құралдары (макеттер, сызбалар, эскиздер, бұйымдар

коллекциялары, бейнероликтер, компьютерлік оқыту құралдары және т.б) қолданылды.

Сонымен қатар, оқу-тәрбие үдерісінде қолданылатын іс-шаралар түрлері, яғни, көрмелерге, байқауларға қатысу, шығармашылық жұмыстарды көрсетілімдер (показ) арқылы бағалау, жұмыс берушілермен байланыс жасау сияқты нәтижеге жету жолдары қарастырылды және көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру барысында оқу үдерісінде жүзеге асты.

Бақылау тобына анықталған педагогикалық шарттардың әдістемелік жүйесі ендірілмеді, экспериментке қатыспады.

Бәсекеге қабілеттіліктің деңгейін анықтау үшін көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтарға бейімделген әдістемелер қолданылды. Бәсекеге қабілеттіліктің қалыптасуын анықтау студенттердің іс-әрекетіне, біліміне талдаулар жасау арқылы бағаланды. Психологиялық-педагогикалық диагностика, педагогикалық жағдайларды талдаудан, әңгіме, пікір, өзін-өзі бағалау және т.б. әдістер арқылы бақылау эксперименттік жұмыстың бастапқы кезеңінен соңына дейін жүрді.

Эксперименттік жұмыстың бастапқы және соңғы кезеңінде алынған нәтижелердің объективтілігі мен сенімділігі 0,05 статистикалық маңыздылық деңгейінде Пирсонның χ^2 критеріінің көмегімен дәлелденді. Эксперименттік жұмыстың бақылау тобында бәсекеге қабілеттіліктің бастапқы деңгейі мен соңғы деңгейінің арасында айтарлықтай айырмашылықтар болған жоқ. Бұл көрсеткіштер $0,14 < 5,991$ мәні бойынша дәлелденді. Эксперименттік топтың эксперименттік жұмыстың соңындағы бақылау тобын салыстырмалы түрде қарасақ бәсекеге қабілеттілік деңгелерінің арасында айырмашылықтардың көп болғаны анық байқалды. Бұл көрсеткіш $96,99 > 5,991$ мәні бойынша дәлелденді. Эксперименттік жұмыстың нәтижесінде эксперименттік топта бәсекеге қабілеттіліктің қалыптасуы оң бағытта екені айқындалды. Бақылау тобында бәсекеге қабілеттіліктің қалыптасу үдерісі жүрмеген.

Дәлелденген мәліметтер негізінде көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру нәтижесі оң көрсеткіштер көрсетті.

Жоғарыдағы анықталған эксперимент нәтижелерін талдау келесі қорытындыларды жасауға мүмкіндік береді:

- Экспериментке дейін көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігі минималды және жалпы деңгейде қалыптасқан.

- Эксперимент соңында ЭТ-да көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілік деңгейі жетілгені анықталды.

- Эксперимент нәтижесі көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру барысында құрылған әдістемелік жүйені оқу үдерісіне ендірудің тиімділігін дәлелдеп көрсетті.

Бұл қорытындылар, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру үдерісіне зерттеудің

теориялық-әдіснамалық негізі ретінде негізделген көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың құрылымдық моделін жүзеге асырса, анықталған педагогикалық шарттары әдістемелік қамтамасыз етілсе және оқу үдерісіне ендірілсе көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігі қалыптасады деген .

Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мәселесі бойынша зерттеудің оң нәтижесі эксперименттік жұмыстың жалпылама кезеңінің қорытынды міндеттерін шешуге, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтарді дайындау бағытында білім беру үдерісіне зерттеу нәтижелерін енгізуге, бәсекеге қабілеттілік идеяларын танымал ету үшін жариялауға мүмкіндік береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеудің негізгі қорытындылары:

1. Педагогикалық теория мен практикада көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдеді, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігі мәселелерін анықтады, мәселенің шешілу жолдарын айқындады және негіздеді.

2. Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың құрылымдық моделін әзірлеу бізге көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың мақсатын, теориялық, әдіснамалық ұстанымдарын, мазмұны мен іс-әрекеттерін, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың жүйелі және ұтымды жолын көрсетті.

3. Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың тиімді жұмыс істеуінің педагогикалық шарттарын анықтау көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің қалыптастыру барысында қажетті білімді және оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін айқындады.

4. Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру үдерісін әдістемелік жүйемен қамтамасыз ету көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру үдерісін оқу-тәрбие жүйесінде тиімді пайдалануға мүмкіндік берді. Бұл үдерісті экспериментті жолмен тексеру, нәтиженің нақтылығын дәлелдеді.

Эксперименттік жұмыс нәтижелерінің объективтілігі мен сенімділігі 0,05 статистикалық маңыздылық деңгейінде Пирсонның χ^2 критерийінің көмегімен дәлелденді.

Эксперименттік жұмыстың бақылау тобында бәсекеге қабілеттіліктің (БТ бастапқы) бастапқы деңгейі мен (БТ нәтиже соңы) нәтиженің соңғы деңгейінің арасында айтарлықтай айырмашылықтар болған жоқ. Бұл көрсеткіш $0,140 < 5,991$ мәні бойынша дәлелденді. Бұл критерийдің эмпирикалық мәні сыни мәнімен салыстырғанда төмен, айырмашылықтары статистикалық маңызды емес. Эксперимент соңындағы эксперименттік топты (ЭТ нәтиже соңы) эксперименттік жұмыстың соңындағы бақылау тобымен (БТ нәтиже соңы) салыстырмалы түрде қарасақ бәсекеге қабілеттілік деңгейлерінің арасында айырмашылықтардың көп болғаны анық байқалды. Бұл көрсеткіш $96,99 > 5,991$ мәні бойынша дәлелденді. Бұл критерийдің эмпирикалық мәнін сыни мәнімен салыстырғанда жоғары, бұл айырмашылықтар статистикалық маңызды. Эксперименттік топта бәсекеге қабілеттіліктің (ЭТ бастапқы) бастапқы деңгейі мен (ЭТ нәтиже соңы) нәтиженің соңғы деңгейін салыстырмалы түрде қарасақ бәсекеге қабілеттілік деңгейлерінің арасында айырмашылықтардың көп болғаны

анық байқалды. Бұл көрсеткіш $139,3 > 5,991$ мәні бойынша дәлелденді. Бұл критерийдің эмпирикалық мәнін сыни мәнімен салыстырғанда жоғары екенін анықтады. Бұл айырмашылықтар статистикалық маңыздылыққа ие.

Эксперименттік жұмыстың нәтижесінде эксперименттік топта бәсекеге қабілеттіліктің қалыптасуы оң бағытта екені дәлелденді.

ПРАКТИКАЛЫҚ ҰСЫНЫСТАР

Зерттеу жұмысының нәтижелеріне сүйене отырып, келесі ұсыныстарды жасадық:

1. Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтарды даярлауды жоспарлағанда жұмыс берушілердің ұсыныстарын анықтау және оны білім беру бағдарламаларын жасауда ескеру маңызды. Бұл ұсыныстарды анықтау үшін «Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың сапалық көрсеткіштері туралы жұмыс берушілерге арналған сауалнамасын» (Қосымша К) қолдануға болады. Бұл сауалнама маңызды ақпараттарды алуға септігін тигізеді және ол ақпараттарды негізге алу, ескеру білім беру бағдарламасының сапасын арттырады.

2. Көркем-шығармашылық бағыттағы білім алып жатқан жоғары курс студенттерінің жұмыс жасауға қажетті тұлғалық қасиеттерін зерттеу ұсынылады. Бұл зерттеуге «Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың жұмыс берушілер сұраныстарына (жұмыс жасау барысындағы қажетті тұлғалық қасиеттер) сәйкестігін анықтау үшін құрастырылған сауалнамасын» (Қосымша Л) қолдануға болады. Студенттердің жұмыс жасауға қажетті тұлғалық қасиеттерін зерттеу студенттердің қажеттіліктеріне сәйкес оқу-тәрбие үдерісінің бағдарламалық материалдарының мазмұнын реттеуге мүмкіндік береді.

3. Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтарға қажетті заманауи идеялардан тұратын кәсіби білім, дағдылар мен іскерліктерді қамтыған «Көркем-шығармашылықтағы кәсіби дизайн» элективті пәні көркем-шығармашылық бағыттағы білім беру бағдарламаларының оқу жоспарына базалық пәндер цикліне енгізілуі ұсынылады.

4. «Көркем-шығармашылықтағы кәсіби дизайн» пәні барысында оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері: интерактивті оқыту, проблемалық оқыту, ұжымдық оқыту, интеллектуалдық ойындар, танымдық ойындар, шығармашылық ойындар, іскерлік ойындар, күзіреттілікке бағытталған тапсырмалар, проблемалық жағдаяттар, идеялар аукционы, көрнекілік үлгілік құралдары ретінде макеттер, сызбалар, эскиздер, бұйымдар коллекциясы, компьютерлік оқыту құралдарын қолдану ұсынылады. Оқытудың бұл әдіс-тәсілдері кәсіби күзіреттіліктермен қатар бәсекеге қабілеттіліктің қалыптасуына икемдейді.

5. Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бұйымды жобалау, безендіру, жасау технологиясын игеруі маңызды. Бұл білім, дағды мен іскерліктерді игеру үшін «Ханшайым» коллекциясының (Қосымша А) моделі ұсынылады.

6. Көркем-шығармашылық бағыттағы бәсекеге қабілетті педагогтарды даярлауда «Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың құрылымдық моделін» негізге алу ұсынылады. Модель көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігімен қатар білім беру бағдарламасын бәсекеге қабілетті, заман талаптарына сай, сапалы болуын қамтамасыз етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Тәжібаев Т. Жалпы психология. – Алматы, 1995. – 238 б.
- 2 Алексеев С.С. Особенности конкурентоспособности педагогов // Педагогический журнал. - 2017. - Т. 7. - № 4А. - С. 154-163.
- 3 Виноградова Н.В., Тукаева Р.А. Художественное творчество как создание новой реальности // Национальная стихия творчества: время и трансгрессия: матер.международ. научной конференции. - СПб: Санкт-Петербургский государственный экономический университет, 2017. - С. 198-210.
- 4 Абужалитова А.Т. Актуальные проблемы формирования профессиональной компетентности студентов в вузе // Вестник Казахского национального женского педагогического университета. - 2021. - Т. 1. - №4. - С. 128-134.
- 5 Таубаева Ш. Педагогиканың философиясы және әдіснамасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 350 б.
- 6 Дюсембинова Г.Қ., Мәлік Р. Университет жағдайында студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастыру моделін жүзеге асырудың педагогикалық шарттары // Педагогические науки\2. проблемы подготовки специалистов. http://www.rusnauka.com/7_NITSB_2014/Pedagogica/2_161675.doc.htm. 12.05.2021.
- 7 Кошкинбаева Н.Р. Бәсекеге қабілетті маман дайындаудағы қашықтықтан оқытудың артықшылықтары мен кемшіліктері: Педагогика. Психология. Әлеуметтану сериясы // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. - 2021. - Т. 2. - №135. - Б. 133-139.
- 8 Тоқаев Қ. Қазақстан халқына Жолдауы - Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам. <http://president.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zh181416.02.10.2022>.
- 9 «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 Қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000726>. 13.05.2022.
- 10 Бутова Е. Педагогические условия формирования социальной компетентности студентов творческих специальностей. – Алматы: Казахский национальный педагогический университет им. Абая, 2015. – 140 с.
- 11 Қанабекова М.Ә. Бәсекелестік ортадағы жоғары білім беру қызметін көрсету нарығы: даму және реттеу үрдістері (ҚР жоғары оқу орындарының қызметтерінің мысалында): экон. ғыл. канд. ... автореф.: 08.00.05. - Алматы: Абай атындағы Қазақ ұлттық пед. ун-ті, 2007. - 25 б.
- 12 Байтасов А. Бәсекеге қабілеттілігі. "Қазақстандық ұлттық электронды кітапхана" РММ. – Алматы: Таймас, 2000. – 140 б.
- 13 Атабекова Б. Әлеуметтік серіктестік негізінде болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамыту. – Алматы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2020. – 167 б.

- 14 Онюшева И. Человеческий капитал Республики Казахстан как фактор повышения конкурентоспособности национальной экономики. – Алматы: Университет международного бизнеса, 2013. - 212 с.
- 15 Абильдаев С. Проблемы конкурентоспособности региональной экономики: теория и практика. – Тараз:ТарГУ имени М.Х. Дулати, 2013. - 166 с.
- 16 Леванова Е.А., Пушкарева Т.В. Профессиональная готовность к практической деятельности педагога как залог конкурентоспособности специалиста // Наука об образовании. - 2016. - №1. - С. 18-22.
- 17 Алексеев С. Особенности конкурентоспособности педагогов // Педагогический журнал. - 2017. - Т. 7. - №7. - С. 154-163.
- 18 Саипов А. Болашақ мұғалімдердің көркемдік-еңбек даярлығының теориясы және практикасы. – Шымкент: М.Әуезов атындағы ОҚМУ, 2010. - 122 б.
- 19 Жолдасбекова С. Еңбек технологиясы және кәсіпкерлік мұғалімдерін кәсіби даярлау. – Алматы: Әрекет-Print, 2008. – 330 б.
- 20 Каримов Н.А. Педагогикалық қызмет және педагогикалық шеберлік негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 225 б.
- 21 Асанов Ж., Әбдіхалықов Н. Педагогиканың ғылыми-зерттеу әдістері. – Астана: Фолиант, 2015. - 141 б.
- 22 Бұзаубақова К.Д. Мұғалімнің инновациялық іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың теориясы мен практикасы. – Алматы: Жазушы, 2009. – 456 б.
- 23 David V.J.B. Twenty-first Century Education: Transformative Education for Sustainability and Responsible Citizenship: 1 // Journal of Teacher Education for Sustainability. Twenty-first Century Education. - 2016. - №18. - P. 48-56.
- 24 Чередниченко Г. Положение на рынке труда выпускников системы высшего и среднего профессионального образования // Вопросы образования. - 2020. - №1. - С. 256-282.
- 25 Захарова У., Танасенко К. МООК в высшем образовании: достоинства и недостатки для преподавателей // Voprosy obrazovaniya. Educational Studies Moscow. MOOCs in Higher Education. - 2019. - №3. - С. 176-202.
- 26 Ильина Н.Ф., Логинова Н.Ф. Исследование становления психолого-педагогической компетентности молодых педагогов // Вопросы образования. - 2019. - №4. - С. 17-24.
- 27 Шехонин А.А., Вознесенская А.О., Бахолдин А.В., Гаврилина О.А. Подготовка конкурентоспособных выпускников международного уровня на основе образовательного стандарта Университета ИТМО // Высшее Образование В России. - 2019. - Т. 28. - №5. - С. 9-17.
- 28 Евплова Е.В. Формирование конкурентоспособности будущих педагогов профессионального обучения: дис. ... канд. пед. наук. – Челябинск, 2012. – 170 с.
- 29 Котикова Д.С. Формирование конкурентоспособности личности студента в образовательном процессе вуза. – Нижний Новгород: Нижегородский государственный архитектурно-строительный университет, 2010. – 245 с.

30 Валежанина Т.В. Формирование конкурентоспособности будущих педагогов профессионального обучения в социальном партнерстве вуза и малых инновационных предприятий. – Екатеринбург: Российский государственный профессионально-педагогический университет, 2014. – 218 с.

31 Назарбаев Н. Тәуелсіздік дәуірі. – Алматы: КАЗакпарат, 2017. – 506 б.

32 Тоқаев Қ. «Bilim jáne Ǵylym!» атты тамыз конференциясы. <https://egemen.kz/article/206795-q-toqaevtynh-bilim-jáne-Ǵylym!-atty-tamyz-konferentsiyasynynh-plenarlyq-otyrys>. 11.05.2021.

33 Қуатбекова Р.Ә, Мамадалиев С.Т. Болашақ педагогтың кәсіби күзiреттiлiгiн қалыптастырудың қабiлеттiлiгiн дамыту //Qazaqtaný. – 2020. – С. 125-130.

34 Аймағанбетов А. Педагогика мамандығын таңдаған «Алтын белгі» иегерлері көбейді. - Алматы, 2020. <https://martebe.kz>. 10.09.2021.

35 Баярыстанова Э.Т., Сахиева Ж.Х. Теоретические основы формирования конкурентоспособности будущих педагогов // Yessenov Science Journal. - 2019. - Т. 35. - №1. - С. 98-101.

36 Ерментаева А.Р. Психологическое содержание конкурентоспособности личности // Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии. - 2018. - Т. 66. - №3. - С. 32-43.

37 Тоқаев Қ. Қазақстан халқына Жолдауы. 2020 жылғы 1 қыркүйек <https://www.akorda.kz> 11.05.2021.

38 Рузавин Г.И. Закон перехода количественных изменений в качественные. – М.: Моск. рабочий, 1962. – 68 с.

39 Кошкинбаева Н., Назаркасым К. Бәсекеге қабілетті педагог заман талабы! // «Білім, ғылым және мәдениет салаларындағы инновациялар» II Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. – Нұр-Сұлтан: Халықаралық Білім және Ғылым Академиясы, 2021. – Т. 1. – Б. 135-138.

40 Аймағанбетов А. Биылғы түлектерге бөлінген грант. <https://bilimdinews.kz/=105475> 11.05.2021.

41 Тоқаев Қ. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің үшінші отырысы. <https://www.akorda.kz/kz> 11.05.2021.

42 Сапарбаев Б. Үкіметте Қазақстанның жоғары оқу орындарын оңтайландыру жөніндегі комиссия отырысы. <https://primeminister.kz/kz/> 11.05.2021.

43 Жаскиленова А.Е., Кошкинбаева Н.Р. Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтарға деген қоғамдағы сұраныс кезеңдерін анықтау // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. - 2020. - №1. - Б. 189-193.

44 Асфендиаров С. Д. Проблема нации и новое учение о языке // НВ. - 1928. - № 22. - С. 169-183.

45 Затаевич А.В. Северо-Казахстанская область. Энциклопедия. - Изд. 2-е, дополн.ю - Алматы: Арыс, 2006. - 280 с.

46 Диваев А.А. Этнографические материалы // Сборник материалов для статистики Сыр-Дарьинской области. — 1895. — вып. IV. — С. 1 — 61.

- 47 Омарова А. Қ. Профессор Қ. Қ. Жұбановтың етістіктер туралы ғылыми еңбегі, оның ғылымның кейінгі дамуына ықпалы: филол.ғыл.канд. ... дисс. автореф.: 10.02.02 – қазақ тілі. – Алматы. - 1999. –24 бет.
- 48 Сайбекова Н. Грамматологиялық парадигма: А.Байтұрсынұлы және қазақжазу үлгісінің қалыптасуы. — Алматы: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 2020. - 160 б.
- 49 Аймауытов Ж. // Қазақстан. Национальная энциклопедия. — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2004. — Т. 1. - С - 124.
- 50 Жолдыбаев М. // Қазақстан. Национальная энциклопедия. — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2004. — Т. 1. - С - 337.
- 51 Чулошников А.П. // Википедия. Page Version ID. – 2021. - С. 111848488.
- 52 Якубовский А.Ю. // Выдающиеся ученые Санкт-Петербурга и изучение древних культур и цивилизаций Центральной Азии и Кавказа. - СПб., 2003. - С. 24.
- 53 Баймуханов Б.П. 1920-1930 жж. ғылым мен ғылыми мекемелердің дамуы. - 2019. <https://kznews.kz/> 20.10.2019.
- 54 Блауг М. Джон Стюарт Милль // Экономическая мысль в ретроспективе = Economic Theory in Retrospect. - М.: Дело, 1994. - С. 164-206.
- 55 Найт Ф. Х. Риск, неопределенность и прибыль / Пер. с англ. - М.: Дело, 2003. - 360 с.
- 56 Рикардо Д. Начала политической экономии и налогового обложения. Избранное / Д. Рикардо; [пер. с англ.; предисловие. П.Н. Клюкина]. — М.: Эксмо, 2008. — 960 с.
- 57 Коуз Р.Х. Взгляд Адама Смита на человека // Журнал права и экономики. - № 19 (3). - Р. 529-546.
- 58 Хайек Ф.А. // Википедия. Page Version ID. – 2021. - С. 112786599.
- 59 Дьюи Дж. - История педагогики. <https://www.sites.google.com/site/istoriapedagogiki/dzon-dui>. 11.05.2021.
- 60 Олпорт Г. Становление личности: Избранные труды / пер. с англ.; под ред. Д. А. Леонтьева. - М.: Смысл, 2002. - 462 с.
- 61 Роджерс К. Р. Взгляд на психотерапию. Становление человека. - М.: Издательская группа «Прогресс», «Универс», 1994. - 480 с.
- 62 Сәрсекке М. Бекмаханов. Жизнь замечательных людей. - М.: Молодая гвардия, 2010. - 533 б.
- 63 Базарбаева З.М. Академик Нигмет Сауранбаев - ученый-фонетик // Tiltanym. - 2021. №2. - С. 12-21.
- 64 Аманжолов А.С. Генезис тюркского рунического алфавита.- Алматы: "Мектеп", 2003. - 368 с.
- 65 Ералиев Қ.С. І.Кеңесбаев және қазақ тілінің дыбыс жүйесі: монография/ Қ.С.Ерғалиев. –Павлодар: ПМПИ, 2014. –120 б.
- 66 Ысқақов А.Ы. Қазақ тілі. - Алматы: Мектеп, 1964. - 393 б.
- 67 Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің қалыптасуы, даму жолдары. - Алматы: Рауан, 1995. - 175 б.

- 68 Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: ф.ғ.д. Ғ.Әнес. – Алматы: «Абзал-Ай», 2014. – 640 б.
- 69 Балақаев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. - Алматы: Мектеп, 1966. — 340 б.
- 70 Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. - Алматы: Қазкөркемәдеббас, 1958. - 401 б.
- 71 Ғабдуллин М. Қазақ эпосы. - Алматы: Жазушы, 1961. - 666 б.
- 72 Кузьмина Н.В. Способности, одаренность, талант учителя. - Л.: Знание, 1985. - 32 с.
- 73 Кузьмина Н.В. Методы исследования педагогической деятельности. – Ленинград: Ленингр. гос. ун-т им. А.А.Жданова, 1970. – 114 с.
- 74 Романцев Г.М. // Википедия. Page Version ID. – 2021. - С. 113154115.
- 75 Ткаченко Е.В. Концепция непрерывного дизайн-образования. – М.: НИИ развития проф. образования, 2006. – 43 с.
- 76 Портер М.Е. Конкурентная стратегия: Методика анализа отраслей и конкурентов / пер. с англ.; под ред. О. Нижельская. - М.: Альпина Бизнес Букс, 2005. — 454 с.
- 77 Волошин А.В., Александров Ю.Л. Эволюция теорий конкуренции и конкурентоспособности в экономической науке // Фундаментальные исследования. - 2017. - Т. 2. - №4. - С. 330-338.
- 78 Эралина Э.М. Система высшего образования как фактор повышения конкурентоспособности экономики Республики Казахстан. – Алматы: Туран, 2018. – 154 с.
- 79 Барысова Н.Т. Бәсекеге қабілетті мамандар даярлау - заман талабы. - Алматы, 2017. - 182 б.
- 80 Эралина Э.М. Пути повышения конкурентоспособности системы высшего образования в Республике Казахстан в условиях глобализации // Вестник Университета Туран. - 2015. - №3(67). - С. 16-22.
- 81 Добровольская Л.В. Качество образования - гарант конкурентоспособности будущих специалистов Казахстана // Psychology and Pedagogics in the 21st century: theory, practice and perspectives: V International Scientific and Practical Conference. – TSNS Interaktiv Plus, 2017. - 134 с.
- 82 Андреев В.И. Конкурентология. Учебный курс для творческого саморазвития конкурентоспособности. – Казань: Центр инновационных технологий, 2013. – 468 с.
- 83 Евплова Е.В. Конкурентология: учебно-методическое пособие. – Челябинск: ЮУрГГПУ, 2016. – 97 с.
- 84 Тенилов Е.А. Формирование конкурентоспособности будущего специалиста-педагога в Вузе // Современные проблемы науки и образования. - 2010. - №1. - С. 63-66.
- 85 Евплова Е.В. Методологические подходы к формированию личностной конкурентоспособности будущих педагогов профессионального обучения // Стандарты и мониторинг в образовании. – 2012. – №3. – С. 38–41.

- 86 Харари Ю.Н. XXI ғасырға – 21 сабақ. – Ұлттық аударма бюросы. – Алматы: Алматы қаласы әкімдігі, 2019. – 384 б.
- 87 Баймухамедов М.Ф., Аймурзинов М.С. Искусственный интеллект: основы теории и практики: учебник. - Костанай: Master Reprint, 2019. - 176 с.
- 88 Жасанды интеллект (AI) - Энциклопедия - 2022 <https://kk.warbletoncouncil.org/inteligencia-artificial-2346>. 16.05.2022.
- 89 Zholdasbekova Saule A., Saipov Amangeldi B., Bitemirova Sholpan A., Koshkinbaeva Nurgul R., Bakirova Gulmira A. Development Possibilities of Competitiveness of Experts Using of Training Information Technologies // Industrial technologies and engineering V International scientific practical Conference ICITE-2018. – Шымкент: Южно-Казахстанский государственный университет имени М. Ауэзова, 2018. – Vol. 6. – P. 206-212.
- 90 Платонов Г.В. Дарвин, дарвинизм и философия. М.: Госполитиздат, 1959. - 431 с.
- 91 Дмитриев И.С. «Особая миссия» Менделеева: факты и аргументы // Вопросы истории естествознания и техники. - 1996. - №3. - С. 126-141.
- 92 Жирмунский В. М. Гёте в русской литературе. - Л.: Наука, 1981. - 558 с.
- 93 Груздев И. А. Горький. - М.: Молодая гвардия, 1958. - 383 с.
- 94 Сарсекеев М. Сатпаев. - Алма-Ата: Өнер, 1989. - 448 с.
- 95 Сильченко М.С., Смирнова Н.С. Творческий путь М. Ауэзова (К 60-летию писателя).– Алма-Ата: [б. и.], 1957.– 35 с.
- 96 Шипилина Л.А. Методология профессионально-педагогических исследований: учебное пособие для студентов высших учебных заведений, обучающихся по направлениям 6.44.03.04; 6.44.04.04 – «Профессиональное обучение (по отраслям)»; 6.44.06.01 – «Образование и педагогические науки». – Омск : Изд-во ОмГПУ, 2018. – 282 с.
- 97 Сағынтаева А., Қамбатырова Ә., Қарабасова Л., Қанай Г., Әлмұхамбетова А. Білім беру зерттеулеріне кіріспе: теория, әдістер және тәжірибелер. – Нұр-Сұлтан: Назарбаев Университеті Жоғары білім беру мектебі, 2022. – 232 б.
- 98 Иманкулова Л.Б. Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік функциясын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері. – Шымкент: М.Әуезов атындағы ОҚУ, 2022. – 201 б.
- 99 Аверьянов А.Н. Система: философская категория и реальность. Система. – М.: Мысль, 1976. – 188 с.
- 100 Садовский В.Н. Основания общей теории систем. – М.: Наука, 1974. - 114 с.
- 101 Агошкова Е.Б., Ахлибининский Б.В. Эволюция понятия системы // Вопросы философии. - 1998. - №7. - С.170-179.
- 102 Матвеева Н.Н. Процессный подход в управлении качеством образовательного процесса как средство повышения качества образовательных результатов (на примере факультета и кафедры ВУЗА). – Самара: Мордовский государственный университет им. Н.П. Огарева, 2009. – 170 с.

- 103 Зеер Э.Ф., Лебедева Е.В., Зиннатова М.В. Методологические основания реализации процессного и проектного подходов в профессиональном образовании // Образование и наука. - 2016. - №7(136). - С. 40-56.
- 104 Колегова Е.Д. Процессный подход к управлению качеством образования // Вестник учебно-методического объединения по профессионально-педагогическому образованию. - 2015. - №1(48). - С. 18-20.
- 105 Хакен Г. Синергетика. – М.: Мир, 1980. - 134 с.
- 106 Белегова А.А. Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивтік мәдениетін қалыптастыру. – Алматы, 2021. – 156 б.
- 107 Байденко В. Компетенции в профессиональном образовании (к освоению компетентного подхода) // Высшее образование в России. - 2004. - №1(11). - С. 11-27.
- 108 Абакумова Н.Н., Истомина Н.Н. Компетентный подход в учреждениях общего и высшего профессионального образования: реализация и диагностика // Вестник Томского Государственного университета. - 2007. - №1. - С. 33-37.
- 109 Алиева А.Т. Компетентный подход в образовании // Новый Университет. Серия: Актуальные проблемы гуманитарных и общественных наук. - 2012. - №3.- С. 16-19.
- 110 Судденкова Н.В. Формирование профессиональной компетентности специалиста правовой сферы в ссуз: автореф. канд. пед.наук: 13.00.01. - Казань: Институт педагогики и психологии профессионального образования Российской академии образования, 2007. -23 с.
- 111 Жуковская Л.Н., Костылев С.В., Морозова О.Ф., Рахинский Д.В. Компетентный подход к профессиональной подготовке в условиях экспансии цифровой глобализации // Профессиональное образование в современном мире. - 2022. - Т. 12. - №2. - С. 221-230.
- 112 Краевский В.В. Общие основы педагогики. – М.: Академия, 2003. – 256 с.
- 113 Матухин Д.Л., Низкодубов Г.А. Компетентный подход в системе высшего профессионального образования // Язык и культура. - 2013. - №1(21). - С. 13-27.
- 114 Кошкинбаева Н.Р., Саипов А.Б., Жаскиленова А.Е. Көркем-шығармашылық бағыттағы жас педагогтардың бәсекеге қабілеттілік деңгейін анықтау және жетілдіру // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. - 2019. - №9(1). - Б. 161-166.
- 115 Бәсекеге қабілеттіліктің жаһандық индексі. <https://atameken.kz/kk/services/10-global-nyj-indeks-konkurentosposobnosti> 27.07.2021.
- 116 6B01403-Подготовка учителей художественного труда и черчения. <https://dulaty.kz/kk/2020-03-12-05-00-57/edu-programs-kaz/bachelor-course-26.05.2022>.

- 117 Кривых С.В. Соотношение понятий «среда» и «пространство» в социокультурном и образовательном аспектах // Мир науки, культуры, образования. - 2011. - № 2 (27). - С.106-111.
- 118 Tazhenova G., Baidaliyev D., Turgunbaeva B., Koshkinbaeva N., Darmenkulova R. Developing Media Competence as a Part of Vocational Training of would-be teachers // Opción. - 2019. - Vol. 35. - P. 1019-1035.
- 119 Шамитдинова М.А. Кәсіби өзін-өзі дамытуға дайындық білім беру ортасы жағдайындағы болашақ педагогтардың дайындық компоненті ретінде // Матер. междунар. науч.-практ. конф., посв. 180-летию Ы.Алтынсарина. - 2021. - С. 280-283.
- 120 Махмұтқызы М.Т., Султанова Н.К. Формирование профессиональной компетентности будущих специалистов // Вестник Alikhan Bokeikhan University. – 2021. – Т. 49. – №. 1. – С. 94-94.
- 121 Ilyina N., Loginova N. Exploring the Development of Psychological and Pedagogical Competence in Young Teachers // Voprosy obrazovaniya. Educational Studies Moscow. - 2019. - №4. - P. 202-230.
- 122 Nikulina I.V., Solovova N.V. Formation of conflict management competence of a university teacher // Vysshee Obrazovanie v Rossii = Higher Education in Russia. - 2018. - Vol. 27, №2. - P. 95-102.
- 123 Накыпова Г.К. Профессиональная компетентность: сущность и основные принципы // Вестник Казахского национального женского педагогического университета. - 2021. - Т. 1. - №1. - С. 208-213.
- 124 Савельева С.С. Педагогические условия формирования профессиональной компетентности учителя в образовательном процессе вуза. – Воскресенск: РосНОУ Воскресенский филиал, 2012. - 135 с.
- 125 Есекешова М., Асаубаева А., Данилова Л. Ғылыми-педагогикалық зерттеу негіздері: оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2018. – 168 б.
- 126 Дүйсенбеков А. Педагогика. – Астана: Фолиант, 2018. – 264 б.
- 127 Модельдеу әдісі // Уикипедия. Page Version ID. – 2013. - Б. 1970932.
- 128 Ядровская М.В. Модели в педагогике // Вестник Томского Государственного университета. - 2013. - №366. - С. 139-143.
- 129 Тихомирова Т.Н., Тихомирова Т.Н. Когнитивные основы индивидуальных различий в академической успешности : структурно-функциональная модель. – М.: Психологический институт Российской академии образования, 2016. - 128 с.
- 130 Обрубова А.В. Формирование структурно-функциональной модели электронно-образовательного ресурса по искусствоведению в условиях вузовской подготовки педагога-художника: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.02. – Спб.: Рос. гос. пед. ун-т им. А.И. Герцена, 2015. – 239 с.
- 131 Краевский В.В. Основы учебно-исследовательской деятельности. – Академия, 2012. – 128 с.
- 132 Schunk D.H. Оқыту теориясы: білім беру көкжиегі: оқыту теориясы. – Pearson, 2015. – 592 р.

133 Шукурова Б.М. Еңбек нарығын реттеу және халықты жұмыспен қамтуды жетілдіру мәселелері // С. Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің Хабаршысы. - 2016. - Т. 53. - №3. - Б. 151-158.

134 Болашаққа бағдар - «Рухани жаңғыру» бағдарламасы // www.gov.kz. 20.05.2021.

135 Dulaty University - Бакалавриат - іске асырылатын білім беру бағдарламалары.
<https://dulaty.kz/kk/2020-03-12-05-00-57/edu-programs-kaz/bachelor-course>
26.05.2022.

136 15 самых влиятельных цитат Галилео Галилея.
<https://dzen.ru/media/id/593c47c7d7d0a622daebb360/15-samyh-vliiatelnyh-citat-galileo-galileia>. 22.09.2022.

137 Газгиреева Л.Х., Бурняшева Л.А. Педагогические условия формирования конкурентоспособности в контексте модернизации высшего профессионального образования: организационно-ценностный аспект // Вестник ВГУ. - 2018. - №1. - С. 43-47.

138 Скаткин М.Н. Проблемы современной дидактики. – М.: Педагогика, 1984. - 166 с.

139 Курзаева Л.В., Савва Л.И. Организационно-педагогические условия развития конкурентоспособности будущих ИТ-специалистов // Сибирский педагогический журнал. - 2008. - №7. - С 53-62.

140 Каирбекова Б.Д., Байжанова З.Т. Кәсіптік білім беруде тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясын қолданудың педагогикалық шарттары // Вестник Инновационного Евразийского университета. - 2015. - №2. - Б. 59-64.

141 Сейітқазы П.Б., Серикбаева Н.Б., Рахимғалиева П.С. Жоғары оқу орны студенттерін кәсіби іс-әрекетке даярлаудың педагогикалық шарттары // «Білім беру практикасы сапасын жоғарылатудың өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. - Қостанай: Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019. – Т. 1. – Б. 202-207.

142 Карбенова З.У., Евдокимова О.Н. Педагогические условия формирования конкурентоспособного специалиста в учебном процессе Вуза // «Алаш тағылымы және тәуелсіздік» аймақтық ғылыми-практикалық конференция. – Қостанай, 2017. – Б. 110-115.

143 Рахметова Н., Сандибаева Ж., Калабаева Д. Педагогические условия формирования компетентности будущих педагогов профессионального образования // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. - 2016. - №4. - Б. 987-990.

144 Беляева М.И. Развитие дизайнерских способностей студентов - будущих учителей технологии // Вестник Новгородского государственного университета. - 2015. - №88. - С. 22-25.

145 Омирбаева Г.Ш., Карамолдаева Д.О., Агбо С. Повышение конкурентоспособности педагогических кадров посредством связи с работодателем на примере зарубежного опыта // Вестник Казахского

национального женского педагогического университета. - 2021. - Т. 1. - №1. - С. 184-189.

146 Дунаева Н.И., Суворова О.В. Проблема конкурентоспособности личности студента в условиях образовательной среды вуза в отечественных и зарубежных исследованиях // Вестник Минского университета. - 2020. - Т. 8. - №1. - С. 14-23.

147 Евплова Е.В. Этапы формирования конкурентоспособности будущего специалиста // Высшее образование в России. - 2011. - №4. - С. 156-158.

148 Марченко М.Н. Влияние дизайнерской деятельности на развитие способностей обучающихся к творчеству // Материалы конференций. Международный журнал экспериментального образования. - 2013. - №1. - С. 19-34.

149 Андреев В.И. Педагогика высшей школы. Инновационно-прогностический курс. - Казань: Центр инновационных технологий, 2013. - 500 с.

150 Davies D., Jindal-Snape D., Collier C., Digby R., Hay P., Howe A. Creative learning environments in education—A systematic literature review // Thinking Skills and Creativity. - 2013. - Vol. 8. - P. 80-91.

151 Маслоу А.Г. Мотивация и личность / пер. с англ. Мотивация и личность Google-Books-ID: g1rYSq40NWEC. - Издательский дом «Питер», 2009. - 353 с.

152 Кошкинбаева Н. Костюмнің сырт келбетінің қалыптасу үдерісін талдау // «Ғылым және жаңашылдық - 2012» тақырыбында магистранттар, докторанттар мен жас оқытушылардың ғылыми-практикалық конференциясы. - Алматы, 2012. - Т. 2. - Б. 173-174.

153 Norman D. When You Come to a Fork in the Road, Take It: The Future of Design. When You Come to a Fork in the Road, Take It // She Ji: The Journal of Design, Economics, and Innovation. - 2017. - Vol. 2. - P. 343-348.

154 Franson K.L., Gilliam E.H. Overcoming barriers to interprofessional practice/education through legislative reform: A University of Colorado case study. Overcoming barriers to interprofessional practice/education through legislative reform // Journal of Interprofessional Education & Practice. - 2019. - Vol. 16. - P. 100197.

155 Dommett E.J., Gardner B., Tilburg W. van Staff and students perception of lecture capture // The Internet and Higher Education. - 2020. - Vol. 46. - P. 100732.

156 Jerrim J., Oliver M., Sims S. The relationship between inquiry-based teaching and students' achievement. New evidence from a longitudinal PISA study in England // Learning and Instruction. - 2020. - №1. - P. 101310.

157 Fromm J., Radianti J., Wehking C., Stieglitz S., Majchrzak T.A., Brocke J. vom More than experience? - On the unique opportunities of virtual reality to afford a holistic experiential learning cycle. More than experience? // The Internet and Higher Education. - 2021. - Vol. 50. - P. 100804.

158 Сергеева М.В., Петрова Ю.А. Конкурентоспособность будущего специалиста как показатель качества его подготовки // Актуальные научные исследования в современном мире. - 2020. - №2-6(58). - С. 129-132.

159 Кошкинбаева Н. Формирование творческого потенциала будущих педагогов профессионального обучения // Современное образование: Методология, теория и практика. Материалы Международной научно-практической конференции. – Шадринск: Шадринский государственный педагогический университет, 2018. – Т. 3. – С. 345-349.

160 Ахмерова А. Креативность как основная характеристика творческой личности // Вестник Университета Российской академии образования. - 2015. - №5. - С. 8-12.

161 Schmidt A.L. Creativity in Science: Tensions between Perception and Practice. Creativity in Science // Creative education. - 2011. - Vol. 2, №5. - P. 435-445.

162 Клочкова Г.М. Креативная образовательная среда вуза как педагогическое условие развития креативных студентов // Вектор науки Тольяттинского государственного университета. - 2012. - №4(22). - С. 15-24.

163 Клочкова Г.М. Педагогические условия формирования креативной образовательной среды // Вектор науки Тольяттинского государственного университета. - 2011. - №3(17). - С. 12-34.

164 Жаскиленова А.Е., Кошкинбаева Н.Р. Көркем - шығармашылық бағыттағы мамандықтар студенттерінің жоғарғы оқу орнына бейімделуі және шығармашылықты дамыту мүмкіндіктері // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. - 2020. - №5(2). - Б. 208-213.

165 Евплова Е.В. Педагогические условия формирования конкурентоспособности будущих педагогов профессионального обучения // Концепт. - 2013. - №5. - С. 54-62.

166 Насретдинова М.М. Проблемы трудоустройства студентов и выпускников ВУЗов // Международный научно-исследовательский журнал. - 2013. - №7(14), ч. 5. - С. 27-38.

167 Сарсенова А.В. Опыт трудоустройства молодежи в международной практике // Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии. - 2020. - Т. 74. - №3. - С. 25-34.

168 Казаринов А.С. Технология педагогического эксперимента. - Глазов: Глазовский государственный педагогический институт имени В.Г. Короленко; Исслед. центр проблем качества подгот. специалистов, 1999. – 207 с.

169 Марченко И.А., Фесько К.А., Фалько Л.П. Критерий хи-квадрат Пирсона. – Минск: МИТСО, 2019. - 122 с.

170 Ахметов Б.Б., Иванов А.И. Оценка качества малой выборки биометрических данных с использованием более экономичной формы хи-квадрат критерия // Надежность. - 2016. - Т. 16. - №2. - С. 43-48.

171 Жильгельдинова С.Е. Педагогикалық пәндерді оқытуда студенттердің кәсіби қабілеттерін қалыптастыру // Вестник Инновационного Евразийского университета. - 2016. - № 4. - С. 99-103

172 "Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы " Қазақстан Республикасы Білім

және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы, №583 Бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V070005036>. 17.05.2021.

173 Тілешов Е., Қамзабекұлы Д. Алаш қозғалысы: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Сардар, 2014. – 528 с.

174 Koçoğlu E., Tekdal D. Analysis of distance education activities conducted during COVID-19 pandemic // Educational Research and Reviews. - 2020. - Vol. 15, №9. - P. 536-543.

175 Михайлов О.В., Денисова Я.В. Дистанционное обучение в российских университетах: «шаг вперед, два шага назад»? Дистанционное обучение в российских университетах // Высшее образование в России (Vysshee obrazovanie v Rossii = Higher Education in Russia). - 2020. - Т. 29. - №10. - С. 65-76.

176 Колычев Н., Семенов В., Левкин Г., Сосновская С.Е. Лекция о лекции: учебное пособие. – М.: Директ-Медиа, 2014. – 102 с.

177 Көшкінбаева Н. Көркем-шығармашылық бағыттағы стайлинг дизайн және оның қызметін анықтау // Innovation Menegment and Technology in the Era of Globalization: Materials of the VIII International Scientific-Practical Cjnference. – Birmingham: Regional Academy of Menegement, 2021. – Т. 2. – Б. 400-404.

178 Кошкинбаева Н., Усипбекова А. «Кәсіптік оқыту» мамандығы педагогтарын даярлаудың ерекшеліктері // Қазақстанның Тәуелсіздік күніне арналған «Төртінші индустриалдыреволюция жағдайындағы экономика және білім дамуының мәселелері және келешегі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. – Алматы: Алматы экономика және статистика академиясы, 2019. – Б. 406-409.

179 Жулькова Ю.Н., Яшкова Е.В., Исламова Г.И. Опыт проведения практических занятий со студентами старших курсов вузов // Проблемы современного педагогического образования. - 2019. - №65(1). - С. 17-28.

180 Власенко О.В. и др. Фундаментальные основы инновационного развития науки и образования: монография / под общ. ред. Г. Ю. Гуляева - Пенза: МЦНС «Наука и Просвещение», 2021. - 150 с.

181 Сапанова З.Қ. Проблемалық оқыту – ізденіс танымдық әрекеттің негізгі құралы. - Алматы, 2016. - Б. 73-73.

182 Жорокпаева М.Д., Абешова Н.М. Проблемалық оқыту технологиясы // Материалы Международной (заочной) научно-практической конференции. - Нефтекамск: Научно-издательский центр "Мир науки" (ИП Вострецов А.И.), 2020. – Б. 189-191.

183 Мырзалиева Ж.Б., Ахмедина А.К., Білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялар // Материалы научно-практической конференций Алтынсаринские чтения к 80 летию Костанайского государственного педагогического университета имени У.Султангазина «Актуальные проблемы» повышения качества образовательной практики. – Қостанай: Костанайский государственный педагогический университет имени У.Султангазина, 2019. – Т. 3. – Б. 26-29.

184 Мамбетова А. Ұжымдық оқыту технологиясы. <https://agartu.com/526-zhyndy-oytu-tehnologiyasy.html> 17.05.2021.

185 Дьяченко В.К. Сотрудничество в обучении: О коллективном способе учебной работы: книга для учителя. - М.: Просвещение, 1991. – 192 с.

186 Тойбазарова Н.А. Интерактивті оқыту технологиясы. – Нұр-Сұлтан: Тұран, 2019. – 89 б.

187 Жубанова Ж.О. Интербелсенді оқыту негізінде бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастырудағы мұғалім келбеті // Өрлеу сайты. - 2017. orleuastana.kz.

18.11.2021

ҚОСЫМША А

Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлік

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН

АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚПЕН ҚОРҒАЛАТЫН ОБЪЕКТІЛЕРГЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫҢ
МЕМЛЕКЕТТІК ТІЗІЛІМГЕ МӘЛІМЕТТЕРДІ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ
ҚУӘЛІК
2021 жылғы «17» ақпан № 15240

Автордың (лардың) жөні, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе):
ДЖАСҚИЛЕНОВА АЙНУР ЕРМЕКОВНА, ҚОШКИНБАЕВА НҮРГУЛЬ РЫСПАЕВНА

Авторлық құқық объектісі: **ДИЗАЙН ТУМНАЛЫСЫ**

Объектінің атауы: **Коллекция «Ханшаһым»**

Объектінің жасаған күні: **22.03.2019**





Бұл құжат мемлекеттік тізілімге енгізілген объектінің авторлық құқығын растайтын құжат болып табылады.
Полный текст документа доступен по адресу: www.kazpatent.kz

ӘЛҚ № 1 қойылды Оспанов Е.К.

ҚОСЫМША Ә

Енгізу кесімі

ҒЗЖ (ТКЖ) нәтижелерін оқу үрдісіне енгізу кесімі

Н 4-1.04-2022
1 баспа 02.02.2022



БЕКТЕМІН
Сәуірбеқызы Қасымжановна халықаралық
бағамшылар кеңесіндегі проректор

20 22 ж.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін оқу үрдісіне ЕНГІЗУ КЕСІМІ

«Дулати университеті» КЕ АҚ 2021- 2022 оқу жылы

Осы кесіммен «Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы докторлық диссертацияның (ҒЗЖ тақырыбының аты (гранттық, шаруашылық келісім-шарттық, іздену-бастамашыл)

Музыка және қолданбалы өнер кафедрасында
(кафедраның аты)

Кошкинбаева Нургуль Рыспаевнаның орындалған жұмыс нәтижелері
(орындаушының аты-жөні)

6B01408-Кәсіптік оқыту мамандығына
(мамандықтың аты)

«Көркем-шығармашылықтағы кәсіби дизайн» элективті пәні енгізілгені расталады.

1. ҒЗЖ (ТКЖ) нәтижелерінің жаңашылдығы

- зерттелетін проблеманы шешудің теориялық-әдіснамалық негізі анықталды, жүйелік, құзыретті-орта тәсілдерінің үйлесімі, проблеманы кешенді зерттеу мүмкіндігін қамтамасыз ететін, зерттеу мақсатына жету үшін теориялық және практикалық аппарат құрылды;

- болашақ көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтарды даярлауда бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыратын кәсіби құзіреттілік модельдер кешенінің тиімді қызмет етуінің педагогикалық шарттары әзірленді, теориялық негізделген және эксперименттік жолмен тексерілді;

- көркем шығармашылық бағыттағы педагогтар үшін тиімді элективті курсы әзірленді және эксперименттік жолмен тексерілді;

- көркем шығармашылық бағыттағы педагогтардың даярлау үдерісінде проблемалық, топтық, ұжымдық, интербелсенді оқыту түрлері іске асырылды.
(қолданыстағыдан айырмашылығы)

2. Оқу-тәжірибелік тексеру 1 семестр (2020-2021 оқу жылы)
(оқу семестрін және қолдану ұзақтығын көрсету керек)

3. Енгізу тиімділігі: бәсекеге қабілетті кәсіби құзіретті маман дайындау
(оқу көрсеткіштерінің жақсаруы, СӨЖ жетілдіру және т.с.с.)

ОӘБ бастығы

(колы)

ҒЗЖНКО басшысы

(колы)

Кафедра меңгерушісі

(колы)

Автор

(колы)

Мананбаев Б.Ж.
(аты-жөні)

Ташкентбаев С.К.
(аты-жөні)

Миссименов А.Е.
(аты-жөні)

Кошкинбаева Н.Р.
(аты-жөні)

1 беттен 1 бет

Scanned by TapScanner

ҚОСЫМША Б

Ендіру актісі

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

Ғылыми зерттеу жұмысының нәтижелерін оқу үдерісіне ендіру АКТІСІ

«М.Әуезов атындағы Оңтүстік-Қазақстан университеті 6D012000 – «Кәсіптік оқыту» мамандығының докторанты Кошкинбаева Нургуль Рыспаевна М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті «Өнер және спорт» факультетінде «Музыка және қолданбалы өнер» кафедрасында «Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы зерттеу жұмысының нәтижелерін болашақ педагогтардың кәсіби іс-тәжірбиелерінде және факультеттің оқу –тәрбие үдерісінде жүргізгенін және нәтижелерін оқу үдерісіне ендіргенін растаймын.

Изденуші Кошкинбаева Нургуль Рыспаевна «Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық зерттеулерін 2018-2022 жылдары аралығында факультеттің оқу үдерісі мен студенттердің іс-тәжірбиелерінде оқу үдерісіне кедергі келтірмей тәжірбиелік-эксперименттік сынақтан өткізді.

Кошкинбаева Н.Р. «6B01408-Кәсіптік оқыту», «6B01403-Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау», «Сәндік өнер педагогтерін даярлау» білім беру бағдарламаларын даярлау тобының мүшесі. «Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмыстың зерттеу нәтижелері, әдістері, құрылымдық моделі аталған БББ құру барысында негізге алынды.

«Өнер және спорт» факультетінің деканы _____ М.Нурпеисов



ҚОСЫМША В

Ендіру актісі


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
ЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ



Ғылыми зерттеу жұмысының нәтижелерін оқу үдерісіне ендіру АКТІСІ

М.Әуезов атындағы Оңтүстік-Қазақстан университеті 6D012000 – «Кәсіптік оқыту» мамандығының докторанты Кошкинбаева Нургуль Рыспаевна Л. Жансүгіров атындағы жетісу университеті «Дене шынықтыру және өнер» жоғары мектебінде «Шығармашылық білім беру» бағдарламаларына «Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы зерттеу жұмысының нәтижелерін болашақ педагогтардың кәсіби іс-тәжірибелерінде және факультеттің оқу – тәрбие үдерісіне ендіргенін растаймын.

Ізденуші Кошкинбаева Нургуль Рыспаевна «Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық зерттеулерін 2018-2022 жылдары аралығында факультеттің оқу үдерісі мен студенттердің іс-тәжірибелерінде оқу үдерісіне кедергі келтірмей тәжірибелік-эксперименттік сынақтан өткізді.

Шығармашылық білім беру
бағдаламасының жетекшісі, п.ғ.к.,
қауымдастырылған профессор (доцент)  А.К.Усенова

Шығармашылық білім беру
бағдаламасының топ мүшесі,
п.ғ.к., аға оқытушы  А.А.Курманбаев

ҚОСЫМША Г

6В01403 – Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасы

НАО «Таразский региональный университет им.М.Х.Дулати»

УТВЕРЖДАЮ
И.О.Председателя Правления – Ректора
НАО «Таразский региональный
университет им. М. Х. Дулати»
Е. Әмірбекұлы
«09» марта 2021 г.



ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПРОГРАММА

6В01403 – «Подготовка учителей художественного труда и черчения»

по направлению подготовки 6В014 - Подготовка учителей с предметной специализацией общего развития.

Тараз, 2021 г.

ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПРОГРАММА 6В01403 – «Подготовка учителей художественного труда и черчения» по направлению подготовки 6В014 - Подготовка учителей с предметной специализацией общего развития.

Присуждаемая степень: бакалавр образования по образовательной программе 6В01403 – «Подготовка учителей художественного труда и черчения»

Уровень по НРК и ОРК - 6

Разработчики ОП:

Выпускающая кафедра – «Художественная графика и дизайн»

Организация работодателя:

Колледж «Аспара», г.Тараз

Колледж «Сервис и технология», г.Тараз

состав рабочей группы:

Ф.И.О.	Ученая степень	Должность	Место работы	Подпись
Жаскиленова А.Е.	к.т.н.	Зав.кафедрой	НАО Таразский региональный университет им. М.Х.Дулати	
Абдирасилов М.	к.п.н.	Доцент	НАО Таразский региональный университет им. М.Х.Дулати	
Күздеубаев А.Ж.	-	Ст.преподаватель	НАО Таразский региональный университет им. М.Х.Дулати	
Джумашева А.С.	-	Ст.преподаватель	НАО Таразский региональный университет им. М.Х.Дулати	
Үмбетәлі А.Б.	-	Преподаватель	НАО Таразский региональный университет им. М.Х.Дулати	
Көшкінбаева Н.Р.	-	Докторант 3 курса КО 17-1 к	Южно-Казахстанский университет им. М.Ауезова	
Кенесова А.И.	-	Студент гр. ИЗО 18-1 УС	НАО Таразский региональный университет им. М.Х.Дулати	
Маймышев Б.Б.	-	Директор «Таразского колледжа сервиса и технологий»	Колледж «Сервис и технология», г.Тараз	

ҚОСЫМША Д

6B01408 – Кәсіптік оқыту білім беру бағдарламасы

НАО «Таразский региональный университет им.М.Х.Дулати»



ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПРОГРАММА

6B014 08 Профессиональное обучение
по направлению подготовки 6B014 Подготовка учителей с предметной специализацией
общего развития

Тараз
«Дулати университеті» баспасы
2021

ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПРОГРАММА 6B01408 Профессиональное обучение

по направлению подготовки 6B014 Подготовка учителей с предметной специализацией
общего развития

Присуждаемая степень: бакалавр образования по образовательной программе 6B01408
Профессиональное обучение

Уровень по НРК и ОРК – 6

Разработчики ОП:

выпускающая кафедра – Художественная графика и дизайн

организации работодателей –


1. Таразский колледж сервиса и технологий управления образования Жамбылской области, директор Маймышев Б.
2. ГККП «№9 Меркеский колледж» управления образования акимата Жамбылской области, директор Мамырбаев Г.К.
3. ГККП «Жамбылский политехнический высший колледж» управления образования акимата Жамбылской области, директор Абдраимов Д. И.
4. ГККП «Жамбылский гуманитарный колледж имени Абая» управления образования акимата Жамбылской области, директор Биназаров А. Д.
5. КГКП «Каратауский колледж №2» управления образования акимата Жамбылской области, директор Сарсенбаев Б. К.

состав рабочей группы:

Т.А.Ә.	Қызм еті	қолы
Жаскиленова А.Е.	Заведующий кафедрой, т.ғ.к., доцент	
Гаазе Ж.Б.	Руководитель ОП, магистр	
Аширбаева К.А.	т.ғ.к., доцент	
Мулокова В.Г.	ст. преподаватель	
Таттибаева Г.Б.	магистр, ст. преподаватель	
Кошкинбаева Н.Р.	КО 17-1к тобының 3 курсе докторанты	
Жакинбекова Д.А.	магистр, ст. преподаватель	
Толбай К.	студент группы ПО18-1, 4 курсе	
Сарсенбаев Б.К.	КГКП «Каратауский колледж №2» управления образования акимата Жамбылской области, директор	


ҚОСЫМША Е

Оқу бағдарламасы

Оқу бағдарламасы	Н 2-1-32-2020 1 баспа 25.06.2020	
------------------	-------------------------------------	---

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті» КЕ АҚ

БЕКІТЕМІН
М.Х.Дулати атындағы
Тараз өңірлік университетінің
Басқарма Бөлігінің Басшысы-Ректордың м.а

 Сенкеев Т.И.
Қолы/ Аты-жөні/

» 06 2021 ж.

ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ
5В012000 – Кәсіптік оқыту
KD-4 «Көркем-шығармашылықтағы кәсіби дизайн»

4 кредит

Тараз 2021

Scanned by TapScanner

ҚОСЫМША Ж

Силлабус

Оқу жұмысы бағдарламасы (силлабус)	11.2.01.19.2021 1-Панель 01.01.2021	
------------------------------------	--	---

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
М.Х.ДУЛАТІ АТЫНДАҒЫ ТАРМАН ОҚУ ОРДАНЫ



ОҚУ ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ (СИЛЛАБУС)

КӨРКЕМ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТАҒЫ КӘСІБИ ДИЗАЙН

Білім беру бағдарламасы: 61901408 – Кәсіптік оқыту
Кредит саны (ECTS): 4
Семестр: 6
Пререквизиттер: «Композиция», «Сурет және графика», «Гүзделу», «Көрнекі өнердің кәсіптік заманғы түрлері» және т.б.
Постреквизиттер: «Кәсіптік компьютерлік бағдарламалар», «Өндірістік практика», «Модельдеу және конструкциялау» және т.б.
Оқытушының(лардың) аты-жөні:
Компьютерлік Нұрғұл Рысқалиева e-mail: koshtinbaeva_nurgul@mail.ru
Оқыту форматы: дәстүрлі
Оқу жұмыс бағдарламасын (силлабусы) дамындыруға жауапты кафедра:
«Мүлкі және қолданбалы өнер» кафедрасы
(кафедра директоры)

Құрметті білім алушы! Пәнді оқу аяқтағаннан кейін, пәнді мазмұны және оқыту сапасы жөнінде пікір жазуыңызды өтінеміз. Ол үшін емтихан сессиясы кезінде толық қол жетімді www.postal.dgsu.kz сайтында орналған «Пәнді студенттердің бағалауы» атты он-лайн анкетаны толтыру керек.

Пәнді мазмұнының бақылау құрақтарының сапасы жөнінде және тағы басқа да ұсыныстарыңызды еркін түрде білдіруіңізге болады.

Сіздің пікіріңіз пәнді сапасын жоғарылатуға түсу үшін маңызды екенін есіңізге салымыз.

Силлабусты көрсетілмеген пилатирлық пәнді күші жоқ екенін университет өскеріңіз.

Тараз, 2021 ж.

ҚОСЫМША К

Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың сапалық көрсеткіштері туралы жұмыс берушілерге арналған САУАЛНАМА

Сіз төменде таңдаған жауап нұсқаларын белгілеңіз.

1) Жас мамандардың кәсіби дайындық деңгейін қалай бағалай аласыз ?
(әр жолда балыңызды белгілеңіз: 100-ең жоғары балл, 10-ең төмен балл)

Кесте К.1 – Кәсіби дайындық деңгейін бағалау

Дайындық барысы	Балмен бағалау				
Іске шығармашылық көзқарас	100	80	60	30	10
Мамандық бойынша теориялық білім деңгейі	100	80	60	30	10
Мамандық бойынша практикалық дағдылар мен біліктердің болуы	100	80	60	30	10
Үздіксіз кәсіби өсуге қабілеттілік	100	80	60	30	10
Түпкі өнімнің жоғары сапасына ұмтылу	100	80	60	30	10

2) Жасмаманның, көркем шығармашылық мамандығыбойынша педагогының іскерлік қасиеттерін қалай бағалайсыз?
(әр жолда балыңызды белгілеңіз, 100 – ең жоғары баға, 10-ең төмен баға).

Кесте К.2 – Іскерлік қасиеттерін бағалау

Іскерлік қасиеттері	Балмен бағалау				
Ұйымдастырушылық	100	80	60	30	10
Ынтымақтастық	100	80	60	30	10
Командада жұмыс істеу	100	80	60	30	10
Өз жұмысын жоспарлау қабілеті	100	80	60	30	10
Жауапкершілік	100	80	60	30	10
Креативтілік	100	80	60	30	10
Мобильді	100	80	60	30	10

3) Қазіргі кезеңде жас мамандарға қандай талаптар қоясыз, олар нені білуі және нені істей алуы қажет немесе қандай білім жетіспейді?

4) Сіздің ойыңызша, бүгүнгі таңда жас мамандарға қандай қасиеттер, іскерліктер жетіспейді?

5) Сіз бүгін қандай мамандарға мұқтажсыз?

Ұйымның атауы және сауалнаманы толтыру күні

Сауалнамаға қатысқандарыңыз үшін рахмет! Сіздің жауаптарыңыз және ұсыныстарыңыз сапалы кәсіби маман дайындау саласына көмектеседі.

ҚОСЫМША Л

Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың жұмыс берушілер сұраныстарына (жұмыс жасау барысындағы қажетті тұлғалық қасиеттер) сәйкестігін анықтау үшін құрастырылған САУАЛНАМА

Сізге 32 мәлімдеме ұсынылады. Ұсынылған жауаптардың бірін таңдау және жазу қажет. Шынайы жауаптар беруге тырысыңыз, онда сіз өте қызықты, ең бастысы - өзіңіз туралы ең объективті ақпарат ала-аласыз.

1. Мен іскер, тәжірибелі және бастамашыл адамдарды бағалаймын:
а) иә; б) керісінше иә; в) айту қиын; г) керісінше жоқ; д) жоқ.
1. Жан жақта болып жатқан өзгерістерді қалай қабылдайсыз?
а) өзгеріп, жаңарып отыру дұрыс деп ойлаймын; б) аздап дұрыс деп ойлаймын; в) айту қиын; г) қарсымын; д) ешқандай шаруам жоқ.
2. Тіл байлығыңызды қалай шыңдайсыз?
а) үнемі жаңа терминдерді қараймын, мағынасына көңіл бөлемін және жұмыс барысында қолданамын; б) жиі шыңдап тұрам; в) әр кезде әр қалай; г) Шыңдалған деп есептеймін; д) мүлдем шыңдамаймын.
3. Басшы талаптарын қанағаттардыруға тырысасыз ба?
а) иә; б) жиі; в) кей кездерде; г) әрдайым емес; д) жоқ.
4. Мобильді болуға тырысасыз ба?
а) иә; б) жиі; в) кей кездерде; г) әрдайым емес; д) жоқ.
5. Болашақ педагогке кәсіби күзiреттi болу керек пе?
а) иә; б) жиі; в) кей кездерде; г) әрдайым емес; д) жоқ.
6. Алдыңызға қойған мақсаттарыңыз айқын ба?
а) иә; б) жиі; в) кей кездерде ; г) әрдайым емес; д) жоқ.
7. Психологиялық күйзелістерге төзімдісіз бе?
а) иә; б) жиі; в) кей кездерде; г) әрдайым емес; д) жоқ.
8. Сөйлеу мәдениетіне көңіл бөлесіз бе?
а) иә; б) жиі; в) кей кездерде ; г) әрдайым емес; д) жоқ.
9. ЖОО бітірген уақытта бірден мамандық бойынша жұмысқа ораналасу оңай деп ойлайсыз ба?
а) иә; б) жиі; в) кей кездерде; г) әрдайым емес; д) жоқ.
10. Мен жұмыс барысында мұқият болуды білемін:
а) иә; б) жиі; в) айту қиын; г) керісінше жоқ; д) жоқ.
11. Басталған істі аяғына дейін жеткізу үшін менде әрдайым жеткілікті энергия бар:

а) иә; б) жиі иә; в) кей кездерде; г) әрдайым емес; д) жоқ.

12. Мен тез шаршаймын:

а) жоқ; б) шаршамауға тырысам; в) кей кездерде ; г) жиі; д) ия.

13. Оқытушылар мені ынталы және белсенді деп санаған:

а) иә; б) жиі иә; в) кей кездерде; г) әрдайым емес; д) жоқ.

14. Мен жаңа қызмет түрлерін тез меңгеремін:

а) иә; б) жиі иә; в) кей кездерде; г) әрдайым емес; д) жоқ.

15. Мен өз ортамда ынтымақтастықты сақтауға тырысамын:

а) иә; б) жиі; в) кейде; г) өте сирек; д) жоқ.

16. Табысқа жету мүмкіндігі аз болса да, мен тәуекелге қабілеттімін:

а) иә; б) жиі; в) кейде; г) сирек; д) жоқ.

17. Менің достарым мені батыл адам деп санайды:

а) иә; б) жиі; в) кейде; г) сирек; д) жоқ.

18. Менің пікірім біреуге ұнамасада өз пікірімді айтамын:

а) иә; б) жиі иә; в) кей кездерде ; г) әрдайым емес; д) жоқ.

19. Пікірталастар мен даулар мен жүрген жерде жиі орын алады:

а) жоқ; б) әрдайым емес; в) кей кездерде ; г) жиі; д) ия.

20. Мамандық бойынша біліміңізді үнемі шындауға дайынсыз ба?

а) иә; б) жиі; в) кей кездерде ; г) әрдайым емес; д) жоқ.

21. Достарымның ортасында өзіме назар аударту ұнайды және мұндай сәт жиі болады: а) иә; б) жиі иә; в) кей кездерде ; г) әрдайым емес; д) жоқ.

22. Мен үшін жаңа адамдармен байланыс орнату оңай:

а) иә; б) жиі ; в) кей кездерде ; г) әрдайым емес; д) жоқ.

23. Мен біреуге бағынудан бас тартпаймын, өзіме жауапкершілік алуды, адамдарды басқаруды қалаймын:

а) иә; б) жиі; в) кей кездерде ; г) әрдайым емес; д) жоқ.

24. Мен жүйелі түрде өз білімімді, жеке қасиеттерімді дамытумен айналысамын:

а) иә; б) жиі; в) кей кездерде; г) әрдайым емес; д) жоқ.

25. Мен өз өмірімді жоспарлайтын күнделік жүргіземін, өз қателіктерімді талдаймын: а) иә; б) жиі; в) кей кездерде; г) өте сирек; д) жоқ.

26. Егер Мен бір нәрсеге қол жеткізсем, онда өздігімнен білім алу мен өзімді-өзім дамытудың арқасында:

а) иә; б) жиі; в) кей жағдайларда; г) сирек; д) жоқ.

27. Жұмыс күнінен кейін түнде ұйықтаймын:

а) өте тез; б) салыстырмалы тез; в) кей кездерде тез; г) кейде ұйқысыздықтан зардап шегемін; д) жиі ұйқысыздықтан зардап шегемін.

28. Егер Мен біреу дөрекі сөйлесе, мен бұл туралы тез ұмытып кетемін:

а) иә; б) жиі; в) кей кездерде ; г) әрдайым емес; д) жоқ.

29. Мен өзімді жанжалдарға тартпауға тырысамын:

а) иә; б) жиі; в) кей кездерде; г) әрдайым емес; д) жоқ.

30. Өз бастамаңызбен пікірталасқа, семинарларға, конференцияларға қалай жиі қатысасыз?

а) үнемі; б) жиі; в) мерзімді; г) сирек; д) қатыспаймын.

31. Мен сол жұмысты бірнеше рет қайта жасап, сапалы түрде жақсарту аламын:

а) иә; б) жиі; в) кей кездерде ; г) әрдайым емес; д) жоқ.

31. Өзіңізді заман талабына сай, бәсекеге қабілетті маманмын деп есептейсіз бе? а) иә; б) жиі; в) кей кездерде ; г) әрдайым емес; д) жоқ.

32. Бос уақытты тиімді пайдалануға тырысасыз ба?

а) иә; б) жиі; в) кей кездерде ; г) әрдайым емес; д) жоқ.

Тест кілті

Алынған жауаптарды ұпайларға аударыңыз:

"а" - 5 бал, " б " - 4 бал, " в " - 3 бал, " г " - 2 бал, " д " - 1 бал

Кесте Л.1 – Ұпай санының балдық көрсеткіші

30-42 бал	өте төмен
43-57 бал	төмен
58-70 бал	ортадан төмен
71-83 бал	ортадан сәл төмен
84-96 бал	орта
97-109 бал	ортадан сәл жоғары
110-122 бал	ортадан жоғары
123-138 бал	жоғары
139-160 бал	өте жоғары